

Сәуғия Мамжанов

**Өмкент
күнгер
сөйлөйгү**

Сәйділ Талжанов

Өткен күндер сөйлейді

"ЖАЗУШЫ" БАСПАСЫ

А л м а т ы — 1979

Каз 2
Т 16

Редакция алқасы:

*МҰСТАФИН Ғ. М., ҚАРАТАЕВ М. Қ.,
ЖАРЫЛҒАПОВ І. Ж., ҚИРАБАЕВ С. С.,
МҰРТАЗАЕВ Ш. М.,
ТАЛЖАНОВА Ж. С., ӘУКЕБАЕВ Е. Ә.*

Жауапты редактор
І. ЖАРЫЛҒАПОВ

Талжанов С.

Т 16 Өткен күндер сөйлейді: (Естеліктер мен шежіре әңгімелер),
Құрастырушы Ж. Талжанова (Сапарғалиева). Алматы:
«Жазушы», 1979-348 бет.

«Өткен күндер сөйлейді» — белгілі ғалым, білгір аудармашы, жазушы Сәйділ Омарұлы Талжановтың туған халқына, жас оқырманына арнаған соңғы лебізі, ақырғы туындысы.

Бұл жинаққа жазушының туған әдебиетіміз жайлы ой толғаныстарын баяндайтын эсселері, публицистикалық және сын мақалалары, естеліктері мен шежіре әңгімелері енгізілді. Мұнда жастарға таптырмайтын өмір деректері, ұлылы-кішілі аға буын сырлары, бағы заманнан бүгінге дейінгі аралықтағы әлем тарихының әдебиет пен мәдениетке қатысты кейбір қызықты мәліметтері мол қамтылады.

Каз 2

ОҚЫРМАН ДОС!

Ұлы Октябрь таңы атып, бұрынғы бұратана халықтар теңдік, бостандыққа жетіп, білім бұлағына шөлдеп бас қойған кезде, совет мектебі оқытып адам қатарына қосқан қазақ жастарының бірі мен едім. Сол дәуірдегі нәрлі, өнерлі, қабырғалы қайраткер ағалардың арасында өстік. Еңбекке үдере отырғаныма 15 жыл толды. Бұл шағын мерзім ішінде екі диссертация жаздым; әлем әдебиетінен, орыс классиктерінен бірғыдыру аударма жасадым; төл әңгімелер, повестер жаздым. Өнер, ғылым мәселелері жөнінен Алматы, Москва аудиторияларында баяндамалар жасадым, жастар арасында, мектеп шәкірттері алдында туған әдебиет жайлы әңгімелер айтқыштадым. Алты жасым ішінде құныға, құшырлана, рахаттана еңбек істеген 15 жылыма өкпем жоқ. Дәл бүгін осы бір көңілімдегі көп елестің суреті болмаса да, шежіресіндей әңгімелерді аяқтадым. Назарыңа бүгінгі ұсынарым — осы ғана. Көл-көсір роман бермеді деп өкпелеме. Біріншіден, бәріміз роман жазсақ, оны кім оқиды? Жаман романыш болғаннан, жақсы оқырман болғаным артық. Екіншіден, роман жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді ғой. Крылов атай айтпақшы; «Бұлбұл болып қырындағаннан, шымшық болып шырылдаған

артық», — деп ойладым. Халқым да «әліңді білмей, әлек болма», «көрпеңе қарап көсіл» демеді ме? Үшіншіден, біз көрген-білгенімізді, әттең, дұрыс жеткізе алмаймыз, әйтпесе, жалғаны жоқ ақиқат өмірдің өзі роман ғой. Не болған күнде де, «жоққа сот жоқ», «барымен базар» делік.

Сәйділ.

10/XII — 1972 жыл.

Алғысөз

Алғаш сүрлеу салу, классик аталу әркімнің пешенесіне жазыла бермесе керек. Ұлы адамдарды ғасыр тудырады, асқақ тұлғаларды тарих өмір сахнасына шығарады. Оларды мақтан тұту, мадақтау – қашанғы салтымыз. Десек те, көркем әдебиет сияқты халықтың рухани қазынасының ту ұстаушыларының қалың ортасында жүрген, бойындағы бар білімі мен күш-жігерін, таланты мен қайратын осы игілікті істі дамытуға арнаған жандарды да елеусіз қалдырудың еш қисыны жоқ. Бұл санатта Сәйділ Омарұлы Талжановтың есімі аса бір ілтипатпен ауызға алынуға тиіс.

С.Талжанов – өмірдің сан түрлі қиындығы мен қауіпті сындарына мойымаған, тіршіліктің бұралаң күндерінде еш бұлтақтамай, алдына қойған айқын да сара мақсатынан айнымайтын асыл қасиетін өмірімен де, ісімен де дәлелдеп өткен жан. Әлдекімнен көңілі қалса, сыртынан күңкілдемей, күбірлемей, бетіне тура айтушылық; бір нәрсеге қуанған сәтте бар жанымен, бүкпесіз шындығымен жадырай білушілік оны танытын жастар түгіл, үлкендерге де үлгі еді.

Сәкеннің көп қырлы талантын сөз еткенде, бірінші кезекте аударма проблемасы тұруы заңды. Әрине, аударма шаруашылығының да сан-салалы екені белгілі. Бұл кісі сол мәселелердің барлығына араласты.

Сәйділ Омарұлының аудармашылық өнерінен біраз жайды аңғаруға болады. Біріншіден, ол – қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген білгір: жастайынан зерек

өскен ол бұл екі тілді еш уақытта бір-бірінен бөліп қараған емес, екеуін де екі ананың ақ сүтіндей қадірлеп, қастерлеп, ынтыға үйренумен болды. Екіншіден, аудармашы өте талғампаз; кезеңдік, дәуірлік мәні бар, көркемдік, тәрбиелік қуаты мол классикалық дүниелерді туған халқына тезірек жеткізуге тырысады. Мұның өзі, бір жағынан, оның патриоттық сезімінен туындап жатса; мұндай құбылысты, екінші жағынан, уақыттың күн тәртібіне қойып отырған талабымен санасу деп ойлаған жөн. Шынында, Ф. М. Достоевский тәрізді әдебиет әлеміндегі алыптың туындыларын (мәселен, «Бейшаралар» повесінің қазақ тіліндегі бірнеше басылымы) тәржімелеудің маңызы өзінен-өзі түсінікті болса керек. Ұлы Шоқанның досы – қазақ халқының да шынайы досы. Оның ар жағында, әлеми беделге ие болған мұндай сөз зергерінің шығармаларын өз халқының да рухани байлығы етіп таныту ісі тек қана ризашылық сезімін тудыруға лайық.

Ал А. С. Пушкинге келетін болсақ (С. Талжанов ұлы ақынның таңдамалы шығармаларының қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген үш томдығының бірінші томын аударуға қатынасты), оның туындыларының сол – 30-жылдары тәржімеленуі тегін емес.

Бұлар Европа, орыс әдебиеттерінің үлгілері болса, «Кәлилә мен Димна» — Шығыс әдебиетінің інжу-маржаны. Біздің дәуіріміздің үшінші ғасырында жазылған «Панчатантра» одан бұрын дүниеге келген әйгілі «Махабхаратаның» он екі кітабынан алынған-ды. Үнді тіліндегі «Панчатантра» кейінірек «Кәлилә мен Димна» деген атпен кеңінен тарап кетті. Домалақ жер шарындағы халықтар әдебиеттерінің ішінде мұның әсер етіп, ықпал жаса- мағандары кем де кем. Сол кезден бүгінге дейін ұлы эпос көптеген тілдерге аударылып, Шығыс пен Батыс елдерін түгел кезіп жүр.

Әділіне келгенде, «Кәлилә мен Димнаның» қазақшалануы С. Талжановтың жеке тәржімелік табысы ғана

емес, ұлттық аударма өнерінің тарихындағы елеулі құбылыс болып табылады.

Аудармашының қабілеті барынша мол. Әңгіме мынада: аударма жасаушылардың көпшілігі, тіпті түгелге жақыны десе де болғандай, тек қана бір тілден екінші тілге тәржімелеуге икемді келеді де, керісінше аудармаға батыл бара алмайды немесе қарымы жетпей жатады. Дәлірек айтқанда, орыс тілінен қазақ тіліне аударушылар жиі кездеседі.

Бұл, әрине, жақсы. Бірақ, қазақ тілінен орыс тіліне тәржімелейтін қазақ қаламгерлері аз ұшырасады және олар орыс тілінен қазақ тіліне аударма алмайды. Осы бір олқылықты толтыруға Сәкеңнің мықтап бел байлағанын аңғару қиын емес. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінің» аудармасы бұған дәлел болады. И. Щеголихинмен тізе қоса еңбектенуінің арқасында қазақ топырағында социалистік реализм әдісімен жазылған тұңғыш шығарма орыс тілі арқылы Одаққа, одан тыс жерлерге мәшһүр болып, көпшіліктің сүйсіне оқитын көркем дүниесіне айналып отыр. Өзі жазған «Сейфулланың Сәкені» повесін де Сәйділ Омарұлы орыс тіліне өзі аударысты.

Белгілі аудармашының практикалық мол тәжірибе жинақтауы оның осы саладағы теорияның жай-жапсарымен шұғылдануына бірден-бір себепші, түрткі болғаны сөзсіз. Оның үстіне, қазақ филологиясында аударма ахуалының кешендеп сөз болғанын, бертінге дейін бұл саладағы жүйелі зерттеулердің көріне қоймағанын ескермеске болмайды. Ендеше, Сәкеңнің бұл бағыттағы ізденістерін ғылым мен әдебиеттегі мұқтаждықты өтеу ниетінен туған маңызды іс деп бағалауға хақылымыз.

Әрине, сәл кешеуілдеу болса да, аударманың әр түрлі зәру мәселелері хақында қалам сілтеген мамандар болады және қазір де көп зерттеушілер еңбектенуде. Дегенмен, ондай еңбектердің мол ауқымда жазылмай, кей кездерде күнделікті қажетті өтеу мақсатында, ағымдағы шараларды жүзеге асыру барысында орындалып жата-

тыны жасырын сыр емес. С. Талжанов болса, тәржіме жайларын өз жұмысының негізгі жоспары етіп алып, бірегей, тынымсыз, үзіліссіз зерттеді. Пікірімізді дәлелдеу үшін оның «Көркем аударма туралы» (1962), «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» (1975) атты монографияларын, сондай-ақ мерзімді баспасөз бен ғылыми басылымдардағы мақалаларын, талай конференциялар мен симпозиумдардағы сөздері мен баяндамаларын келтірсек жеткілікті болар. Бұл бағыттағы еңбегінің нәтижесінде 1962 жылы филология ғылымының кандидаты, он жылдан кейін – 1972 жылы филология ғылымының докторы деген ғылыми дәрежелерге ие болды.

Ғалым аударма проблемасын кең мағынадағы әдеби байланыстар тұрғысынан зерттейді. Әдеби құбылыстарды халық өмірімен, халық тіршілігімен, сол тіршілік еткен ортамен, этикалық жайлармен тығыз байланыста алып қарастырады. Көрші немесе территориялық жағынан қашық болса да, экономикалық, мәдени қарым-қатынастарда болған халықтардың арасындағы ауыс-түйістердің нәтижесінен әдеби байланыс мәселелерін сабақтап шығарып отырады. Жалпыға түсінікті осындай бірауызды принципті басшылыққа ала отырып, көркем әдебиеттегі ұқсас ситуацияларға сактықпен қарау қажеттігін ескертуі орынды.

Ауыз әдебиетінің осындай әрі шағын, әрі тез түсінуге икемді, әлі тағлымы зор түрінің тарихына шолу жасау арқылы ғалым ондағы аудармаға жатпайтын ұқсас жайлар мен аударма болатын тұстарын ашып, ажыратады. Мәселен, бақа мен өгіз жайлы мысал біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген Эзоп пен Аристофанның, I-ғасырдағы Федр мен II-ғасырдағы Бабрийдің шығармаларында, III-ғасырдағы «Кәлилә мен Димнада», XIII ғасырдағы Сағди мен XIX-ғасырдағы И. А. Крыловтың творчестволарында кездеседі. Сөйтіп, «біздің Абайға, Көбеев пен Өтетілеуовке жеткенше талай заман өтіп, талай теперішті көріп келген мысалдар неше алуан саққа жүгі-

ріп, жонылып-жөнделіп, екшеліп, талай кералаң дәуірлердің дәмін татқан тәрізді, – дейді де, одан әрі С. Талжанов былай деп жазады. – Осы арада біз тарихи хронологияны айтып отырмыз. Алайда, осы тұлғалар бәрін түгел бірінен-бірі алып пайдаланды деуден аулақпыз». Әңгіме Абайға дейін саналғандар хақында болып отыр, өйткені алдыңғылардың талайларында ұшырасатын мысалдарды зерттеуші аудармадан тыс мысалдар, тек ұқсастықтары бар дүниелер деп қарайды. Осы мысал арқылы айтар түйіннің барлық шығармаларда да бір болғанымен, олардың оқиғаларында аз да болса айырмашылықтардың бой көрсетуі және бір ел ішінде әр нұсқа түрінде жайылуы емес, әр елде таралуы ғалымның, әлгіндей, бір-бірінен алынған шығармалар емес, ой ұқсастығынан туған, таным-сенімнің кейбір сәйкес жақтарын аңғартатын бір-бірінен өзге шығармалар деуіне мүмкіндік береді.

Ауыз әдебиетінің үлгілері ғана емес, жазба әдебиет туындыларының басқа ел әдебиетіне, кейінгі сөз шеберлеріне игі әсері туралы ойланғанда да, зерттеуші осы басты кредосын – ұқсастықтың бәрін ауысып келген белгілер деп талғамсыз қабылдай бермеу керек деген тұжырым ұсынып, әділетке шақырады. Кейбір сыншылар Н. В. Гоголь стилінің қазақ жазушыларына ықпалын сөз ете отырып, бірталай ғибраты мол, ойланарлық жайларды әдебиетшілердің назарына салып отырды. Әйтсе де, ұлттық ерекшеліктерді ескермеуден, әйтеуір, салыстыруға келетін жай болса, әсер деп насихаттау тәсілі де орын алып жүрді. Айталық, қайсыбір әдебиетшілердің ойынша, «Ботакөздегі» Итбай мен атаман Шайтанов, «Теміртастағы» Қасқырбай, Түлкібай, «Өмір мен өлімдегі» Сойдактіс, тағы осы сияқты жағымсыз есімдер – Гогольдің үлгісінде алынған кісі аттары. Әрине, ұлы сатириктің қазақ әдебиетіне пайдалы әсерін жоққа шығару шындықпен мүлде кереғар болар еді. Мұны С. Талжанов та қолдайды, бірақ ол – Сәбиттің Итбайы

С. Көбеевтің «Қалың малынан» алынуы мүмкін деген жорамал айтады. Тағы бір кейіпкер жөнінде Сәйділ Омарұлы былай дейді: «Ұқсағанның бәрі «шеттен» келген бұралқы нәрсе болмауы кәдік. Өмір ұқсастығынан шығуы мүмкін. Ал атаман Шайтанов – болған кісі. Ол бұдан («Ботакөз» романын айтады – М. С.) әлдеқайда бұрын жарияланған Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында бар. Ендеше, С. Мұқанов болған кісінің өзін алуы ықтимал». Енді бір әдебиетшінің М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесасындағы Берікбол мен Серікболдан Гогольдің Бобчинскийі мен Добчинскийін көріп, солардың әсері болуы керек деген ойына қарсы С. Талжановтың пікірі нанымды көріне береді: «...Мұндай ұсақ-түйек некен-саяқ дүниені үзіп-жұлып ала бермей, тереңірек зерттеу, қажет тәрізді. Егер осы бетпен тартсақ, онда баяғы «Қозы Қорпеш-Баян сұлу» жырындағы Қарабай мен Сарыбайды да, ескі фольклорда ұшырайтын Бекбикелер мен Тоқбикелерді де ұқсатуымызға болады. Бұлар жырланған заманда Гоголь дүниеге келмеген де болатын».

С. Талжановтың зерттеуші ретіндегі бір ұтымды қасиеті – сөз етіп отырған мәселесін әр қырынан қозғауы. Айталық, осылайша, Н. В. Гоголь мен қазақ жазушылары жайлы салихалы ой айтып отырып, туған әдебиетімізге басқа классиктердің әсерін де есте кемітпейді, қайта, бұл мәселеде тереңдей түседі. Б. Майлинге А.П. Чехов әсерін жекелеген әңгіме, повестерді талдау барысында көз жеткізіп отырса,

Ғ. Мүсірепов творчествосының белгілі белесі болып қалған ана туралы шығармалар циклын жазуда Ұлы Горькийдің әсерін жеріне жеткізе дәлелдейді. «Ғабитте арқалаған жүк көп, – деп жазады С. Талжанов. Онда көп автордың әсері бар. Биязы әзіл-сықақ, ащы мысқыл, келемеж-кекесінге қазақ жазушыларынан Ғабит алдына жан салмайды». Мұны ол тәуекелмен айтып отырған жоқ: тілге тиек еткен дәлелдері, шүбәландырмай, бас шұлғытатын шығармалар тізімі мол, оларды салыстыра талдауы көңілге қонады.

Қазақ әдебиетіне Гоголь әсері дегенде, ғалым бірер жазушының туындыларын талдаумен тынбайды және бір жақсысы сол – көбінесе ондай әсерді классикалық шығармалардың табиғатынан тауып отырады. Мәселен, М. Әуезовтің кезінде өзіне үлкен әсер еткен жазушы И. С. Тургенев екенін өз аузымен айтып, өз қолымен жазғаны мәлім. Әрине, М. Әуезов сықылды ұлы жазушының әйгілі туындылары бір ғана тұлғаның ықпалымен дүниеге келді деу ақылға оншалықты сыйымды бола қоймас. Сондықтан оның шығармаларының сюжеті мен композициясынан, сөз кестесінен Гогольдің әсерін көрсететін сенімді мысалдар келтіруі тағы қисынды.

Кәнігі аудармашының көзіне шалынбаған мәселе жоқ десе де болады. А. С. Пушкиннің афоризмін сәл өзгертіп айтсақ, «мәдениетті бір елдің екінші елге тасымалдап жеткізетін почтасы» аталатын аударманың үлкен маңызына тоқталғанда да, Сәкең ойлы, зерделі сөзбен ақылға қонымды ете сөйлейді.

Көркем әдебиеттің аудармасы жайында сыр шерткенде, ана тілінің байлығы жайындағы, әсіресе, ана тілі мен басқа туыс немесе көрші тілдердің қарым-қатынастары жайындағы ой-топшылаудың белең беріп отыруы ешбір артықшылық етпегені былай тұрсын, тіпті керек те. Қазіргі аудармашыға қойылатын міндет пен талап қай кездегіден де жауапты әрі ауыр болса, ол, әсіресе оның /аудармашының/ ой-өрісіне, біліміне тікелей қатысты. Бүгінгі күн деңгейінен қарағанда, тілдің байлығын толық меңгермеген, тілдің тарихынан бейхабар аудармашы өзінің құрметті атына толық сай емес деп есептеледі. Керісінше, әдебиеттің тарихы мен теориясын білумен бірге, тілдегі ауыс-түйісті де саралай алатын, тіліміздің баюы жолында басқа тілдердің игі әсері болып отырғанын пайымдай алатын аудармашы жоғары мәдениетімен көзге түседі және ісі де жемісті болары даусыз. Бұл мәселе де қазақ аудармашы-ғалымдарының ішінде С.Талжановтың еңбектерін оқу үстінде ойға

оралады. Тегінде, Сәкен осыған қатысты жайларды сөз ету арқылы өзінің тағы бір қырын танытады. Айтқалы отырғанмыз – С. Талжановтың тілге тікелей қатысты ойлары.

Тіл тарихының беделді маманы болмаса да, ғалымның қазақ тілі мен шығыс тілдерінің қарым-қатынастары турасындағы болжамдары қызғылықты. Академиктер В. В. Радлов, А. Н. Самойлович, Ф. Е. Корш, В. В. Бартольд, СССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі С. Е. Малов, сондай-ақ қазіргі шет елдік және отандас түркологтардың еңбектеріне сүйеніп, соғдиян /иран/, монғол, араб тілдерінің ана тілімізге еніп, бұл күнде сіңісіп кеткен талай сөздерінің тізімін жасап, этимологиялық талдауға алады. Автор көп жайда өзіндік толғамдарын білдіріп отырады.

Сәйділ Талжанов – көрнекті ғалым болумен бірге, бірнеше прозалық шығармалар жазып, көркем әдебиеттің дамуына өз мүмкіндігінше үлес қосуды мақсат еткен жазушы.

Прозаик С. Талжановтың қай туындысын алсаңыз да, жақсылықты үлгі ету, жамандық атаулыдан жиіркендіру тәрізді сезімге баулитынын байқау қиын емес. Әрине, барша жазушы аты бар қаламгерлердің қай-қайсысының да мұраты осы екені шүбәсыз. С. Талжанов болса, өзіндік оқиға, өзіндік шешімімен тартып отырады. Оның шығармаларының басым көпшілігі елеулі, салихалы ой тастарлық өмір құбылыстарына құрылған.

«Сейфулланың Сәкенінде» қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған, революционер, мемлекет қайраткері дәрежесіне жеткен абзал адамның ұлағатты өмір жолының жанға жағымды әсер берер белгісінен хабардар қылады. Шығарманың «бірінші кітаптың соңы» деген сөздермен аяқталуына қарағанда, автордың алдына үлкен жоспар қойғаны аңғарылады.

Шығарма Сәкен Сейфуллиннің ұзақ үзілістен кейін сүйікті халқы мен оқырмандарына қайта оралған кезімен шамалас жарық көрді. Сондықтан әуелі автордың өзінің сүйкімді жазушысын ғана емес, елінің адал ұлының асыл бейнесін жасауға асығыс құмартқанын тек қана құптауға тиістіміз. Осы асығыстықтың ізі болу керек, композициялық жағынан, кей тұстарда шашыраңқы, шұбалаңқы соғып жататын, кейде басы артық кейіпкерлер араласып жүретін жайттар кездеседі. Ең бастысы сол – повесте туған халқының сәулетті болашағы үшін жаулармен бітіспес күреске дайын азаматтың толық қанды бейнесі сомдалған.

«Сейфулланың Сәкенінен» жаңа заманды орнату жолындағы болашақ күрескерді көрсек, басқа шығармаларында Сәйділ Омарұлы С. Сейфуллиннің бейнесін басқа қырларынан суреттеп, оның жан-жақты сом бейнесін мүсіндеуді мақсат еткен тәрізді. Мәселен, «Ұлдай кегі» повесінің идеясы басқа бола тұра, онда да Сәкен кірістірілген. Мұндағы Сәкен – күрескер. Демек, мұнда біршама әзірліктен өтіп, абыройы мен азабы көп іске қатынасып та қалған. Бірақ, ол – әңгіме тыңдаушы ретінде, бөгде адам түрінде көрініп отырады; өзінің Сәкен екенін жасырады; оны қолдаушы күш әзір азшылық, солай болғандықтан жаулардың қолына түспей, аз уақыт тасада жүр, сырт бейнесі де жұпыны. Ал «Есен толғауларында» бүкіл өмірі мен талантын советтік дәуірді жырлауға арнаған, жаңа заман әкелген табыстарды шабыттана жырға қосқан ақынды естелік түрінде бейнелейді. Мұнда да Сәкен тұлғасы көз алдыңызға елестейді. Міне, көркем туындыларының көпшілігінде жазушы С. Талжанов Сәкен тануға өз әл-қадарынша бірталай үлес қосты деп айта аламыз.

Ғылыми еңбектерінде сын-сықақ шығармаларды көбірек зерттеу объектісі етіп отыратын С. Талжанов өзінің творчествосында да кейбір кемшіліктерді әжуамен өткір шенейді. «Қайып толғаулары» деген атпен топталған әңгімелері – осының нақты мысалы.

Белгілі халық ақыны Қайып Айнабековтің шешендік, тапқырлық талантынан туып, ел арасына кең тараған, келте қайырылып, қысқа түйінделіп отыратын әдеби дүниелерін әдеби өңдеуден өткізіп, қалың оқырманның назарына ұсынғаны білініп тұр.

Сол шағын әңгімелерде езу тарттырарлық юмор мен ашу-ызаны келтіретін сатира аз кездеспейді. Осы циклдағы «Түсте» діни әдетті сынайды. Бұл – біреуге ақыл беру ыңғайында емес, көлденең күлкілі әңгіме ретінде баяндалады, сонысымен тартымды. «Бас балгерде» тапқырлығымен қарсыласын сөзден жыққан қарапайым шаруаның кейпі бейнеленеді; мұнда да күлмеске шараңыз қалмайды. Осылайша Сәкеңнің сатиралық қабілетін танытатын шығармалар тізіле береді. Бірақ, прозаик С. Талжановтың бүкіл творчествосына тән ортақ жай жеңіл мысқылдан гөрі, оқырманын ойға қалдыратын, толғандыратын салмақты сатира, салихалы ой тастау деп білеміз.

Бұл ретте «Ұлдай кегі» аталмай тұрмайды. «Ұлдай кегі» – жазушы өмірінің соңғы жылдарында жарық көрген көлемді туындысы. Тақырыбы – біршама тарих қойнауына бойлап, революцияға дейінгі қазақ әйелдерінің теңсіздігі мәселесін көтеру болып табылады. Автор әдебиетімізде бұрыннан белгілі соқпақты қайталамайды, яғни жас қыз бен жігіттің бір-біріне ынтықтығын, армандарын жүзеге асыра алмай, ішқұса болған күйлерін бейнелеуді басты мақсатына алмайды. Әрине, Ұлдай да өзінің сүйгеніне, өз теңіне тұрмысқа шыққысы келеді, бірақ жазушының оқырманға айтайын деп отырғаны ол емес. Жазушының айтпағы – сондай бас бостандығы жоқ заманның өзінде, тіпті жүрек қалауынсыз, өзі ұнатпаған кәріге тигеннің өзінде, өзінің намысын, өзінің өр қасиетін сақтай білетін қазақ қызының романтикалық, асқақ бейнесін алға тарту арқылы оқырманға ой тастау. Біздіңше, автордың алға қойған

ниеті орындалған.

Повестің бас жағындағы Балатай қарияның әңгімесіне құлақ түрсек, Ұлдай – талай жігіттің көзін сүріндірген сұлу да ақылды қыз болып өсіпті. Кейін – байдың тоқалы атанса да, еті тірі, ойындағысын бүкпесіз жеткізетін, ашық, өткір әйел болғанын көреміз. Осы екі аралықтағы талай қайғылы да, күлкілі де жайларға қанық боламыз. Шығарманың соңында Ұлдайдың бір ауыз сөзіне бола, оның келінінің күтпеген жерден сойылға жығылып, қан тамған қылыштан қаза болғанына ішіңіз удай ашиды. Осы бір детальді автор дәуірдің опасыздығын, әділетсіздігін жанға батыра сездіру үшін әдейі алған болуы керек.

Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпаны» мен С. Талжановтың «Ұлдайының» үндес келіп жатқанын айта кеткен артық болмас. Әрине, Ұлпан мен Ұлдай бір-бірінен өзгеше адамдар ретінде қабылданады: екіншінің суреттелуі жағынан да, бейнесінің сомдалу ауқымы жағынан да біріншімен /Ұлпанмен/ тең тұра алмайтыны хақ, сөйте тұра жалпы идея жағынан жақындас екені рас. «Ұлдай кегі» – С. Талжанов творчествосындағы көлемді, ысылып қалған шебердің талантынан туған көркем дүние.

С. Талжановтың қаламынан туған бірталай шағын әңгіме баршылық. «Гәп адамда...» атты әңгімесін оқығанда, арамызда әлі де болса қарапайым жандардың өтініш, тілегін жүре тындайтындардың бар екеніне сенесіз. Тұрмыстағы, үй ішіндік тіршіліктегі өз ара тіл табыса алмаушылықтың кесірінен от басының берекесі қашатын көңілсіз көріністерді де /«Қайырлы кеш»/ күлдіре отырып, түйрей жазады. Өз ісіне мығым, дәрежесін аспандатып тұрған атақтары болмаса да, тапсырылған міндеттерін абыроймен орындап жүретін адамдардың кейбір атақ-дәрежесі бар адамдардан да зор беделге лайық бола алатындарын «Әрине, үндемеген артық» деген әңгімесінде келісті

суреттейді. Мұнда да автор салыстыру әдісін ұтымды пайдаланады: соның нәтижесінде ілтипатындағы қаһармандардың бейнелері тұлғалана түседі. Сөйтіп, Сәкеннің көркем проза саласында оқырмандардың кәдесіне жарарлық біраз дүние қалдырғанын көреміз.

Қолыңыздағы «Өткен күндер сөйлейді» атты жинағына, негізінен, эссеист, публицист С. Талжановтың туындылары енгізіліп отыр. Эссеист С. Талжановтың бір ерекшелігі – қайсыбір қаламгердей, басты арқау етіп алған жазушы немесе өнер қайраткерін жеке-дара қарастырмай, оның өмір материалдары мен шығармаларын ғана тізбей, сол қайраткердің өскен ортасын, ізденіс жолын, өсу барысындағы даралық белгілерін табиғи байланыста баяндайды. Туған әдебиетімізді талай көркем шығармаларымен байытып, мәдениет саласында көптің ілтипатына бөленген жазушылар мен өнер тарландары І. Жансүгіров, М. Әуезов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов, С. Бегалин, А. Жұбанов т. с. с. туралы естеліктері мен эсселері осыған дәлел болып табылады.

Күнделікті газеттер мен журналдардың беттеріндегі сан алуан мәселелерді көтерген мақалаларынан, очерктері мен жолжазбаларынан Сәйділ Омарұлының публицистік талантын да аңғару қиын емес. Айталық, жазушылар бригадасының Қарағандыға сапары немесе Теміртау металлургтерінің еңбектегі ерліктері мен тұрмысы, жаңарған Жаңаарқа еңбеккерлері жайлы жазғандары осы тұрғыдан бағалануға тиіс. Ал Ана атты қасиетті жандарды дәріптейтін, оларға деген адал да асқақ сезімді насихаттайтын туындысы осы саладағы еңбектерінің ішінде үлкен шабыттан туған шығарма ретінде әсер береді.

Мерзімді баспасөзде шыққан шағын дүниелерінің бәрінде де автор советтік дәуір әперген табысты, адамдардың шат-шадыман тіршілігін зор дауыспен, кеудесін мақтаныш кере белсене насихаттаушылардың бірі болды. Ендеше, С. Талжанов архив қазынасын ғана ақтарып,

тыныш өмір аңсаған кеңсе ғалымы емес, таса жерден орын тауып, тек дайын шығарманы аударумен ғана айналысқан тәржімеші емес, осылардың бәрін атқара жүріп, республика өмірімен араласа білген, замана ағысын ойлы көзбен бағалай алатын, жай ғана сырттай байқау емес, көңілге түйгендерін көркем шығарма түрінде қағазға түсіре жүретін жазушы да еді ғой.

Бұл жинақты құрастырудағы басты мақсаттың бірі әр кез әр түрлі басылымдарда жарияланып, бірақ жеке кітап түрінде жарық көрмеген материалдардың басын біріктіру болғандықтан, Сәйділ Омарұлының ғылыми мұрасынан да бірлі-жарым еңбектер енгізілді. Мәселен, көне дәуір ақындары жөніндегі, Шортанбай, Ф. М. Достоевский туралы, аудармаға қатысты мақалалары, рецензияларында ғалымның құнды-құнды пікірлері бой көрсетеді.

Осындай қысқаша шолудың өзі ғана көркем әдебиет пен ғылым саласында С. Талжановтың аз уақыттың ішінде ауыз толтырып айтуға тұрарлық бірталай тындырымды іс атқарғанын көрсетеді. Сәкең жасының егде тартып қалғанына қарамастан, еңбектен бас тартуды білмейтін еді. Қайта, ілгеріде айтылған бар салада енді-енді шыңдалып, әсіресе, ғалым ретінде кең аудиторияға, одақтық көлемге таныла бастаған шағында дүние салды.

Өмірге құштар жан еді ол. Алдында тау-тау арман болатын. Сол арманның алға жетелегені де сөзсіз. Өзінің айтуына қарағанда да, талай істер әлі алда еді...

Қайсар ғалым, қажырлы жазушының өзінен кейін қалдырған мұрасы да талай уақыт тілге тиек етіп, талайға үлгі тұтуға жарарлық.

Мырзатай СЕРҒАЛИЕВ

Бірінші бөлім

ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АРДАҚТЫ АНАМ ТІЛІ

«Тілді жеке бір адам жасай алмайды, оның түпкі иесі – халық, мына тіл мамандары халық тілінің әр алуан құбылыстарын заңдастырып, бір жүйеге салады, ал жазушы сол тілдің заңдарына сүйене отырып, өздерінің мәңгі өлмес еңбектерін жазып қалдырады»¹

В. Г. Белинский.

Өзінің туған тілін, әдебиетін сүйе білген адам, бөгде елдің де тілін, әдебиетін сыйлай алады.

Қазір, шүкіршілік, мамандарымыз өсіп келе жатыр. Әр салада ақ өндіре еңбек істеп жүрген қабілетті қаламгерлеріміз бар. Мұндай гүлденген дәуірімізді көріп отырып, қуанбайтын аға буын болмасқа тиіс. Алдында үлгілі ағалары бар жастар қайнап, қаулап өсе бермек. Міні, қуаныш та, жұбаныш та осы.

Өмір жолы ұзақ-сонар. Әлі талай асқаралы кезеңдер алдымызда.

«Сан керуен көшіп өткен
Бір жұрттағы жолдаспыз.
Көшкен қайта қонған емес,
Біз де қайта қонбаспыз...» –

деп, Сәкен аға тірі жүрген жандардың басына келетін шындықты шерткен.

¹ В. Г. Белинский. Полное собр. соч., Изд. АН СССР, том 1 стр. 44. (Литературные мечтания).

«Бір аштың бір тоқтығы болады, бір тоқтың бір жоқтығы болады» деген қазақ елі. Табиғат көрінісі де осыны дәлелдейді. Іле өзенінің арпасы ұзын бойында ылғи кең бола бермейді, тар жері де кездеседі. Өмір ұзын аққан өзендей.

Мәдениеттің өсіп-өркендеуі де бір қалыпты болмайды. Сондай-ақ бүгін дүние жүзінде екі ұлы тіл болса немесе екі ұлы әдебиет болса, соның бірі орыс әдебиеті, орыс тілі, ал ол тіл біреу болса, соның өзі орыс тілі екені даусыз. Ал енді осы тіл «кеше қандай еді, бүгін қандай болды?» деген сұраққа жауап беру үшін, осы салада талмай еңбегін сіңірген орыс елінің ұлы азаматтарын тізе кетсек те теріс болмас. Солардың біріншісі — XVIII ғасырдың орта шенінде болған М. В. Ломоносов (1711– 1765) еді, сол кісі айтқан екен: «Талай тілдің әміршісі (повелитель) орыс тілі. Европа тілдерінің бәрінен де мұның зор болуы тек қана жайлаған өлкесінің кеңдігінен емес, өзінің ұшан-теңіз байлығынан, шетелдіктердің біразына бұл сөзім оғаш та көрінер, сонсоң өз тілінен гөрі, бөгде тілдерді меңгере білуге әуестене ұмтылатын орыс адамдарына да аса ұнай қоймас... Римнің императоры Бесінші Карл: «Испан тілінде құдаймен сөйлесу дұрыс, французша — достармен, немісше – дұшпандармен, итальянша — әйел жынысымен әңгімелесу мақұл», – депті. Егер ол орыс тілін жетік білген болса, онда, әрине, солардың бәріне де орыс тілінің бір өзі төтеп бере алады, — деп қосқан болар еді-ау, өйткені ол орыс тілінен испан тілінің әсемдігін, француз тілінің жеңіл жорғалығын, неміс тілінің ысқаяқ қатқылдығын, итальян тілінің нәзіктігін табар еді, оның үстіне орыс тілінен уақиғаны суреттеуде грек пен латын тілдерінің байлығын да, ықшамдығын да көрер еді»,¹ – деп ұлы нақыл айтқан болатын.

Орыс тілін өркендетуге күш салғандардың екінші-

¹ М. В. Ломоносов. Полн. собр. соч. т. VIII. стр. 391-392

сі – Н.М. Карамзин (1766–1826) айтыпты: «кейбіреулер (әрине, орысша кітап оқымайтындар),— дейді ол, – орыс тілін нашар білетіндігін сөйлеп, кешірім сұрайды: мұндай өтініші қылмысты болудан да жаман ғой. «Орыс тілі тұрпайы-ақ, француздың «сһач ап» («милый»), «ерап іоп» («излияние») және «ареич» («причуды») деген сөздерін орысша жеткізе алмайсың, қысқасы, орыс тілін білу үшін әрекет жасаудың қажеті жоқ», – деп зиялы қауымның ибалы келіншектері соғып отырады. Ол келіншектердің қу далаға лағып отырғанын дәлелдеуге кімнің батылы барар?! Бірақ еркек адамдардың бұлай жалған айтып, сыпайгершілік жасап, тәлімсуінің жөні жоқ-ау, сірә!

Біздің тіліміз шешен сөйлеуге, әуенді ырғаққа, төгілме поэзияға өте ыңғайлы, оның үстіне жүрек пен сезімнің нәзік құбылысын мәнерлеп беруге де өте икемді. Орыс тілі дыбыс гармониясын беруде француз тілінен әлде қайда бай, адамның ішкі жан-жүйесін тебірендіруге де өте икемді-ақ!.. Сорымызға қарай, біздің бәріміз де французша сөйлеуге құмартып тұрамыз, өз тілімізді жонып жөндеуге әрекет істейміз, өзара сөйлесе кеткенде, кейбір нәзік жәйттерді түсіндіре алмауымыздың сыры да осында ма, қалай? Бір шетел министрінің маған айтқан сөзі есімде: «Сіздердің тілдеріңіз өте дөрекі болу керек, өйткені менің байқауымша, орыстар өз тілінде сөйлескенде, бірін-бірі түсінбейтіндіктен, француз тіліне жармасады-ау деймін!» – деді. Осындай есалаң ұйғарым жасатуға себепкер өзіміз емес пе? Заты, тіл отанын сүйетіндер үшін қажет болса керек»¹ – депті.

Н.М. Карамзиннің артын-ала орыс тілін қорғап сахнаға Никита Яковлевич Бичурин (лақап аты – «Отец Иакинф») (1777–1853) шықты. Бұл А.С. Пушкиннің досы, ұлты чуваш, сол кісі қытай жылнамасындағы тарихи деректерді орыс тіліне аударып бастырғанда, патшашыл реакционер

¹ Н. М. Карамзин. Соч. т. VII, 1802, стр. 137-138.

Осип Иванович Сенковский (Россияға сіңісіп, профессор болып қызмет істеген, бұркеншік аты – «барон Бранбеус») мақала жариялады, сонда:

«Қасиетті Иакинф көкеңнің (Никита Яковлевич Бичуриннің) еңбектерін оқығанда, әттегене-ай; осы шығармасын ол неге французша немесе ағылшын тілінде жазбады екен деп кынжыламыз. Өйткені ғылым дүниесінде белгілі орын тебе алмай келе жатқан орыс тілінде жазылғандықтан бұл туынды үшін көзі жоғалған еңбек болып есептеледі»,¹ – деді. Сыншы профессор О.И. Сенковскийдің осы пікіріне – орыс тілінде ғылыми еңбектің жазылуына қасарысып қарсы шыққан қыңыр ойына Н.Я. Бичурин былай жауап қайырған екен: «Егер Бірінші Петр заманынан бастап, осы уақытқа дейін алды-артымызға қарамай, үнемі шетел жазушыларына табынып еліктей бермесек, біз мәдениеттің сан-алуан саласында да өз бетімізбен баяғыда-ақ өсіп-өркендеп кетер едік-ау! Ғылым жолында шетелдіктер бізден көп бұрын озып кетті деп ойлау, сондықтан солардың ғана айтқандарын қотара беруіміз керек деп шамалау – мүлде теріс бағу. Осындай доғал да тұрпайы пікір ғылымның әр саласында-ақ біздің ақыл-парасатымызды кері кетіріп келеді. Біз өзімізше (орысша) ойлануды доғарып, бөгде елдерше долбарлауды міндетімізге алғандаймыз. Егер бір француз немесе неміс бірденені қоқсыта қалса-ақ, біз соны соқырқай пысықтайтын болсақ, үнемі артта қалуымыз даусыз, біздің ақыл-парасатымыз бөтен біреулердің топшылауларын ықтап, солардың көлеңкесі болып қалмас па? Ескерте кетелік, олардың тосын топшылаулары көбінесе орашолақ, ылғи өрескел де келеді ғой», – депті Я. Бичурин.

Беріректе ана тілін көркейтуге, жаңғыртуға жанын салған – А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, А.И. Герцен сынды ардагерлер болды. Пушкиннен Горькийге шейінгі, Герценнен Ленинге шейінгі орыс классикте-

¹ О. И. Сенковский. Собр. соч. том VI. СПб.—1859, стр. 27—28.

рінің бәрі, ұлы орыс ғалымдарының күллісі жаңа орыс тілін жасады, оны француз, неміс тілдеріне жұтқызбады. Осы арнаны қуалап Н.А. Некрасов та ананың қадірін, ананың тілін аспанға көтерді. Оны тұтқында отырып, 1919-жылы қазақшаға аударып, Сәкен толғанды:

Тыншығар біраз жылап сүйген жары,
Ұмытар жақын деген достың бәрі;
Дүниеде ұмытпайтын жалғыз-ақ сол,
Сорлы ана, көкірек жарған қайғы-зары?..

Ананың қасиетін М. Горький де терең толғады. Оны қазақ тіліне сөз зергері Ғабит аға жеткізді:

«Анасыз ақын да, батыр да болмайды. Аристотельді де, Фирдоусиді де ана тапты. Искендір мен соқыр Гомер де ананың баласы...» деді.

Өмірінің көбін шетелде өткізіп, өзінің ана тілін сағынғанда; Иван Сергеевич Тургенев те зарығып сөйледі. Тургенев өлерінен бір жыл бұрын туған тілге гимн жазды. «Орыс тілі» («Русский язык») аталған қара сөзше өлең туғызды. Оны Ісләм Жарылғапов қазақша туындатып күй шертті:

«Туған елдің тағдыры не болар деп қайғырып шерге бөккен ет жүрек зар жылаған шақтарда, уайым-күдік молығып, қапалы көкірек долығып қақ айрылған шақтарда, – уа ұлығатты, күдіретті, адал, дарқан орыс тілі! – Сен ғанасың серігім, тірегім! Сен болмасаң ішқұсама жалғыз ем, ел халінің сыйқы анау – мен түңілмей қайтер ем? Жә, тегінде, осындай тіл осал елге бітер ме? Жок, әзелде тілі зордың – елі зор; осы сынды асыл тілді абзал халық болмас қор!» – деді. Туған елдің, ана тілдің сол кездегі екіталай, ауыр халін орыс ойлылары осылай күңірене уайымдады да, болашаққа осылай асыл армандарын аттандырды да.

Ол дәуірде ақ патшаның ауызына қараған ақсүйектер қауымы орысша сөйлеуді өзіне ар көріп, французша, немісше не ағылшынша былдырлауға әуес еді, Орыс даналары осыған күйінді, бірақ орыс

санасының зор екенін біліп, орыс тілінің болашағына алаңсыз сенді де. Тілді бұқара халық жасайды, осыны анық түсінген И. С. Тургенев орыс тілінің өскелең қуатын ерте ұғынды, сөйтіп өзінің туған тілін, туған ұясын, сол тілдің тегеурінді күшімен зорлық-зомбылықтың иесі- ақ патшадан да, оның соңына ерген шәуілдек топтардан да айырып алды, қорғап қалды. Жұртын сүйген жүрек осылай қимылдауға міндетті еді, адамшылық, азаматтық борышын ақтады. Орны келгенде ескерту жөн, И. С. Тургенев француз тілін Густав Флобер мен Проспер Меримеден төмен білген емес. Француздың жазушылары – өзінің жақын достары былай тұрсын, тіпті Жорж Санд пен Полина Виардо тәрізді ойлы, өнерлі әйелдерден де артық сөйледі, өйткені әрбір ұлт тілінің иесі әйел қауымы деседі ғой. Әрине, мүмкіндігі жеткенше: әр елдің өз тіл қоры өзінше кемелденіп өсуін, келешекте адамзат тарихына арнаулы үлес қосуын көкседі; мешеу қалған мәдениетсіз тілдің коммунизмге де пайдасы шамалы тәрізді, сөйтіп қазіргі жер бетіндегі ұлы тілдің бірі орыс тілі болып отыр, оған ойлы ұлы азаматтардың еңбегі сіңді, мақсаттары орындалды демекпіз.

И. С. Тургенев бөтен елден үлгі-әсер алудан бас тартқан жоқ, тіпті орыс тілінде бұрын болмаған, латынның «нигилист» деген сөзін әдебиетке әкеп өзі енгізді. В. Г. Белинский сол латынның «прогресс» деген сөзін орысшаға «наступательное движение вперед» – деп аудартпай өз күйінде алдыртты. Өзінде жоқты көршіден алып пайдалануға ешқайсысы да қарсы емес, өсу жолы тура осылай болатынын жақсы ұққан жандар, бірақ өз тіл қорың жете біле алмай, барын кәдеге асырмай, теріс бағуды, солақай қимылдап, сыңаржақ ширатылуды жек көрді олар.

«Ағылшын мен неміс тілі былай тұрсын, В. Г. Белинский тіпті француз тілін де білмеуші еді, сөйте тұрып, орыс әдебиетінің мықты діңгегі болды ол», – дегенді де И. С. Тургенев айтқан болатын.

Осылардың артынша, 1909-жылы татар ақыны Ғабдулла Тоқай да өзінің туған тілін сүйсіне жырлады (жолма-жол аударма):

«Ей, туған тіл, анам менен әпкем тілі!
Дүниеде көп нәрсе ұқтым сен туған тіл арқылы.
Ең алғаш осы тілде анам бесігіме ән салған.
Ұзақ түндер бойы әпкем хикая шерткен,
Ей, туған тіл! Әр уақытта жәрдемің тиіп сенің,
Жас күнімде-ақ аңғарылды-ау, шаттығым, қайғым менің».

Күні-кеше, заманымыздың бұлбұл ақыны, Лениндік сыйлықтың лауреаты, авар елінің ардақты азаматы Расул Ғамзатов та тебіренді: «Егер туған тілім – авар тілі – ертең өледі деген хабар естісем, өзім бүгін өлуге даярмын», – деді. Осетиннің ғалым-жазушысы Нафи Джусойты да Расулды мақұлдап білімді, саналы мақала жариялады.

Қазақ ақыны Дихан Әбілев:

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім – тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.
Бұл сырымды тек Ленинше ұғыңдар,—

деп Расул екеуі қосылып ән салды.

Өз басым орыс тілін көптен үйреніп келем. Орыс ойшыларын бір адам жақсы көрсе, ол мендей-ақ болсын дер едім. Өйткені, орыс әдебиетінен, орыс тілінен көп нәр алдым, ерте ауызданған тәрзідімін. Сонда да осы күнге дейін төсекке жатсам-ақ түсті қазақша көрем; сөйлегенде де, жазғанда да, ең әуелі қазақша ойлап, сонсоң барып орысшаға аударып отырам, осының әсерінен орысша сөзім кедір-бұдыр шығады. Ендеше, ана тілінің орны, жүректе қалған ізі мүлде өзгеше болса керек-ті!

Үстіміздегі совет дәуірінде қазақ тілі мәдениетінің өсіп келе жатқаны даусыз шындық. Ғылым-білімнің тек бір саласында ғана емес, тіршілігіміздің барлық

саласында да жедел ілгері басу бағыты зор. Бірақ осы үдере көшу жолында кейбір жастарымыздың кейде «жаналық» қуып, қызулық жасайтын кездері де сезіледі. Кейбір кәрілеріміздің де ұрт басып, жас буынды адастыратыны да жоқ емес.

Кейде қазақ тілінде жазылған газет-журналдағы әңгімелерде сан-алуан сөйлемдер ұшырайды, оларды оқығанда, тайлақтың тобығын жұтып қойғандай, қақалып-шашалып әлекке түсесің; ол әрі де кетпей, бері де қайтпай, көмейімізде көлденең тұрып алады. «Уссалам, ойдың ордасы!» дейтін өлең шықты. Ақынымыз – Абай атындағы қазақ педагогтер институтын мақтап отыр және осы өлең Абай күніне жазылған. Қазақ тілінде «Ассалаумағалейкум, уағалайкүмәссәләм» деп арабша амандасу әлі бар, бірақ мұны көпшілік түсініп те жатпайды. Ал осыдан барып: «Уассалам, массалам» дейтін кекесін тіркестер де туған. Тіпті ауыз әдебиетіндегі:

Мал десе жалғыз сиыр, торпағы бар,
Қасқырмен «салаумәлік» ортағы бар...

деген жолдар да кекетуден шыққан еді. Ғабдулла Тоқайдың «Жаңа кесік бас» атты поэмасында:

«Базар халқы» уассалам да уассалам,
Ол Қара-ахмад «Уағалейкүммассалам»—

деген келемеж өлең жолдары ұшырасады. Алайда, біздің ақынымызда келеке-кекесін жасаудың ұшқыны да, орны да жоқ, ендеше негіз түсініксіз және жиі қолданылып дағдыға айналмаған сөз тіркесін ұғыну өте ауыр тиеді. Қазақ тілін мәдениетті ету, шеңберін кеңітіп, әрі қарай байыта беруге мұндай адыра қалған араб сөздері, түп-тамыры түсініксіз бітеу сөздер себін тигізуі мүмкін емес сияқты.

«Жүректі қозғайтын осы әсем жолдарда сөйлеу тілінен ерекше жаратылған сөз жоқ, ондағы сөздердің бәрі де халық тіліне тән» сыр, сандық, аш, қара, сым,

перне сұлу, жыр... дегендей жалпыға ортақ сөздер... Сәкен «Күй сандық» деген өлеңінде «жерлесім» дегендегідей етіп, «жырласым» деген сөз жасаған» – деп мақтауға кірісті бір ғалым.

Ниетінде жамандайын деген бұралқы жәйттің жоғы аңғарылып-ақ тұр, алайда ақынның аузына өзі айтпаған топас сөздерді салу, артын-ала соларды әдейі мақтау жөн болар ма?

Сәкенде «Күй сандық» атты өлең мүлде жоқ, онда «Сыр сандық» бар, оның үстіне автордың өз талдауында да «сыр, сандық» – деп бастап тұр ғой. Ал енді, «жырласым» мен «сырнай» Сәкеннің осы арада жазбақ түгіл, ойлаған сөздері де емес. Ол:

Сым пернені басып кара,
Басып кара, жырласын!
Ақтаралық алтын сарай,
Алтын сарай қойманы,—

деп жазды. Ал «сырнай» мен «қойманың» тіркесуі мүмкін емес, заты, корректурадан кеткен қате болуы кәдік. Дұрысы: «Алтын сарай қоймасын» болуға лайық. Ендеше, зерттеуші ғалым осы арасын абайлауға міндетті еді.

Осы автор мына өткен жылы шешендік жайында тағы бір мақала жариялады, сонда шешендер тізімінде Сәбит, Ғабит ағалар жүр, бұлардың шебер жазушы екенін білеміз, ал Горький де шебер ғой, бірақ ол халық алдында суырылып шешен сөйлеуге төселмегенін 1928-жылы Каприден (Италиядан) келгенде өзі айтып еді. Топ жарып, шешен сөйлей алмау жазушының қадірін түсіре ме?

Туған анасын сыйлайтын бала бөгде аналарды да құрметтей алады, сондай-ақ өзінің ана тілін жетік білген адамға шет тілді үйрену де оңайға түседі. Әр шөптің басын бір шалып, шөре-шөреде жүрген шәлдіріктер тыңғылықты еңбекке олақтау болуы кәдік.

Біздің елде Сатылған Сабатаев деген кісі патша заманында «Петровско-Разумовская академиясының (осы күнгі Тимирязевская академия) бір факультетін бітіріпті

де, оны назырқанып, Москвадағы филология факультетін тағы тауысыпты. Сөйтіп, екеуін бітіргенде де ол ешқайсысын жарытпаса керек. Қазақ тіліне (ана тіліне) қандай салақ болса, орыс тіліне де сондай олақ қарапты. 1910- жылдары Москвада жүрген Сатылғаннан өзінің жақын жолдасы: «сіз биыл қайда болдыңыз» деп сұрағанда, ол: «Біз Москвадан шығып, жолшыбай Омбыға соқтық та, ауылға барып, мына Тәнімге үйленіп, осында қайтып келдік»— деудің орнына: «Москвадан» «выехать» қылдық, Омскийге «заехать» қылдық, ауылға «приехать» қылдық. Тәнімге жениться қылдық, «обратно уехать» қылдық, – деп әрі «түсінікті», әрі «әдемі» етіп жауапты қысқаша қайырған екен.

Сатылған Сабатаев патша үкіметіне де қызмет істемеген немесе революцияның алдында Россияда болған бірнеше партияның ешбіреуіне де кірмей, дербес жүрген азамат. Сол кісіні 1919-жылы Қарқаралының маңында, айдалада біреу атып кетіпті. Оны атқан жанның кім екені осы уақытқа дейін мағлұм емес. Тек қана ел аузында мынадай өлең қалған.

Ходить кылып,
Қылып, кылып Сатылған,
Сол Сатылған
Бос шатылған, атылған,—

деп күледі жұрт.

Ғабдулла Тоқай татар тілінің шұбарлығын шенеп жазған «Сулы қадімше» атты өлеңінде:

«...Деді: барин, двадцать рублей с нас,
Давайте скорей, скоро уже час!
Дедім: деньги мои ептешлар украл,
Собакилар, они украл да удрал!..»

десе, біздің Сатылған одан анағұрлым асып түседі, бұл – екі тілдің екеуінің де ішкен-жегенін желкесінен шығарады. Сатылғанда арам ой болмас, бұл – оның тек қана бойгүйез – бейғамдығы болар. Осы әңгімені де біз: ең әуелде өз тілін жете білмеген адам басқа тілді де дұрыс біле алмайды деген

пікірімізді дәлелдеу үшін келтірдік, әйтпесе өмір бойы көрмеген, баяғыда өліп кеткен әкеміздей адамды кеміту үшін айтып отырғамыз жоқ, кейінгі жас буынның есіне салып, салақтықтан сақтандыру мақсатын көздедік.

Қазақ тілі өте бай тіл. Бұл пікіріміздің айғағы адамзаттың данышпаны Карл Маркстің сөзі, ол кісі: «Туыстық терминдерге келгенде басқа елдердің тілінен түркі тілдері бай» – деген болатын. Түркі тілдерінің сапына қазақ тілі де кіреді, Орыс тілінде «братья», «сестры» деген сөздер бар, мұнда үлкені, кішісі ажырамайды.

Төрт түлік малдың атаулары мүлде көп, түйенің сексен аты бар. Малға теңестіріп сөйлеу: «бота көз, серке сан, қоңыр қозым, ылағым, түйедей» – деу адам айтқысыз мол. Жақтау есімдіктері мен жіктеу есімдіктері басқа тілде кездеспейді. Қазақ тілінде, көбінесе, өз ойын тура айтудан көрі, тұспалдап айту күшті. Осының бәрі қазақ тілінің төтенше байлығы.

Қорыта айтарымыз, совет дәуіріндегі қазақ тілі бұрынғыдай емес, мүлде қарыштап өскен тіл. Осылай өсуіне тарихтың ұзына бойында көп тілдердің мол көмегі тиіп, осы сатыға жеткен тіл. Әрі қарайда жедел өсе беруі үшін, өзінде барды көркейте түсуді, ал жоқты бөгде елден, әсіресе өскелең орыс тілінен алуды қажет ететін тіл. Сөйтіп, келешекте, коммунизм заманына жеткенде өз үлесін жалпы қорға қоса алатын тіл. Ендеше осы ана тілін мүдделі шеңберге жеткізу игілі ісіміз болсын! Сондықтан барымызды құрметтеп, жоғымызды саралап алсақ екен! Тіліміздің мүмкіндігін екшеп отырсақ, бүгінгі мәдениетті тіліміз ертең бұдан да мәдениеттірек бола алады.

«ӘДЕБИЕТ ШЕЖІРЕСІНЕН»

(үзінді)

Ұлы орыс халқының жан-жақты дамыған, кең тынысты өскелең әдебиетінен үлгі алуымыз заңды, рухани өсу жолымызда біз мұны іске асырып та келе жатырмыз.

Есейген марка мәдениет үлгілерінен кейін шыққан елдің нәр алатыны даусыз.

Ешбір мәдениет бір күнде тұмайды, көре-көре көсем болады. Адамзат тарихының алыбындай дара шыққан орыс халқының Пушкині де өзінің алдында болған бөгде елдің озат ойшылдарын сарқа білген, сондықтан да оның өз замандастарынан әлдеқайда алда отырғаны әлемге аян.

Данышпанды көре алмай аяғынан алатындар енді таусылып келе жатыр ғой, бірақ А. С. Пушкин тұсында олар аз болмапты. Солардың ішінде табаны күректей күштілері де жүрген, мысалы, Ф. Б. Булгарин мен Н. И. Греч «Терістік Араның» («Северная Пчеланың») редакторлары, жандармерия басшысы А. Х. Бенкендорфтың оң көзі, тіміскер тыңшылары екен. М. Т. Каченовский ординарный профессор, статский советник және кавалер, оның үстіне «Европа жаршысы» («Вестник Европы») атты журналдың үздіксіз ғалым редакторы, ал Н. А. Полевойды алсақ, ол да осал емес, «Москва телеграфы» («Московский телеграф») деген журналдың редакторы, «Орыс халқының тарихы» атты күйкі кітап жазып, сол үшін Россия ғылым академиясының қолдан жасалған корреспондент мүшесі

болған екен. А. С. Пушкиннің соңынан шам алып түскен жаулары осылар, арасында жалы қыңыры жоқ. Бұлардың шашбауын көтеретін жарамсақтары да толып жатса керек. Көл шағаласыз, шалшық көлбақасыз болуы ерсі шығар.

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап,—

деген Абай сөзі осындайларға арналған-ау, сірә! «Мыңмен жалғыз алысқан» Абай өзінің алдында өткен ұлы ұстазы А. С. Пушкинмен тағдырлас тәрізді.

Енді біз көп толғақты доғарып, А. С. Пушкиндей ұлы бейненің басынан кешкен кейбір кескінсіз шырғаландарды баяндалық, үлгілі, ұстазымыздың кезінде жазықсыз тартқан тауқыметтерін советтік қазақ халқының жастарына мәлім етелік, әркім өз керегін, таңдап ала жатар. Александр Сергеевич Пушкиннің кітабы 1887 жылы Москвада басылыпты. Соны оқып отырсақ ұлы ақынымыздың өз заманында түрлі кералаң жағдайға киліккенін көреміз. А. С. Пушкин журналистердің айтысына да араласыпты, сыншыларға да тарихшыларға да, жазушы – ақындарға да мезгілінде түзу жол сілтеп отырыпты, өз ойын ол үнемі қаймықпай ортаға салыпты.

Мысалы, жазушылардың сөз саптауы (слогы) жөнін де өзінің қалыптасқан пікірін ашық білдірген ол. «Бір күні Д.Аламбер¹ тұрып: «Сен маған ана бір Бюффонды² мақтамай-ақ қойшы. Ол кісінің: «мынау жылқы ғой» дей салудың орнына: «адамзаттың алдына табиғаттың сыйлыққа тартқан асыл дүниесінің ішіндегі ең тақпаппар, алдағаш қызба жануары осы» – деп қобырата көңірсімесе көңілі көншімейді-ау! – депті.

¹ Д. Аламбер, Жан Лерон (1717-1783) француздың математигі, философы. Париж бен Петербург академиясының мүшесі.

² Бю ф ф о н (1707–1788) француздың аты шулы табиғат зерттеушісі, жазушысы.

– Бұл сөзді ол Лагарпка ¹ айтқан» – деп келтіреді А. С. Пушкин.

«Бюффон өз басымен кетсін, ал мына біздің жазушылар не істейді екен? Бұлар да күнделік өмірде кездесетін күйкі заттардың өзін келте қайырып, өз атымен атай салуды ұсқынсыз өрескел нәрсе көреді, сондықтан оған жан бітіріп әдемілеуге ұмтылады – керексіз қосалқы қосымшаларды жамайды, жасық метафорларды төге жөнеледі. Сөйтп «тәнертен» – дей салудың орнына «Алғаш шығып келе жатқан күннің арайлы таң шапағы көгілдір аспанның шығыс жағына жарық сәулесін түсіріп, зейнетке бөледі» – демесе іші толады. Дүниеде жоқ соңы бірдеңені тауып алғандай арсалақтайтынын қайтерсің? Әлде мұнысы шұбалаңқы айтылғандықтан әдемі көріне ме екен?» – деп толғайды А. С. Пушкин.

Ал, енді журналистер туралы айтқан ойларын да келтіре кетелікші.

Баяғыда, 1829 жылы «Москва телеграфы» («Московский телеграф») атты журналдың редакторы Николай Полевой мен «Европа жаршысы» («Вестник Европы») деген журналдың редакторы, профессор Михаил Трофимович Каченовский екеуі айтысыпты. Әңгімені Николай Полевой бастапты. Ол өз журналында («Москва телеграфында») 1829 жылы «Бенигна» деген бүркеншік атпен (псевдоним) мақала жариялапты. Сонда: «Европа жаршысының» редакторы ылғи уәде берумен келеді, бірақ соның біреуін де ол орындаған жоқ». «Әдебиет заңын нығайтуға бұлай кірісу мақұл емес қой...» «Егер ол жасы үлкендігін сілет етсе, онда өзінің ешнәрсе білмейтінін мойнына алсын, оқып-үйренуге тырыссын, ежелгі келемеж дағдыларын тастап, қарапайым қылықпен іске кіріссін». «Зерттеп байқалықшы, «Европа жаршысының» редакторы осы күнге дейін не бітіріп тастады екен?» «Европа»

¹Жан Франсуаде Лагарп (1739-1803) француздың драматургы, әдебиеттану ғылымының теоретигі

жаршысының» редакторынан озып кеткен жасөспірімдер айыпты емес қой, өйткені бір орнында жиырма жылдан астам уақыт қозғалмай мелшиіп отырған редактордан жүріп бара жатқан жанның бәрі де озбай ма?» «Оның үстіне, мына құрметті редактордың өзі грек тілін де мүлде нашар біледі», – деп жазыпты әлгі Бенигна. (Н. Полевойды айтып отыр. – С. Т.).

Полевойдың осы сөзі қытығына тиіп, профессор Каченовский бұл мақаланы бастыруға рұқсат еткен цензордың үстінен бірнеше арыз жазыпты. Соның бірінде: 24 январь күні 1829 жылы ол: «Мен – статский советник, ординарный профессор және кавалер, Михаил Трофимұлы Каченовскиймін» деп қолын қойыпты.

Сол кездегі қауым екіге бөлінген, біреуі Каченовскийді, екіншісі Полевойды жақтаған, әңгіме насырға шауып барып тоқтаған. Уақиғаның нағыз қызу кезінде А. С. Пушкин мынадай эпиграмма жазған:

Обиженный журналами жестоко,
Зоил Пахом печалился глубоко,
Вот подал он на цензора донос,
Но цензор прав – нам смех, Зоилу нос.

деген болатын. «Домалақ арыз» жазғыштарға жан-тәнімен қарсы А. С. Пушкин бұл уақиғадан да шет қала алмаған. Әлеуметтік маңызы бар мәселенің бәріне де осылай тойтарыс беріп отырған. Адалын айтқан адамды сүйетіндер кемде-кем табылады ғой.

Осы өлеңнен кейін Каченовский де Пушкинді қудалаған, өз журналының бетінде оны кекетіп-мұқатып әбден мазасын алған.

«Әдебиет шежіресінен» деген А. С. Пушкиннің осы мақаласы 1830 жылы «Терістік гүлдерінде» («Северные цветы») жарық көрген. Ыза кернеген Каченовский енді ашына тиіскен, өз журналында ол мақала жариялаған, сонда: «Ұлы данышпандардың тағдыры қызық-ау! Полтавада-

ғы¹ шайқаста жолы болмаған соң А. С. Пушкин үлкен ерлік жасады, қолынан келмейтін әдебиет майданынан ығысып мүлде шет шықты да, енді келеке-сықақтар жазып, қаша ұрыс салып бара жатыр, шежіре жазуға кірісті. Өкініші сол, атақтан жұрдай болған батыр (Пушкинді айтып отыр. – С. Т.), мына жаңа мамандыққа әлі төселмепті. Өйткені суреттеп отырған уақиғаға қызулық жасамай, тарихшыларша шет отырып тексеруге мұршасы жетпейді екен, сондықтан оның көзіне үнемі маскүнем семинаристердің елестеуі де ғажап емес-ау!» деп түйреп өткен.

А. С. Пушкиннің әлгі мақаласында (1830 жылы) «Екі журналистің арасында жүрген ұрыс-керіс, оның ішінен біреуінің цензор үстінен берген домалақ арызы жұртты көп шулықтырды».

«Өткен жылдың аяғында «Европа жаршысының» редакторы оқушы қауымға мынадай хабар айтты:

«Рас, журналымның кейде сыңаржақ, үстірт кететінін ескерткен сыншылардың пікірлерін мойындаймын. Оның үстіне әдебиетіміздің дәрменсіздігіне қатты қынжыламын, бұдан былай бар күшімді жұмсауға уәде беремін. Келешекте журналды кеңіте түсіп, жан-жақты етуге кіріспекпін. Бүгіннен бастап алысырақ көз тастауға, кеңірек толғануға, батыл қимылдауға үміттенемін. «Өзімнің де жұмыс істеуге кіріспек ойым бар», осыған қоса менің еңбектеріме қатысуға басқа әдебиетшілерге де рұқсат етемін», – деп жазды. Кеш айтылса да ғалым редактордың бұл ізгі ойы бізге қатты ұнады»...

«Шынына келсек, Каченовский мырзаның бұл жоспары орындалмай қалады-ау деген күдік бізде болған жоқ. Бірақ Полевой мырза өзінің көп әріптес болған, әдеби мінез-құлқына қанық журналист жолдасына, оның беріп отырған уәдесіне аса сене алмапты. Алайда, үндемей іші-

¹ А. С. П у ш к и н н і ң «Полтава» атты әйгілі поэмасын келемеждеп отыр.

нен күдіктеніп қана қойса бір жөн ғой, олай етпепті, «Москва телеграфының» өткен жылғы 20-кітабына мақала жариялапты. Сол мақаласында: «Европа жаршысының» шар тартқан редакторына қатты жармасыпты: «Егер ол («Европа жаршысы») жасы жеткендігін ұғып, өзінің білімсіздігін мойнына алса, кішіпейілділік көрсетіп, іске адал кіріссе, оқып үйренуге тырысса, үйреншікті сілімгір дағдыларынан адақуде құтылса, қыңырттамай әділ сөйлей білсе, онда өзінің нашарлығын сезініп, оқуға ұмтылып, шындықты айқын түсінуге беттейтінін білер едік-ау, сонсоң оны жабыла сыйлап, айтқанын екі етпей ылғи тыңдап отырап едік қой», – депті Н. Полевой. Әлгі Н. Полевой мақаласын оқып шығады да А. С. Пушкин жазады: «Мұндай да қызық талап болады екен-ау! Егер бойына сіңген үйреншікті дағдыдан құтыла алмаса, «Европа жаршысының» егде жасы кімге өнеге болмақ? Сақал-шаштың ағаруы әдебиеттің кәдесіне жарамаса керек, ал енді Полевой мырзаның талабын орынды деп ұқсақ, бірақ сол ойды егде қарттың өз аузынан есіту өзімізді ұялтып, жер-жебірімізге жетпес пе еді?» – дейді.

«Айтыңдаршы, «Европа жаршысының» редакторы осы уақытқа дейін не істеп бітірді?» – деп тағы сөзін жалғастырады Полевой мырза. «Оның шындығы қайда, өзінің туын тігетін еңбектерінің жемісі егіліп, шешек атып құлпырып тұрған жері қайда екен? Сол арнаулы әдемі мекен-жай қай мұхиттың сыртында, қай тұста екен? «Европа жаршысының» редакторынан жасөспірімдер әлдеқайда озып кетті, өйткені олар ілгері жүріп бара жатыр, ал біздің ғалым редактор баяғы отырған орнында жиырма жылдан астам уақыт тапжылмастан мелшііп отыр, ендеше озғаны үшін жастар айыпты бола ма?» – деген Полевойдың сұрағына А. С. Пушкин былай деп жауап қайырады:

«Каченовский мырза 26 жылдың ішінде көңіл аударарлық бір кітап жазып бермей-ақ, тіпті жөні түзу бір мақала жарияламай-ақ, өмірі өлмейтін атаққа ие болды ғой,

ал енді бұдан былай жұмысқа шыңдап кірісе жөнелсе, сонда сіз қандай күйге ұшырар едіңіз?»

«Рас, Каченовский мырза 26 жыл бір орында қозғалмай отырды дейсіз, сөзіңізге құлдық, бұны мойындадық, ал бірақ ешбір әрекет жасап ілгері ұмтылмаған адамнан жастар озып кетті деу көңілге қона ма?» деп қарсы сұрақ қояды А. С. Пушкин.

«Егде редактордың құр алақан отырып ғылым иесі атағына ие болғанын, әрине, Полевой мырза дәлелдеп шықты, рас, ол осы күнге дейін аудармадан аударғаны болмаса, ауыс-түйіс жасап біреулерден қарыз алып пайдаланған уақ-түйек мақаласымақтары болмаса, түк бітірмегені жұртқа мәлім. Мұндай дәрменсіздікті аяп мүсіркеуге болар, бірақ кіналау орынды ма?..»

«Алғашқы кезде біз де: «Әдейі кеміткісі келген болар, заты, Полевойдың айтқандары теріс шығар деп топшылаған едік. Каченовский мырза бұған қарсы деректі дәлелдеп айтар, немесе мүлде үндемей қалар деген пікірде жүрдік. Ол ойымыз да ақталмады. «Европа жаршысының» 24 номерінде Надаумка атты өзін жақтайтын қызметкеріне мақала жаздырды да, соған өз қолынан ескерту берген екен, соны көріп өте таңырқадық. Енді сол ескертудегі сөзін келтірелікші: «Бенигнамен» (Полевоймен – С. Т.) тәжікелесуге көңілім шаппайды, құнарсыз талас-тартыстан үзілді-кесілді бас тарттым. Бенигнаның тағы басқалардың қылжақ-келемеждерінен өзімді қорғап қалғаннан кейін, олармен тағы додаға түсуге тіпті правом да жоқ. Егер қызмет орныма тілі тимесе, бұқпантай жасап мені жазықсыз балағаттамаса, мен тіпті «Телеграф» мақаласын оқымас та едім-ау! Бақытыма қарап әлі сол игілі орнымда қызмет істеп жатырмын ғой» – депті.

«Осы ескертудегі жұмбақ сөздерді көргенде біздің де зәре-құтымыз қалмады. «Европа жаршысының» шашбауын көтеретін толып жатқан адамдар да қалтырап дірдек қақты, мына қаһарлы жазылған түнектей тұңжыр сөздер, жүрдім-бардым тіркескен тәртіпсіз жолдар көп елдің

жүрегін ұшырды... Михаил Трофимовичтай баһадүрдің қандай сойқан жасауға бет алғанын ұғынбай дал болды. Алайда кешікпей-ақ әңгіменің сыры ашылды. Ординарный профессор, статский советник және кавалер, «Европа жаршысының» редакторы ту-талақай ашу шақырыпты да Полевойдың мақаласын бастырғаны үшін цензордың үстінен цензура комитетіне шағым арыз беріпті».

«Жоғарыда көрсетілген тегеурінді ескертудің қауыпты мағынасын анық ұғынып, біраз уанғандай да болып едік, артынша-ақ егде редактордың мына бір берекесіз әрекеті қатты қынжылтты. Мұның арты не боларын жұрттың бәрі-ақ түсінгендей еді-ау!.. Өйткені, Полевойдың мақаласында Каченовскийдің ары төгілетіндей ешнәрсе жоқ екен. «Москва телеграфының» редакторы әдеби еңбектерін сынап, уытты сөйлесе де Каченовскийдің қызметі туралы да немесе оның үй-ішіндегі кейбір құпия сырларын да әшкерелемепті, жанына тиетіндей түк айтпапты»...

«Рас, «Москва телеграфының» редакторы бұдан кейінгі екінші мақаланы өте қатуланып жазды, алғашқы айтқанын пысықтап, енді иін кандыра дәлелдеді».

«Каченовскийдің әдеби тіршілігін таразыға тартты, қай жылы не істегенін көрсетіп, барлық еңбегіне баға берді, аузынан шыққан қарапайым сөздерін де бәшектеп елдің алдына жасырмай жайып салды».

«Сайып келгенде, цензураның бас басқармасы төбе билігін шығарды да, бәрін түгел татуластырды, жеңгендер де, жеңілгендер де ырзаласып қой босынмен бітті» – дейді А. С. Пушкин.

Өзекті ойы бар, соған сай өткір тілі бар, қайтпас қара болаттай қайсар принцип иесін білгің келсе А. С. Пушкинді оқыған жөн шығар.

Александр Сергеевичтің адалдығын айтып жеткізу қиын, оның үстіне ол негізгі принципінен таймайтын жан. Өзіне ұнамаса бетіне тура айтуды А. С. Пушкиннен үйрену керек. Көп адамда кездеспейтін мінез онда бар, ең қызық-

тыратын қылығы, ұлы адам екендігі, міне осында жатыр.

Кеше ғана тарихшы Н. Полевойды жақтаған Александр Сергеевич ертеңіне сол Н. Полевой аяғын мүлт басқанда қатты ашуланады.

Әңгіме былай болады: Николай Полевой «Орыс халқының тарихы» («История русского народа») атты кітап шығарып, сонда өзінен бұрын жазылған «Россия мемлекетінің тарихы» («История государства Российского») деген Николай Михайлович Карамзин (1766–1826) кітабын, орыс халқының қалаулы тұңғыш тарихын сыбап салады.

Полевойдың осы кітабына алғаш сын жазған П. А. Вяземский болады, сонда: «Еңбегін асығыс жазған тарихшы Карамзин «Қай мезгілде ойланып үлгерді екен»? деген Н. Полевойдың кекесін сұрағына ол: «Өмір бойы үнемі ойланды» деп жауап береді, өйткені Карамзиннің бар өмірі осы еңбекке дайындалуда, немесе жазу үстінде өтті. Ал, тарихшы Н. Полевой: «Мен орыс тарихын 1825 жылдан бастап үзбей жазуға кірістім» – деп өзі ескертіп өтеді. Ендеше Полевой «тарихының» I томы 1829 жылы шықты да, қалған II томы баспаға дайын тұрды, олай болса бұл төрт жылда біткен еңбек емес пе; ал қанша асықса да Карамзин дәл осындай еңбегіне 20 жылды сарп еткен болатын», – деп жауап қайырды Вяземский.

«Орыс тарихын» Карамзиннен кейін жазуға мен қаймықпай бел байладым; турасын айтайыншы, орыс тарихын мен дәл суреттеп бердім, өйткені өзім орыс болғандықтан неше түрлі шытырман уақиғаның бәрін де түп-түгел сезіп, жете біліп отырдым, әлемге бірдей азамат есебінде ешкімге бүйректі бұрмай қасқия тарттым...» деп лепіреді Полевой.

«Ықтиярыңыз білсін, осындайда адам өзін-өзі азырақ мақтап қойса да уақа емес; реті келгенде өз пайдасы үшін қолды бір шошандатпай қалуға бола ма? Алайда, әрбір әрекеттің мөлшері де бар ғой» – дейді А. С. Пушкин.

«Орыс халқының тарихын» жаза бастағанда-ақ Полевой мырзаның «Россия мемлекетінің тарихына» шабуыл жасауы сәл орашолоқтау әрекет болды. Алдында өткен ағасы Карамзинге әділдігін білдіріп, оның еңбегін толығырақ көрсете, далақтап өзін өзі мадақтай бермей кішіпейілділік істесе, жұртшылық та шу көтеріп қарсы шықпас еді-ау, қайта оның осы еңбегін мақтап ел жабыла құттықтар ма еді, қайтер еді?..»

«Мезгілінде атақ-даңққа бөленген, ілгергі буында өткен адамдарды сыйлау бұзақылық болмайды, қайта парасатты ақылдың бірінші белгісіне жатады, заты оларға кір келтіру желбуаз надандардың ісі-ау, сірә» – деп ойын білтелейді А. С. Пушкин.

«Полевой кейде Карамзиннің анық айтқанын күттелеп олақ қайталайды, кейде орыс тарихына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бірдемелерді көйітеді, әңгіменің арасында «Сөйтіп, енді біз көріп отырмыз... Бұдан шығатын қортынды мынау... Біз аз сөзбен ұлы уақиғаның негізгі белестерін белгіледік...» деген тәрізді қысыр сөздерді қыстырып, оқушы жұрттың діңкесін құртады. Расын айтсақ, ол сөздерінен «біз ешнәрсені де көріп отырмаймыз, бұдан шығатын қортынды болса бұйырмасын, оның үстіне Полевой мырза көп сөзбен ұлы уақиғаның негізсіз белестерін белгілепті», – деп түйеді А. С. Пушкин.

«Полевой мырзаның ойы да өткір, өзі де тапқыр, жылдам ұғынғыш жан екенін жасыруға болмас, бірақ ол әдемілеп жаза білуден мүлде аулақ отырады, оның шығармасындағы суреттер, ойлар, сөздер – бәрі де ұсқынсыз, кетеуі жеткен, шатасып шыққан, көмескі бірдемелер»,— деп бітіреді А. С. Пушкин.

Өзі тарихшы, нағыз ғалым Карамзиннің қадірлі еңбегін А. С. Пушкин аса жоғары бағалаған ғой, сондықтан оны жоққа шығарғысы келген қуыс кеуде (дилетант)

мақтаншақ Полевойдың желөкпе кітабына қатты ренжігені байқалады.

Бұдан кейін 1836 жылы: «Устрялов мырза күдіктенбестен Карамзин мен Полевойдың аттарын бір тақтаға қатар отырғызыпты-ау!» – деген Вяземскийдің сөзін оқыпты, сонда: «Полевой жөнінде кеңірек ескерту де көп болмас еді, өйткені ол «Ойсыз, түк зерттеусіз, тіпті ешбір ұздансыз жазылған іске алғысыз оңбаған осы кітабы үшін Россия Академиясына қолдан жасалып корреспондент мүше болды ғой, соны ұмытпау мақұл», – деп қосып қойыпты.

Александр Сергеевичтің толып жатқан қыры, сансыз сыры бар. Өз заманында көп тоғышармен жалғыз алысқан жан. Айтар сөз көп, орын тар. Әрине Пушкиндей алып ұстаздардың өрелі ойларын қазақ совет жұртшылығына түгел таныстырып шығу оңай да емес. Алайда әліміз келгенше аянбаспыз, тағы талай оралармыз.

ӘДЕБИ ӘСЕР ЖАЙЛЫ

Көрші ел бірімен-бірі қарым-қатынас жасамай отыр- майды. Араласқан жерде ауыспай қоймайды. Осы ауысу рухани жолмен де, материалдық түрде де жүріп жатады. «Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс» деген ескі мәтел халық тәжірибесінен туған.

Қоныстас көрші отырған орыс халқының әдебиеті қазақтың жас әдебиетіне әсерін көп тигізді. Өткен он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бері қарай, белгілі демократ жазушыларымыз: Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардан бастап-ақ орыс әдебиетінің үлгілері жайылды. Сол әсер алудың үлгілері қай жазушыларымызда, қандай дәрежеде болғаны зерттеліп те, айтылып та жүр. Біз де сол сарында қазақ әдебиетіне жасаған Гоголь әсерін, шет-пұшпақтап болса да, шола кетпекпіз, өйткені қазақ тіліне тұтас аударылып, өзінің төл мүлкі болып отыр-

ған Гоголь сынды ірі классиктің ояну-өсу дәуірінде қазақ әдебиетіне қолқабысын тигізуі айдан анық.

Өсу-өрлеу жолында бір елдің өз адамдары да біріне бірі әсер етеді. Орыс әдебиетінде Гоголь өзінен кейінгі жазушылардың көбіне әсерін тигізді, әсіресе Салтыков-Щедрин, Чеховтар көп әсер алды. Бұл Гогольмен стильдес жазушылар, ал Гогольден стилі аулақ жатқан Ф. М. Достоевский, И. С. Тургеневтерге де оның ықпалы зор. Сондай-ақ А. С. Пушкиннің сатирасы да Гогольді рухтандырмай қойған жоқ.

Бір жазушының екінші жазушыға тигізген әсерін дәлелдеу үшін кейде тақырып ұқсастығы, кейде ой-пікір ұқсастығы, кейде стиль-әдіс ұқсастығы зерттеліп жүр, Біздің ойымызша тақырыбы да, жанры да ұқсас-сабақтас бола тұрып, әр елдің ұлы жазушылары оқиғаны, образды өзінше ерекше беруі арқылы, бұлар біріне бірі ұқсамай да шығады. Мысалы: Байронның «Мазепасы» Пушкиннің «Полтавасымен» тақырыптас. Байронның да, Пушкиннің де алған тақырыбы тарихи образ – Мазепаның образы, жанры – поэзия. Осылай екі жақты ұқсас бола тұрып та, бұл шығармалар бірінен бірі мүлде алшақ жатыр. Байронды Мазепаның жас шағы, бозбала кезі, ыстық махаббаты қызықтырады, бұл жағын ол қапысыз әдемі береді.

Ал, Пушкинді Мазепаның албырттығы, махаббаты қызықтырмайды. Пушкин сол Мазепа образы арқылы Бірінші Петр заманындағы Россия тарихын көз алдыға алып келеді. Полтавада Мария мен Мазепа арасындағы махаббат көш-жөнекей айтылады да, оның орнына Мазепаның жауыздығы, отанын сатқандығы суреттеледі. Пушкинде адамгершілік пен жауыздық безбенге түседі. Онда әлеуметтік мазмұн басым жатады. Олай болса тақырып ұқсастығы да, жанр ұқсастығы да әсерленудің шет жағын көрсете алады, алайда тура тиянақты айғағы бола алмас керек.

Неміс ақыны В. Гетенің «Страдания молодого Вертера» атты хатпен жазған романы Достоевскийдің хатпен жазған «Бедные люди» атты романына әдіс (прием) жағынан ұқсас бола тұрып, біріне бірі мүлде жақындамайды. Гогольдің «Шинелі» мен Достоевскийдің «Бишаралары» да біріне бірі ұқсас және проза жанрында жазылған. Екеуінің де басты кейіпкері бір замандағы департамент көшірмешілері – сорлы чиновниктер, кемтар өмірдің тақсіретін тартқан сорлы жандар. Гогольдің «Шинеліндегі» Акакий Акакиевич Башмашкин мен Достоевскийдің «Бишараларындағы» Макар Алексеевич Девушкин екеуі бірінен бірі аумайды. Екеуі де патшалық Россиядағы қауымның ең төменгі баспалдағында тұрған сорлы чиновниктер («Шинель» 1842 жылы басылса, ал «Бишаралар» 1846 жылы басылды).

«Бишаралардағы» Макар Алексеевич «Шинельді» оқып шыққанда қатты ашуланады. Сонда: «Шинельді» жазған жазушы да осыны білуге міндетті еді... Кей кезде мұқтаж болған соң шай ішпейді екен деп бөтен біреу туралы жазудың керегі не? Тап бір елдің бәрі жапа-тармағай шай іше беретіндей!..»

«...Кейде, әрине, жаңа бірдеме тіктіріп кигенде, қуанатының шын, ұйықтамайсың, қатты қуанасың, мысалы, жаңа етік болса, сондай мәз болып киесің – бұл рас, мұны сезгенім бар, бұл дұрыс суреттелген. Бірақ... тіпті осындайды жазудың керегі не?.. Немесе осылай жазғаны үшін оқушылардың біреуі оған шинель тігіп бере ме?..

«...Тым болмағанда аяқ кезінде түзесе тәуір болар еді ғой?.. Солай бола тұрса да, міне бұл әділ, ізгі... жақсы азамат еді, үлкеннің сөзін байымдап тыңдайтын еді... Ешкімге жамандық ойламайтын, құдайға сенетін еді, сөйтіп жылаумен өліп кетті дегенді кіргізсе тәуір болар еді. Тіпті оңдысы, ол бишараны өлтіріп: тастамай, былай десе: «Шинель табылса, сонсоң ана генерал мұның ізгі мінездерін толық білгеннен кейін кеңсесіне шақырып алып,

чинін жоғарылатып, жақсы жалақы берсе, байқап отырсыз ба, міне сонда қандай болар еді?!»

«Жауыздық жазасын тартып, ізгілік үстемдік алар еді, ал кеңседегі жолдастарының бәрі де далиып босқа қалар еді. Мысалы, мен болсам осылай істер едім; ал мұнда қандай ерекшелік, нендей жақсылық бар? Күнделік пасық тұрмыстан алынған бос мысал. Тұп-тура өтірік, өйткені мұндай чиновниктердің болуы мүмкін емес...»¹ деген сөздерді Достоевский Макар Алексеевичтің аузынан айтқызады. «Шинельді», оның авторы Гогольді жақсы көретінін Достоевский жасырмайды. «Шинельді» қасақана жамандатып, Макалды келемеждеп отырады. Гогольдің әзіл-сықақ әдісіне өзінің еліктегенін де анық білдіреді.

Кейде Достоевский Гогольдің басқа шығармаларынан да сықақ әдісін қолдана кетеді.

Міне, осынша ұқсап, әсер алғаны айқын көріне тұрса да бұлар жеке-жеке мұралар. Өйткені «Шинельдің» басты кейіпкері Акакий Акакиевичті Гоголь сырттай келемеждеп, соның әжуаланған бейнесіне көбірек көңіл аударса, Достоевский Макалдың ішіне тереңдей кіріп алып, ащы шегін айналдырады. Сорлы Макалдың жан құбылысын ақтарып, оқушының сай-сүйегін сырқыратады. Ендеше, Достоевский біраз жерге шейін әсерін алып, Гогольше келемеждеп барады да әрі қарай өзінше баяндап кетеді. Гоголь тұспалдай сөйлеп, өзі көрінбей келемеждеуге шебер, ал Достоевский өз атынан айтуға бейім тұрады. Біздің ойымызша көбінесе, Достоевский көсем әдебиеттің (публицистика) шеңберіне қарай бұра жөнеледі. Бұлардың әдіс-стиль жағынан айырмасы да осы арада байқалады.

1842 жылы К. Аксаков Гогольдің «Өлі жандарын» Гомердің «Илиадасына» апарып теңеді. Оның да арам ойы

¹ Ф. М. Достоевский. «Бишаралар», А, 1955 ж. 71, 72, 73-беттерін қараңыз.

жоқ-ты. «Ескі грек (Юнан) елінің эпосы мына біздің «Өлі жандарда» қайта жаңғырып туды» – деген пікірін айтты. Осыған қарсы шығып В. Г. Белинский:

«В смысле поэмы «Мертвые души» диаметрально противоположны «Илиаде». «Илиаде» жизнь возведена на апофеозу: в «Мертвых душах» она разлагается и отрицается: пафос «Илиады» есть блаженное упоение, проистекающее от созерцания дивно божественного зрелища; пафос «Мертвых душ» есть юмор, созерцающий жизнь сквозь видный миру смех и незримые, неведомые ему слезы»¹... деген болатын.

Орыс әдебиетінен қазақ әдебиетінің үлгі алуы да қилы-қилы. Біз Гоголь әсерін барлық жазушылардан да табуымыз мүмкін. Алайда жазушылардың стильдері – әдістері түрлі-түрлі болғандықтан, әсер алудың элементтерін біз де солардың ішіндегі стиль жағынан Гогольге бейім тұрғандардан іздемекпіз.

Орыс әдебиетінен үлгі алуымыз да, соның әсері көп тигені де даусыз. Осыған қарап Абай, Ыбырай, Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиден т. б. тек қана Гогольден әсер алды деу қатеге соқтырар еді.

Екінші бір мәселе орыс әдебиетінің әсері аударма арқылы келді ме, немесе тікелей түп нұсқадан нәр алдық па? Бұл сұрауға берер жауабымыз да жазушыларымызға қарай екі түрлі болу керек. Жазушылардың басым көпшілігі әсерді түп нұсқадан тікелей алып, ал біразы аударма арқылы да әсерленуі мүмкін. Бұрын да айтып едік, реті келгенде тағы айтып өтелік, аударма әдебиетінің өсу жолын төл әдебиеттің өсу жолынан бөлуге болмайды. Әсер алу мәселесін де зерттеушілердің біразы мүлт басатын тәрізді. Осының басын аша кетелік. Ұқсастықтың бәрі әсер емес. Мысалы: ауыс-түйіс (заимствование) бұл сыртқы көрініс, оны біз әрі кетсе еліктеу дер едік. Ал, ішкі әсер ол терең ұқсастық, бұл сөз саптауға (слогқа)

¹ В. Г. Белинский. том II М. 1948, стр. 296.

байланысты. Ендеше терең әсерді – слог ұқсастығын іздеуіміз керек.

Осылай шалыс басқандықтан, кейде біз бір жазушының ерекшеліктерін зерттегенде үстірт қарап өтеміз. Мысалы, кейіпкерлерді дара-дара көрсетуді де бір автордың еншісіне тиген ерекшелік деп те ұғамыз, адам портретін шебер жасауды да ерекшелікке қосамыз. Бұлар жеңіл-желпі карағанда ерекшелік-ақ шығар, алайда жалпы ірі жазушылардың бәріне бірдей ортақ қасиет емес пе?

Қорыта айтсақ, ұқсастықтың тиекті айғағы автордың слогына байланысты. Стилль – әдіс ұқсастығы, кей кезде, тікелей қарым-қатысы жоқ авторларда да болуы мүмкін. Сондықтан негізінен алғанда, слог ұқсастығы шешуші жәйттің тиянақты шарты.

Біздің ойымызша, Гогольдің негізгі ерекшелігі оның ащы мысқылында. «Әзіл түбі – зіл» дегендей Гогольдің зілді мысқылы барған сайын айқындалып, өмірдің алуан қырын аша береді. Гоголь өз тұсындағы өмірде болған қайшылықты шебер сурттейді. Оның биязы сықақ әзілі де, өткір мысқылы да осы қайшылықтан барып қоздап жатады. Бірақ, мұндай әзіл, мысқыл әдіс басқа жазушыларда да болады, ендеше оның бұл да негізгі ерекшелігі емес тәрізді. Гогольдің ешкімге ұқсамайтын окшау ерекшелігі сөз саптауында демекпіз.

Пікірімізді айқындау үшін осы арада ұлы сыншымыз

В. Г. Белинскийдің сөзін тағы құлақтарыңызға сала кетелік: «Слог – это сам талант, сама мысль... слог делится на столько родов, сколько есть на свете великих или по крайней мере сильноталентовитых писателей. Если у писателя нет никакого слога, он может писать самым прекрасным языком, и все-таки неопределенность и ее необходимое следствие – многословие будут придавать его сочинению характер болтовни, которая утомляет при чтении и забывается тотчас по прочтении...

Гоголь вполне владеет слогом. Он не пишет, а рисует, фраза как живая-картина, мечется в глаза читателю, по-

ражая его своею яркою верностью природе и действительности...»¹ деген ғой.

Гогольді сүйіп аударған Мұхтар Әуезов сол Гогольден мүлде әсер алмады деу, қателесумен бара-бар. Сондай-ақ ол-қазақ тіліне Шекспирді де, Чеховты да, Л. Толстойды да, Тургеневті де аударды. Ендеше олардың да әсері Мұхтар Әуезовке тимей қойған жоқ. Айта берсек, Мұхтар Әуезовтен классикалық шығыс әдебиетінің де элементтерін табуымызға болады. Оның арқалаған жүгі өте ауыр. Алайда оның негізгі әдісін, ой түйін алсақ ол И. С. Тургенев пен Л. Толстойға таяу тұратын тәрізді.

Рас, біздің Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Жансүгіров тағы басқа жазушыларымызда да Гоголь әсері бар. Сонымен қатар оларда өзге жазушылардың да әсері бары даусыз. Бірақ біз әсер мәселесін Гогольге байланыстыра алып отырмыз да, сол Гогольдің өзіне тән ерекшелігі: сөз саптау әдісі қай жазушымызда басым, міне осыны тексермекпіз. Алайда, біз біреуді біреуге апарып телуден аулақпыз. Оны жоғарыда В. Г. Белинскийдің сөзімен айтып өттік қой. Әсер мәселесін сөз еткенде, кейбір зерттеушілеріміз Мұхаметжан Сералиннің «Топ жарған» (1898) атты поэмасында Гоголь әсері күшті, атап айтқанда «Ревизор» әсері күшті дейді. Біз бұл пікірге қосыла алмаймыз, өйткені Сералиннің жазу әдісі, стилі Гогольден аулақ жатыр. «Топ жарғанда» сықақ, мысқыл мүлде ұшырамайды. Әңгіме тұспалсыз тура айтылады... Ал сөз саптау мәселесіне келсек, бұл екі жазушының арасын жақындату мүлде қиын.

Қазақ әдебиетіне әзіл-сықақ, ащы мысқылдың әр алуан үлгілерін өзімен бірге ала келген жазушымыз Бейімбет Майлин болатын. Осы ерекше әдіс Б. Майлиннің бойына туа біткендей. Бірақ Майлиннің революциядан бұрынғы еңбектерінде Н. В. Гоголь әсерінен гөрі А. П. Чехов әсері күшті сезілетін тәрізді.

¹ В. Г. Б е л и н с к и й . Собр. сочинений 3-х томах, Том 11, М., 1948, стр. 604–605

Расын айтқанда Чеховтың «Қара қарға» атты әңгімесі 1915 жылы аударылды¹. Сол жылы Чеховтың басқа әңгімелері де қазақ тілінде шықты. Ұзақ әңгімені қысқа қайыратын көркем сөздің иесі – шебер Чеховпен Бейімбет Майлин осылай танысты. «Талантты жазу – қысқа қайыру», өйткені «қысқа қайыру – сол таланттың туған қарындасы» – дейтін Чеховтың Очумелов, Елдырин, Хрюкиндері қазақша сөйледі... Ұсақ жанрдың сәуегей шебері «унтер-офицер Пришибаевтің» авторы Чехов қазақ әдебиетінен өз орнын тапты. Қарапайым биязы сықақ пен терең трагедия Чехов шығармаларында ұштасып жатады. Мысалы, оның «Қайғы» атты әңгімесін алып қарайық. Токарь Григорий Петров ауру кемпірін дәрігерге алып келе жатыр. Әңгіме ұсақ әзілдеуден басталады да өрби береді. Ақыры әйелі өледі, өзі аяғын үсітіп алады. Сонша қайғының үстінде Токарь өмірдің осынша тез өтуіне таңырқайды. Бұл әңгімеде биязы әзіл мен трагедия араласып отырады, бірақ трагедиясы басым көрінеді... Ал сол Чеховтың «Мұң» деген екінші әңгімесінде жалғыз баласы өлген қарт арбакеш Иона өзінің жүрегін жегідей жеп жүрген мұңын біреуге шағып, ойын бөлгісі келеді. Оны ешкім тындамайды. Сонда ол өз мұңын ақырда жем жеп тұрған биесіне шертеді. «Мысалы, сенің құлыншағың бар екен дейік, сен сол құлыншағыңның туған анасы екенсің дейік... Міне, кенеттен, сол құлыншағың дүние салды дейік. Бұл, аяныш қой, ә?» – деп толғанады.

Алғашқы әңгімедегі апатқа ұшыраған Петров оқушының жанын тебіртсе, ал кейінгі әңгіме оқушыны езу тартқызады. Өйткені бірінші әңгімедегі әзіл-сықақ трагедияны күшейте түседі де, ал екінші әңгімедегі трагедияны әзіл-сықақ жеңілдетіп жібереді. Чеховтың осы шебер әдісін Бейімбет Майлин «Шұға» повестісінде, «Талақ» әңгімесінде қолданған сияқты, «Шұға» басталғанда: Қасымның басындағы желпені оның бауын шешіп алып беліне байлауы,

¹ «Айкап» журналы, 7—8, 1915 ж.

миығына түскен бөркін жоғары көтеруі, кара кердің камшы жеп бусануы, Қасымның тебініп, шаужайлап келе жатуы суреттеледі. Бұл кезде жимиып күліп отырасың. Әрі қарай әңгіме насырға шауып, кедейліктің салдарынан Әбіштің ғашық жары Шұғадан айрылып, жер аударылуы, ол қайтып келгенде ішқұса болып өмірмен қош айтысқан Шұғаның өліміне кездесуі – оқушының сай-сүйегін сырқыратады. Әңгіменің аяғын Бейімбет тағы жымия күліп бітіреді. «Әңгіменің қызығына түскен соң кара кер бесті камшыдан құтылып жолы болып келе жатыр еді. Бір-екі тебініп, шаужайлап қатарласты», – деп әлгі қайғыны биязы сықақпен сергітпек болады, бірақ бұл әңгімедегі трагедияны сықақ серпілтпейді. Бұл повесть Чеховтың «Қайғысына» осылай ұқсасатын тәрізді.

Екінші «Талақ» атты әңгімесінде ерлі-зайыпты Айдарбек пен Зейнеп арасындағы кикілжің суреттеледі. «Бұлардың ұрыс-керісі осыдан бір апта бұрын басталған... бүгінгісі зілдірек. Айдарбек шай ішпестен қорап тоқып, Зейнеп ұршық иіріп, кішкене қызы Күлямза қуыршақ ойнап отыр». Сонда: «Әке-шешесі ұрысқа кіргелі ойнай алмай Күлямза да жүдеуге айналып еді, бүгін үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң, біраздан бері терезе түбінде тұрған қуыршағын алып, жаулығын салындырып, киіндіруге айналды» деп толғайды. Әрі қарай Күлямза ойнап отырып шешесіне қақтығады, содан Зейнеп итеріп жібергенде, Күлямза жылайды. Зейнепті сабауға сылтау таба алмай отырған Айдарбек жұмысын доғарып, әйеліне төне түседі. Содан ұрыс күшейе барып ақырында Айдарбек «Атаңа нәлет! Мен сенен талақ!..» деп салады. Ол кезде дін заңы бойынша «Махаббат дәнекері – неке, ал некені бұзатын жалғыз ғана талақ», – дейді Бейімбет. Міне Айдарбек пен Зейнептің сергелдені осы жерден басталады. Қайта қосылудың қиындығы екеуінің арасында тұрған асқар таудай. Әңгіменің аяғын Автор: «Ерлі-байлы адамның арасын «талақ» үзе алмады. Ескі

тұрмыс, ескі ұрыс, ескі төбелес некелі қалыптағы сарынға түсіп аға берді...» деп бітіреді. Бұл әңгімені оқығанда әлгі кірбемді биязы сықақ жеңілдетіп жібереді де, езу тартпай қоймайсың.

«Шұға» әңгімесінде оқушының қайғыдан арылмауы тек қана ғашық жардың (Шұғаның өз теңі Әбішке) қолы жете алмай қаза табуы емес. Осы Шұғаға байланысты тағдырда, теңсіздік дәуірдің шындығында жатыр. Ой шеңбері кең, тамыры терең, терілуі шебер. Қырағы жазушы Бейімбет Майлиннің тиекті ойы, қиядан көретін суреткерлік салмағы сол сүреңсіз шындықты әшкерелеуге арналған. Жазушы осы жерде қаралы өмірдің қайғылы сикына тұздықты мол құйып жіберген, артынан келіп биязы әзілмен себелеп, еселеп су құйғандай болады, әлгі тұздықтың күшін қайтарғысы келгендей. Оған алғашқы уыт бой бермейді. Өзі жылап отырып, оқушы жұртшылықты күлдіргісі келеді. Алайда, негізгі өз слогынан, әзіл-қалжың әдісінен, осы арада да Бейімбет тана алмайды.

«Талақ» әңгімесіндегі негізгі шындықтың өзі болмашыдан туады. Тіпті осы әңгімеде Айдарбек ашу үстінде Зейнепті оқыстан өлтіріп жіберсе де мұндағы күлкі әлсіремейтіндей. Оның үстіне «бүгін үйінің ішінде өзгеше жандану, қозғалыс, іскерлік көрінген соң...» – деген сөздерді оқығанда шексілең қатады, бұл жалғыз ғана Айдарбек үйіне тән көрініс емес, мәңгі өлмейтін шындық, Ақырында (татуласқан кезде) «Ерлі-байлы адамның арасын «талақ» үзе алмады. Ескі тұрмыс, ескі ұрыс, ескі төбелес некелі қалыптағы сарынға түсіп аға берді» – дегенде кім күлмейді? Зейнептің қайта қосылғанда қолы жеткені баяғы таяқ жеу! Бұл өмір олардың үйреншікті ата кәдесі. Айна қатесіз болған шындық, қандай шебер, қандай әдемі берілген! Сондықтан да мұны оқығанда күлдіргі жағдай арылмайды.

Өйткені автордың ойында ойсыраған үлкен зіл жоқ. Ендеше, А. П. Чеховтың әлгі әңгімелеріне Майлиннің

«Шұғасы» мен «Талағы» сөз саптауы жағынан қатты ұқсайтын тәрзіді. Әрине, ұлттық ерекшелігі өзінше оқшау тұр ғой.

Сөйтіп, оқушыны күлдіре отырып, жылата білетін, немесе жылата отырып, күлдіре білетін Н. В. Гоголь стилі Бейімбетте де бар. Ал осы стильдің келу жолы А. П.Чехов арқылы болса керек. Өйткені 1915 жылдарда Бейімбет Гогольден әсер алды деуге тиянақты дәлел де жоқ, себебі Гоголь шығармалары қазақ тіліне революциядан көп кейін аударылды.

Гоголь әсері Бейімбеттің 1934 жылдарда шыққан «Талтаңбайдың тәртібінде», «Азамат Азаматычында» алғаш қылаң бергендей. Бейімбеттің Гогольмен танысу кезеңі де осы жылдардан басталады. Ол Тайшықов аударған «Өлі жандарға» сол кезде редактор болды. Гогольдің «Ревизоры» да сахнаға осы мезгілде қойылды.

«Талтаңбайдың тәртібі» 1932–1933 жылдарда алғашқы колхоздасу кезеңінде Қазақстанда болған асыра сілтеушілікке қарсы жазылған шығарма. Ол дәуірде жарық көрген үш туынды бар. Соның бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы, екіншісі – Ғабит Мүсіреповтің «Шұғыла» атты әңгімесі, үшіншісі Бейімбет Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» деген пьесасы болатын.

1.«Талтаңбайдағы» Шапшаңбай – басқарма, «Ревизордағы» Сквозник Дмухановский – дуанбасы. 2. Күнжан – оның әйелі, Анна Андреевна – дуанбасының әйелі, 3. Талтаңбай – өкіл, Хлестаков – ревизор. Осылар біріне бірі мол ұқсайды. Шапшаңбай мейлінше қорқақ, мейлінше жарамсақ. Өйткені оның «түбі шикі», колхозды үш жылдай жеген адам. Осы қылмыстарын өкіл Талтаңбайға білдірмей аман құтылу үшін ол қойнындағы жарын да, қорадағы малын да сатуға барады. Шапшаңбай өзінің есепшісі Сүндетке «колхоздың мал санын өсіріп жаз» – дейді...

Міне, осы сахнада Шапшаңбай түгел көрінеді. Ол мейлінше қорқақ, өзіне тимесең болды, Күнжанға өкіл

Талтаңбай не істесе де көнеді. Бұл Шапшаңбайдың бүгінгі мінезі емес. Былтырғы келген өкіл де мұның үйінде жатқан, о да Күнжанды мақтап кеткен, кетерінде оған он кило май беріп, артынан соғымына тай да жөнелткен, Келген-кеткен жігіттердің аты-жөнін де Шапшаңбай білмейді, Күнжан біледі.

Шапшаңбай Күнжан қылығын түсініп те жүреді, бірақ ешнәрсеге батылы бармайды, ол қорқады, басын сауғалайды. Міне, дуанбасы Сквозник – Дмухановский осы Шапшаңбайдың тап өзі!

Күнжан бейбастақ өскен, бетімен кеткен, ұрыншақ әйел. Ол адам таңдамайды, бәтіңке әперсе Сүндетпен де қосыла береді, былтырғы келген өкілмен де, мына Талтаңбаймен де үйлесе кетеді. Былтыр ол «Қарабас еліндегі бір шатабутен» де әмпей болғанын жасырмайды. Міне, біз осы көріністен дуанбасының әйелі Анна Андреевнаның басындағы кейбір жайларды көреміз.

Гогольде жалған ревизор Хлестаков, бірінен бірі өткен өңкей паракор-алаяқтарды жер соқтырып, түгел тонап кеткеннен кейін, шын ревизор келеді. Бейімбетте өкіл Талтаңбай мен өгірік белсенді Парыз екеуі ұсталғаннан кейін тексеруші бригада келеді. Көріп отырсыздар ғой, айырмасы да, ұқсастығы да бар.

Бейімбеттің «Талтаңбайы» оқып отырғанда, кей кезде өткінші күлкі туғызып, езуінді жиғызса да, кітапты жапқан соң ешнәрсе есінде қалмайды. «Әттеген-ай!» дегізері жоқ. Оқушы толғанбайды, бәрі түгел шешілген. Өкіл Талтаңбай сазайын тартады, абақтыға түседі. Жарымес қуыс кеуде ұрыншақ Күнжан құрамай қабады, бірақ оның көрген бірінші алдануы бұл емес, бұл бұрын да талай жігіттермен кездескен, әлі де талайды басынан кешіруге даяр тұрғандай. Күнжанның қимыл-әрекеті мақсатсыз басталады да, мақсатсыз бітеді. Ешкімнің іші ауырмайды.

Шапшаңбайдың басында да ойсыраған ештеңе жоқ

тәрізді. Ол «Қорқу үшін – қорқатын» ғана жан болып қалады.

Гоголь стиліне бейім тұратын екінші жазушымыз – Ғабит Мүсірепов. Осы күні біраз адамдар Ғ. Мүсіреповте Горькийдің әсері күшті деседі. Әсері мүлде жоқ деп біз де айта алмаймыз. Бірақ Ғ. Мүсірепов Горькийден гөрі Гогольге жақын.

Осы ойымызды толығырақ дәлелдеу үшін «Оянған өлкеге» тоқталып көрелік. Бұл роман кең тынысты, мол жоспарлы шығарма. Жазушының өзіне тән әдісімен үлкен полотно жасаудың алғашқы адымы. Ғабит шығармаларының осы «Оянған өлке» шырқау шыңы десек те болғандай. Біз үлкен уақиғаға арналған романды жан-жақты алып талдағалы да отырғанымыз жоқ. Бізге керегі Мүсіреповтың өзіне тән биязы әзіл-сықағы, өткір мысқылы қалай көрінді, бұл жөнде Гогольге ұқсастығы бар ма? – деген сұрақтарға жауап іздеу.

Осы жерде оқушының есіне ерекше сала кететін бір ойымыз бар, – осы романда екі жақты көрінетін Байжан мен Сандыбай шебер туралы. Сырт қарағанда Ғабит бұл екеуіні көңіл бөлмейтін сияқты. Байжан – он жеті мың жылқының иесі Жұманның жақын туысы. Өзі ішінде жүрген қауым байды қолпаштайды, осы теңсіздікті Байжан мықты түсінеді. Ол – ақымақ емес, көкірегінде саңылауы бар түйсікті жан. Оның кедей қызы, он бесінде Жұманға тиген Көпейді сыйлауы да тегін емес. Байжан Көпеймен өте тату: «құдай, маған екеуіңді қайта піштіртер ме еді!. қатыны кім, байы кім болуға лайықты екенін көрер еді сонда»... – дейді Байжан (21-бет). Ақымақ кісі осылай сөйлейме? Жұманның кім екенің оқушыға анық танытып отырған да осы Байжан образы емес пе? Заманындағы өмір қайшылығы Байжанды келемеж еткендей. Сол шындық түгел көрінген, нанымды кейіпкер – Байжан дер едік. Байжанның екі жақтылығы – заман шын-

дығы. Сандыбай шебер де осы Байжанды толықтырып тұрған сом тұлғалы кейіпкер.

Гоголь, Крылов, Сервантес, Шекспирлерді оқығандығын автор өзі тура айтады. «Әлденеден аса қуанышты жайын жасыра алмай ойнақтап тұрған Сикорский тез коштасып, тез шығып кетті. Ұзамай, екі қара көктiң Ақбұйрат жолына түсіп алып, құйындатып жөнелгенін терезеден көріп:

– Хлестаков! – деді Ушаков ішінен (457-бетте).

Ендеше, Ғабит Гоголь кейіпкерлерін түгел біледі. Сыртқы атын былай қойғанда, ішкі маңызын да терең ұғады. Уралдан Рязанов жіберген ақымақ ревизор Сикорский Хлестаковқа айна-қатесіз дәл келеді. Ушаков та оны жиіркеніп айтып тұр, Ғабит те оған әдейі айтқызып тұр.

Осы романның екінші бір жерінде: «Кеше іңірде Жабай жылқының бір шетін кайырып жүр еді. Игілік аулынан құйғытып шыға келген жолбасар жігіттер мұны ортаға алып, қасқырдың қозыға жапқан жаласын айт» – дейді (54-бет). Осы жердегі кейінгі сөздерді Крылов мысалын мезгеп тұрғандай. Міне, бұлар ұқсастық емес ауыс-түйіс (заимствование) қана.

Сандыбай шебер Игілікке он екі қанат киіз үйдің сүйегін жасап береді, соның ақысына Игілік оған он құлынды бие бермек болады. Бүгін сол малдарын беруге үш үйір жылқыны Сандыбайдың алдынан айдап өткізеді: Торы төбел айғырдың, теңбіл қара көк айғырдың, мақпал қара көк айғырдың үйірлері бірінің соңынан бірі тізбектеліп өтіп жатады. Сандыбайдың көзі тұнып, есінен айрылады. Сонау Көкшетаудан келген кірме үйшіні Игілік алып та жығады, шалып та жығады. Оның жылқы бергісі келіп тұрған жоқ, тырнағына іліккен сорлы тышқанмен мысықша ойнайды. Қорқау байдың арам пиғылын, жылқыға қызығып, есі ауған Сандыбай түсінбейді: «Енді оның ойы Игіліктің бар жылқысын түгел көріп, он екі мыңнан таңдағысы келіп тұрғандай еді...»

«Екеуін қарадан, екеуін торыдан, екеуін кара көктен таңдасам қайтер еді... Үш айғырды қайта көріп біреуін таңдап алсам!...»

Әрине, құлындарын таңдап алуға болмас... Мырза болғанмен, бар жылқысын түгел аралатпағаны кішкене керек болды...»

Осындай ойлармен Сандыбай айналақтап тұрғанда: «...Бір қыс біздің үймен дәмдес болып, арба-шанамызды жамап-жасқап берсең, бір-екі құлынды биені қоса алар едің... дейді де Игілік жүріп береді» (112-бет).

Байдың соңғы сөзі өмірдің текпісіне түсіп басы айналған шебер үйшіні тағы бір жыл қыстату екенін, өз құлқынын ойлап тұрғанын сорлы Сандыбай ұға алмайды.

«Осынша малдың бәрін алып, шексіз байыған» үйші енді Күншенің Назыкештей қызын өзінің баласына алып бермек болады.

«...Сүтін басыңқырап құйсаңыз тағы бір шынаяқ ішер едім, – деп Сандыбай шынаяғын еркін ұсынады».

«...Осы мен сіздің кара басыңызға қатты қызығып жүрмін. Құдағиым болсаң қалай болар екен... Өзіме тартып үйші бола ма деп жүрген балам бар еді. Сіздің баладан бірер жасы кіші болар... Бірақ жас өсер, жарлы байыр дегендей жетіліп кетеді ғой... Солай емес пе?» – дейді. «Күнше енді біржола таңданып туралап қараса, қонағы оң қолын мықынына қадап алған екен. Бұ да әлдекімге ұсай қалыпты...»

«Екі құлынды биені қазір беріп кетем. Бірі кара көк, бірі мақпал кара болар, құдай қосса, өмірде ұстап көрмеген малың, Игілік жылқысы! – деп қыза келе «сізді» қойып, «сен» деп сөйлеп кеткенін өзі де байқаған жоқ».

«Келер жылы тағы бір каракөк бие, бір кара бие берем.. Менің малымның бір-біреуі бір қызға татиды... Одан арғы жылы бір кара мақпал байтал берем де, келінімді алам. Қызыңды ұзатып апарғанда өзіңе бір кара көк дөнен мінгізем...»

«...Сыр-миыр, кой-ешкі дегенді араластырмаймын...»

Бір жақтырмайтын малым...» дейді Сандыбай (114-б.)

Оқып отырғанда езуің жиылмайды. Қандай шындық? Қалай шебер шыққан?! Күліп отырып жылайсың, өйткені оң қолынан өнері төгілген шебер Сандыбай сұм заманның тепкісіне түсіп, озбыр болыс, өктем байлардың табанына тапталып, зарығып өткен дәуірді көресің. Ақыр соңында Сандыбай осы еңбегінің сілекейін де ала алмай кетеді. Он құлынды биенің біреуін сол түні Ордабай болысқа (Игіліктің баласына) картаға ұтқызады. Бытшыт болып, «су аяғы құрдыммен» бітеді. Ендеше күлдіре отырып жылата білудің бір түрі осылай болатын тәрізді.

«Жалған қимыл жасап жетілмеген жанның жүрегін тебіrentуге болады, мысалы, нәзік сезімнің орнына даңғаза айқай-шу көтеріп, жанды түршіктіретін уақиғаның орнына өткінші әулекілік көрсетіп, жұрттың көңілін аударуға болады, бірақ тұрпайы болса да, күлдіру үшін табиғи көңілділік, өзіне тән ерекше юмор керек»¹, – дейді ғой Белинский.

Ал, енді осы үзіндінің бас кезінде Сервантестің Санчо- Пансасы есіңе түседі. Санчо-Пансаға көршісі Дон-Кихот: «Сен маған жолдас бол, сапарға аттанайық! Мендей батырдың соңына ерсең кейін өзің генерал-губернатор бо- ласың!» – дегенді айтады.

Санчо-Панса қуанып кетеді, әйелімен ақылдасады. Мұны естігенде әйелі жылайды: «Сен генерал боларсың- ау! Мен де генералдың әйелі (генеральша) болармын-ау! Сол кезде біздің қыздарымыздың тағдыры не болады? Олар да өз теңіне – генералдарға тиюі керек. Міне, сонда қыздарымыз күйеулерімен өздерін тең ұстай алмай, қорлық көре ме деген қауым бар...» деп еңірегенде етегі толады. Санчо-Пансаның генерал болуы «Қашпаған кашардың уызындай» емес пе? Оны әйел түсінбейді. Дәл сондай-ақ Сандыбай да Игіліктің малын иемденіп, шексіз байып, ісіп-кебеді. Әңгіменің ақырында Гоголь сарыны

¹В. Г. Б е л и н с к и й . Собр. соч. в 3-х томах, 1948, 2 стр.

естіліп тұрады. Ендеше сыртқы ұқсастығы (заимствование) Сервантестен болса, ішкі терең ойы, сөз саптауы Гогольге жақын тұрғандай. Ғабит өз слоғы бар жазушы,

«Ордабай үйінде «он шақты адам» жиырма бір ойнап жатыр... Бытық бет, семіз қара жігіт Ордабайға әдейі ұттырғысы келіп, оңай «күйіп» кетіп отыр. Бұл кіреші Ыбырайдың баласы Бота қара, Ордабайдың нөкері болуға құмартып жүрген жігіт.

– Бас, бас, түгел бас!.. Ордабайдың алдында алтылық пен тұз жатыр...

– Король, король...

...Осы крестің королі жаңа ғана бір келіп кеткен сияқты еді, жұрт шуласып жатқанда, сақалы күректей болып, тағы шыға келіпті... Ұтылған жігіт күміс теңгеліктерді Ордабайға қарай дөңгелетіп жіберіп:

– Орыстар он жетіге алмайды... – дейді.

...Ордабай ақшаны малдас құрып отырған бойы, шалбар балағының астына тықты, сол теңгеліктермен бірге Сандыбайдың көзі де сол балақтың астына кіріп барады.

– Банке алпыс сом! Бір құлынды бие. Бас!..

Ой да жоқ, үміт те жоқ, ерік те жоқ, билік те жоқ Сандыбай қарғаның тұзын екі қолымен ұстап, айнаға қарағандай жымиып отыр...

– Бастың ғой банкеге? Дұрыс, ал, карта ал!..

...Нағыз карташылардың әдетінше «Әкеттің... Алдың... Сенікі, сенікі!» – деп алдындағы ақшаны Сандыбай жаққа қарай ысырып қойып, «ала бер!» – дей отырып, оған екі балта бір ондық берді де оңай күйдіре салды...», (116–119б) – деп суреттейді.

Ғабиттің осы жолдарын оқығанда алатын әсерің, биязы сықақ пен өткір мысқыл арқылы берілген өмір шындығы «Өлі жандарда» көрсетілген карта ойынының әсерінен кем соқпайды. (433-бет).

Бұл екі көріністің маңызы да, түрі де бірдей емес екенін оқушы өзі де байқап отыр ғой. Алайда слоғы ұқсас, оқушыны тебірентетін әсері де бір сияқты.

Игілік пен Омар, Күреңкөз қожа мен оның баласы Кенжеқара, Андрей Быков бәрі Байжан үйінде қонып отыр. «Қожекең бүгін Игіліктің қонақ үйіне қонып шықты да, Игілік ар жағынан түнделетіп келіп, Қожекеңнің үйіне қонып шықты. Қожекең жал-жаяға мээ болып аттанды да, Игілік Қожекеңнің үйінде болмағанына бір жасап аттанып еді...»

«...Байжанның қолтығынан қос сайтан тұрткілеп отырғандай қыл үстінде қыпылдап, қожаның қасындағы кең мандайлы, қошқар мұрынды, көздерінде ой байқалатын, кесек денелі қара балаға көзін төндіріп-төндіріп қойып: «Игілікпен жақын болғаның құрап бара жатқан қожа тұқымы, өзіңе де теріс болмапты ғой!» деп қала жаздады да, өз үйінде сыпайылық сақтауға әрең шамасы жетіп, іркіліп қалды...»

«...Бір Игілік болмаса, өзге қазақ қожа қадірін білеміз бе?.. Мына бір күшігіңіз осынша өзіңізге тартып туар ма?.. Игілікке тартып би болсын!» – деп бітірді. Абырой бергенде Қожекем ол сөздердің астарын аңдамай қалды...»

«...Қара бала – Кенжеқара Қожа мен Игіліктің ортасында қалып еді, Игіліктің аузынан түсе қалғандай қатты ұқсайды екен...»

«Кейбір үйдің балаларында әркімге тартып туатын бір әдет болады... Нағашысына да тартады. Кейде, тіпті бір қонып кеткен жолаушыға да тарта салады... Көбінесе дәмдес болған араласы көп адамдарға тартып туады. Әрине, бұ да құдай ісі ғой, іштегі бала ең алғаш қимылдап қалғанда шешесінің көзі кімге түсіп кетсе, байғұс баланың соған тартып туатын әдеті де болады... Осы бір әдет бойынша Қожекеңнің жас тоқалынан Кенжеқара Игілікке тартып туыпты... Сол бала қазір Игілік пен Қожаның арасына келіп қалғанда, ел арасының ондай-мұндайына құлағы түрік жүретін Байжан жымың қағып, тықыршып кетті..

– Қарағым, әкеңе қарай жақынырақ отыр... – деді

Байжан, аңғартпайтын ойнақылау үнмен...» – деп суреттейді.

Мұндай биязы сықаққа келгенде Ғабит жеткізбейді. Уақ-түйек көріністер арқылы кейбір кемшіліктердің бетін ашып тастайды. Осында Игіліктің арамзалығы; тоқалдың пасықтығы, Күреңкөз қожаның ынжықтығы, Байжанның әр нәрсеге әуестігі – бәрі айқын көрініп қалады. Романның осы жерін оқығанда Гоголь «Ревизорындағы» Артемий Филипповичтің сөзі есіңе түседі:

«...Судья бар ғой... ол өзі маған әрі ағайын, әрі дос болғанмен, айтуға міндеттімін – мінезі мейлінше былғаныш адам. Осында Добчинский деген бір помещик бар, өзіңіз де көрген шығарсыз, сол Добчинский үйінен шыға қалды бар ғой: судья соның қатынымен болады, оған мен ант ішуге бармын... Өзіңіз қасақана балаларын барып көріңізші: Добчинскийге тартқан бір баласы жоқ, бәрі де, тіпті, әне бір кішкене қызы да аумаған судьяның тап өзі...»¹ – дейді.

Осы арада екі елден шыққан екі жазушының ой-өрісі бір, әзіл-әдісі де бір, әрине, айырмасы да бас екені даусыз, өйткені екеуі екі елдің өмір шындығынан алынып жазылған шығармалар. Ендеше әрқайсысы өзінің ұлттық колоритін жоймақ емес.

Ғабиттің аузына түскен сөздің қай-қайсысы болса да жанданып кетеді. Оның аузына түссе шәйнек те адамша әрекет жасайды: «Бүйірі қызарған темір пештің үстінде тұрған жез шәйнек шырт-шырт түкіріп қояды» (257-бет) – Түйенің өркештері де адамша әңгімелеседі: «өркештері өсек айтысып отырған екі кемпірдей» (223). – дейді.

Жұманның қара ала төбеті де адамша сөйлеп, итше ойлайды. «Аллаға шүкір, лық тойдық, леген түбін жаламай да кеттік» – деп ұйқыға беттейді. Бәрі де заңды шығады. «...Шамамен айтқанда осыған қаралас ойлармен

¹ Н. В. Г о г о л ь. Шығармалар, IV том. 62—63-бет, Алматы, 1953

ит иесі Жұман бай да ұйқыға кеткелі жатыр еді» (79-б.) – деп түйеді автор.

Кейде алыс ұғымдарды да қиыстырып жібереді. Адамның кейпін солар арқылы да көз алдына алып келеді: «Ерінің бір ескерткенін ендігәрі қайталапнауға дағдыланған сылаң тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп тұр» (10-б.) – дейді. Осы бір ауыз сөзбен Айғаншаның кім екенін өмірі ұмыттырмайды. Мекер тоқалдың келешектегі іс-әрекеттері де осы мінездемеге тығыз байланысып жатады.

Күреңкөз қожаны суреттегенде: «Көзінің құйрықтарына ақтаған тарыдай бірдемелер жинала береді» (16-б.) – дейді. Жол жүріп шаршаған шалдың көзіндегі іріңін ақтаған тарыға ұқсатып отырады, әзіл-сықақ, ащы мысқыл араласқан жерлерінің бәрінде де Ғабиттің сөздері құлпырып, кейіпкерлері көз алдына келіп тұрады.

Қазақтың ұлттық асы, жақсы көретін ежелгі тамағы ет қой. Соның өзін де Ғабит Мүсірепов суреттесе тәбетің шаппайды: «Байжан мен Сейіт үйге кіріп келгенде, құдыққа үймелеген қойға ұсап бастарын төмен салып жіберіп, арқалары ғана бүлкілдеген он шақты адам астау толы етті жәукемдесіп жатыр еді. Жирен мұрты майға малшынып, екі ұрты кезек-кезек бұлтылдап, кезек жылтырап: Омар ашамайдай жаяның сүйегін сүйрей, табақтан сытылып шыға берді...» (28-бет) – дейді.

Бұл жерде Мүсірепов жазып отырған жоқ, суретке салып отыр. Ол етке қарсы емес, қасқырша жеуге қарсы, ол шынайы өмірді айнаға түсірген. Гогольдің күзетшіге. битін сықтыруы да осыған жақын ғой, оны да жақтырмағандар болған.

Осы ет жеу көрінісін оқығанда Собакевичтің көк серкені түгел жегі қойғаны да есіңе түспей қалмайды.

Ғ. Мүсірепов биязы сықақ, ащы мысқылмен талай жараның аузын ашқан. Өткен өмірде болған жарамсақтық, жалақорлық, жалқаулық, неше алуан азғындықтың бәрін түйреген.

Бірақ асқақ жанды, жағымды әйел кейпін беруде Ғабиттің қаламы осалдыққа ұшырайды. Алғаш Назыкеш пен Жабай арасында, соңынан Назыкеш пен Сейіт арасында болған махаббат күйін шерткенде Ғабит ылғи кібіртіктеп отырады, немесе сүйіскен жарлардың бетін бір жаққа бұрып жібереді. Іштегі зар-күйін ақтармайды. Сүйіскен жарлар «алқымдасып, мауқын басып»... оқушыны тебірендіретін сатыға жете алмайды. Бұланбай мен Көпей арасындағы сүйіспеншілік те жүректі елтітетін түйінін таппайды. Оқып өткен соң есінде қалмайды. Ғабиттің шығармаларындағы осы осалдықтың төркіні де өзіне тән әдісінде жатыр. Өзіл-сықақ араласқан махаббат қашан болсын әжуаға ұшырайды. Гогольдің де әйел кейіпкерлері осы тауқыметті басынан кешірген болатын.

Ең соңғы айтарымыз, Ғабит сөз әдемілігіне көңіл бөлмейді. Бір сөйлемнің ішінде бір сөз бірнеше қайтара айтыла береді. «Астыңғы ернін тілімен тіреп алып, аузымен дем алады» (229-бет). Ендеше Ғабит жазбайды, қағазға суретін салады. Ол ерекше стиль, ерекше слоги бар жазушы. «Тілдің құндылығы дұрыстығында, тазалығында, үйлесім құралуында, бірақ бұлай ету, сарылып еңбек істесе, дарынсыздардың да қолынан келеді. Ал слог – өзі талант, өзі шалқыған ой. Слог – бұл білініп тұратын бедер, ойдың қолға ұстатқандай айқын түрі; слогта адам түгел көрінеді, слог әрбір адам, әрбір кейіпкер тәрізді үнемі елден ерек тұрады».

Ғабитте ауыр сөйлемдер, бұрын қалыптаспаған жаңа сөз тіркестері бар: «Соколов әдейден туған әреңмен жымиды...» (337-бет). Кейде суреттеп келе жатып мәнісін түсіндіре кетеді... «Есіл-дерті арып-ашып келе жатқандардан айрылысып қалмау еді. Өзінің ауру халін бір рет те аузына алған жоқ. Ер әйел, сенімді жолдас!..» (175- бет) –дейді. Алдыңғы сурет берілгеннен кейін – «Ер әйел, сенімді жолдас» деген түйін керек емес тәрізді.

Ғабитте арқалаған жүк көп. Биязы әзіл-сықақ, ащы мысқыл, келемеж кекесінге қазақ жазушыларынан Ғабит

алдына жан салмайды. Бұл мәселе жан-жақты зерттеуді талап етеді. Біз тек қысқаша топшылаулар айтып өттік, келешекте келелі пікірлердің болуына толық сенеміз.

ОЙДЫҢ АУЫСУЫ ТУРАЛЫ

Біздің бүгінгі айтуға оқталып отырған мәселеміз дүниежүзілік толғанулардың нысанасынан қарағанда аса соны да болмас, өйткені бір ел екінші елмен көрші өмір сүргенде неше алуан жағдайдың дәнекер болуы көптен-ақ мәлім. Бұрын ірге тепкен ел жаңа көшіп келген елге ерулік береді. Осы кезде толып жатқан ыдыс-аяқ, тағы басқа бұйымдар ауыспай қоймайды. Олар өздерімен бірге жаңа ұғымдарды, соны сөздерді ала жүреді. Ілгеріде елесі болмаған жанғыру белесі туады. Халықтың рухани өсіп-ержетуі де осы тәрізді жәйттерге тығыз байланысты. Көне тарихтың бедерлі іздерінен осындай байламдар үнемі бойын көрсетіп отырады.

Ал кейінгі кездердегі кейбір зерттеушілеріміз бірінен бірі алыс жатқан екі халықтың тілінде ұқсас пікір айтылса-ақ болғаны, оп-оңай тели салады. Бір жұртта болған ой-кият екінші елде болмайтындай көреді. Тарихи датаны қуалауға бейім тұрады. «Анау халық ежелгі дүниеде шықты, ал мынау ел тарих бетіне кейін келді, сондықтан бұрынғы елден кейінгіге ауысты» – деп те көйіте жөнеледі. Мысалы, күйіну, сүйіну сияқты жан ырғақтарын адамзаттың бәрі де басынан кешеді, соларды ұғыну да әр елде әр алуан саққа жүгіреді, заманына сай күрделеніп дами береді. Міне осы тектес рухани құбылыстарды да біреуден біреу «қарызға» алып пайдалануы көңілге қонбаса керек.

Осындай асыра айтудың келелі нұсқалары орыс елінің атақты филология ғалымы Ф. И. Буслаевта да болыпты. Орыс тіліндегі ауыз әдебиетінің нұсқаларын ол (Буслаев) түп-түгел шеттен келген, «бұралқы» толғамдар деп

топшылаған екен. Буслаевтың осы ойын аты шулы сыншымыз Добролюбов орашалақ болжам деп мезгілінде орынды сынап өткен болатын.

Жоғарыда айтылған ойымызды оқушыларға ұғындыру үшін бірер мысал келтіре кету артық болмас:

Үстіміздегі жыл санаудан екі мың төрт жүз жыл бұрын «Қос өзенде» (Тигр мен Ефрат өзендерінің бойында) Шумер елі дәурен сүреді. Аққада халқы бұл Шумерден алты жүз жыл кейін шығыпты. Шумер тілі түркі тектес, ал Аққада көне жебірей тілінде сөйлепті-міс деген пікір де айтылған болатын.

Өлгі Шумер тілінде Гильгамеш атты қыса (эпос) жырланған екен. Қысаның басты кейіпкері Гильгамеш өлімнен қашады, сонда да ажалдан құтыла алмай жүз жиырма бес жасында дүние салады. Міне, дәл сондай қыса «кітаби – дәдәм Қорқыт» оғыз (түркі) тілінде IX ғасырда, яғни үш мың үш жүз жыл өткеннен кейін барып шығады, ал XI ғасырда түстік Германия қысасы (эпосы) «Фауст» пайда болады. Сол қысаны дастан етіп жазған үшінші ақын Вольфганг Гете. Ол заманда жарық көрген осы хикаялардың негізгі ойы біреу-ақ, бәрі де өлімнен ат-тонын ала қашады. Әрине, ажалдан қашу адамзаттың еншісіне тиген ортақ ұғым. Жан иесінің өлгісі келмейді, мұны ешкімнен үйренбейді, «қарызға» да алып пайдаланбаса керек.

Ендеше, бір елден екінші елге ауысу мәселесін зерттегенде сыртқы ұқсастық ешнәрсеге бекеуіл емес, тұрақты тиянақ бола алмайды, өйткені ұқсастықтың бәрі белгілі бір жерден шығып тарамайды. Әр дәуірде әр елде өзінше дербес тууы кәдік, заты, осы кезеңде заман ұқсастығын ескерген жөн. Мысалы, ескі патриархалды-рушылдық заманы, сонсоң феодализм, капитализм сияқты саяси-экономикалық замандар өз жемісін егеді. Мұндай заманаларды біреу ерте, біреу кеш басынан өткізгені де мәлім.

Мысалы, осы күнгі ғалымымыз М. И. Стеблин-Камен-

ский көне Скандинавияның «Аға Эдда»¹ (старшая Эдда) атты өлеңін Германия жұртының «Нибелунги» деген қысасымен салыстырады. Сонда айтады: «Аға Эдда» – гунның қолбасшысы Аттила (Скандинавия тілінде Атил болып жазылған екен С. Т.) Гудрун тәрізді әйелінің екі ағасын Гуннара мен Хегниді өлтіреді, осы ағаларының кегін қайтару үшін Гудрун өз күйеуін – Аттиланы өлтіріпті. Ал, «Нибелунгиде» Кримхильда өзінің екі ағасын құрбандыққа шалады, өйткені олар мұның күйеуі Зигфридті өлтірсе керек. «Олай болса, – дейді Стеблин-Каменский, – «Аға Эдда» мына «Нибелунгиден» бұрын шыққан, өйткені екі ағасы үшін күйеуін өлтіру ру дәуірінің қағидасы, ал күйеуі (Зигфрид) үшін ағаларын өлтіру феодализм заманының ережесі, мұнда туысқаннан күйеу ыстық. Сондықтан «Нибелунги» кейінірек пайда болған екен», – деп түйеді. Біз де осы пікірге қосыламыз, әрбір шығармаға әр заман өз таңбасын баспай қоймайды. Адамды дәуір билейді.

Қазақ тілінде айтылып жүрген талай мақал-мәтелдер, нақыл сөздер бар. Мысалы, «атасы басқа аттан түс», «түбі бірге түпейді, айғыры бірге кетпейді» тағысын-тағылар айтылады. Зерттеп отырсаң, соның көбі мәдениеті марка елдердің де ауызында жүр, алайда қазір оларда ру дәуірі мүлде жоқ. Оның үстіне, ежелгі мысыр, грек, латын елдерінен осы тәрізді әңгімелерді қазақ халқы алды, немесе, керісінше, олар қазақтан алып пайдаланды деуге ауыз бармайды.

Өмір шындығы жұрттың бәріне бірдей. «Аспан астында жаңалық жоқ» деу, «баяғы жартас бір жартас» деулердің ойы ұқсас болса да аударма емес-ау, сірә!

Өмір көрінісін ұғыну да әр халықта бар, бірінен бірі үлгі алуы да ежелден келе жатқан қағида. Бірақ, грек еліндегі Гомер поэмалары «Илиада» мен «Одиссея», үнді жұртының «Мұхабхаратасы»,

Скандинавияның «Аға Эд-

¹ «Старшая Эдда» древнеисландские песни о богах и героях

дасы», финнің «Колеваласы», осетиннің «Нарты» эпосы, қазақ халқының «Ер Төстіктей» ертегілері, «Қобыланды», «Алпамыстай» батырлар жыры, қырғыздың «Манас» пен «Сәметей» жырлары – бәрі де өз заманында халық қиялынан туған шығармалар. Кейбір толғауларының сырттай ұқсастығы бола тұрса да, бұлардың арасында ауыс-түйіс жоққа тән.

Мифология мен халық поэзиясы тығыз байланысады, әр елде әр алуан күй шертіледі, өйткені мезгіліне, жеріне, табиғатына қарай құбылып, түлеп отырады. Халық ойының өсіп-өрбу сатысы оның рухани ұғымына сай ілгері қадам басады, немесе мешеулеп кейін қалады. Бәріне де дәуір әсерін тигізеді.

Орыс халқының белгілі ғалымы Ф. И. Буслаевтың айтуынша: ертеде көне санскрит тілінде жерді сиыр мағынасында ұққан, оны өгіз «го» («гоу» деген сөз) деп атаған екен. Орыс тілінде «говядо» («говядина» – сиыр еті), неміс тілінде «даи» («гау») болып атанған ғой.

Қазақ елінің ескі ұғымында «Жер көк өгіздің мүйізінде, көк өгіз теңіздегі жайынның (балықтың) үстінде» деуі де осыған ұқсас қой.

Мәдениеті марқа дамыған елдердің Сирена, Кентавра, Фавна жөніндегі ертегілері де соларды тудырған халық наным. Қазақта «жуха, дәу, пері» сияқтылар да сондай ұғымнан туған болар. Бұлар адам кейпінде келеді, немесе кейде құсқа ұқсайды. Аққу болып ұшып та жүреді, қасқыр кейпін киіп жүгіре де алады. «Игорь жасағы жайлы бір сөз» атты орыс халқының XII ғасырда шыққан жырында да осы тектес толғау бар. Соның басты кейіпкері Всеслав «ұлы Хорска қасқыр кейпінде қарсы шығып, жолын бөгейді» ғой. Бұл әңгіме көне жебірей тілінде де ұшырайды.

Мысалы Китаврас¹ патша жөніндегі ертек «Құддыста

¹ Граф Уваровтың айтуынша Китаврас – басы адам, аяғы есек сияқты аң.

(Иерусалимде) Сүлеймен патша болды, ал Лукерье қаласында Китаврас патша еді, Китаврастың әдеті күндіз адамдарға патша болып әкімдігін жүргізуші еді де, түнде аңға айналып – Китаврас болып аңдарға патшалық құратын, өзі Сүлеймен патшаның туысы деп жырлайды.

Гомер поэмасында Одиссей жалғыз көзді жалмауыз –циклоптың үңгіріне кіреді. Құтыла алмасын біліп айла жасайды, қойдың терісін жамылып қашып шығады. Дәл осындай қазақ халқының «Сарымерген» (немесе «Сұр мерген») атты ертегісінде де басты кейіпкер жолдастарымен бірге жалғыз көзді дәудің үңгіріне кіреді. Содан қойдың терісін жамылып қашып құтылады. Байқап отырсаңыз заманы ғана басқа, ішкі мағынасы бірдей. Атаулары ұқсамайды. Грекше: – «циклоп», казакша «дәу», бірақ ұқсастығы да бар, екеуінің де көзі жалғыз, екеуі де жалмауыз. Біздің жыл санауымыздан бір мың үш жүз жыл бұрынғы Гомер заманындағы грек елімен қазақтың қоныстас болуы неғайбіл. Егер бұл көшпелі тақырып десек, түркі елдеріне сол кездерде тараған болса, онда өзбек, түрікменнің ауыз әдебиетінде де «Сұр мерген» ертегісі толғанар еді ғой. Мұндай деректі әзірге таба алмадық.

Ежелгі грек, көне латын елдерінде үстіміздегі дәуірден алты ғасыр бұрын Эзоп жазған «Түлкі мен жүзім» атты мысал бар, оны бірінші ғасырда Федр, екінші ғасырда Бабрий қайталайды. Сонда: биік ағаштың басында өскен жүзімге түлкінің бойы жетпейді, бірақ өзінің мешелдігін мойындағысы келмей жүзімді қорлайды: «Әй, қойшы соны, әлі жетіліп піспеген, көк екен» деп тайып тұрады.

Оқушыларға түсінікті болу үшін мысалдың өзін келтірейік: «Биік ағаштың басында өсіп, енді ғана жетіліп келе жатқан жүзімді көреді де түлкінің құмарлығы қозады, жеп рахаттанғысы келеді. Қанша әлекке түсіп ұмтылса да бойы жетпейді. Қатты назаланады, бірақ білдіргісі келмей кейін кетіп бара жатып, «әй, қойшы, бұл жүзім өзі әлі піспеген

екен, менің жегім келмей тұр»,¹– деп соғады.

Бізде «Айдағарлы – Құдайберлі» деген мысал бар. Сонда «Құдайберлінің жылқысын Айдаһар күзетеді. Екеуі айнымас дос екен, мұны тірі жан білмепті-міс. Күндерде бір күн Құдайберлінің үйіне қонақ келеді. Осы қарбаласта байдың ер жеткен жалғыз ұлы қонаққа сойыс әкелуге жылқыға шабады. Айдаһар өзінің жалғыз досы Құдайберліден өзге ешкімді танымайды. Досының жылқысына өзінен өзгені жолатпауға уәде берген Айдаһар (жылан-дракон) баланы жұтып қояды. Дәл осы мезетте Құдайберлі де кеп жетеді. Досының қаһарынан қаймығып Айдаһар ініне кіре бастайды, баласының жазым болғанын сезіп, ашу қысқан әке Айдаһардың құйрығын шауып тастайды. Біраздан кейін Айдаһар інінен басын қылтитып тұрып Құдайберліге тіл қатады: «Досым, енді айырылысалық, балаң есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал құйрығым есіме түскенде мен де кешіре алмаспын» – депті-міс. Міне, тап осындай «Шаруа мен жылан» деген мысал Лұқманда – Эзопта бар (үстіміздегі заманнан алты жүз жыл бұрын), ал екінші ғасырда Бабрий де дәл осылай толғайды. Үшінші ғасырдағы «Қәлилә мен Димнада», «патша мен Фанза құс» атты әңгіме бар. Сонда патшаның баласы Фанзаның балапанын өлтіреді, өштескен анасы (фанза) патша баласының көзін шығарып жібереді. Сөйтіп Фанза сарайдан қашып шығады да биік таудың басына барып қонақтайды. Патша кегін алу үшін қулық жасайды, сарайына қайта шақырады. Фанза көнбейді: «Мен сенімен енді достаса алмаспын, өйткені балаңның көзін шығарғаным есіңе түскенде сен кешіре алмассың, ал балапанымның жазықсыз қаза тапқаны есіме түскенде, мен де кешіре алмаспын»,²– депті-міс.

¹ Эзоповы басни. Санкт-Петербург, Типограф. Депарг. Внешней торговли, 1820, стр. 239.

²«Қәлилә мен Димна» (қазақшасы), Алматы, 1962 ж. 277-бетте.

Мына Мадагаскар аралында мәлгәш деген ел бар, сол елде Махаки мен Кутуфеци атты қулар болады. Бір күні екеуі далада тамақ пісіреді. Әлгі дәмді бірінен бірі қызғанады да: «ең әуелі төсекке жатып ұйықталық, қайсымыз жақсы түс көрсек, осы тағамды сол жейтін болсын» – деп уәделеседі. Бір мезгілде түрегеліп Кутуфеци түсін жорытады: Мен түсімде ақбоз атқа мініп аспанға ұшыппын, неше алуан керемет қызықтарды көріп, сайран салыппын», – дегенде Махаки оның сөзін бөліп: «Рас айтасың, досым, мен түсімде ұшып бара жатқан сені көріп едім. Қызықтарға белшеңнен батып аспанда жүр екенсің, содан соң осы бір болмашы тамаққа бола қайта айналып келе қоймас дедім де жеп қойдым, ояна келсем өзің осында отыр екенсің» – депті. Мұндай мысал Қазақстанның әр жерінде осы күнге дейін бар. Мадагаскар аралындағы мәлгәштерді аты шулы саяхатшы Марко Поло болмаса, қазақтар түсінде де көрген жоқ.

Дүниенің төрт бұрышындағы елдердің өмірді тануы өз тұрмысына байланысты. Мысалы, Мадагаскар аралындағы мәлгәштер: «ешкіде жұмыртқа жоқ» десе, қазақтар: «жылқыда өт жоқ» – дейді, ал орыс халқында дүниеде «ақ қарға жоқ», «құста сүт жоқ» деседі екен. Осы толғаныстар түгел рас, бірақ мал баққан елдердің (қазақ пен мәлгәштер) кейіпкері «малдар» болады да, аңшылық дәуірін басынан кешірген елде «құстар» әрекет жасайды. Ұғымның сол мезгілде туғанына айғақ тәрізді.

Қысқарта айтқанда ұқсас нәрселердің бәрі де сол әрбір елде, өз заманына сай туа бермек. Өмір бар жерде толғану бар. Бәрін бірдей аудармаға тели салу теріс болар. Ұқсастың бәрі аударма емес сияқты.

2

Өсу-өркендеу сатысында ауыс-түйіс үнемі болып отырады. Мәдениеттің күрделеніп көркеюіне себепкер болады. Ұлт пен ұлт жақындасып араласа бастағанда өзінде жоқты көрші елден ал-

май қоймайды. Бұл ауысудың тиянақты тірегі аударма, өйткені «аудармашылар мәдениетті бір елден екінші елге тасып жеткізетін почта аттары» деп А. С. Пушкин тегін айтпаса керек.

Біздің қазақ елінің тарихында шеттен келген екі ықпал бар, соның біреуі шығыс әдебиеті, әсіресе араб, фарсы әдебиеті еді. Бізге Үндістан, Ауғанстан тағы басқа елдердің әдеби үлгілері осы араб, фарсы тілі арқылы жеткені байқалады. Мысалы, «Мың бір түн» хикаясы, Фирдоусидің «Шахнамәсі» ісләм дінін жамыла келіп жайылды. Осы хикаялар арқылы Үндістанның «Мұхабхарата» атты эпосының үзінділері, «Панчатантраның» (бес бәйіттің) өткір мысалдары әлгі айтылған «Мың бір түндермен» ере келді. Өйткені, үстіміздегі заманнан әлде қайда бұрын жазылған «Мұхабхарата» еді, осы дәуірдің III ғасырында «Панчатантра» санскрит тілінде жазылыпты. Мұны аты-жөні белгісіз, Кәшмир өлкесіндегі бір брахман жазыпты-мыс. Осы «Панчатантраны» үш жүз жыл өткеннен кейін (дәліл айтқанда VI ғасырда) фарсы тіліне дәрігер Барзуя аударары. Енді екі жүз жыл өткен соң (VIII ғасырда) «Кәлилә мен Димна» деген ат қойып әлгі «Панчатантраны» араб тіліне әл Мукаф ұлы Абдулла аударып береді. Қазіргі күнде бұл «Кәлилә мен Димнаны» білмейтін мәдениетті ел жоққа тән.

Оныншы ғасырдың сом туған тұлғасы, дүние жүзіне аты аян Хорезмнің ғалымы әл Бируни осы кітап туралы: «Ғылымның неше алуан саласы Үндістанда екен, онда шыққан кітаптың саны есепсіз көп. Бәрін қамтуға менің әрине, мұршам келмес, бірақ «Панчатантраны» аударуға өте құмармын...» деген ғой. Сол аты шулы «Панчатантраға» өзінен бұрынғы әйгілі «Мұхабхарата» дастанының үш тарауы кіреді. Заманымыздың ориенталист-ғалымы Б. Э. Бертельстің айтуынша бұл үш тарау «Мұхабхарата» эпосының он екі кітабынан алыныпты.

Ендеше, ой-сананың шеңбері, мәдениеттің ұйтқысы «Панчатантрадан» басталмайды, тағы мұнымен аяқталмайды да.

Мәдениет желісі үздіксіз созылады, оның түпқазығы аударылып қағыла берсе керек.

«Кәлилә мен Димнаның» фарсы тіліндегі аудармасын 1144 жылы Низамиддин Әбу-Ль-Меали Насураллах қайта жазып шығады. Он екінші ғасырдың бас кезінде бұл кітапты араб тілінен көне жебірей тіліне Рабби Иоэль аударды. 1263–1278 жылдар шамасында жебірей тілінен мұны Иоан Капуанский «Адам өміріне өсиет» деген атпен латын тіліне аударды.

XI ғасырдың аяқ шенінде Симеон Сиф ұлы «Кәлилә мен Димнаны» араб тілінен грек тіліне аударған «Стефанит пен Ихнилат» («Жетіскен жан мен із кескіш») деп атайды. Осы грек тіліндегі нұсқа ежелгі славян тіліне аударуға негіз болады.

1762 жылы Россия «Ғылым академиясының аударушысы» Борис Волков: «Үндістан философы Пильпайдың саяси және өсиет мысалдары» – деп мұны латын тілінен аударып шығады.

Бұл кітаптың негізгі сарыны феодалдық қоғамнан нәр алады, сондықтан XVIII ғасырға дейін түрлі халықтар арасында кең өрістеп орын тебеді.

Ол алтыншы ғасырда Хусеин Ваиз Кашифи фарсы тіліндегі аударманы қайта өңдеп «Әнуари Сухейли» («Бақыт жұлдызы») деп үндістан тіліне қайта апарады. Сонсоң Әбу-Ль-Фазыл әлгі Хусеин Ваиздің нұсқасын тағы өңдеп «Иори Даниш» («Даналықтың алғашқы тетігі») деп жеңілдетіп береді. Фарсы тілінен бірнеше рет түрікшеге аударылады. Солардың ішімен көбірек таралғаны, әрі ең тәуірі «Хумаюн нама» («Патша кітабы») болады. Түрікшесінен өзбек тіліне аударған тәшкенттік Иса ұлы Фазылұлла еді (бұл 1888 жылы Тәшкентте литографпен басылды). Татар тіліне арабша нұсқадан аударған Ғабдулғаллам Фаизхан ұлы болды, бұл Қазан баспасында 1889 жылы жарық көрді... Моғол, малай тілдерінде де «Кәлиләнің» аудармасы бар.

«Кәлилә мен Димнаны» араб нұсқасынан Европа тіліне

1816 жылы тұңғыш рет аударған атақты арабист, француз ғалымы Сильвестр де Саси еді.

1923 жылы И. П. Кузьмин мен аты әйгілі академик И. Ю. Крачковский орыс тіліне үшінші рет аударып берді.

Академик И. Ю. Крачковский нұсқасынан қазақшаға 1962 жылы аударылды. Бұдан бұрын да «Кәлилә мен Димнаның» өзінен (араб тілінен) тікелей аударылған екі нұсқа бар, бірі Сәкен Ғырмановтікі, екіншісі Ғұбайдұлла Ахметовтікі, бұл екі қолжазба Қазақ Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. «Кәлилә мен Димна» орта ғасыр әдебиетінде жиі кездесетін күрделі тақырып, феодализм дәуірінен тиянақты нәр алған шығарма, сөйте тұрып осы күнге дейін ескірмей, өлмей тарихтың үдере тартқан көшіне ілесіп қалмай отыруында үлкен себеп бар. Е. Э. Бертельстің айтуынша: «бұл кітап әкімдердің шағым арызға орынсыз сенбеуін, айыптыларды жазалауға төтенше асықпауын ескертеді» – дейді.

Көне заманда «Өмір айнасы» атанған, ал орта ғасырда Германияда «князь айнасы» болған кітаптардың қатарына осы «Кәлилә...» де кіреді.

Ақындардың абызы ұлы Гете де өзінің даңқты «Рейнек түлкіге» дейтін шығармасын «Кәлилә мен Димнаға» еліктеп жазған еді, бірақ сұңқылдап өнеге айтып, тақпақтап қасай беруді оның негізгі арқауы етпеген екен, – дейді Е. Э. Бертельс.

Ендеше осының бәрі аударма тарихының алыстан келе жатқанына айғақ. Реті келгенде ескерте кету жөн, бұдан әлде қайда бұрын 1915 жылы ақын Шады төре «Балғұмбағыр» атты қысасында әлгі «бес бәйіттен» үзінді беріп кетіпті.

«Ат қойған «Бәһәр даніш» бір кітаптың.

Айтқанын білдірейін айлап ызхар¹», – дейді.

¹ Жоғарыда Бертельс келтірген «Иори даніш» (даналықтың алғашқы тетігі) пен мына «Бәһәр даніш» (данышпандықтың тетігі) екеуі сабақтас шығармалар. Дұрысы кейінгісі, орыс тіліне аударған автор араб әріптерін жаңсақ оқыған сияқты.

Аударып отырғанын өзі де жасырмайды. Осы тараудың ішіндегі басты кейіпкер Бәрхәмән. Мұны автор қате түсініп отыр, «Брахман дініндегі бір адам» деудің орнына, оны кейіпкердің аты деп ұққан екен. Ал, қанша шұбар тілмен (араб, фарсы, түрік сөздері аралас жүр) жазылса да, қазақ аударып отырғаны айқын сезіледі, өйткені әлгі Бәрхәмәннің әйелін суреттегенде:

Бар еді бір қатыны оның және,
Сұлулық суретіне жоқтұр шама.
Жүзі гүл, шашы сүмбіл, лебзі бұлбұл,
Келмеген ондай әйел бұл жәһанға, –

дейді, қазақша әдемі сөйлейді. Осы қысаның жиырма екінші бетінен қырық алтыншы бетіне дейін «бес қатынның хикаясы» айтылады. Күйеулерін алдаған бес әйелдің мекерлігін «бес бәйіт» деп атайды, «Панчатантраға» («Бес кітап – бес әңгіме») мезгеп отырады. Оның үстіне осы «Бес бәйітте» ұшырайтын әңгімелердің көбі «Кәлилә мен Димнада» («Панчатантрада») кездеседі.

1917 жылы Сәкен Сейфуллин «Қалтасында біреудің» деген өлең жазды, оны «Фарсы ақыны Шайх-Сағдиден» – деп өзі көрсеткен екен. (Ал, Сағди 13 ғасырдың ақыны, «Кәлилә мен Димнадан» мың жыл кейін туған ғой). Сол өлеңінде Сәкен:

«Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы.
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді лайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге
Жұпардың өзі-ақ білдірер.
Үндемей-ақ төңірекке
Тәтті иісін жайып сіндірер,¹–

дейді.

Осыны Сәкеннің Сағдиден алуы даусыз, ал «Кәлилә мен Димнада» бұл сөзді егеуқұйрыққа күзғын айтады.

¹Сәкен Сейфуллин, 1-том, 1960, 90-бет.

Өзбек жазушысы Абдулла Қаһхар «Синчалак» атты (қазақша «Қыштак» ауд. Әбен Сатыбалдиев) әңгімесінде: «үлкендігі шынтақтай қыштак деген торғайды білесіз бе? Аяғы жіптей (қылдай)... Сол торғай «аспан құлап кетсе, тіреп қалайын» деп ұйықтағанда аяғын көтеріп жатады екен» – дейді. Осындай күрделі повестке өзек болған мына сюжет «Кәлилә мен Димнада» да бар. Қазақ тілінде аңыз болып тараған ескі әңгімелердің нұсқасы да осы кітапта айтылған екен.

Орыс тіліне Гомердің «Илиадасын» Гнедич аударғанда А. С. Пушкин қатты қуанған: «бұл сен үшін емес, орыс халқының игілігі» деп баға берген. Өзі Ювеналды аударуға кіріскен. Иран ақыны Сағдидің сөзін «Бахчасарай фонтаны» атты поэмасына эпиграф етіп алған болатын.

Аудармаға көңіл бөлу бүгін ғана туып отырған жоқ, бұл ежелден келе жатқан тиянақты дәстүр. Ой ауыспай мәдениет кенересі көтерілмесе керек. «Бір кісінің ішіне бір-ақ аяқ ас сыяды» ғой.

Әлемге әйгілі араб ертегісі «Мың бір түннен», «Панчтантра» («Бес бәйіт») сегіз жүз жыл бұрын жазылды. Сондықтан да «Мың бір түнде» айтылатын қыруар әңгімелердің «Бес бәйіттегі» толғаулармен үндесуі де заңды. Жазба әдебиеті шыққаннан кейін аударманың ізі айқын көрінеді. Сонда еңбегін алғаш жазып қалдырған автор бірінші орында тұрады да кейінгілер сол үлгіні қуалайтын тәрізді. Мәдениеті мешеу елдің мәдениеті жоғары елден үлгі алатыны да осы жерде анықталады. Мұны дәлелдеу үшін ең әуелі әңгімені мысалдардан басталық. Мысалдар дүниеге көп жайылған ғой. Өйткені ол келте қайырылады, өткір тілде беріледі, сондықтан қолдай қолға, ауыздан ауызға көшіп жылдам тарайды.

Біздің ойымызша аударма екі түрлі салаға бөлінеді. Біріншісі – бір халықтан екінші халыққа ауысқанда мезгіліне, сол елдің ұғымына сәйкес аударылады. Бір халықта айтылған ойды өндеп, өз елінің ұғымына бейімдеп

қайта пысықтайды. Ауыс-түйістің алғашқы сатысы осылай басталса керек. Екіншісі – бұрынғы мысалда айтылған пікір сол қалпында дәл беріледі, тіпті сөзі де жоғалмайды. Алдыңғы әдіс ауызша таралса, ал кейінгі әдіс кешел туған әдіс – жазба әдебиетте орын тебеді.

Мысалдар сөз болғанда біздің ойымызға ең әуелі Эзоп пеп Лұқман хакім түсе кетеді. Бұларды грек елінде «Эзоп мысалдары» деп атаса, араб шығысында «Лұқман хакім мысалдары» болып атанады.

Эзоп біздің жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын болыпты, ал Лұқман хакім әңгімелерінде ісләм дінінің көз қарастары әсіреленеді. Эзоп пен ісләм дінінің арасында 1300 жыл жатыр. Бұл сұраққа заманымыздың ғалымы Рүстем Әлиев былай жауап береді: «Лұқман дүниеде мың жыл өмір сүрген адам, ол Бауырдың ұлы, ал Бауыр Иовтың баласы екен. Дәуіт пайғамбардың заманына дейін атақты данышпан болып келген. Лұқманның мысалдары да, өзі де Эзопқа ұқсайды. Екеуінің тағдыры да бірдей. Мысалы Лұқман да, Эзоп та Мысырда (Египетте) құлдықта жүрген. Бұған қосымша Лұқманның баласы Аннам, Эзоптың баласы–Аннус. Оның үстіне «есіктен кірмей тұрып, қалай шығуыңды ойла» (көзде) дейтін араб мақалы Лұқман хакім атынан айтылады. Мұны грек елінде Эзоп айтыпты-мыс. Осы ұқсастыққа қарап Шығыстың біраз ғалымы Лұқман хакім мұсылман діні өз ойына үйлестіріп қайта жасап шығарған ежелгі Эзоп болса керек деседі.

Эзоптың «Түлкі мен теке» атты мысалында: «Бір түлкі байқаусызда шыңырау құдыққа түсіп кетеді, содан шыға алмай дағдарады. Шөліккеген теке сол құдықтың қасына келіп, үңіліп қараса ішінде түлкі тұр екен. Сол мезетте: «суы тәтті ме екен?» – деп ол түлкіден сұрайды. «Ой, керемет тәтті» деп мақтайды», «секіріп түс те өзің келіп ішіп көрсейші» дейді қу түлкі. Есуас теке құдыққа қойыл кетіп, шөлін қандырады, енді айналып қараса шыға алатын түрі жоқ. Сол арада дағдарған сорлы теке түлкімен ақылдасады,

құдықтан шығудың әдісін іздейді. «Мен амалын таптым, екеуіміз де аман-есен құтыламыз. Сен құдықтың қабырғасына сүйен де басыңды төмен иіңкіреп тұр. Сонда мен арқана қарғып мініп, секіріп далаға шығамын, артынан сені де құдықтан суырып алам» – дейді түлкі. Осы ұсынысты теке қуана қабылдайды. Түлкі текенің арқасына аттай мініп алып, оның мүйізіне сүйеніп тұрып, өрмелеп құдықтың жиегінен ұстап, секіріп шығады да қаша жөнеледі. «Сөзіңе осылай опа қылатын неме екенсің-ау!» – деп түлкіні кекетеді теке. Түлкі қайырылып тұра қалып: «Досым-ау, сенің сақалыңа біткен жүндей, басыңда ақыл болса, қалай шығуыңның амалын алдын ала ойламай тұрып, атып ұрып құдыққа секірігі түспес едің ғой» дейді.

«Ақылды адам істер ісінің мән-жәйін алдын-ала топшыласын, содан кейін барып, орындауға кіріссін» деп түйеді Эзоп.

Дәл осы мысалды алты жүз жылдан кейін бірінші ғасырда Римнің мысалшыл ақыны Федр жазған екен. Ол «Түлкі мен теке» атты мысалында: «Сұм адам пәлете ұшырағанда бөтен біреудің пәлеге жолығуы арқылы өзі жөн табуға тырысады. Сондай-ақ аңдаусызда құдыққа құлап кетіп, соның тік жарынан өрмелеп шыға алмай жатқан түлкіге қаңырығы түтеп сусаған теке тап болыпты. Жиегіне жақындап келіп теке: «қалай, суы тәтті ме, ішуге жеткілікті ме екен?» деп сұрапты. «Келе ғой, досым, суы өте тәтті, мен рахаттанып іштім, әлі тояттар түрім жоқ» деп кү түлкі зұлымдығын ішіне бүгіп, амалын асыра жауап қайырыпты. Сақалды теке ойланбастан құдыққа қойып кетіпті. Ал түлкі сол заматта оның ұзын мүйізіне қарғып шығыпты да сорлы текені құдықтың түбіне тастап, өзі атып ұрып тысқа шығып жүріп беріпті, – дейді.

Федрде Эзоп мысалының кінаясы айтылмайды. Тұжырым жасалмайды. Алайда, ой сарыны бір жерден шығады.

Екінші ғасырда өмір сүрген мысалшыл грек акыны Бабрийдің: «Құз жардың астындағы теке мен түлкі» атты мысалында: «Жаздың бір ыстық күнінде каталап су ішкісі келген теке құздан секіріп, суы сарқырап ағып жатқан сайға түсіпті. Суын ішіп шөлі қанып, шөбін жұлып біраз оттап жүріпті де, енді қайта шыға алмай әлекке түсіпті, істеген ісіне опық жеп, жәрдем тілеп жалбарыныпты. Текенің зарлап тұрғанын көріп түлкі: «Ақымақ сорлы-ай! Сақалыңа біткен қылдың мөлшеріндей басыңда ақыл болса ғой, сен осы шыңырау құзға түспей тұрып, қалай шығудың амалын ойлар едің-ау!» депті.

«Бір іске беттер алдында оның келешектегі нәтижесін болжау керек» – деп толғайды Бабрий. Ендеше бір елде күрделі мысал болса, екінші елде келте қайырылатын мәтел түрінде кездеседі.

Сонымен көне Эзоптың осы мысалы Федрге жеткенде мінеліп шығады. Федр өз ойын алдын ала айтады, қысқартып тастайды. Пәле-жаладан құтылу, не біреуді орға жығу сұмның ісі екенін әшкерелейді. Қорытқанда Эзопша кінаялап түймейді. Эзопқа Федрден Бабрий жақын тұр. Ал, осы мысал арапқа келгенде, Лұқман хакімнің атынан бір ауыз сөз ретінде айтылып мақал болып тарайды.

Осы арада айта кететін бір қызық уақиға бар, мына Федрдің ұлты грек, өзі Италия жазушысы, еңбегін көне Италия тілінде жазған адам, ал Бабрийдің ұлты итальян, өзі Греция жазушысы. Екеуі де туған ұлтын дәріптемеген. «Ит пен қозы» атты мысалында Федр: «ешкілердің ішінде бір қозы қақтығып жүр еді. Оған бір төбет кездесіп: «Мұнда сенің шешең жоқ, оны бекер іздеп жүрсің» – дейді де анадай жерде жайылып жатқан қойларды көрсетеді. «Құмарлық әуеніне еріп, жүкті болып, азапқа түскен, сонсоң мезгілі жеткенде мені тауып тастап кеткен ананы іздеп жүргем жоқ, тек менің қамым үшін туған баласын ашықтырып, қағажу еткен, емшегін өзіме толық емізіп, сусынымды қандырған ананы ғана

іздеймін» дейді. «Сонда да туған ана артық қой!» – дегенде, «Жоқ, олай емес, менің ақ болып, не қара болып туарымды ол білген де жоқ қой, ал қолақпандай тоқты табам деп дәмеленіп жүргенде, шүнәмдәй қозы тауыпты, қолы жеткен табысы (заслугасы) сол ма? Содан бері қарай қасапшының пышағынан қорқып, қалшылдап жүруім де сол ананың маған көрсеткен жақсылығы ма екен? Мені ол өзінің қалауы бойынша тапқан жоқ, ендеше жас нәрестені аяп, өз еркімен келіп рахым көрсеткен, мейірбан- дығын білдірген анадан, әлгі туған ана артық болар ма? Ата-ана деп елдің емешесі құруы, тек туғандық емес қой, мейірбандық болар», – дейді. «Мейірбандыққа ырзалық сезімнің барлық қағидадан қуатты екенін автор осы өлеңінде көрсетуге тырысқан» – деп бітіреді Федр. Ендеше, қазақ халқының «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деуі осы оймен сабақтасады.

Әрбір дәуір өзінің мақсатын, өз көзқарасына байланысты өсиетін айтады. Мысалдардың алғашқы шығуы үстіміздегі дәуірден жүз жыл бұрын грек елінде болыпты. Бұл кезде грек қалаларындағы ақсүйектер (аристократия) мен қара халық (демос) өзара ашық күреске шықты. Сонда езілген бұқара халық мысал шығарды, ақсүйектерге айтатын зәрлі ойын ашық айта алмай мысалдап, кінаялап түйреуге бет алды. «Енді, осы мысал деген нәрсенің қайдан шыққанын қысқаша айта кетейін. Айтарын қаймығып айта алмаған, батылы барып өз сезімін ақтара алмаған езілген құлдық дәуірі еді, сондықтан күлкі-келемежді қарғаша етіп олар (құлдар) осылай мысалдап сөйлеуді ойлап шығарды»¹ дейді Федр. Соңынан осы Федр пікірін қолдай отырып заманымыздың жақсы аударушысы және ғалымы М. Л. Гаспаров «Мысалдардың ауызша айтылу түрі ұзаққа созылмады. Ақсүйектер мен қара халық күрескенде, осы арпалыста қара бұқара жәңпіп шықты, сондықтан

¹ Ф е д р Б а б р и й. Үшінші кітабында, Евтихка арнаған прологта, М. 1962. 25-б.

енді кінаялап түйреу қажетсіз болды. Мысалдың моральдық жауынгер пафосы әлсіреп қалды. V–IV ғасырдағы философиялық бағыт жаңа идеялық ізденулерді тудырды... Әрине, мысал жойылып кетпеді, бірақ оның айтылатын орны ауысты. Халық жиналысында сөйленбей, мектепке көшті, үлкендерге айтылмай, балаларға айтылатын болды»¹– депті.

Бұдан бұрын ауызша айтылған мысалдар енді бері келе жазба әдебиет шығармаларына кіре бастады. Мысалы осы мысалдарды Гесиод поэмасынан (VIII ғасыр), Архилог ямбаларынан (VII ғасыр), Аристофан (V ғасыр) комедияларынан, Геродот, тарихынан, сопылар мен сократшылардың философиялық сөздерінен ұшыратамыз.

Бірден-бірге көшудің көкесін көру үшін «Өгіз бен бақа» мысалын тексерелікші.

Суатқа барған өгіз бақаның баласын тұяғымен жаншып өлтіріп кетті. Енесі жоқ еді, сырттан келіп балаларынан «інілерің қайда?» деп сұрады. Мама-ау, ол дүние салды. Жаңа осында бір епетейсіз зор, төрт аяқты аң келіп тұяғымен жаншып өлтіріп кетті»,² – деп жауап қайырды балалары. Сонда бақа зорлана ісіп-кеуіп: «Қане, қараңдаршы, әлгі аңның зорлығы мына мендей бола ала ма?» – деп сұрағанда, балаларының: «қойшы, мама, ашуланып әуреленбеші, оған теңелгенше сен жарылып өлерсің» деген сөздерін естіді енесі. «Әлсіздің күштімен бой теңестіруі қатерлі» – деп түйеді.

Осы мысалды Федр бірінші ғасырда: «Күштіге еліктеймін деп әлсіз өзі өледі. Көкорай шалғында жүрген бақа өгізді көреді де оның зорлығын күндейді. Борпылдақ қарнын шерттіп балаларынан: «мына менің жуандығым сендер көрген өгізден артты ма?»

¹ Сол кітап, 206-б.

² Ақын Абай «Өгіз бен бақа» деп аударғаннан кейін әдеп сақтап, амалсыз көніп отырмыз, әйтпесе мұның дұрыс аты «Бұқа мен бақа» ғой. Орысша Эзоп мысалын 1888 жылы, В. Алексеев «Бык и жаба» деп аударған екен. Орысша «бык», қазақша «бұқа», ал қазақша «өгіз», орысша «вол» болуы дұрыс.

деп сұрайды, «жок» – деп жауап қатады. Бар күшін салып күшене бүртінеді де әлгі сұрауын қайталап, «қайсымыз үлкенбіз?» – дейді. «Әрине, өгіз үлкен» – деседі балалары. Сонда ашуланып мүлде ісінеді бақа. Шертііп үлкеймек болады, алайда өгізге жете алмай қарны жарылып өзі өліп кетеді, ал Бабрий (екінші ғасырда): «Бір күні өгіз су ішкелі суатқа келіп, бақаның баласын тұяғымен таптап кетеді, артынша қыдырып кеткен шешесі келіп әлгі інілерің қайда?» – деп сұрайды. «Ойбай-ау, ол өліп жатыр. Төрт аяқты бір жуан хайуан келіп тарпып таптап кетті», – дейді. Сонда бақа қарнын шертитіп ісінеді де: «әлгі хайуанның жуандығы осындай ма?» – деп өзін көрсетеді. Балалары: «әуреленбей-ақ қойыңыз, сөзімізге сеніңіз, ол хайуанға ұқсаймын деп жүргенде жарылып кетерсіз» – дейді Бабрий.

Екеуінің де мысалы қысқа, бірақ Федр турасын тік айтады, ал Бабрий тұспалдап, алыстан сермейді. Федр әңгімені келте баяндап тік тартады, ашық жіліктеп шығады, ал Бабрий жарым-жартысын сөйлестіре отырып ашады, мұның сөзі жұғымды да табиғи заңды суреттеледі. Федр: «Осынша зорлығын күнделді» – дегенде күйзеліс дыбыры естіледі, ал Бабрий: «төрт аяқты бір жуан, зор хайуан...» – деп өзі білмегенсіп, монтаны сыбыспен сөйлейді. Федрде бақаның қимылы басталғанда-ақ оспадар көрінеді, ал Бабрийдің ойы мысалдың бірінші бөлімінде дәлелденеді, қайдан келіп, қалай болғаны анық айтылады, оқушыны ұйытады. Федрдің мысалында бақа өліп тынады, ал Бабрийді сюжеттің мүмкіндігінше көркемдігін түгел пайдаланады да бақаны өлтірмейді, бірақ тұспалдап сол өлімге мегзеп қана тоқырайды. Федрдің мысалы қарапайым – күйкі, ал Бабрий мысалының мағынасы бай. Әрине, Бабрий кіргізген толықтаулардың бәрі өзінікі деу де дұрыс болмас, өйткені осы мысалдың түйінін алғаш шешкен ежелгі Эзоп қой, бұл екі ақынға да сол Эзоп мысалы өзек-үлгі болған, алайда бұлар өз та-

лантына сәйкестіріп әлгі Эзоп үлгісінен өздеріне қолайлысын алған ғой.

Бері келе осы мысалды XIX ғасырдың аяғында 1898 жылы біздің Абай Крыловтан аударды.

Аристофан (біздің дәуірден бұрынғы бесінші ғасыр, 446–385 жылдарда болған), Федр (бірінші ғасыр), Бабрий (екінші ғасыр), «Кәлилә мен Димна» (үшінші ғасыр), Сағди (XIII ғасыр) т. т. беріде Ла Фонтен (XVII ғасыр, 1621–1695 жылдарда болған), Крылов (XIX ғасырдың басы) т. т. бар, сөйтіп біздің Абайға, мына Көбеев пен Өтетілеуовке жеткенше талай заман өтіп, талай теперішті көріп келген мысалдар, неше алуан саққа жүгіріп жонылып-жөнделіп, екшеліп талай кералаң дәуірлердің дәмін татқан тәрізді.

Мысалдардың жөн-жосығын зерттеп отырсақ көп нәрсеге куә болғандаймыз. Айта кетелік – мына «Емен мен шілікті» Крыловтан Абай да, Көбеев те аударды. Абай варианты келте, ал Көбеевтікі шұбалаңқы. Осы мысал Эзопта да, Бабрийде де бар. Бұлардың айырмасы мынау, «Шілікпен күш таластыру Еменнің ойына қайдан келіп түскенін Эзоп баяндамайды, бұл ойдың орашолақ тұрғанын ол абайламайды, ал Бабрий дауыл қиратқан еменнің сынығы өзен бетінде қалқып келе жатқанын суреттей отырып, осы үш қайнаса сорпасы қосылмайтын екі өсімдіктің қалай кездескенін дәлелдеп өтеді. Ұшырасуын заңды етіп, оқушыны мойындатады».

«Майысқаннан шіліктің несі кетті, Батыр, мақтан күйлеме, сен де о гұрлы», – деп қайырады ғой Абай:

«Ит пен оның көлеңкесі» Эзопта да, Федрде де, Бабрийде де, «Кәлилә мен Димнада» да, Крыловта да бар. Эзоп пен Федрде өзеннің бетінде жүзіп бара жатқан ит өз көлеңкесін суда көреді, бұл жағдайдың мүмкін емес екенін байқамайды, ал Бабрий бұған қадағалап зер салады да итті өзеннің жиегінде жүгіртеді, сонда барып ол өзінің көлеңкесін суда көреді, міне бұл заңды шығады. Біздің Крыловта «ит көпірдің үстінен жүгіреді», мұнысы миға

мүлде қонымды шығады. «Кәлилә мен Димнада» бір ауыз мәтел болып қана ұшырайды. Қортындысы: әлгі ит судағы көленкесін бөгде ит деп ұғады да, оның ауызындағы етін тартып жемекке суға қойып кетеді, сөйтіп өз ауызындағы еттен де айырылып, судан да түк таппай құрамай қабады.

«Қасқыр мен қозы» Эзопта да, Федрде, де, Бабрийде де, Қрыловта да бар. Мысалды әрқайсысы өзінше дәлелдейді, алайда қорытуы бір, бәрінде де қасқыр сылтау тауып қозыны жеп тынады.

«Құмырсқа мен шегіртке» Эзопта да, «Ромұлда» да (екеуінде де қара сөзбен беріледі), Бабрийде де, Қрыловта да, Абайда да бар. Бәрінің де түйіні:

Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де билей бер.

Кейбір мысалдар ауысқанда өте өзгеріп кетеді. Кейіпкерлері сол елдің өз шындығына сәйкестеледі. Дәлелдеуі де сол елдің өз логикасына бағынады. «Ауру арыстан, түлкі мен бұғы» атты мысал Эзопта да, Бабрийде де бар, ал «Кәлилә мен Димнада» арыстан, түлкі мен есек болып айтылады. Мұнда бұғының орнына «есек» кіреді.

Бұлай болуына әр елдің өзіне таныс жағдайлар әсер етеді. Оқушыны күдіктендірмеу үшін тексттің өзін келтірелік. Ежелгі Эзоптың «Арыстан және түлкі мен бұғы» атты мысалында «аң патшасы арыстан ауырып үңгірінде ұзақ жатып қалыпты. Күндерде бір күн жан қияр досы түлкіге қарап: «Менің құлан таза жазылып, өз аяғымнан жүріп кетуімді қаласаң бойыңа біткен аярлығыңды аямашы, алдап-арбап, орманда жүрген бұғыны осында ертіп алып келші, бірақ байқа, ең ірісі, ең семізі болсын. соның ішек-қарны мен миын жеуге аңсарым ауып тұр» депті.

Түлкі жүріп кетіпті, орман ішінде ойнақтап жүрген бұғыны көріпті. Жақындай түсіп, түлкі «Ассалаумағаликум.

Мен саған жақсы хабар әкелдім. Бәріміздің әміршіміз, мына менің досым Арыстан ауырып ана дүниеге аттанғалы жатыр. Аңның ішінен өзімнің орныма кімді патша етіп қалдырсам екен» деген ой оның мүлде тиышын кетіреді. Шошқаны ақымақ, аюды еріншек, барысты рахымсыз безер, жолбарысты мақтаншақ – деп топшылайды ол. Бойы болса алпамсадай биік, өзі ұзақ өмір сүреді, мүйізінен жылан-шаян әзірейілдей қорқады, ендеше бәрінен де патша болуға тек бұғы лайық-ау деп шешеді. Несіне көп әңгімелеп жатайын, ұйғарымы осы, тажтахытқа енді сен иесің. Ести сала осы хабарды тұңғыш рет жеткізіп тұрған мендей досың, қане, шүйіншіме не бересің? – дейді түлкі. Мезгіл болса тығыз-таяң, Арыстанның бар сенері – оң көзі мен ғой, сарылып күтіп отырған шығар, маған лұқсат етіп батанды берсең енді, досым, мен жылдам зытайын. Мендей көпті көрген кемпірдің сөзін жерге тастама, барғың келсе тіпті бірге жүр, өлерінің алдында жанында болып, кешу алыс» – дейді.

Түлкінің тәтті сөзі бұғыны ақылынан адастырады. Қандай қатердің төніп тұрғанын сезбестен Арыстанның үңгіріне ол кіріп барады. Арыстан оны бассалады, бірақ қызу үстінде мүлт кетеді де тек оның тырнағы бұғының құлағын жырып түседі. Аласұрып бұғы орманға бет алып зымырай қашады, еңбегі еш, тұзы сор түлкі опық жеп алақанын уқалайды.

Қамыққан арыстан өкіре жылап зар қағады, аштық пен өкініш жанын жегідей жейді. «Бұғыны алдап-арбап тағы да менің алдыма алып келуге әрекет жасап көрші, мүмкін, екінші ретте жолың болар, түлкім», – деп өтінеді ол. «Кетеуі кеткен бір ауыр міндетті жүктеп тұрсың маған» дейді түлкі, «сөйтсе де амал бар ма, сен үшін қызмет істеп көрейін». Сонымен тәжірибелі тіміскер түлкі қашқынның ізіне түсіп қуа жөнеледі, келе жатып оны қалай алдаудың әдісін ойлайды. Жолай ұшырасқан бақташылардан: «жырық құлақ бұғыны көргендерің бар ма?» деп сұрау салады. Олар түлкіге таяу тұрған лапасты (навес) нұсқайды.

Жаңа ғана келіп, дем алып жатқан бұғыны көреді де түлкі баса-көктеп жетіп барады. Тігіркене жиырылып, ыза кернеген бұғы: «Мені алдауың жетер енді, арамза зұлым! Маған таянушы болма, жақындасаң-ақ жаныңды жәһәннамға жіберем! Жер танымайтын бөгде біреулерді жер соқтырарсың, бастарын айналдырып соларды-ақ патша сайлай бер, тек менен аулақ жүр...» дейді. Сонда түлкі: «Қорқақтың қорқағы екенсің-ау, өзің! Біздей достарыңа да сенбейсің бе! Рас, Арыстан сенің құлағыңды жырып жіберді, бірақ ол өлерінің алдында, осынша ұлан-байтақ патшалықты қалай басқарудың мән-жәйін үйретіп, өсиетін айтуға оқталып еді, ал сен тіпті қолың былай тұрсын, аяғыңның бір ұшын ұсынуды көпсіндің-ау! Ол саған қатты өкпелеп қалды, енді таққа қасқырды отырғызбақ ойы бар. Ай, шіркін-ай, амал бар ма, енді біз нағыз оңбаған патшаға душар болдық-ау! Онан да қойдан қоңыр мінез көрсетіп қолыңды қусырып, асықпай-үсікпей-ақ, тура кіріп барсайшы; дүниедегі барлық ағаштар мен бұлақтардың атын атап ант ішейін, құдай біледі-ау, сол арыстан саған қастық істемейді, сен үшін мен де жанымды ортаға салам ғой, – дейді. Қорқақ бұғыны осылайша алдап аяр түлкі, арыстамның алдына екінші рет алып келеді.

Сорлы бұғы үңгірге кіріп барғанда арыстан оны жарып тастайды, ішек-қарнын түгел жәукемдеп сүйегіне дейін қажалап дымын қоймайды. Түлкі телміріп қарап тұрады. Бір қалтарыста Арыстанның көзі ауа бергенде ақтарылып жатқан бұғының миын түлкі аузына қағып салады, істеген еңбегінің қаруын қайырады. Бәрін жалап-жұқтап болып, Арыстан енді миды іздейді. Сонда анадай алысырақ тұрып түлкі: «Оны іздеп әуреге түспей- ақ қойыңыз, бұғыда ми болмайды. Арыстанның үңгіріне екі келіп, оның шеңгеліне өзі іліккен жанда қандай ми болушы еді?!» дейді.

«Тойымсыз шенқұмарлық адамды ақылынан адастырады, төніп тұрған қауып-қатерді де елетпейді» деп түйеді

Эзоп (қолжазба – 35–37-бетте, біздің заманымыздан бұрынғы алтыншы ғасырда, қазір бұған 25000 жыл болды).

Екінші ғасырдағы Бабрийдің «Ауру арыстан және түлкі мен бұғы» деген мысалында былай толғанады.

«Арыстан ауырды да басы кеткен жерге аяғы кетіп, серейіп, таудағы үңгірінде жатып қалды. «Аштан өлсін демесең маған бұғының етін жегіз. Ол осы маңайда орман ішіндегі жыныс қарағайдың арасында жайылып жүр, ал оны ұстайтын менде қуат жоқ. Сен тек бал тіліңді емізіп, алдап әкеліп менің шеңгеліме бір іліктіріп көрсеңші, – деп өзінің үзеңгілес досы түлкіге тілегін білдіреді арыстан. Түлкі іздеп барады да тауып алады: ормандағы көкөрай шалғында бұғы асыр салып жүр екен. Түлкі иіліп сәлем береді де: қуанышты хабар әкелдім! Өзің білесің ғой, біз қатар тұрамыз, менің көршім арыстан қатты ауырып өлім ауызында жатыр. «Бүгін таңда мен өле кетсем аң патшасы кім болады?» деген қалың ойда отыр ол. Әрине, қабан болмас, ол ақымақ қой, аю жалқау, ал барыс қызба әпербақан, өркөкірек жолбарыс орман өмірін менсінбей қиыс жүреді, сондықтан әкімдікке бұғы ие болсын, өйткені өзі көрнекті зор, ұзақ жасайды, мүйіздері де әсем, иір қобызданып тұрады, өгіздің мүйізін оған салыстыруға да келмейді, айбарынан жорғалаған жылан, шаянның зәре-құты қашады» деп ұйғарды. «Көп мылжындамай келте қайырсам, аң патшасы арыстанның мұрагері сен болдың. Жалғыз-ақ өтінішім бар: ертең патша болғанда осы хабарды елден бұрын жеткізген мен бейбақты есіңе аларсың. Тек сол үшін ғана келдім. Ал енді мен жөніме кетейін. Өйткені арыстанның жанында ақылшы болып істейтін қызметім бар ғой. Ағарған шашыма сенер болсаң ең дұрысы қазір өзіммен бірге жүргенің ғой, ауырған патшаның көңілін сұрай барарсың. Өлер алдында кім көзге көрінсе, сол ыстық деген елеулі жол осы» – дейді: Мекер түлкінің алдап-арбауынан бұғының басы айналады. Төнер пәлені ескермей, арыстан жатқан тауға қарай тұра жүгіреді.

Төсегінен атып тұрған арыстан шыдай алмай қарсы шабады, тырнағымен бұғының құлағын сыдырып түсіреді. Қорыққан бұғы жан дәрмен далаға қарай ыршып шығып, қалың орман ішіне кіреді де жоқ болады, барлық еңбегі еш болып салы суға кеткен түлкі өкініп алақанын уқалайды. Ал, өкініш пен аштық екі жақтан жанын жегідей жеген арыстан тістерін қарш-қарш шайнап, ыңырана зарлайды. Тағы бір айла тапшы деп арыстан түлкіні қайыра қолқалайды. Түлкі толғанып тұрады да: «Бұл өте ауыр жүк, сөйтсе де енді бір рет көмек берейін» – деп маңыздана сөйлейді. Иісшіл төбетше тіміскілеп бұғының ізін кеседі. Неше алуан мекерлікті ойына тоқып түлкі жүріп келеді, «үсті-басын қан басқан бұғы бұл арадан өткен жоқ па?» деп жолай ұшырасқан бақташыларға сұрау салады. Білгендердің бәрі де тура жолды меззейді. Түлкі бір алаңға келеді, жүгіре-жүгіре ақ көбікке шомған бұғы орманды көлеңкелеп, деміге солықтап тұр екен. Қымсынбастан түлкі тұп-тура бұғының алдына жетіп барады, Тұла бойы шіміркеніп, жүрегі ауызына тығылады да ыза кернеген бұғы: «Қайда барсам қыр соңымнан қалмайсың, ал енді менің алдымда тағы оттауға оқталсаң-ақ өзіңе де жайлы тимес, сақтан, қарағым! Бұқпантайыңды білмейтіндердің басын қатыр, айлаңды асырып соларды патша сайла да орға жық!» – дей бергенде сөзін бітіртпей түлкі кие жөнеліп: «Сен осынша су жүрек екеніңді таныттың- ау! Достыққа сенбейтін осындай сорлы екенсің-ау! Арыстанның саған игі өсиетін айтып, ізгі ақыл бергісі келді, сені әбілет басқан ұйқыдан оятпақ үшін әкелік мейірімін көрсетіп, құлағыңа сыбырламақ болды, осындай ұлы патшалықты, қалай билеп-төстеудің мән-жайын бажайлап айтқанда сен оның сөзін зер сала тыңдауың керек еді, болар-болмас жақындағанына төзе алмай оқыс қимылдап тұра қаштың да, сорлы-ай, тек өзіңді өзін жаракаттадың-ау! Енді мезгілді өткізіп алдық, осындай жеңілтек оспадар қылығыңа, қаша жөнелуіңе арыстан қатты қынжылды, өзінің орнына қасқырды патша қоймаққа ұйғар-

ды. Ой, шіркін-ай, ол патша болып кімді ондырсын! Алайда амал не?! Осы төнер тауқыметтің бәріне өзің айыптысың! Тезірек барсайшы, ең құрығанда осы жолы жүрегіңді тоқтатшы, қорқақ қоянша елегізіп үрікпеші! Ағаштардың сыбдыраған жапырақтары мен сылдырап аққан бұлақтың суын түгел куәға тартам, мен саған жақсылық ойлаймын, арыстан дұшпаның емес, аңдардың патшалығын шын жүректен ол өз қолыңа тапсырмақ" – дейді. Құйқылжыта арбап мекер түлкі аңқау бұғыны тағы ажалға айдайды. Үңгіріне кіріп барған бұғыны арыстан жарып тастап тойлайды, етін жеп, сүйегін мұжып кеміреді де бұғының ішек-қарнына шеңгелін салады. Өз еңбегінің қаруын қайтарғанша түлкі де болар-болмас қорек алады – бір қаға берісте ұрланып барып, бұғының басындағы миын сорып ішіп қояды. Ал, арыстан бұғының бар денесін түгел аралап шығады да уыстап ұстап қуыс басты иіскелей бастайды. Миының жоқтығын байыптап түсіне алмайды. Ақиқатты әдемі жасырып түлкі сөйлейді: «Сен бекер іздеп жүрсің, бұғыда ми болған емес. Бір рет құтылып кетіп, арыстанның аузына қайта келіп өзі арандаған аңда ми қайдан болмақ?» – дейді Бабрий (126–129-б).

Бабрий Эзоптан тура аударған, бірақ дәлелдеп, өндеп шығарған, өйткені Бабрий Эзоптан жеті жүз жыл кейін шыққан адам ғой.

Бұдан бір жүз жыл кейін Индияда шыққан (үшінші ғасырда) «Кәлилә мен Димнада» былай айтылады:

«Баяғыда бір арыстан жыныс ағаштың ішінде тұрыпты, оның қалдығын қорек етіп, қасында жүретін бір шүйе бөрі болыпты. Бір мезгілде арыстан қатты ауырыпты, арып-ашып қалжырағанда аң аулауға мұршасы келмепті. Сонда оған шүйе бөрі: «Сен мүлде өзгеріп кеттің, өзіңе-өзің ұқсамайсың. Аңдардың сайып қыраны едің ғой, саған не болды?» – деп сұрапты. Арыстан: «Мұның бәрі өзің көріп тұрған аурудың салдарынан емес пе, бұдан жазылу үшін,

есектің құлағы мен жүрегін жеуден басқа ешбір ем жоқ», – депті. Шүйе бөрі сонда: «Мен білем, бір шұға жасаушы есегіне киім-кешек артып кір жууға келеді, сол жайылым бізден аса қашық емес. Үстіндегі жүгін түсіріп, көкорай шалғынға жалғыз өзін қоя береді, мен сол есекті дереу осында алып келейін. Сонан кейін оның жүрегі мен құлағын не істесең де өзің білесің ғой», – депті. Арыстан:

– Кейінге қалдырмай осыны тезірек орындай көр, – десе керек.

Шүйе бөрі жүріп кетіпті де есекке барып:

– Мен көріп тұрмын, сонша жүдеу екенсің, арқаң неге жауыр болған? – деп сұрағанда, есек оған:

– Мұның бөрі ана шұға жасаушы залымның салдарынан, сол мені жұмысқа көп жегеді, тамақ бермей шөміштен қысады, – деп жауап қайырыпты. Шүйе бөрі:

– Сен бұған қалай шыдап жүрсің? – дегенде, есек:

– Ал сонда не амал істемекпін? – депті.

– Адамның аяғы баспаған, шөбі шүйгін, оңаша орынды көрсетейін мен саған. Онда асыл тұқымнан шыққан әдемі мәші есек тұрады. Ондай сұлуды сен еш уақытта көрген емессің. Оған айғыр керек, – депті. Әңгі есек тебірене толықсып:

– Екеуіміз де сонда барсақ қайтер еді? Оны былай қойып, тек сенімен достасқым келген күнде де мен бірге кетер едім, – депті. Сөйтпін екеуі арыстанға қарай беттепті. Шүйе бөрі бұрынырақ келіп хабар беріпті. Арыстан атып тұрып, есекке қарсы ұмтылыпты, бірақ ұстай алмай қалыпты, ол қашып құтылыпты. Сонда шүйе бөрі арыстанға: – Бүлдірдің-ау, сен! Есекті әдейі жеке тастап кетіп едім, мені сорлатқын келді ме, неге тарпа бассалдың? Оны сен ұстай алмасаң, менің патшамның есекті ұстап алуға мұршасы келмесе, онда біз құрыдық қой, – депті. Арыстан ойланыпты:

– Егер есекті әдейі қоя бердім десем, онда шүйе бөрі мені ақымаққа балар еді, ал егер, ұстап алуға әлім кел-

меді десем онда қуатсыз нашар деп білер еді, – деп толғапты да:

– Есекті сен екінші рет осында ертіп келе алсаң, мен саған сол есек жөнінде өзің қолқалап жүрген әңгіменді айтып берер едім, – депті. Шүйе бөрі:

– Болған істі есек көзімен көрді, мен енді оған қайыра барсам, онда амал қолданып, алдауым керек болар, – депті де есекке қайта барыпты. Есек мұны көре салып:

– Менде қандай бұйымтайың бар? – деп сұрапты. Сол арада шүйе бөрі:

– Менің саған жақсылық істегім келеді. Қатенің бәрі шексіз құмартудан шықты ғой. Саған тұра шапқан, әлгі өзің көрген хайуан мәші есек еді, ол туралы мен саған айтқан болатынымын, ондай көріктіні сен өмірінде көрген жоқсың. Құштарлықтың қуаты билеп шыдатпады, саған тұра ұмтылды, егер сен бір минут кідіргенде сенің мәңгі жарқосағың болар еді. Қатенің бәрі күшті елтудің салдарынан туады ғой, – депті.

Мәші есек туралы екінші қабат естігенде әңгі есектің құмартуы құйынша көтеріліп, ол шүйе бөріге еріп жүре беріпті, келген мезетте арыстан бас салып оны жарып тастапты. Есекті жайғап болыпты да ол шүйе бөріге қарап:

– Мен дәріні былай қабылдамаймын, ең әуелі жуынам, сонсоң құлақ пен жүректі жеймін, ал қалғанын құдайыға тартам. Мен жуынып болғанша, сен есектің етін қарай тұр, сонсоң өзім қайтып келем, – депті. Арыстан кетісімен шүйе бөрі есектің құлағы мен жүрегін жеуге кірісіпті, ол сонда арыстан құлақ пен жүректің жоқтығын көрген соң қалған етін де жемес, құдайыға да тартпас деп сеніпті.

Арыстан қайыра келіп: «Есектің жүрегі мен құлағы қайда? – деп жазғырғанда, шүйе бөрі оған: – есекте құлақ пен жүректің жоқ екенін сен білмеуші ме ең, егер ол екеуі бар болса, аман-есен бір құтылғаннан кейін екінші рет тағы

келмес еді ғой, – депті. Арыстан шүйе бөрінің сөзіне шүбәсіз сеніпті» – деп толғайды .

Италия, Греция жерінде бұғы кездесе, Индияда сол бұғының міндетін есек атқарады. Түлкінің орнына мекерлікті шүйе бөрі (қасқыр) жасайды. Сөз кестесі де біріне- бірі үйлесінкіремейді, бірақ негізгі ойы бір арнада. Әр елдің өз жерінде көріп жүрген жәндіктер, өздеріне таныс уақиғалар көрсетіледі.

Қазақ елінде арыстан, қасқыр, түлкі мен түйе жолдас болады. Түлкінің мекерлігі түйенің түбіне жетеді. Ойлары бір болса да кейіпкерлері бөлек-бөлек.

Мысалдар түрлі жағдайға арналады, пеше алуан кәсіп иелерінің орашалақтығын ажуалайды. Тілі өткір, ойы келте қайрылады да өмір бойы ұмытылмай есте қалады.

«Надан дәрігер» атты мысалында Эзоп былай толғайды:

«Өзінің мамандығын (кәсібін) білмейтін бір дәрігер болыпты. Бұрын басқа дәрігерлерде емделіп жүрген бір адамды осы дәрігердің емдеуіне тура келіпті. Бұрынғы дәрігерлері бұған: «Ауруыңыз аса қатерлі емес, сөйтсе де төсекте ұзағырақ жатып қаларсыз» деседі екен. Өлгі надан дәрігер келіпті де: «дүниелік шаруаңыздың бәрін реттеп қойыңыз, қалған өміріңіз осы таңға жетпес» – деп кесіп айтыпты да шығып кетіпті. Арада біраз уақыт өтіпті. Арып-шаршаған науқас аяғын тәлтіректтей басып, таза ауаны жұту үшін тысқа шығыпты. Өлгі дәрігер ұшыраса қалыпты: «Амансың ба, әй! Ана дүниеде қалай өмір сүріп жатырсың?» деп сұраса керек. Сонда науқас адам: «Ақыреттегілер кеусер суын ішеді екен, ол жерде сондай тиыштық, тіпті қой үстіне боз торғай жұмыртқалайды. Тек осы жуырда Ажал мен Дозақ екеуі бас қосып, ауруларды өлімнің уысына бермейтін дәрігерлер екен, солардың бәрін жапа-тармағай қыру керек деп үлкен тізім жасапты. Сені де сол тізімге жазып қойыпты. Мен қатты қорқып, жан ұшырып аяқтарына жығылдым, жалбарына жыладым, оған дәрігер атағы қатеден таңылған, ол нағыз дәрігер емес еді»

деп ант-су іштім, ажалдан әрең айырып алдым», – депті.

Осы мысалды мен өз кәсібін жетік білмейтін, бос сөзге үйір білімсіз дәрігерге арнадым, оқып шығып солар өнеге алсын дедім» – дейді Эзоп¹ (Біздің заманымыздан бұрынғы алтыншы ғасырда).

Бұдан алты жүз жыл кейін Федр «Етікші-дәрігер» атты мысал жазады, сонда: «Ақымақ етікші кедейліктің таксіретін тартыпты да, бөтен елде жүріп жұртты емдеуге кірісіпті. Ауруды емдейтін дәрі жасап сатыпты. Аят оқып, үшкіріп емдеп даңқын шығарыпты. Қатты сырқаттанған патша мұны сынамақ ниетіне кірісіпті де өзінің көзінше бір ыдысқа су құйып, оған жорта дәрі мен улы араластырған болыпты. Егер тәуіп осы қосындыны ішіп салса соған көп сыйлық берем депті. Сонда дәрігер көрінеу ажалдан қорқып, «мен емдеу арқылы даңққа ие болғам жоқ, жұрттың ақымақтығы арқылы ғана атақты болып едім» – деп мойнына алыпты. Осы арада халқын жиып, патша сөз сөйлепті: тірі жан еш уақытта аяқ киімін киіндіруге сенбейтін кісіге, сендер батарынды өлімге байлап ұсынасындар, естеріңнен адасқан жоқсындар ма, осы?» депті.

Біреудің ақымақтығы арқылы ұятсыздық қоректенеді, мен бұл әңгімені соларға айтқым келеді» – дейді Федр² (1 ғасырда).

Үстіміздегі дәуірдің екінші ғасырында тарих бетіне мысалшыл ақын Бабрий шығады, оның «Шалағай дәрігер» деген мысалында мынадай толғау бар:

«Баяғыда бір шалағай дәрігер дүниеде дәурен сүріпті. Бір күні сол дәрігерді бір наукас шақырса керек. Бұдан бұрынғы емдегендерден ол: «Наукасың зілді, бірақ емдеп жазуға болар» – дегенді талай естіген екен. Ал мына дәрі-

¹ Эзоп мысалдары. Қолжазба, 35-бет. Грек тілінен орысшаға 1888 жылы Петербургте В. Алексеев аударған екен, біз содан алдық.

² Федр Б а б р и й: «Басни», СССР Ғылым академиясының баспасы. М., 1962, 13-бет.

гер кіріп келіпті де үмітсіз пішінін байқатып: «Мен сені алдап, шындықты жасыра алмаймын, ең ауыр нәрсе ажал ғой, соған дайындала бер, бір тәулік-ақ өмірің қалды», – деп шығып кетіпті де қайта оралмапты. Ауру айығыпты, бірақ өзі әбден бозарып жүдеген екен, аяғын азар басып серуенге шығыпты.

Бір күні әлгі дәрігер кезігіп: «Ой, амансың ба? Ақыреттегі өліктер қалай өмір сүріп жатыр?» – деп сұрапты.

Сонда науқас адам: «Кеусер суын ішкендер қам жеуді білмейді. Бірақ күні кеше Қора мен Плутонның өзі¹ дәрігерлерге қатты қаһарланып, ажалдыны өлтірмей кедергі жасайды дегенді желеу етіп, бәрінің атын атап, қара тізімдеріне кіргізіп жатыр екен. Біріншілердің қатарына сені де енгізбек болды, бірақ мен барып аяқтарына жығылып, сәжде еттім де, оны жұрт бекер өсектеп жүр, ол мүлде дәрігер емес, деп ант ішіп жалбарындым, сөйтіп өлімнен құтқарып алдым» – депті Бабрий² (екінші ғасырда).

Мысалдардың бәрін келтіре берсек сөз таусылмайды. Көне Эзоп мысалдары жаңа дәуірде туған Ла Фонтен, Флориан, Геллерт, Рабнер, Майснер, Абай тағы басқаларда да ұшыраса береді. Мысалы, «Шегіртке (инелік) мен құмырсқа» Ла Фонтенде, Крыловта, Абайда бар, «Әкесі мен баласы» Флорианда да, Дмитриевте де бар; «Мырза мен бұлбұл» Флорианда да, Пушкинде де кездеседі, «Тоты» Флорианда да, А. Измаиловта да ұшырайды; «Қара торғай мен көкек» (скворец и кукушка») Геллертте де, Хемницерде де бар. Айта берсек ұшы-қиыры жоқ.

Кейбір мысалдар уақ мәтел болып тарайды. Эзоптың «Күншіл ит пен бұқа» атты мысалында «шөптің үстінде жатып алып ит өзі де жемейді, бұқаға да бермейді», ке-

¹ Кора мен Плутон — Әзәзіл мен ақырет құдайы.

² Ф е д р Б а б р и й Басни. СССР Ғылым академиясының баспасы, М., 1962, 119-бет.

йінгі мезгілде Лопе де Вега жазған «Шөптің үстінде жатқан ит» дейтін пьесасы осыдан туған болар.

Ой-сананың ауысуы әр түрлі салада жүреді, ауыздан ауызға көшеді, жазба әдебиет арқылы тарайды. Әр ұлттың тілінде жүрген жеке-жеке сөздерден талай-талай ойлардың ауысқанын табамыз.

Мысалы, қазақта «өзі бір отырған күрез ғой» – дейтін сөйлем бар. Осыны айтушы адам «күрездің» төркінін түсінбейді, тек отырған адамның пандығын білдіреді. «Екеуіміздің Крез емес екенімізді, сенің үйің патша сарайы еместігін Кирсанов өте жақсы біледі» – дейді Н. С. Тургенев («Әкелер мен балалар» – 20 бетінде). «Бұл кісі туралы талай ертегілер айтылған дала крезі ғой» – дейді Д. Н. Мамин-Сибиряк («Астық» 2, 1). «Біз төсекке Крез боп жатамыз да, Ир болып түрегелеміз» дейді В. Г. Белинский. Н. С. Ашукин мен М. Г. Ашукина құрастырған «Қанатты сөздер» атты кітаптың 283 бетінде де Крездің аты, кім екендігі айтылды. Ендеше, ежелгі Лидия патшасы Крезді немесе Геродот тарихын сахарда көшіп жүрген ел білді деу қате болар еді. Сондықтан бұл «күрез» біздің елге екі жолмен келуі мүмкін. Біріншіден XIX ғасырдағы орыс әдебиетінен алынады немесе араб-фарсы, тәжік-өзбек тілінен келіп ауысуы да ойға сияды Бірақ біз көбінесе орыс әдебиетінен келгендігін қолдаймыз, өйткені осы «Күрез» деген сөзді оңтүстік қазақтары біле бермейді, бұл тек Орталық Қазақстанда ұшырайды.

«Жалған мен шындық» атты мысал Ромулда кездеседі. Татардың атақты ақыны Абдулла Тоқай Шекспирден аударады. Осы күні ауызша анекдот болып тарап кеткен.

Халық арасында дәнекер болып бірден-бірге ой ауысады, бұл түрлі арнада жүріп жатады. Ұзақ эпос-ертегілер сабақтасады, қысқа мысалдар көшіп-қонып жүреді. Жеке мақал-мәтелдер, тіпті дара сөздер де бір елден екінші елге келіп қонақтайды.

Қазақ халқының ең алғаш нәр алғаны шығыс мәдениеті, батыс жұртына – орыс халқына кейінірек жақындап, қоян-қолтық ара-

ласқан сияқты. Араласудың тіліміздегі ізін кейінгі тарауда сөз етпекпіз. Онда араб-фарсы тілінің әсерін айта өтіп, орыс тіліне көшпекпіз.

Ауыс-түйістің күшті кезеңі ХІХ ғасырдың орта шені, оның артынша революциядан кейінгі дәуір камтылады. Аударма әдебиетінің төл әдебиетке мол әсерін тигізгені де, мәдениетіміздің шеңбері де осы кезде күшейгені кеңінен сөз болады.

АЛҒАШҚЫ РОМАН

Қазақ елі көшіп-қонып жүрген ел еді. Октябрь революциясының, Коммунистік партияның жүргізген ұлт саясаты арқасында қарыштап өсіп, бүгін алдыңғы қатарлы ел санатына қосылып отырмыз. Бүгінгі қазақ халқы одақтас халықтармен терезесі тең ел. Ал әлеуметтік-саяси жағдайы жағынан социалистік ұлт дәрежесіне жетпей отырған халықтардан анағұрлым алда, анағұрлым биікте. Қоғамдық - экономикалық дамуымыз түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің гүлденуіне жақсы жағдай болып отыр.

Қай елді алсаң да, оның әдебиеті өзінің мәдениет сатысына, тарихи-шаруашылық жағдайына байланысты өмір сүреді, жарыса жүріп отырады.

Қоғам дәрежесі төмен, шаруашылығы малшылық, салты көшпелілік, мектебі атадан балаға ауызша сөз тастау болған, оқымыстылары дүмше қожа-молдалар болған қазақ елінде халықтың ән-күйі, ауыз әдебиеті толысып шарықтай берді де, жазба әдебиет ішінде – үлкен проза, драматургия Ұлы Октябрьге шейін туа алмады. Озғын елдердің мәдениетінен, ғылым-білімінен көп ғасыр қысыр қалған ел болдық. Бұратана ұлттарды қасақана қаранғылыққа қамау саясатын жүргізген патшалық төбеден басып, ішкі өз мешеулігі егектен тартып, қазақтай ақын халық, дарынды халық білімсіз надан болды.

Сол надандық Абайға да шырмау болды. Шідерлі аттай пәрменімен қарыштай алмаған ұлы Абай қазақ ақындығын әлемдегі өскелең поэзия дәрежесіне көтере алды да, басқа жанрларды туғыза алмады. Етекбасты өміріне қапа болған Абай:

Атымды адам қонған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?—

деп зарлады. «Абай зары» Ұлы Октябрден бұрынғы халық зары еді.

Орыс халқының жазбаша әдебиет тарихы Қантемирден (1708–1744) басталады. А. Қантемирдің «Ғылымды қорлаушыларға» («На хулящих ученье») атты тұңғыш мысқыл өлеңі 1729 жылы жарыққа шықса, атақты М. В. Ломоносовтың «На взятие Хотина» дейтін одасы Кантемирдің әлгі өлеңінен тура он жыл кейін көрінген еді. Содан бері қарай ұсақ өлеңдер, шағын әңгімелер жазыла- жазыла келіп, жүз жылдан соң, атап айтқанда, 1829 жылы Ф. Б. Булгариннің «Иван Выжигин» атты романы жарияланды. Осы романның басты кейіпкері Иван Выжигин жасында жетім қалып, иттің үйшігін паналап өседі, бері келе жасауы мол, бай қалыңдыққа үйленіп, «ауызы аққа тиіп», көкейін тескен арманына жетеді. Қысқа мазмұны осы. Бұл романды мезгілінде В. Г. Белинский іске алғысыз етіп сынады. Сонда: «Бұл роман ішкі қадыр-қасиетінен емес, жарыққа шыққан мезгілін алғанда, Русь романдарының басы болып есептеледі... Қазір Вальтер Скоттың романдары аударылып, Россияны аралап жүр. Орыс халқының өз өмірінен алынып, орысша жазылған роман сәтті еңбек бола алар ма еді? – деген сұрақ туды, сол сұраққа бірінші жауап берген . Ф. Б. Булгарин болды, міне, бар қасиеті осы-ақ», – дейді атақты сыншымыз Белинский.

Біздің казак әдебиетінің де жас тарихы бар. Жазба жаңа әдебиетіміздің атасы Ыбырай, Абай десек, совет дәуіріндегі коммунистік идеяны ұран еткен төңкерісшіл жана әдебиетіміздің атасы – Сәкен Сейфуллин. Ал енді сол Абайдан мына Сәкенге жеткенше бір ұрпақтың өмірі жатыр, осы аралықта бірталай қаламгер болды, біз солардың біреуін сөз етпекпіз.

Заты, орыс даналығы айтқандай, әрбір жеке адамның өмірі тәрізді, әдебиеттің де өз өмірі бар. Ол да бір күнде, бір сәтте дүниеге келе қоймайды. Оның да балалық шағы, есейіп ержеткен жігіттік кезі, жетіліп сақайған мезгілі болады. Әдебиет құбылысының адам өмірінен бір айырмасы – ол өлмейді, құлпырып, қайта жаңғырып, жасара береді. Бұл жөнінен әдебиет жаратылыстың, халық өмірінің дәл өзіне ұқсайды.

Біздің әдебиетімізде шынайы татымды прогресшіл бұқарашыл бағыт Абайдан басталды, жаңа жазба әдебиетіміз де осы бағытпен түйдей құрдас. Басқаша айтқанда, Абай негізін салған жаңа жазба әдебиет шын мағынасындағы прогресшіл демократияшыл ағартушы әдебиет болды. Сәкен негізін салған жаңа казак совет әдебиетінің мәйегін тоқ еткен, төл ұйтқысы болған – сол бұқарашыл казак әдебиеті еді.

Төңкеріс алдындағы өлі арада талпынған, тырбанған өнершең ой әр қияға құлаш сермей бастаған-ды. Ұлы Октябрьден кейін туашақ казак романынын толғағы бұрынырақ басталған. Нәресте проза – «Қыз көрелік» пен «Қалың мал» еді. Сол кезде «шыр» етіп туған, іңгәлай бастаған. Әрине, бұлар әлі толысқан торсық шеке романның өзі емес, соның алғашқы ырымы, тұңғыш нышаны еді. Бүгінгі локомотивтен алғашқы ағылшын паровозының айырмашылығы қандай болса, бүгінгі романнан біздің бұл алғашқы прозаның айырмашылығы да сондай. «Бірақ екеуі де «паровоз», екеуі де «роман» деп атала береді. «Қыз көрелік» пен «Қалың малды» осы логикамен біз де роман деп атай береміз.

Қазақ тілінде «Қыз көрелік» романы 1912 жылы жарыққа шықты. Авторы – Тайыр Жомартбаев, кітапшаның көлемі 44 бет (Семипалатинск. «Жәрдем шіркәрі нәшриятінден», 3-кітап). «Ыспандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы 1913 жылы Қазанда басылды, көлемі 94 бет. «Қазақтың жазба әдебиеті тарихында тұңғыш роман саналатын «Қалың мал» атты шығармасында автор қазақ аулындағы ескілік салт пен әдет-ғұрыптарға қарсы үн көтерді. «Қалың мал» романында көркем бейне арқылы әлеуметтік маңызы бар екі мәселені – қазақ әйелінің басындағы аянышты халді, ауылдағы тап-тартысын жазды», – дейді профессор Бейсембай Кенжебаев пен филология ғылымдарының докторы Серік Қирабаев. («XXғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деген кітаптың 66-бетінде). «Қалың мал» көпке осылай таныстырылған шығарма. Бүгінгі елге беймәлім, бейтаныс «Қыз көреліктің» мазмұнын қысқаша баяндайық.

Қазақтың бір руы Керей ішіне келіп, қазақ болып кеткен Ғайса. Бәкіжан деген бәйбішесінен бала көрмейді. Содан Ғайса мал берігі, кедей Жұбаньштың қызы Жәкішті тоқалдыққа алады. Кешікпей-ақ Жәкіштен Ғайникәмал туады, оны бәйбіше өзі асырайды да, тоқалды күн орнына жұмсайды. Бір жасқа толмай-ақ, Ғайникәмалды атастыруға келеді. Сонда бәйбішесі Ғайсаға: «Осы Қарекеннің өзімен құрдас бесіктегі баласына Ғайникәмалды атастырайық, қыс жерін жейміз, жаз құдығына қонамыз ғой», – дегенді айтады. «Құдай өзіме және Ғайникәмалыма өмір берсе, осы баламды әбден оқытып, сүйгеніне беремін», – деп өзіне-өзі уәде еткен Ғайса бәйбішенің тіліне көнбейді.

Қырымда оқыған, «сулы тағылымға жетік, қан түзету үшін» сахараға келген бір мұғалімді айына 25 сом төлеп жалдайды. Қысқа қарсы бөлек үй салып береді. «Ғайнішімнің арқасында мына кедей балалары да оқысын, адам болып бір нәрсе біліп қалсын», – деп, әлгі мұғалімді үш жыл ұстайды.

Ғайникәмал «орышшаның қарасын – азбукасын» таниды. Он жасымда өлең жазады:

Жолдасым қасымдағы бірге жүрген,
Ата-ана надандықпен дәурен сүрген.
Сабакты, кел, оқылық, тырысалық,
Жарамас батпақ жалдап етек түрген...—

деп жырлайды. «Жаңа шыққан романдарды, Ибраһим Құнанбай ұлының өлеңдерін де бек көп оқиды» – деп, автор қара сөзбен түсіндіріп өтеді.

Үш жыл оқып көзі ашылған, он үш жасқа толған әрі зерек, әрі ақын Ғайникәмал төңірегіне сынай қарайды:

...Ағашты ат қып мініп кісінейсің,
Адамға ұнаса ма ит боп үрген?
Қыз болса, шиден кісі жасаймын деп
Өнер ме қуыршаққа көйлек бүрген?
Бой түзеп бос жүргенше, ой түзеңіз,
Атанған бай баласы емес мақтан...—

деп толғайды. Бұл сөзді он үш жасар Ғайнидің аузына салу үшін автор мынадай даярлық жасайды. «Қызық хикаяларды Ғайни әке-шешесіне оқып беруші еді. Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» – дейтін өлеңін де жатқа біледі» – дейді.

Сондықтан Ғайни: «Әке, мені осы күнімде оқыт!» – деп қолқалайды. Әкесі Ғайса қызының айтқанына көніп, Бәкіжан екеуін әлгі мұғалімге ертіп жібереді.

Ғайникәмал он үш жасында Уфадағы «Дәрілмұғалимат» медресесіне түседі. Бәкіжан бір жыл тұрып, қайтып кетеді. Үйіне қыз хатты өлеңмен жазады. Жастарды оқуға шақырады. Уфа шаһарын мақтайды. Ол жерде ұл мен қыздың теңдігін:

...Сәлем айт маңыңызда жігіттерге,
Ғылымға болмас па екен о да жерік.
Қайдағы надандықты қуаттайды,
Болғандай надандықпен пайда серік.
«Оқымаған атамыз өліп пе аштан»—

Сол сөзді қатып қалған ұстап берік...
Бес жүздей медреседе қыз шәкірттер,
Бұл шаһар оқушымен толған тамам.
Ұл мен қыз басқа жұртқа бәрі бірдей,
Қызды қыз деп кеміткен қазақ һәмән.
Осындай жердің жүзі оянған деп,
Айтыңыз ағайынға, келсе шаман.
Байтал шауып бәйгі алмас деп айтса да,
Сыыр – пұл, қатынды би қылды заман...—

деген тәрізді, өсиет-үгіт сөздерді жолдайды. Романның тең жартысы өлеңмен жазылған.

Ғайникәмал медресені 5 жылда бітіріп, мақтау қағаз алып қайтады. Бойжеткен қыз үйіне келген кезде, Арғыннан Әділхан Қуандық ұлы, Найманнан Мұқаш Иманбай ұлы, Керейден Сейтхан Атығай ұлы –үш мырза, өздері бай, қыз таңдап жүр екен. Арғынның Әділханы 12–13 кісі жолдас ертіп келіп, Ғайсаның үйіне түседі, соңынан аналар да келеді. Осы үшеуіне де қыздың тигісі келмейді, бірақ құтылу қиын болады, Ғайса ел ішінде кірме ғой, сондықтан қыз оларға: «Дүниеде адам көрмеген сыйлық алып келіңдер, мен сол кісіге тием», – дейді.

Үшеуі жүріп кетеді: Әділхан – іңгіліш (ағылшын), Мұқаш – герман, Сейтхан француз патшалығына тартады. Әділхан – Лондон базарында фонарь – «Саһап» сатып алады. Бұл «Саһапқа» мініп ұшсаңыз, бір сағатта қалаған жеріңізге барады екенсіз». Мұқаш – үш мың сомға Берлин базарынан «түрікпенді» сатып алады. Дүрбі тәрізді нәрсе екен. Ішіне үніліп қарап, Ғайникәмалды көреді..., Керей Сейтхан Парижде жүріп, бір ұзын, іші қуыс сыбызғы – резеңке сатып алады, кімде-кім өлсе, топыраққа көмбестен бұрын осы сыбызғы-резеңкемен аузына үрлесе, сол адам тіріліп дүниеге келеді екен». Сейтхан сол сыбызғы-резеңкеге қатты қуанады. Ғайникәмалды өзі ала-тындай қуанады.

Уәделесіп аттанған үшеуі енді Омскіде қайта кездесіп, «түрікпенмен» қараса, Ғайникәмал өліп оң жақта жатыр екен, «саһапқа» отырып жетіп келеді.

Резеңкені салып тірілтеді. Сол жерде үшеуі таласқа түседі.

Уәдесін орындап, адам көрмеген нәрсе әкелген үшеуінің қайсысына тиюді қыз білмейді. Халық тұрып; «қайсыңызды сүйсе қыз соған тисін, басқаларың ұлықсат беріңдер» деседі. Қызға таңдауды үшеуі де бергісі келмейді, «егер қыз бірімізге тисе, екеуіміз босқа қаламыз» деп ойлайды. Қыз бұларға: «Таласпаңыздар, мен бәріңізді де бірдей көрем. Мен тек білімі, ғылымы өзіммен бірдей болса, соған тием. Сіздерде білім жоқ, сіздермен күндіз тамақ ішіп, түнде ұйықтап, төрт аяқты хайуан секілді өмір өткізуім өзіме зор қиянат емес пе?» – дейді. Үшеуі де қызға қастық қылмақ болады.

Сол кезде Семипалат шаһарында тұратын бір Тарамбай деген нашарлау адамның баласы – Мұхаметғали іздеп келіп, қызды сол алатын болады. Бұл Уфа шаһарындағы «Дәрілмұғалимат» медресесін бітіріп қайтқан жігіт.

Соған берген соң, бір түнде жүріп кетеді.

«Мұхаметғали еркек балаларды, Ғайникәмал қыз балаларды оқытып, екеуі халыққа пайдалы адам болып, өмір сүріп тұра бастады», – дейді Тайыр Жомартбаев. «Бағана жоғарыда айтылған қыз таңдаған мырзалар ғылымсыз надандық себепті Ғайникәмалды ала алмай, босқа қалды. Жүрген жүріс, қылған еңбек құр далаға кетті. Үш мырза бұл қызды біріне-бірі кимай, ақырында үшеуі де құр қалды. Тәңрі қоспаған іске не шара бар? «Асыққан жетпес, бұйырған жетер деген осы» – деп, өздерінің надандығынан көрмей, құдайға кінәсін артты». «Басында мыйы, көкірегінде ой-санасы бар біреуді біреу күштемейді», – деп, мизам – канон жасап қойды. Осыны ойлап талапты қыздар теңін іздейді... Көкірек саңылауы жұмыртқа секілді бітеу қыздарға, «соқыр тауыққа бәрі бидай» деген секілді, оған еркек болса болады, әке-шешесі, иә болмаса, тұған-туысқаны бес тиын қалашқа сатса да ырза».

«Бағызы бір жаңа піскен алма секілді, ойлы, сөзі де

орынды, дүние хикметтерін көре-біле тұрып, бейшара лажсыздан зорлықпен сатылып жүрген сорлы қыздар өзінің сүйгеніне бара алмаса, көз жасы, мұрнының боғы екі дүниеде обалы әкесіне», – деп автор сөзін бітіреді.

Автордың ойынша, Ғайникәмалдың арманы халыққа қызмет ету, қорлықта, күндікте жүрген апа-сіңлілерін ұйқыдан оятып, солардың көзін ашу, Сол үшін мұғалім болып, қызметімен жәрдемдеспек. Заты, осы тақырып, сол кездегі демократ жазушылардың күллісінің алдына қойылған ортақ тақырып тәрізді. Халықты сауатсыздық түнегінен шығару – саналы қауымның асыл арманы болғаны көрінеді.

Бұл романда оқиға көрінісі шағын ғана. Осыдан бір жыл кейін шыққан «Қалың мал» романының өрмегі бұдан көрі күрделірек. Мысалы: Итбайдың екі жүз елу сом алып, базарға барғаны (бұл оның қызын шалға сатып, алған ақшасы ғой), сонда: «менімен сауда жасайтын дүкен бар ма?» – деп күпілдеуі таныс мінездің нанымды көрінісі, өмір шындығы. Шілдесінде шық көрмеген сорлы Итбай екі жүз елу сомды бұл жалғандағы көп ақша деп ұғынады.

«Қыз көрелік» романы екі баспа табақ, «Қалың мал» үш жарым баспа табақ қағазға басылған. Әрине, романның өлшемі көлемі емес екені белгілі. Ішкі қасиеттері жағынан да бұлар, әлі романның болған түрі емес болам деген түрі екенін жоғарыда айттық. Бұлар түглі, сонау эллин (грек) елінде туған, дүние жүзілік маңызы ірі болған атақты трагедиялар мен комедияларды қазір оқысаң, қарның ашады, 5 перделі, 4 перделі пьесада айтатын ойлары өте аз болып шығады. Көркемдеу тәсілдері де көнерген. Ендеше, замана өсіп ержеткен сайын, шығармаға көзқарас та, талғам да өзгеріп, екшеліп, іріктеліп отырады; есейіп ержете береді.

Әрбір тарихи шығарма әуелі өз кезінің таразысымен өлшеніп танылу керек, сонсоң бүгінгінің биігінен қарай бер. Жоғарыда «Иван Выжигин» романын пайда болу

жағынан орыстың тұңғыш романы деп санайтыны айтылған. Прогресшіл, бұқарашыл идеясы жағынан да, көркемдік сапасы жағынан да «Иван Выжигин» романынан анағұрлым жоғары тұрған және оған қарама-қарсы бағытта туған «Қыз көрелік» қазақтың тұңғыш романы деуге әбден татиды. «Қыз көреліктің» пікірі де, сөзі де терең жатыр. Бұл адамгершілікке баулиды. Адамгершілік ұранын жоғары бағалап, қадір тұтады. Теңдікті жырлайды, соның ішінде әйел теңдігіне алғашқы көркем ұран тастайды.

Қазақтың сол бір түн заманындағы түнек салтын білетіндерге бұл романның маңызы зор. Сол кезеңде Ғайсаның қыз баласын оқыту үшін мектеп ашуы, оны ауылдағы кедей балаларымен бірге оқытуы, оның үстіне қызын үйден шығарып, шет жерге ғылым іздеуге жіберуі, – шығынға ұшырауы, қызға сүйгенін өзіне қалатып, бас бостандығын беруі – міне, осының бәрі өз кезінде қазақ өмірінде көз көріп, құлақ естімеген жаңалық; жаңалық қана емес, адам айтқысыз ерлік.

«Қыз көрелік» романының авторы Тайыр Жомартбаевтың Абай жолын қуып, оны өзіне ұстаз тұтып, өнеріне өнеге еткені көрініп тұр. Абай егіні қылтанақсыз қалған жоқ. Абайдан нәр алып тебіндеп көктеген егіннің піскен дәні секілді «Қыз көрелік».

Жомартбаев Тайыр орысша жақсы біледі. «Пароход, число, воздушный шар, канон» сияқты сөздерді келтіреді. Ағылшынды – «інгліш» деуі де қызық, нақа құралақан кісі емес. Дүние жүзілік картаны да біледі. Елдер аттарын, қалалар аттарын дұрыс көрсетеді. Арабшаны жақсы білетіні көрініп-ақ тұр. Өйткені «Этлублил ғилім во лаукано булисин» – деп арабша жазып, оны: «Ғылым ізде Қытай шаһарынан болса да!» – деп, дәл аударуы тегін емес.

Ал осы романның негізі қайдан шықты – оны зерттеу қажет. Автор ең әуелі ауыл өмірінен бастайды. Ғайсаның үйін суреттеп өтеді, артына иі ертегіге түсіп кетеді. Ал осы ертегі қайдан келді?

Қазақта осындай ертегілер бар, соны алды ма екен? Немесе бізге жетіп жүрген ертегілер осыдан шықты ма? Немесе, мүмкін, бұл автор Шығыс ертегілерінен, тіпті болмаса Батыс әдебиетінен нәр алды ма екен? Әйтеуір әлгі үш жігіттің үш мемлекеттен үш жоқты алып келуі хиялнамайы оқиға. Жар таңдаған қыздың сынаған жігіттің қиынға айдайтыны қазақ ертектерінде де, басқа халықтар ертектерінде де бар сюжет. Тек дәл төркіні қай ертек екенін табу арнайы зерттеуді керек етеді.

Әдебиетіміздің үлкен саласы – романдар тарихын айтқанда, «тырнақ алдымыз», тұңғыш романымыз – «Қыз көрелік». Айтпақшы, мүмкін, осының авторы, мәдениетті мұғалім, Шекспирдің «Венеция көпесі» атты пьесасын оқыған да болар. Сонда кездесетін Порцияның «үш сандығынан» келтіріп тұр ма? Әрине, бұл зерттеушілердің міндеті.

Тайыр Жомартбаев – революцияның алғашқы жылдарында Семейде мұғалім болып жүріп, өз ажалынан өлген кісі.

Бір заманда қазақтың жергілікті бай-жуандары Семейдегі патша жендеттері арқылы осы романы, тағы бір пьесасы үшін Өскемен–Зайсанға жер аудартқан халық мұғалімі – осы Жомартбаев Тайыр болатын.

Жоғарыда да айттық, тағы айтамыз: «Қыз көрелік» романы өзінен кейін шыққан «Қалың малдан» көп жағы- нан төмен. Дегенмен көркемдігі кем соқпайды. Жомартбаев өз әлінше ақындығы бар суреткер. Ол Қүшікбай бұлағының басында тұрып: «шалға тиген жас қыздың көз жасындай мөлдіреп аққан бұлақ екен», – деп әдемі суреттейді. Салыстыру, теңеуі – құр көбік, көпірме сөз емес. Мағыналы, идеялы, суретті сөздер. Тағы сол жерінде:

Қу ағаш қабысар ма жас ағашпен
Жас қыз өмір сүрер ме шалменен тең?
Кемпірді жас жігіттер неге алмайды,
Кәріні жас құшақтау мін болмаса...

деп, оқыс ой, тың тапқырлық айтып, өткір мысқылдайды.

Әлбетте осы күнгі өскелең көркем ойымыздың биік талғамына бұл роман сай келе алмайды. «Қыз көрелік» – желегі жарасқан, жайнаған үлгі емес, көнерген ескерткіш, ескі мұра. Қазақ әдебиетінің жас жанрының тұңғышы, бүгінгі шүйделі романдардың шүйкедей бастапқысы. Біз үшін де, ұрпақтар үшін де оның мәңгі құндылығы осында.

ШАҒЫН КІТАП ЖАЙЫНДА

«Сөзіне қарап, кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма!..»

Абай.

Әрбір кітап көлемімен бағалы емес, өзекті ойымен бағалы. Баяғыда ақын-драматург Александр Сергеевич Грибоедов «Ақыл азабы» («Горе от ума») атты жалғыз-ақ пьеса жазды, сол пьеса өзі шағын болса да тарихтың ұзын бабында үздіксіз әлі келе жатыр. Иван Сергеевич Тургеневтің романдары да шап-шағын үріп ауызға салғандай, оның қысқа-қысқа әңгімелері қандай! Соның бірі де алғыр ақынның әруағын кеміткен жоқ.

Бір кезде «Современник» журналы И. С. Тургеневті баспай, П. Д. Боборыкинді басатын болған. Боборыкиннен көп жазған және көлемді-көлемді романдары бар адам жер бетінде кемде-кем-ақ шығар, алайда оны осы күнге дейін елдің көбі білмейді.

Өткен ғасырдың аяқ шенінде, 1882-жылы И. С. Тургенев М. Е. Салтыковқа былай деп хат жазған екен. «Әлем астан-кестен болып қирап жатқанда, су түбіне кетіп, құруға бет алған сорлы қара жердің ақтық «сырын» сөйлеп, роман жазып отырған Боборыкинді көріп тұрғандай сезінем. Осынша емініп, ащы шекше шұбалта беретін жазғырық жан дүние жүзінің әдебиет тарихында болған емес. Әлі көрерсіздер, ол өмір фактыларын, олардың жаратылуынан әлдеқайда бұрын өзі айтып шығады да,

сонымен тынады» – депті. Ендеше, әңгіме шығарманың көлемінде емес, қажеттілігінде, көркінде болса керек.

Мырзабек Дүйсеновтің алдымызда жатқан «Гүлжан сүйеді» атты кішкене повесін оқып шыққанда, осы күні өзіміз көріп жүрген бірталай адам қарсы алдымызға келіп тұра қалды. Күнделік тіршілігіміздің өнбойында орын тепкен жігерлі де еңбекқор адал жандар, сонымен қатар неше-алуан пасық бойкүйездер де өзінің таз-қалпында бойларын көрсетеді. Бұл автордың сонау жер-өмірден бастап, ұзақ-сонар әңгіме айтып, ойына алған өсиеттерін жеткізгісі келмейтін тәрізді. Аспандағы бұлдырықты қуалаудан көрі, уысында тұрған сарышымшықты місе тұтқысы келеді-ау, сірә!

Осы повестің толық мазмұнын Фазыл Мұртазин «Қазақ әдебиетінің» 1969 жылғы 21 июльдегі нөмірінде жарияланған мақаласында келтірген болатын, сондықтан оны қайталамай-ақ, біз тек қана үш-төрт кейіпкеріне тоқтап өтуді мақұл көрдік.

Бас кейіпкері – Гүлжан осы әңгіменің арқауы. Ол ғылым жолына белін бекем буып мейлінше берілген, қайтпас қара болаттай жас қыз. Коммунизм құрылысында алған бетінен таймайтын, түбі кесек туындыға кейіпкер бола алатын қаһарман.

Гүлжанның жолы шытырман, шимай-шатақ, ол туғаннан-ақ мол кедергіге душарласады. Жесір шешесі Айшаның қолында көзге түрткі жетім тіршіліктің тепкісіне түседі. Әкесі Кемел жазаға тартылғанда, көп «еңбегі сіңген» Бейсен, қазіргі колхоздың бастығы, бастық Кемелді ұстап беріп, орнына өзі ие болған жәндік. «Жаманнан жақсы туар – адам айтса нанғысыз...» демекші, Бейсеннен туған Бақытжан – жаңадан қаулап өсіп келе жатқан, ғылым жолында көріне бастаған зерделі жас түлек. Ол мәнсапқор әкесінің жауы Кемелдің қызын – Гүлжанды сүйеді. Алайда Бақытжанға кедергі жасайтын – Гүлжанның шешесі Айша:

«Күйдіргі емес пе тұрған бойы! Әкең қайда?.. Неге ойламайсың соны!.. Былтыр оқуға түсерде... Сені оқуға алмаймыз деп бетіңе салық етіп баспап па еді?.. Кім еді соңыңа түскен? Осы Бақытжанның әкесі емес пе еді? Енді келіп оның баласымен қатар отырып жыртаң-жыртаң күлуге ұялсаң етті!..» дейді.

Осы сөз жер жебіріне жеткен Бақытжан әкесімен беттеседі.

«— Кемелдің не істегенін сіз білесіз бе? — деп сұрайды Бақытжан.

— Білем, білген соң айтамын, — дейді Бейсен.

— Сіз дейді ғой оған кінәлі...

Бейсен не дерін білмей, есінен танып қалды...

Гүлжан мен Бақытжанның махаббатын осындай кесепатты кедергі де қожырата алмайды.

Артынан Ұлы Отан соғысы басталады да Бақытжан өзі тіленіп әскерге кетеді.

Осы мерзімде колхоздан шығып, Айша туған інісі Құлмырзаға барып паналайды. Аз уақыттан кейін сүйеніші Құлмырза да абақтыға түседі, оның шиеттей балалары мен әйелі Күлтай, Айша, Гүлжандар тағы жетім-жесір қалады. «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» — Гүлжан амалсыз дүкенге тұрып, сатушы болады.

Қақап тұрған қыстың күні, үй аңырап бос қалған, Құлмырзаның балаларында киерге киімі, ішерге тамағы жоқ, үй суық, оны жағып жылытатын отын тағы жоқ. Осындай көп кесел түйдек келгенде қайғы-қасірет жан-жағынан қамалаған Айша төсек тартып жатыр. «Аш адам ұрысқақ келеді...» ғой, ол бүгін күндіз келінімен сөзге келіп қалды, енді кешке жақын туған қызы Гүлжанмен айқасты: «Ақша әкелдің бе?.. — деп күңк ете қалды Айша.

— Жоқ, апа, айлық берген жоқ.

— Өздеріңнің қарындарың тоқ болған соң, басқаны не қылайын деп едіңдер... Бір жұма болды, соры қайнаған-

ға (абақтыда жатқан інісі Құлмырзаны айтып отыр) бір ыстық тамақ апарайықшы дейтін адам жоқ... Келініне батып айта алмаған сөзін Айша әдейі қызына айтып жатыр...» деп толғайды автор. Алуан қырсық тұс-тұсынан толайлағанда, барар жер-басар тауы қалмаған Гүлжан өзінің бұрын жақтырмаған адамы Сәлімді енді өзі іздеп барады. Бұл Сәлім егде тартқан кісі, Алматыдан келген уәкіл, алдында дүкенде жолығып, Гүлжанға жәрдем беруге дайын екенін білдірген-ді. Сұм тағдыр, қаралы тұрмыс еріксіз қаумалап әкеліп, Гүлжанды осы тығырыққа айдайды.

Сәлімнің көмегі тиіп, нағашысы Құлмырза абақтыдан босайды, үйіне арба-арба сексеуіл де үйіліп жатыр. Бір аштың бір тоқтығы бар...

Осындай игілі еңбегін ақтап, Құлмырза мен Айша екеуі екі жақтап апарып, Гүлжанды Сәлімге қосты. «Борыштың әдемілігі төленуінде» ғой. Шешесі мен нағашысының жолына «қоңыр тоқты болып құрбандыққа шалынды» Гүлжан, өмірде осындай уақиғаның болғаны да рас, болатыны да рас, күдіктенуге жол жоқ.

Гүлжанның Сәлімге тиіп, адал жар болуы тіршілік заңына сай.

Сөйтіп, Сәлім мен Гүлжан бақытты өмір сүруге енді кірісе бергенде, кенеттен әскерге Сәлім аттанады. Гүлжан екі қабат қалады. Алдында институтқа түскен Гүлжан Сақып тәрізді алаяқ әйелге кездеседі. Сақыптың аңдыған-күткені еркек, ол оқуды да елдің көзі үшін оқыды.

«Сенің білейін деген ниетің жоқ, Сақыш, тырыспайсың. Зейін қоймаған соң далаға атылған оқ сияқты, лекция да есте сақталмайды» деп, Гүлжан ескерткенде, Сақыш: қойшы, мен ғалым болайын деп жүр дейсің бе? Диплом алсам болды... Одан артықты мен тілемеймін!» деп жауап қайтаратын. Міне Сақыштың бар мақсаты осы. Кездесе қалса, жап-жас Айдосты да жар ете алады, арақты судай сіміреді, ретін тапса, Асыл Еділеветей кәрі шалдан да

тайынбайды. Оны тіпті түсінде көріп те әуреге түседі. Өстіп, сандалақтап жүргенде, доцент Кеңбай Каримовичке тап болады Сақыш.

«Кеңбай – сұңғыла да сұрқия мұғалім, алаяқ ку», жиналыстарда сынаған адамын таптап тастайтын кесірлі кескін. Жақпаған күйесі, таппаған кемшілігі қалмайтын. Біраз кісілерге куәлік жасап, қаралапты дегенді де жұрт оңашада сыбырлайды... Ішкен-жегенді, ойнаған-күлгенді жақсы көреді. Сол себепті өндіріп еңбек те жаза алмайды».

«Осы Кеңбай сұлу келіншекке көзі тоймай қадала қарайды. Кездесе қалса, бір қалжың айтпаса, намазы қаза болатын сияқты. Оны сезген әйелдер кейде Гүлжанға: «Байқа, дұшпан прожекторы саған қадалды, байқаусызда атып түсірмесін» – деп қалжыңдайды... Оңаша кездесе қалса: – Ой, айналайындар-ай, көздерің жаудырап сендерге де обал болып жүр-ау!.. Мына жаман ағаларыңа...»

Кеңбайдың Гүлжанға деген құмарлығында шек жоқ. Ана жылы біреулерден «Сәлім сұлу келіншек алып келіпті», – дегенді естіп, Кеңбай «Сұлу келіншектің өзінде болмай, өзгеде болғаны қандай жақсы»... деген екен, сол сұмырай сөзі де елге тарап кетеді.

«Ондайға аузының салуы бар, тәжірибесі мол, епті жігіт Кеңбай бір күні институттың коридорында тоқтатып алып:

– Шырақ, айналайын, фамилияң кім? – деп сұрады...

– Ә, Сәлім үйіндегі келінсің бе? – Өте жақсы, айналайын, кешір, – деп көзі орында тұрмай, ойнақтап қоя берді...»

«Осыдан кейін Кеңбайдың көңлінде үлкен алаң пайда болады... Кей кезде Гүлжан оның түсіне кіреді, тіпті сүйсініп те жүреді... Ояна келсе, қасындағы өз әйелі болып шығады...»

Бір күні Гүлжан емтиханға келіп, мұғалімнің сұрағына жауап беріп отырғанда:

– Гүлжан, айналайын, бөпең өсіп жатыр ма? – деп оқыс сұрады Кеңбай.

– Білесің ғой сабағыңды. Мен саған сұрамай-ақ қойып беремін...

– Бағаны біліміме қойыңыз, – деп сұлу келіншек Гүлжанның шытынап, өзіне жолатпай берген жауабын естігенде, Кеңбайды ыза кернеді, әрі қарай тыңдаған жоқ. Анда-санда «ы-ы» деп қойғаны болмаса, ойы ала құйындап әбігері кетіп отыр. Не істеу керек? Ендігі айла-шырақ қандай болмақ? Ол жаралы жолбарыстай ыңыранып қойды... Гүлжан шошынып, жауабынан бөгеліп қалған сәтте орнынан тұрды да күректтей жалпақ алақанымен столды тарс еткізді.

– Жарайды. Осы сұрақтарды дұрыстап тағы ойланыңыз. Түстен кейін сағат бесте мен үйде боламын. Тағы да үш-төрт студент келеді, солармен бірге тапсырыңыз. Ұмытып кетіпін. Академияда тығыз шаруам бар екен, – деді де Кеңбай кетіп қалды. Я, Кеңбай институттың доценті және Академияның қызметкері екен ғой.

Кешке Гүлжан келді, есікті Кеңбай ашты.

– О, о, кел, кел! Төрлет, былай кәбинетке кіре ғой... Ана жерге отыра ғой...

Гүлжан билетіндегі сұрақтарға жауап бере бастап еді. Кеңбай отырып:

– Бірінші сұрағыңа бағана жауап бердің ғой, енді екінші сұрағыңды айт!..

– Ал үшінші сұрағыңды айт. Зачетқанды әкел!..» Кеңбай бұл жолы да оның сөзін дұрыс тыңдаған жоқ, қолындағы книжканың бірінші бетін ашып, Гүлжанның суретіне тесіле қарап біраз отырды. «Шіркін-ай, күрек тісін күлімдетіп бетіне ертелі-кеш қарасаң да отырсаң, көзің тоймас еді-ау! Жо-жок, баурыңа басып, құшақтап қана жатсаң! О, онда дүниеде армандамын деген жанның тілін кесіп алса да аз! Шіркін, Гүлжан, сенің бұл келісіңді мен өмір бойы ұмытпаспын. Егер де мендік болсаң, мойныма дорба салып тентіреп кетуге даярмын, барымды бір сенің

жолыңа құрбандыққа шалар едім. Тек сен мендік болшы! Қелдің ғой... Жақын ғой рахат, ләззәт минуты...» деп толғанады Кеңбай.

– «Бес» – деп Кеңбай Гүлжанға тағы да көзін сата, қылымси қарады. – Бес қояйын ба? Ризасың ба?

– Жауабың төрттен жоғары... Мен сені жақсы көремін. Оны сен, әрине, білмейсің. Сондықтан да... Саған мен «бес» қоямын».

Осыдан соң Кеңбай Гүлжанды еркіне қоймай арақпен сыйлауға кіріседі, әйелінің елге кеткенін хабарлайды. Гүлжан арақты ішпейді. Сонда Кеңбай: «Гүлжан! Сені мен алғашқы көргеннен-ақ сүйгенмін. Сен менің атар жарық таңымсың, шығар күнімсің... Сен...» деп үздігеді.

Гүлжан әрең құтылып, үйден шығып кетті. «Кеңбай сәлден кейін есін жиып, орнынан тұрды... Алтай қызыл түлкіге түспек болып, қырандай сонау биіктен шүйілгенде, түлкі емес, тасқа түскендей, қанаты қайрылып, тұяғы сынғанына күйінді. «Қап, бәлем, ендігі ісім сенімен болсын!» – деп кіжінді.

Әрине, Кеңбай мұнымен тоқтамайды, енді оңайлау жерге ұмтылады. Сақышты дұзаққа түсірмек.

Кеңбайдан көрген қорлығын бірін-бірі ашып айтпаса да, ішінен ұғысып жүрген екі келіншек – Сақыш пен Гүлжан әңгімесін де келтіре кетелік. Екеуінің де күйеулері соғыста жүр, «бойдақ әйелдер».

«– Неге екенін білмеймін, Кеңбай ағай мені ең соңынан шақырды, – деді Сақыш. – Сұрағымды оқып көрсем, біріншісін шала білем, екіншісі, тіпті есімде жоқ. Үшіншісі оңай екен. Жұрт тапсырып кетіп жатыр, мен жалғыз қалдым. Кеңбай ағай көзімен тінтіп басымнан аяғыма, аяғымнан басыма дейін қарап өтті... Бірінші сұрағыма жауап бере бастап едім, ағай сөзімді бөліп, қайдағы естімеген бірдемені сұрады. Мен әрі-бері отырдым да «ағай есімде жоқ» дедім. «Екінші сұрағыңа көш!» деді. Мен: «Ағай оны білмеймін. Үшінші сұрағымды айтсам қайте-

ді» – деп ем, ашулана бастады: «Бұл мемлекеттік жұмыс. Сендер оған мән бермейсіңдер. Қазір соғыс кезі. Мылтығыңды ата білмесең, қалай соғысар едің? Бұл болмайды.», – деп, біраз кейіді де ақырында: – осы сұрақтарға үйінде дайындал! Кешкі сағат жетіде үйде болам, тағы да екі-үш бала келеді, солармен қосылып тапсыр!» – деді.

«Түп-тура маған құрған қақпаны, мына сорлыға да құрған екен ғой», – деп ойлады Гүлжан.

Ақыры, Кеңбай қармағына Сақышты ілді де Гүлжанды қудалауға кірісті. Сақыш дұрыс істеген сияқты, жолы болды, көтеріле бастады...

Кеңбай неше-алуан сұрқиялық жасап, шын ғалым Асыл Еділевті алдап-сулап, жарамсақтанып жүріп, өзі директор болды. Еділевтің үстінен арыз түсіріп, оны қаралауға да барды.

«Айтпақшы, сіздің үстіңізден. арыз түсті, бір-бірінің етегінен тартып, ілгері басқанның аяғынан шалу қашан тиылар екен осы? Бұл өсер елдің қылығы емес» – деп президент қатты күйінішпен айтты. «Жақсының артынан бұрын сөз ереді деуші еді, осы күні арыз еретін болды» – деп түйеді автор.

Кеңбай өзінің тәрбие беретін оқытушылық қызметінде мемлекеттік маңыз бар екенін жақсы біледі, бірақ, біле тұра, оны ұрлық-қарлыққа – арамзалыққа жұмсайды. Совет елі жапа-тармағай Отанын қорғау үшін майданға аттанғанда, олардың үйінде қалған сүйген жарларын ториды. Қоралы қойдың ішіндегі қошқардай болып, уылжыған жастарды арамдыққа баулиды...

Кеңбайдың қырсықты қылықтары қырқыншы жылдардың бас кезінде басталған екен. Берірек келе ол Академияның институтына директор болды, мемлекеттік ісінің алғашқы сатысында-ақ Гүлжанды жұмыстан қуып шықты. Гүлжан ғалым Еділевтің жәрдемі тиіп, Москвадағы аспирантураға кетті.

Кешегі күні орыс халқында А. С. Грибоедов, В. И.

Гогольдер тәрізді ардагерлер болды, солармен қатар Фамусов, Скалозуб, Чичиков, Собакеевичтердей жексұрындар да өмір сүрген болатын. Бірақ бұл сұмырайлар мұғалім болып жоғарғы мектептерде, ғалым атанып Академияда орнығып, жас буынды тәрбиелеген жоқ еді, тек қана кездейсоқ, бұралқы жандар болатын. Әбден пісіп жайқалып тұрған егін жайдың арасына біткен қодыраңы аралас арам шөптер тәрізді еді. Орыс халқына олармен күресу қиынға түспеді, сондықтан олар кезінде тамырынан қырқылды да, жаңа заманға ілесе алмай қалып қойды.

Ал біздің Кеңбай жылына мыңдаған жастар білім-тәрбие алып алдынан өтетін ғалым оқытушы. Сонда мұның арты не болмақ? «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ала ма?...»

«Арамызда Кеңбай Кәрімов әлі тірі жүр. «Айналайын» деп жүріп алдайтын, «Сәулетайым» деп жүріп, саныңды соқтыратын Кеңбайлар бірен-саран болса да ұшырасады» деген Фазыл Мұртазиннің сөзіне сенсек, ол әлі тірі жүрсе талай атаққа да ие болған шығар-ау! Ендеше, ол қазір директордан да жоғары мәнсапқа, доктордан да зор атаққа жеткен болар-ау!

Кеңбайлардың ғылым жолында өспеуі, әрине, заңды, өйткені ол ішкен-жегенді, ойнаған-күлгенді ғана тәуір көретін сергелдеңнің серігі.

Баяғыда Александр Сергеевич Пушкиннің соңына шам алып түскен, «Полтавадай» поэманы жамандап іске алғысыз еткен Михаил Трофимович Каченовский деген профессор болған. Ол 26 жыл бойы ординарный профессор, статский советник және кавалер, ол аздай-ақ, «Европа жаршысы» («Вестник Европы») атты журналдың бас редакторы еді. Сол кісіге қарсы тарихшы Николай Полевойдың мақаласы шыққан, сонда: «Сіз, Михаил Трофимович Каченовский, ұялмайсыз ба, 26 жыл профессор болғанда жөні түзу бір кітап жазбадыңыз, ең болмаса, ауызға ілінерлік кішігірім мақалаңыз да жоқ қой, мына жастар сіз-

ден қазір озып барады», – депті. Полевойдың осы мақаласынан кейін А. С. Пушкин айтқан екен: «Полевой-ау, сен дұрыс айтасың, Каченовскийдің жазған кітабы да, мақаласы да жоқ екені даусыз, бірақ ондай еңбектерді істемей-ақ осынша мәнсапқа ие болды ғой, ал егерде бүгіннен бастап, Каченовский шын құлшынып еңбекке кіріссе, біздің халіміз мүшкіл болмас па еді? Мен түсінбеймін, сенің айтуыңша, Каченовскийден жастар озып кеткен сияқты. Ойланшы өзің жүріп бара жатқан кісіден озса, ол жастардың талпынуын білдіреді, ал жатқан кісіден кім озбайды? Каченовский жатқан адам, сонда одан озу жастарға бедел әпере ме?» – депті.

Ол ғылым жолында өспесе – өспей-ақ қойсын, бірақ атағы зорайған Кеңбайдың бүгінгі күні артынан ерген шәлдірік шәкірттері қанша десеңші! Жиырма-отыз жыл бойы осындай керітартпа тәрбие берген оның қырсықты кесірі «бірен-саран» болмай, қоздай түсуі де кәдік емес пе?

Әрине, кітаптың ішінде Асыл Еділев, президент, Бақытжан, Гүлжан тәрізді адал жандар, шын ғалымдардың бар екені даусыз, бірақ солардың арасында «іші-баурыңа кіріп жылмаңдап, іштен шалып», қылаң ұрып, өтірік пен өсекті судай сабап жүрген кеңбайлар кімді ондырмақ? Қашанда болса жақсы мінезден гөрі жаман қылық, шен құмарлық күйедей жұғады, сарылып кітап оқып, білім алудан көрі, қыдырып арақ ішіп, «көгалды қуып көләйттау» әлдеқайда оңай!

Авторға айтарымыз: сапарың оң болсын, өз дәуірінде көрген білгеніңді жасырмай айтыпсың. «Дос жылатып айтады» – тайсалма, түбі шындық женеді – дер едік!

«Ер қосы жүре түзеледі», «көп түкірсе – көл болады» дегендей, әлі ұзын жолға шығып төселмеген жас авторға өзіміздің көзіміз шалған кейбір кем-кетіктерді де ескерте кетелікші. Соның бірі:

1) Бұл кітаптың аяғын жазғанда «Гүлжан сүйеді» деген ат өз-

геруі керек, өйткені ол үнемі сүйіп жүрген жоқ, күйіп жүр ғой. Кеңбай тәрізді ұстазы өліп-өшіп ынтыққанда да сүйе алмады Гүлжан, егер сүйе салса, қызметтен қуылып, өмірінің бар тетігіндей тұңғыш перзенті – Рахатын тастап алысқа шеру тартпас еді ол!

2) Балдырған күнінде тұңғыш рет қызыққан жігіті – Бақытжан. Екеуінің арасында сәбилік сүйіспеншіліктен басқа ешнәрсе болған жоқ. Соғыста жүріп өлді деген «қара қағазы» да келіп еді, ендеше сол Бақытжанды қайта тірілту уақиғаны сұйылтады, авторды да әуреге салады. Оқырман жұртшылықтың да, Гүлжанның да жүрегінде Отан үшін құрбан болған көп батырдың бірі Бақытжан деген ыстық сезім сақталсын, сондықтан оны қайта әкеліп Гүлжанмен жолықтыру қажет емес.

3) Осы кітаптың тілі жақсы, алайда ішін-ара ұшырайтын кейбір жеке сөздерді сылып тастау жөн. Мысалы, шымылдықтың «желбіршегі» деудің орнына «желбезегі» делінген, бұл сөз балық жөнінде айтылатын еді, мұндайлар, әрине, аз, алайда солардың көздерін мүлде жою дұрыс. Келесі кітаптың тез бітуін тілеп, «іске сәт!» делікші.

АҚЫН ШОРТАНБАЙ ЖӨНІНДЕ

Бағы заманғы әдебиетіміздің тарихын зерттеп бүгінгі жас буынға ғылыми түрде жеткізу кезекте тұрған келелі міндет.

Қазақ әдебиеттану ғалымдарының табыстары толып жатыр. Әр кезде, әр жағдайға арнап, өз пікірлерін ортаға салған, совет дәуіріндегі қабырғалы қаламгерлеріміз: Сәкен Сейфуллин, Мұхамеджан Сералин, Мұхтар Әуезов, Құдайберген Жұбанов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Өлкей Марғұландар әдебиет, мәдениет тарихына көшбасшылық жасады; бұлармен өкшелес шыққан:

Қажым Жұмалиев, Әбділда Тәжібаев, Мұхаметжан Қаратаев, Есмағамбет Ысмайылов, Бейсембай Кенжебаев, Белгібай Шалабаев, Темірғали Нұртазин, Ысқақ Дүйсенбаев, Мәлік Ғабдуллин, тағы басқалар толқыны келіп, арнаға құйылды. Дәл бүгінгі күні әдебиет сахнасына көтеріліп, ұлы майданға белсене араласып жүрген жастарымыз бар, олар: Серік Қирабаев, Тәкен Әлімқұлов, Тұрсынбек Кәкішев, Мырзабек Дүйсенов, Рахманқұл Бердібаев, Зейнолла Қабдолов, Хасен Әдібаев, Әнуар Дербісалин, Нығмет Ғабдуллин. Бұлар кейін бой көрсетсе де, көптеген зерделі зерттеулер, күрделі монография еңбектер беріп тастады.

Атом дәуіріне сай өскелең әдебиет таудан құлап тынбай ағатын долы өзен Амудария сияқты немесе ешбір жерге қонбай, аялдамай ұшатын реактив самолетке ұқсайды. Әлеумет өмірі үнемі өзгеріп, жаңғыра береді, сондықтан әрбір кейінгі ғалымдар ілгергі ғұламалардың өз кезіне тән пікірлерін түгел қостай алмай, ескіргенін танып, өз заманына жарасымды ойларын жұртшылықтың алдына тартады, тіршілік заңы осылай болса керекті. Сөйтіп, шындық шешіледі, жаңа ойлар, толғам-талғамдар туады да ой көкжиегін кеңейтіп, соны сатыға көтереді.

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың бәрі де совет дәуірінің жемістері. Әрине, ол еңбектердің өздерінде де некен-саяқ кемшіліктер, үстірт айтылған пікірлер де болуы керек. Бірақ солардың қайсысы болса да, әдебиетке шын жаны ашитын азаматтар деп ұғамыз.

Енді толғай беруді доғара тұрып, мақсатты мәселемізге көшелік. 1957-жылы шыққан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысында әдебиет тарихын жасауға көп көңіл аударылды. Сонда: «Қазақ халқының өткендегі мәдениет мұрасының көп жақтары әлі де жиналмай және зерттелмей қалып отыр», – дей келіп, сол қаулыда: «1958-жылы филологтар мен тарихшыларды қатыстыра отырып, XVII–XIX ғасырлардағы және XX ға-

сырдың бас кезіндегі қазақ фольклорының, дербес жазба әдебиеті тарихының маңызды, түйінді мәселелері жөнінде ғылыми-теориялық конференция өткізу Ғылым академиясына жүктелсін» – деп тапсырды. Партияның осы нұсқауын нысанаға ала отырып, Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институттары XVIII-XIX ғасырда болған көне бейнелердің бетін ашуға, маркстік-лениндік ғылыми көзқараспен олардың еңбектерін екшеп, тотын аршып, сұрыптауға жедел кірісті.

Осы күнгі заманымызға сай әдебиет тарихын бір арнаға салуда, өткеннің керекті-керексіз жағын ескермей болмайтыны белгілі. Сондықтан XIX ғасырдың өн-бойында өмір сүрген Шортанбай ақынның, сол өз заманында да көп ауызға ілінген Шортанбайдың, әліміз келгеншінше артық-кемін жасырмай алдарыңызға тартамыз. Бір кезеңде белгілі бағытқа ие болған Шортанбай ақынның беті ашылса, оның өзімен тұстас-тұрғыластарының да бастары біраз ашылып қалмақ деп ұғамыз.

1. ШОРТАНБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Шортанбай 1818-жылы осы күнгі Түркістан ауданы, Қарнак қыстағында туған. Жас кезінде шаруа баққан диқан Шортанбай XIX ғасырдың орта шенінде Сарыарқаға келген. Сол кезде Қарқаралы дуанына қарайтын Арғын руынан тараған Қара Үсен, Керней Сарым ішінде өмірінің соңғы кезін өткізген¹.

...Қара тауда қалушы ем,
Көк есекті мінуші ем,
Масақ теріп жүруші ем...
Сарыарқаның наны үшін,

¹ Шортанбайдың өмірбаяны жөнінде Академияның кітапхана-сында бір белгісіз автордың жазғаны бар. Оның айтуынша, Шортанбай 1801–1805 жылдарда туып, 1870–1875 жылдарда өлген сияқты. Бұл жәйтті де еске алған жөн болар, ал біз 1942 жылы жазушы академик Сәбит Мұқанов көрсеткен жылдарды алып отырмыз, –С. Т.

Шалкып жатқан малы үшін,
Бері таман ауып ем...—

деп, Шортанбай «бала зарында» өз өмірін баяндайды.

Ал енді сол Шортанбай келген кезде Сарыарқада ша- руашылық жағдай қандай еді? Мәдениет сатысы, әдет- ғұрып, салт-сана қандай еді?

Ауыл-ауылға бөлініп, ру намысын жыртып, көшіп- қонып жүрген кез. Ауылды ақсақал билейтін, ру басшысы–ауқатты бай билейтін, аймақты хан билейтін мезгіл. «Хан өтірік айтпайды...», «у ішсең руыңмен...» «түбі бірге түтпейді...» деп ханды қолпаштап, ру бірлестігін дәріптеп, кедей мен байдың ынтымағын көздейтін мезгіл.

Сауда-саттық араласпаған, орта ғасырлық ескі өмірдің қаймағы бұзылмаған, мұсылман діні де мықты орын теппеген, феодалды-патриархалды ауыл еді. «Қырғыз (қазақ) ұлыстары Мұхамет дінінде жоқ, ескі заман дінін қолданатын түріктерге таяу. Мұсылман діні бұларға әлі сіңбеген, мұсылман дінінің ішкі мәнісін жетік білмейді» –дейді академик В. В. Радлов 1870-жылы шыққан «Түрік ұлыстарындағы халық әдебиетінің үлгілері» деген кітабында.

Міне, Шортанбай Сарыарқаға осы кезде келді. XIX ғасырдың бірінші жартысында, хандық дәуірінде, Кенесарының қылышынан қан тамып тұрған кезде келді. Сол кезде Шортанбай ақын Жамантай, Құсбек дейтін төрелерді шырғалап, солардың жыршысы болды.

Ендеше, Шортанбай феодализм заманында туып, сол дәуірдің ыстығына күйіп, суығына тоңған адам.

2. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ БҰРЫН ДА, КЕЙІН ДЕ КӨП АУЫЗҒА ІЛІНГЕН АҚЫН. ОСЫНЫҢ СЕБЕБІ НЕ?

Шортанбай – өз заманындағы әлеумет өмірін жете білген, кем-кетігін сынай отырып, көргенін қаз-қалпында айнаға түсірген шебер ақын.

XIX ғасырдың екінші жартысына қарай феодализмнің іргесі ыдырап, ауыл «бүтіндігі» қожырай бастайды, Россияда 1861 жылы болған өзгерістің лебі Сарыарқаға да тиеді. 1868 жылы «Жаңа заң» шығып, қазақ елін билеу саясаты өзгереді. Бұрынғы хан, төрелердің беделі кеміп, қазақтың өз ішінен шыққан байлар, жуандар қатарға енеді. Сарыарқаға сауда-саттық жайылады, мал-мүлік базарға түседі, жәрмеңке ашылады, базар нарқын ақша билейді. Қысқасын айтқанда, капитализм элементтері, сауда капиталының нышандары өміріне кіре бастайды. Міне, осы «жаңа заң» тұсында ел билеген болыс, ауылнайлардың атағы зораяды. Кешегі феодализм дәуірінің дәмін татқан Шортанбай қысылшаң жағдайға душар болып, «өлі араға» кезігеді. Жаңаны танымайды, өткенді қия алмай күңіренеді.

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондағы зорлар қор болды...
Қайыры жоқ бай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты,—

деп, ауыл ішіне жаңа кірген айырбас – сауданы шеней суреттейді. Патша үкіметінің отарлау саясатын ауылға ала келген «жаңа заңның» ұлықтарын көреді, «үріп ішіп-шайқап төгіп» отырған берекенің шайқалуын солардан деп біледі. Капитализм қарым-қатынасы кіріп, жұрттың бәрі ақшаға табынғанын, феодалдық-патриархалдық заманның тозғанын аңғарады да қынжылады. Ауылдың ішіне «іріткі» түсіп, жұрттың саудаға жұмыла кіргенін байқап қамығады. Баяғы феодализм заманындағы «бірлік» ыдырай бастайды, ру дәнекерімен біріккен ескі заманның арқауы сөгіледі, ауыл ішіне жік түседі, жаңа дәстүр кіреді. Әркім кәсіп істеп, өз күнін көруге тырысады.

Елге егін жайылды,
Байға қоңсы жоламас;

Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді,—

деп, кедей мен байдың арасы алшақтай бастағанын ақын көре білді.

Байлардың кедейді қалай қанайтынын, аяусыз эксплуатация жасайтын жауыздығын ашып та ашынып айтады. Кедейдің титықтағанын көреді. Қанаушы таптың қомағайлығын жақсы біледі де:

Жарлының жаны берік екен,
Жыл-он екі ай қой бағып,
Жалғыз тоқты алады,
Тоқты берсе, ісек деп,
Құнан шығар тұсақ деп,
Саулық берсе, егіз деп,
Қыстан шыққан семіз деп,—

жырлап, жарлыға жаны ашып күйзеледі ақын.

Кедейдің сол кезде көрген жапасын көз алдына келтіреді. Жеңгетай тілмәш, делдал, сәудагерлердің де сазайын тартқызады.

Кедей кайтіп күн көрер?—
Жаз жатақта жатқаны,
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады,
Оны-мұны жиганын
Шығын деп тілмәш алады,
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды,
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды.
Кедейге салып шығынды,
Негізі байдың тояды,—

дейді Шортанбай («Бала зарында», 13-бетте).

Байлардың ауылдағы тиынағын – жаңа дәуірдің жендеттерін:

Болосной, би, ауылнай
Сырттан қарап шолып тұр,
Бір ауыз оғат сөйлесең,
Алдыңнан тұзақ құрып тұр.
Елу басы, он басы,
Ол — шайтанның жолдасы,—

деп, шенеп өтеді де, байлардың оңаза кылығын, бұқараны қалай талап жатқанын да аша түседі.

Байлар ұрлық қылады,
Мал көзіне көрінбей,
Байлап жейді нараны
Сақтап қойған сүріндей,
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріңдей...

дейді.

Ақ патшаны да, сол патшалы Россияның отарлау саясатын жүргізіп, бұқараны қанап жатқан «жаңа заңның» ұлықтарын жандарал, майыр, князь, тілмәш – бәрін де көзінен тізеді, солардың жемтіктесі – би, болыс, ауылнайларды да – бәрін де Шортанбай көзінен тізіп әшкерелейді.

Патша жұртын қанады,
Байлар жөргем санады,
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды сыйларың.
Князьді көрдің піріндей,
Тілмәшті көрдің жеңгендей.—

дейді.

Осының бәрін зәрлі сықақпен суреттей келіп, өмірдің өзгергенін де Шортанбай түсінеді:

Ұлық киді дүрия,
Ұстараның жүзіндей,
Аударылған дүния...
Қызың киді бикасап...—

деп толғанады. Осы арада өткен дәуренін сағынып, іші удай ашиды.

Адамның пиғылы өзгергенін, капитализм дәуірінің талай «құбыжықты» өзімен бірге ала келгенін, феодализмнің жыршысы Шортанбай өз табының мұнарасынан қарап, әралуан өмір шындығын анық айтып береді. Қожа-молданы да ол аямайды.

Қожа-молда көбейіп,
Отырғаны шөмейіп,

дейді. Оларды да келемеждейді, жек көреді.

Байын да, чиновнигін де, қожа-молдасын да аямай сынайды. Сондықтан да оның аты халық арасына көп тарайды. Оның өлендерінен әркім өз керегін алады.

Біздің академияның кітапханасында «Шортанбай ақынның шығармасы» деген 70 бет қолжазба бар, № 780.

1941–1949 жылдарда жиналған екен. Сонда «Зар заманның» бірнеше жүйесі тізілген.

Шортанбай мен Шөженің, Шортанбай мен Орынбай ақынның айтыстары бар. Баспаға басылған «Бала зары» — бар; академик Радлов жинаған «Түрік ұлыстарының әдебиет нұсқалары» деген кітабының үшінші томында 714–737 беттерінде «Зар заман», «Заман ақыр» бар, бұларды Радлов жұрт аузынан жинап, 1870 жылы бастырған. 1883 жылы Ташкентте басылған Лютштің «Қырғыз хрестоматиясы» атты кітабының 225–249 беттерінде «Зар заман» бар.

Бір көңіл аударатын нәрсе, 1870 жылы академик В. В. Радлов «Зар заман», «Ақыр заман» өлендерін Семей, Сергиополь (Аягөз), Қапал, Верный (Алматы) төңірегінен, Бұқтырма өзенінің бойынан жинаған, ал Лютште «Қырғыз хрестоматиясын» 1883 жылы ел аузынан жинап шығарған, бірақ Лютш бұл әңгімелерінің бәрін Әулиеата (Жамбыл), Түркістан, Ақмешіт (Қызылорда) қазақтарының аузынан жинадым дейді. Радловтың «Зар заманы» да, Лютштің «Зар заманы» да, мына қолжазба «Зар заман» да – бәрі де бірімен бірі сабақтас. Жалғыз-ақ Лютштің «Зар заманы» Шортанбайдың «Бала зарының» сөзімен басталады да, артынан мына қолжазба «Зар заманы» болып жүре береді. Радловтың «Зар заманында»:

Жандарал балды ұлығың,
Майыр болды сыйлығың,
Арылмастай дерт болды,

Нашарға қылған зорлығың,
Князьді көрдің піріндей,
Тіlmәшті көрдің биіндей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты тұр көріндей
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей,
Билер пара жейді екен,
Сақтап қойған сүріндей,
Заманның түрі бұзылды,
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық
Жарадан аққан іріндей...

(Радлов— 1870 жылы, 722-беттер) десе, Лютштің Зар заманында»:

Генерал болды ұлығың,
Майыр болды сыйлығың,
Князьді көрдің піріндей,
Тіlmәшті көрдің бегіндей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абақты көрдің көріндей.
Байларың ұрлық қылады,
Сан қарасы көрінбей,
билерің пара шайнайды
Сақтаған сары сүріндей.
Заманың, тәңрі, бұзылды,
Текеметтің түріндей,
Ойлағаны жамандық
Жауырдан аққан іріндей..

дейді (Лютш, 240-241 беттерде).

Шортанбайдың халық арасына кең жайылғаны көрініп-ақ тұр, қазір 3500 жолдай Шортанбай өлеңі жиналған, бірақ бұл ақын өлеңдері әлі түгел емес, өйткені осы күнгі Қарағанды, Қарқаралы-Ақмола төңірегіндегі қазақтардың Шортанбай сөзі деп айтып жүрген өлеңдері мұнда жоқ.

Мысалы:

Бай да өлген, батыр да өлген, патша да өлген,
Өлмей тірі қалған жоқ ажал келген,
Ұжмақтың кілтін ашып көрген жан жоқ,
Дүниенің ең қызығы—тірі жүрген,—

деген өлеңді Шортанбай көптен көріспей жүріп, кездескен досы Жанғұттыға айтқан екен деседі. Ел аузында осы тәрізді басқа өлеңдері де, сөздері де болу керек. 40–30 жыл сөз додасына түсіп, қиыстырып өлең айтқан, жұртқа көп тараған ақын Шортанбайдың мұрасы аз болуы мүмкін емес.

«Бала зары» 1888 жылы Қазанда басылды, содан кейін төрт рет қайталанады. Ендеше, сол Қазан мен Уфа төңірегінде бұл кісінің қолжазбалары жоқ деу де қиын. Осының бәрін іздестіріп жинақтау керек. Ленинград архивінде де бар шығар, өйткені сол кезде Қазанда басылған Шортанбайдың «Бала зарына» Санкт-Петербург цензурасы ұлықсат берді» – деп, кітапша сыртында көрсетіп қойған екен.

Қазақ поэзиясының тілін де, түрін де, мазмұнын да мүлде жаңартқан, өлең сөзі, «сөз патшасы» дәрежесіне дейін көтерген, «іші алтын, сырты күміс сөз сарасын» жасаған Абай. Шортанбай, Дулат, Бұқарлардың ескі жыр үлгісіндегі өлеңдерінің поэзиялық дәрежесі төмен екенін танытады.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлені бірі жамау, бірі құрау,
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!—

деп кіжінеді. Шортанбайлар поэзиясы ескінің соңы еді. Абай – жаңа поэзияның басы еді. Жаңа поэзия биігінен қараған Абай сыны дұрыс-ақ. Екінші жағынан Абайдан бұрынғы және Абайға жете жыршылар мен кітаби ақындар көп еді. Солардың ішінен осы үшеуін Абай айырықша бөліп алып сынағанының өзі тегін емес. Мұның мәнісі – ескі қазақ поэзиясын жасаушылардың ішіндегі ең құлжалары осылар, осы Бұқар, Дулат, Шортанбайлар деген сөз. Абай ауызға алуға жарағанның өзі, Абай сынауға татитын болудың өзі осал еместікті көрсетеді. Абай жілігі татымайтындарды сынамайды, ол түгілі, татымсыздарды ауызға да алмайды. Абайдың әділ сынына ұшы-

раған үш ақын – жілігі татитын ақындар екені даусыз.

Қазақ елінің көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы шығарған «Қырғыз хрестоматиясы» атты кітабында «Зар заманды» былай қойып, Радлов жинағындағы «Ақыр заманды» пайдаланған.

Діни сөз, еңіреп жылау «Ақыр заманда» көп қой. Елді прогреске сүйреген, ағартушы Ыбырай «Ақыр заманда» кездесетін «кәләм-сәлемдерді» алмайды. Мысалы Радлов:

Заман ақырдың хандары
Қасындағы сұлтандары,
Тақ үстінде жұртын
Тұтып тұрғандары
Жарлыдан алып байларға
Ақыл қылса керек-ті,-

(В. В. Радлов — 1870 ж. 728-бет.)

десе, Алтынсарин:

Азған елдің хандары
Тақ үстінде отырғандары,
Жарлыдан алып байларға
Сыйлар берсе керек-ті,—

(Ы. Алтынсарин — 1879 ж. 54-бет.)

дейді. Радлов:

Заман ақырдың қожасы —
Қайырылып келер есікке,
Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар есікке.
Бала-шағасын бастырып,
Төрге шығып отырып,
Дұға қылса керек-ті.

(Радлов. 728-бет.)

Алтынсарин:

Азған елдің қожасы
Қыдырып келер есікке.
Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар тесікке
Балаларын бастырып
Қатындарын састырып,
Төрге қарай ұмтылып,

Тамақ үшін қылқынып,
Дұға қылса керек-ті,—

дейді.

Әрі қарай Шортанбайдың «Ақыр заманында» (Радловтың нұсқасы бойынша) «Заман ақырдың» молдасы, билері, байлары. сыналады. (728—729 беттерде), ал Ыбырай Алтынсарин сол жерлерін алып, өз хрестоматиясына кіргізеді, бірақ бұл кісі «Заман ақыр» деген сөздің орнына «Азған елдің молдасы, азған елдің билері, байлары» деп өзгертеді (Ы. Алтынсарин. 55, 56, 57, 58 бет- тер).

Өзімен идеялас, бағыттас, тұрғылас ақындардан Шортанбай әлдеқайда жоғары өрлейді, әлеумет ішінде болған кем-кетіктерді батыл сынайды. Сондықтан ол сахараға көп жайылды, ауыздан-ауызға көшіп тарап кетті.

БҰРЫН КӨП БОЛЫП ЕЛ АУЗЫНА ІЛІНГЕН ШОРТАНБАЙДЫ, СОНАУ ФЕОДАЛИЗМ АҚЫНЫН, ЕНДІ БІЗ НЕГЕ СӨЗ ЕТІП ОТЫРМЫЗ?

Біздің заманымызда Шортанбай туралы айтылған пікір оның өз елеңінен әлдеқайда көп. Таласу таусылмай келе жатыр, осының себебі не? Бұл сұраққа тікелей жауап берместен бұрын, Шортанбай жөнінде пікірлерін ортаға салған адамдарды атап өтелік. Шортанбай туралы болсын, жалпы алғанда ескі мұраларды игеру жөнінде болсын, 1940 жылдарға дейін «біріңғай» бетте келдік: өткеннің бәрі «оңбаған, феодализм, мистик; керітартпа» деп ат тонымызды ала қаштық. Ал енді 40-жылдардың басынан бері қарай мына 1947 жылдарға дейін бұрынғы сыңаржақтыққа қарама-қарсы бетке түстік. «Жоқ, бұрынғы пікіріміз теріс екен, бұл ескі ақындар феодализм жыршысы емес, мистик-діндәр да емес, бұларда кері- тартпалық жоқ, халық жырлаған-бұқараның өз ақыны

екен» дестік. Дәліні айтқанда, 1942 жылы белді жазушымыз, белгілі ғалым Сәбит Мұқанов «Қазақтың XVIII – XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында осы соңғы пікірді қолдады. Сонда: «Шортанбай кедейдің ауыр халін жай сыпаттаушы ғана емес, кедейге шын жаны ашитын ақын» – дегенді айтты (124 бет).

1943 жылы «Қазақ әдебиетінің оқу құралында» профессор Қажым Жұмалиев те Шортанбайды феодализм ақыны дей отырып, оның «халықшыл» жағын баса көрсетті. Профессор Е. Ысмайылов та, тағы басқалар да сол бағытта болды.

Ал, бері келе, былайша айтқанда, 1948–50 жылдарда шыққан «Қазақ әдебиетінің оқу құралында» профессор Жұмалиев бұрынғы пікірінен қол үзіп, сын көзімен қарап, дұрыс бағасын берді. «Шортанбай өз дәуірінде көп шындықтардың бетін ашты, кедейлердің ауыр тұрмысын көре білді, бай, болыс, ел билеуші әкімдердің жалпы еңбекші халықты қанап отырғандығын көрсетті. Бірақ осыларға Шортанбай феодал табының көзқарасымен жауап берді» дейді. (1950 жылы бесінші басылымының 207-беті) 1957 жылы «Қазақ әдебиетінің» 12 апрельде шыққан 15 санында «Ана тілі мен әдебиет сабағы туралы» жазған мақаласында жазушы академик Сәбит Мұқанов Шортанбай туралы өз ойын ортаға салғанда, оның екі-жақтылығын атап көрсетті. Сол 1957 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде Т. Нұртазин, Ы. Дүйсенбаев, Ғ. Мұсабаев, С. Нұрышев жолдастар пікір алысты. Әрбіреуі өзінше адал ойларын жариялады. Әрине, бұлардың біріне бірі қайшы келгендері де болды. Мысалы, Мұсабаев «Шортанбай діндәр емес, оның шығармаларындағы дін сөздері: тегі, Қазан молдаларының жамау-жасқауы болар» деп жорамалдаса, Нұртазин «жоқ, бұл мистик-ақырет ақыны» – деп қарсы шықты. Шортанбай туралы пікірін айтқанда, әр автор түгіл, бір автордың да әр кезеңде әртүрлі айтқандары болды. Бірақ бәрін

талдап жатуға уақыт та, орын да жоқ. Сондықтан кейінгі 1957 жылы пікір алысуда аты аталған жолдастардың тірелген ортақ пікірін қысқаша айтып өтелік.

Олардың бәрі де бір ауыздан: Шортанбайды пайдаланайық, ол өз заманының елеулі ақыны, өзінің орнын берелік, оны Абайдан бұрынғы әдебиеттің көрнекті уәкілі етіп, марксше-ленинше сын көзімен қарап, екшеп, қерегін кәдеге асыралық — десті. Біз де осы пікірді жақтаймыз. Алайда, «осы таластардың тууына себеп не?» деген сұрақ тұр, бұған жауап бере кетпей болмайды.

Әрине, феодализм мен капитализм біріне-бірі қайшы тұрған екі формация екені белгілі. Осы екі формацияның тоғысқан кезеңінде өмір сүрген Шортанбайда да қайшылық болуы заңды. Жана келген капитализм элементтерін: сауданың, ақшаның күшін, халықты қанаудың жаңа түрін Шортанбай өзінше түсінді, ақын оның кескінін, отарлау саясатының өкілдерін, парақор чиновниктер мен жебір болыстардың сыйықтарын, кедейлердің көрген зорлығын, капитализм дәуірінде күшейген мұсылман молдаларының да іс-әрекетін анықтап ашты. Өз заманындағы өмірдің шындығын бергенде, тайға таңба басқандай етіп бадырайтып-ақ көрсетті. Міне, Шортанбайдың бізге керекті жері осы. Ал, екінші жағынан қарасақ, Шортанбай өз кезіндегі көзіне түскен кемшіліктерді міней келіп, келемеждеп, сорақылығын анық айтып бере алады да, Шоқан, Ыбырай, Абайларша жоғары көтеріле алмайды. Капитализмнің феодализмнің анағұрлым жоғары формация екенін түсіне алмайды, кейін тартады.

Заман жауға кеткен соң,
Кім үлкенді сыйлайды?
Қыз сыйламас анасын,
Қыз, жігітте әдеп жоқ,
Зақұн айтып қатын тұр
Қойнында жатқа ерине,
Ағаны іні көрмейді,
Атаға бала араз боп...
Сызылып тұрған келін жоқ,

Тергеп тұрған заман жоқ,
Күйерсің де пісерсің
Жанған отқа түсерсің...—
деп назаланып, өткенін көксейді де:
Заман кетті қырымға,
Бұрынғы, шіркін, заманның
Исі де келмес мұрынға,
Биттей нәрсе қалсайшы
Бұрынғыдан ырымға,—

деген өкініш жоқтауға тіреледі. Ескіні үлгі етеді, феодализмді аңсайды. Шортанбайдың бізге ұнамайтын жағы осы. Ендеше, осы таластардың шығуына ақынның өзі айыпты, өйткені бұл Шортанбайдың өз қайшылығы да зор ақын. Шортанбайдың қайшылығы – сол заманғы өмір қайшылығының ақын санасындағы суреті ғой.

4. ШОРТАНБАЙДЫҢ ДІНШІЛДІГІ ТУРАЛЫ

Шортанбай құдайға сенеді, «құдай бір, пайғамбар хақ» деп біледі. Ол мұсылман дінінің қабырғалы молдасы, өйтсе де үнемі молдалық жолын қумай, заманында айтысқа түскен – суырып-салма ақын Шортанбайды өз қалпында көрсету жөн.

Ұлы ұстазымыз Владимир Ильич орыстың кемеңгер жазушысы Л. Н. Толстойды «орыс революциясының айнасы» дегенде, ол революционер деген жоқ, ол шын мағынасында суреткер, өз заманын объективті негізде дәл көрсетті деп бағалады. Плеханов та «Толстоймен бірге отыру қауіпті, ал Толстойсыз өмір сүру көңілсіз» – («С Толстым жить страшно, без Толстого скучно») деп бекер айтпаған болар. Толстойдың дінішілдігін, «жаманшылыққа қарсы шықпа, тағдырға мойынсұну керек» деп інжіл (Евангелия) жолын қуаттап айтқан пікірін Плеханов жақтырмайды, бірақ оның өмірді шебер суреттеп, өз заманында болған әлеуметтік жараның аузын ашып, айқын

көрсеткендігі үшін жақсы көреді. Осы жерде ескерте кетелік, біз ұстазымыз В. И. Лениннің пікірін айтқанда, Шортанбайды Толстоймен қатар қою үшін емес, ой жүйесін тиянақтаудың айғағы есебінде алдық. Шортанбайдың Толстойға үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны мәлім ғой. Жалғыз-ақ айтарымыз, Шортанбайдың қасиеті де шындықты дәл айтуында. Капитализм дәуірін суреттегенде, соның ішінде болған өз қайшылықтарын ашып айтқанда, байлар мен кедейлердің жігі ашылғанын, олардың өштесіп, біріне-бірі рақымсыз бола бастағанын ақын батыл көрсетеді, ендеше бұл жәйт Шортанбай өлеңдеріне ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Шортанбай өлеңінде араб сөздері кездеседі, бірақ жалпы елге таныс сөздерді ғана алады, бұған қарағанда, заты, оның діндәрлығы ескі шағатай тілінде жазыған, ел арасына көп таралған «Бақырған, Хикмет, Дақайық, Мұхамедиялар» көлемінен аса алмайтын сияқты. Солардың әсерін қазақ әдебиетіне ала келген кісі болар.

5. ШОРТАНБАЙ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Біріншіден: Шортанбай ақынның бұрынғы фольклор дәстүрінен недәуір алға кеткендігін көреміз. Өйткені Шортанбай өлеңінің варианты біреу-ақ. Екіншіден:

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол ақынның білімсіз бейшарасы,—

деп Абай айтқандай, Шортанбай сөзін ескі ақындарша бастамайды. Айтатын пікірін тура айтады. Бұрынғы ақындар төрт жолды өлең айтса да, шұбыртып жырлай жөнелсе де айтайын деген ойына тікелей қатысы жоқ, басы артық сөздерді көп қыстыратын:

Тесіп алып, ендеше, тесіп алып,
Жылқы айдамай қайыңнан кесіп алып,
Аулың алыс кеткенде, беу қарағым,
Мен құрбыңды жүргейсің есіңе алып,—

дейтін еді. Осында айтайын деген пікірі соңғы екі жолда тұр, ал бастапқы екі жол ақынның басында бұрын қалыптасқан ұйқастар.

Ал жырлардың басында да:

Бәленше сонда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді,
Асу да асу бел дейді,
Аса бір соқан жел дейді...—

деп шұбырта жөнеліп, өз ойын артынан ағытатын жыр дәстүрінен де Шортанбайдың озат тұрғандығы байқалады. Шортанбай көлденең сөздерді азайтып, тура өзінің нақтылы пікірін кесіп айтатын ақын.

Ескі фольклордан көркем әдебиетке, немесе тарихи әдебиетке таянған, бірақ ескі фольклор салтынан ат құйрығын мүлде кесіспеген ақынға енді өлең кестесінде мегізінен, бұрынғы он бір буынды өлең мен 7–8 буынды жыр түрі ғана бар, басқа түр жоқ тәрізді.

Біздің ойымызша, Шортанбай ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасында жатқан көпір. Бұрынғы көлденең сөздерден арылып, әлеумет мұңын жырлағанда айтатын сөзін сұйылтпай дәл айтқан, ойын бірсыдырғы көркем бере білген ақын. Метафораның ұлғайған түрін қолданып суреттейді:

Белгісі деген бейіштің
Жазғы бір салқын самалды,
Тарлығы деген тамұқтың
Қысқы суық амалды...
Алақандай ай мен күн
Ғаламның ортақ жарығы.
Ағаш көркі жапырақ,
Адам көркі шүберек,
Шынарға біткен мақтадай.
Шырайлы болса алғаның,—

дейді.

Шортанбайдың осы өлеңінде артық сөз жоқ. Көздеген ойын табиғат құбылысы арқылы, теңестіру, халық шешендігі арқылы жеткізіп отыр.

Көпке тентек–аз қисық
Қамшыменен ій болар.
Ер басына күн туса,
Бұта түбі үй болар.
Жан жоламас жатқанға
Жүргенге жөргем ілінер,—

дейді. Ақындық тілді, афоризмді қолданады.

Қалықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай,
Қиядан құзға түсе алмай...—

деп келеді Шортанбай. Ұластырылған эпитет, метафора мен параллелизм осы арада әдемі үйлескен. Осы тәрізді әдемі сөздің кестесі – айтайын деген ойын оқырмандарына дәл жеткізуде Шортанбайдың өзінен бұрынғылардан шеберірек ақын екендігін дәлелдейді. Сонсоң осы күні ақын Сәбит Мұқановтың ел аузында жүрген бір ауыз өлеңін де ескерген жөн болар. Ол:

Шерлі туған Шортанбай,
Қайрандаған шортандай,
Замана жүгін арқалап
Шірене сүйреп тарта алмай,—

дейді.

Әдебиет тарихын сөз еткенде, ауызша да, баспаша да халыққа көп тараған Шортанбай жөнінде үндемей өтуге болмас. Сондықтан маркстіл-лениншіл сын көзімен қарап, ғылыми тексеру, Шортанбайдың өз орнын беру қажет дейміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Шортанбай феодализм мен капитализмнің түйіскен дәуірінде туып өскен ақын. Өз заманында капитализмді ол түсінген жоқ, патшаның отарлау саясатына қарсы ақын.
2. Шортанбай діншіл — үлкен молда және айтысқа да түскен суырып-салма ақын.

3. Шортанбай халық арасына кен жайылған ақын, өйткені өзі дұрыс бағыт сілтей алмаса да, көп нәрсеге керітартпалық тұрғысынан қараса да, ол өз заманындағы әлеуметтік мәні бар зор мәселелерді қозғаған ақын.

4. Қазақ өлеңін бұрынғы көлденең сөздерден-құтқарып, ауыз әдебиетін жазба әдебиетке қарай жетектеген ақын.

5. Шортанбай капитализм заманында болған ішкі қайшылықтарды көрсете білген, бірақ феодализм оның алғашқы аттанатын бекеті, сүйікті мекені.

6. Шортанбай шығармаларының тіл жағынан мәні зор.

7. Шортанбайдың мұрасы түгел жиналып, сұрыпталып, зерттеліп, аршылу керек.

АҚЫНДАРДЫҢ АҚЫНЫ ӘЛ МҮТӘНӘББИ

Тарихты сөз еткенде, Адам ата, Хау анадан қозғаудың қажеті жоқ; ол тарих емес, бағы заман аңыздары. Біз ақиқат өмірдің ғылыми тарихының шарлауынан өз соқпағымызды табайық.

Бізге мәлім нәрсе, үстіміздегі жыл санауымыздан алты жүз жыл бұрын фарсы елінде Кир патша болыпты, талай жерді шауып алып, талай елді зар еңіретіпті. Бұдан екі жүз елу жыл кейін Іскендір Зұлқарнайын (Қос мүйізді Іскендір – Александр Македонский) дулығасын басына осырта киіп, Бунефалды астына мініп, біраз елдің төбесіне төніп, әңгіртаяқ ойнатыпты, Іскендірдің артын-ала тарих бетіне Рим мемлекеті шығыпты. Енді үстіміздегі жыл санауымыздан 632 жыл өтіп, Мұхаммет өлген соң, араб елі күшейіп шабуылға шығыпты, бұл ел 712 жылға дейін толlassыз соғысып, осы 80 жыл ішінде бұрынғы болған Фарсы, Іскендір, Рим мемлекеттерінен әлдеқайда озып кетіпті. Тарихшылар осылай дейді.

Араб елі өзінен бұрынғы елдерде болған жазуларды аударып, рухани мәдениетті күшейтуге кірісіпті. Бағы дүниедегі философ ғалымдардың, тарихшылардың айтқандарын өз мүлкі етіп алады. Сократ, Диоген, Демосфен, Геродот, Платон, Эсхил, Софокл, Еврипид, Аристотель, Бейдауа («Кәлилә мен Димнаның авторы) сынды даналардың шығармалары дүние жүзіне араб тілі арқылы тараған деседі.

Араб тілінде сөйлеген атақты ғалымдарды санамай-ақ, атышулы ақындарына соға кеткеніміз жөн болар. Мысалы, Ақтал ақын (640–710), Джарир (653–733), Фарздақ (641–732), эл Кумейт ибн Зейдал Асади (679–734), Абу Нувас эл Хасан ибн Хани (762–813) тәрізді кесек ақындар ертеде болса керек. Беріректе оныншы ғасырдың жүйріктері: Абут Тайиби эл Мүтәнәбби, Аннами Әбул Әлә эл Мағарри, Ибн Джинни тағы басқалары лек-легімен шықты, бұлардың арасында жалы қыңыры болмайды.

«Өлеңге әркімнің бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы»,—

демекші, жүйріктен жүйрік озып, суырылып шыққан оныншы ғасырдың дүлдүлі эл Мүтәнәбби болатын. Бірақ мұндай дарындылар өз заманында жарық-сәулені аз көреді. Елу жылдық өмірі қуғын-сүргінде өткен эл Мүтәнәббиді сөз етелік.

Ол А. С. Грибоедовпен тағдырлас.

Орыс халқының ардақты ақыны, атышулы драматургі, «Ақыл азабы» («Горе от ума») атты пьесаның авторы, Александр Сергеевич Пушкиннен бес жас үлкен әрі ағасы, әрі досы, – Александр Сергеевич Грибоедов еді. Ол 1825 жылы 14-декабрьде «Сенат алаңында» бұрқ ете түскен декабристер көтерілісіне де қатысқан болатын. Осы көтерілістің басшылары: Пестель, Муравьевтардың жақын досы да – А. С. Грибоедов. Сол үшін солармен бірге Петропавл қорғанына қамалған да – А. С. Грибоедов.

Содан 18 күн қапаста отырып, жездесі генерал Паскевич арқылы босанып шыққан да – А. С. Грибоедов, өйткені Бірінші Николай шаһзада күнінде Паскевич оның әскери командирі болған екен. Кезінде Кавказдың «жарты патшасы» атанған Паскевич туған балдызы А. С. Грибоедовты қамаудан босаттырып, артынша оны Иранға дербес уәкіл еткізіп жіберген-ді. Грибоедов қиыр шетте – Иранда жүріп, Ф. Б. Булгаринге жазған хатының басында әл Мүтәнәббидің бір ауыз өлеңін арабша келтірген болатын сонда: «Шаруль биль аз канала садык» («Шет жерде доссыз тұру көңілсіз-ақ!» – «Как скучно жить без друга!») депті. А. С. Грибоедовтың осы сөзін совет жазушысы Юрий Тынянов өзінің «Уәзір Мұхтардың өлімі» («Смерть Везиря Мухтара») деген романында келтіргенді. Алдыңғы Шығыс елі А. С. Грибоедовты «Уәзір Мұхтар» деп атаған, арабша, фарсыша, ағылшынша, немісше, французша өте терең білген ақын да, драматург та – өзі, оның үстіне ұлы адам ғой ол!

Жоғарыда көрсетілген – ақын Грибоедовтың аузына түскен өлеңнің иесі Әбут Тайииб әл Мүтәнәбби, грек философы Аристотельден кейін дүние жүзінің ұстазы болған, бағы заманғы қазақ елінің ұлы ғалымы Әбунәсір әл Фарабидің (870–950) шәкірті және замандасы да – әл Мүтәнәбби.

Айдай әлемге әйгілі арабтың атақты соқыр ақыны Әбуль-Әлә әл Мағарридың (979–1057) ағасы да, ұстазы да осы әл Мүтәнәбби. «Әл Мүтәнәббидің өлеңіндегі жалғыз ауыз сөзін түзетіп, оның орнына бір әдемі сөз кіргізіп өңдеймін деп ойламаңдар, егер осы сөзіме сенбесендер, байқап көріңдер! Мен де осылай түзеткім келіп, талай жыл талпындым, бірақ бөгде сөзге ауыстырып, оны әсірелеудің мүмкіндігін таба алмадым. Осы айтқанымананбаған жан өзі байқап көрер, сонда сөзімнің дұрыстығын өзі де ұғынар-ау!» – деп оған мүлде табынған ғой әл Мағарри... Әрі қарай тағы бір кезеңде Әбуль Әлә әл Мағарри өзінен бұрынғы ақындардың ойларын зерттегенде:

«Әбу Нувас былай дейді екен; әл Бухтури (819–897) алай деген екен; Әбу Таммам (805–846) осылай айтқан екен» деп отырып, мына әл Мүтәнәббиге келгенде: «ардагер шайырдың айтуынша» («поэт аш-Шаир») деп құрметтеп сөйлейтін болған. (Академик И. Ю. Крачковский, II-том, М., 1956, 66 бет.)

Өз заманындағы үстем өкіметпен ауыз жаласпай, оған қарсы шыққан, сол қылығы үшін зынданға да қамалған, жер ауған, жігерлі ақын – әл Мүтәнәбби; оны әмір Химсаның өктем дәуірі жұбата алмаған, сондықтан ол әмірді жақтайтын жарамсақ топас замандастарын да қатты сөгіп, жер жебіріне жеткізген: «Егер бір адам жұртты әбден таныдым десе, ол тек сырттай байқағанын ғана баяндайды, – дейді әл Мүтәнәбби, – ал мен болсам, олардан әбден жалықтым, өйткені олардың сүйіспеншілігі алдау, нанымы екі жүзділік екенін анық көрдім» – деген ғой. Тағы бір өлеңінде әл Мүтәнәбби: «Осы күнгі адамдар кекешті – нағыз шешен ғалым деп таниды, олардың нағыз білгіші ақымақтың тап өзі, асыл тұқым дейтіндері – үріп жүрген иттер, нағыз көрегендері – соқырлар, мейірімдісі – ұйықтап жатқан суыр, батыр дейтіндері – су жүрек маймыл», – деген екен. (Акад. И. Ю. Крачковский, II том, 77-бет.)

Үстіміздегі заманнан мың жыл бұрын әл Мүтәнәбби: «Бірімізбен біріміз жауласып, көзімізді құртуға тырыспайықшы, өйткені көздеп отырған ойымыздың өресі өте шағын, соншама құрбандық жасауымызға татымайды», – деп ойын түйген-ді.

«Жастық – тек мастық болса, кәрілік – тек қайғы-қасірет болса, онда өмірдің өзі де өлім екен ғой!» – деген де сол әл Мүтәнәбби. Заты, ол – адамның әр дәуірінде өзіне лайық қызығы болады, соны ұға біл, ал түңілудің түбі ажалмен аяқталады деп кесіп айтқан-ау, сірә!

Әл Мүтәнәббидің тұсында Испанияның Севилье қаласында туып (973-жылы өлген) Ибн Хани әл Андалуси өз

отанында 27 жасқа дейін ғана тұрған ақын. Азаттықты көкसेген еркін ойлы өлеңдері үшін Африкаға жер ауған, сонан Мысырдағы (Египет) Фатимидтер тұқымынан шыққан сұлтан әл Мұғиззбен (953–975) жақындасқан екен. Жас ақын ибн Ханидың кенеттен қапыда өлгенін естігенде, әлгі сұлтан әл Мұғизз: «Шіркін-ай, осы адам арқылы Шығыс ақындарының бәрінен де жоғары атаққа ие болатын едік-ау, бірақ тағдыр бізге мұны қимаған екен ғой», – депті. Бір кезде атақты араб тарихшысы ибн Халикан да (1211–1282): «Ерте күнде де, кейінгі заманда да Батыс ақындарының бұған тең келетіні болған жоқ. Олардың арасынан суырылып шыққан жалғыз ақын ибн Хани, ол Шығыс ақындарының ішіндегі әл Мүтәнәббиді еді», – депті.

Ақынды ақын алыстан көреді демекші, біздің терең ойлы А. С. Грибоедов та әл Мүтәнәббиді қиырдан таныған екен!

Адамзаттың ұлы ұстаздары: грек елінің Аристотелі, қазақ елінің Әбунәсір әл Фарабиді, арабтың ұлы ақындары: Абу-Тайииб әл Мүтәнәбби, Әбуль-Әлә әл Мағаррилар, орыс халқының ардагер ақындары Александр Сергеевич Грибоедов, Александр Сергеевич Пушкин, тағы басқалары біздің бүгінгі жастардың күнде үлгі алып үйреніп отыратын ұлы адамдары ғой. Комсомолдың III съезінде данышпан Владимир Ильич Ленин жастарды оқуға, білімге шақырды; сонда коммунизм жөніндегі ұрандарды жаттап алумен ғана тынбау керек екенін ескертті. Ғасырлар бойы адам баласының қолы жеткен табыстарды менгерге білу керек екенін, адамзаттың бар ғылым-білімін білген адам ғана анық коммунист болатынын ашық айтты Ленин. Ескі қоғамның мәдениетіне бәрі де ескі, бәрі де жаман деп қарамай, ескі мұраның жақсысы мен жаманын ажырата білу керек деп үйретті Ленин. Сол ескі мәдени мұрадан жаңа қоғам ісіне, жаңа адамдардың қажетіне жарайтынын іріктеп, сын көзімен талғап ала білуге шақырды ол дана!

Осы бір азғана дерек бүгінгі жастарымыздың керегіне жараса, одан үлкен бақыт жоқ, білгенімізді жеткізу біздің міндетіміз. Артық кеткен, кем соққан жерлерімізді тезге салу сендерге тиген сыбаға болсын!

ӨТКЕН ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ

Сонау 1930 жылдарда Москва университетінің профессоры Никольскийдің «Тап қоғамына дейінгі тарих» («История до классового общества») деген кітабы қазақ тіліне аударылды. Аударған – осы жолдардың иесі. Сол кітапта, ұмытпасам, мынадай деректер бар еді. Біздің заманнан бес жүз жыл бұрын Грекия немесе Эллада елі үш мемлекет шаһарға (полиске) бөлініп, біріне-бірі бағынбай, бытырап дәурен сүреді екен: Афина мемлекет шаһары – демократиялық ел, Спарта мемлекет шаһары – аристократиялы ел, Коринф сауда-саттық шаһары болыпты. Афина қаласын Халық жиналысы билейді. Бұл кездегі Афинаны басқаратын патшасы Перикл екен. Бұл Перикл өзінің мектеп жолдасы, жасынан бірге өскен досы – философ Анаксагорды жер аударған, ал жолдасы философ Сократты отқа өртепті. Ендеше, ол – Афинаның қатыгез де айлакер әкімі болған ғой. Перикл тұсында мына фарсы елінің шаһы Дарий соғыс ашып, Грекияға шабуыл жасапты. Сол заманда Персия империясында теңіз флоты күшті, кемелері көп екен де, Грекияда теңіз флоты әлсіз екен. Грек елін, кеме жасамаса, ол кезде соғыс қуаты күшті фарсы елі жеңбек, шетінен бөксере тиіп, Грекияны тықсырып келе жатқан кезі. Гректің сол дәуірдегі көп құдайларының ең ірілері Делос аралында, ұлы храмның жанында тұрыпты-мыс. Осындай қысылшаң жағдайда Перикл Делосқа барып, храмның ұлы абызымен (жрец) ақылдасады. Құдайдан тіл алып бер, діндар грек елін ағаштан кеме жасататын ет дегенді айтады. Екеуі бір жігітті түнде шақырып алып,

акша береді: «Ешкімге аузыңнан шығарма!» – деп келіседі де, ертеңінде халық храмға намаз оқу үшін жиналардың алдында әлгі жігітке Перикл үш сөз үйретеді: «ағаш, қабырға, сақтану» деген; осы үшеуін созып, даусыңды көмескі шығарып, адамша түсінікті сөйлемей, құдайша міңгірлеп, үздігіп айтарсың, – дейді. Әлгі жігіт жасырын көрші бөлмеде отырады, сол бөлмеге мехраптан (алтарь) шыққан газдың иісі баратын бір саңлау бар екен, ол саңлаудан мына жиналған жұртқа да дыбыс естіледі. Мешіттің абызы мехрапта тұрып, дәріні күйдіреді, содан газ шығып, әлгі саңлау арқылы жігітке жете- ді, осы мезетте ол жігіт иіс тигендей сандырақтайды: «А-а-ғаш»... әлден уақытта «қа-а-быр-ға»... тағы біраздан кейін талмаураған «са-а-қ-та-ну»... деген булыққан үн азар шығады. Халық түгел естиді, бұл сөздерді Перикл жазып алады да ұлы абызды куә есебінде Афинаға ертіп әкетеді. Келе сала Перикл Халық жиналысын ашып сөз сөйлейді. «Грекияның зор құдайынан үн келді, оның жарлығы мынау: «Афиналықтар қорған-пананы ағаш қабырғалардың тасасынан іздесін! – деп тұр, ендеше, ағаштан кеме жасалсын, сонда ғана бас сауғалаймыз!» – депті.

Осыдан кейін діндар ел жұмыла кірісіп, кемелер жасап, екі жылдың ішінде фарсы әскерін Грекиядан қуып шығыпты-мыс, – деп толғайды профессор Никольский.

Үстіміздегі жыл санауымыздан алты ғасыр бұрын Иран елінің (Фарсы) патшасы Кир Алдыңғы Шығысқа әмірін жүргізіпті, сонда ең әуелі Лидия жұртын шауып оның атақты патшасы Крезді тұтқынға алыпты. Сол заманда Крезден бай, одан күшті, одан дана патша, көне шығыста болмапты-мыс. (Дарийдің әкесі Камбиз – Кирдің баласы – С. Т.)

Лидияның патшасы (біздің заманымыздан бұрын 560—546 жылдарда болған.—С. Т.) тұтқын Крезді Кир дарға асуға бұйырыпты. Дарының астында тұрған Крез: «Солон! Солон! Солон!»—деп, үш қайтара ышқына айғайлаған екен. Сонда Кир: «Не сандырақтап тұрсың, Солонның кім?» – деп сұрағанда,

Крез: «Мен дүние жүзінің бәрін жалғыз тарының қауызына сиғызған қаһарлы, ақылды асқан бай патша атандым. Алтын, күміс, лағыл, гауһар тәрізді асыл қазына менің ордамда тірелігі тұрды. Қой бастаған серкедей осылай дәурен сүріп жүргенде, маған Афинаның данышпаны Солон қонаққа келді. Оған дүние-байлығымды алдына жайып, аралатып болдым да: «Жер бетіндегі бақытты адам кім екен?» деп, дөрекілеу сұрақ қойдым. Мен асылық жасадым, дәуде болса, «бақытты Крез» деп айтар-ау деген дәмем болды. Қайран Солон дәмекенімді айтпады, өз даналығын көйітіп: «Бақыт-сағым. Байлық – ұрлық. Билік-қорлық, Мақтан – дарақылық. Өлім – тыным» – деп еді. Бәрі рас екен. Ол мен туралы айтпады-ау деп ойлап ем. Жоқ, ол дәл мен туралы айтқан екен. Данышпан аз сөзбен көп айтыпты. Мен байғұс түсінбепмін. Енді білдім. Кеш білдім. Ол менің бар өмір-баянымды он сөзге сиғызыпты-ау! Сол Солон есіме түсіп кетті», – депті Крез.

Осындай бағы заманғы мәдениеті бар, ежелден белгілі философ ғалымдар шыққан грек (Эллин) елін баяғыда аузына қаратқан фарсы елін ертеде қазақ «қызыл бас» деп атайтын, ол – мына тәжік елімен туыстас, ежелгі сағдилар, согдийцы, согдияне. Иран халқының бір тұқымы тәжік халқының бабалары.

Иран елінің бағы заманғы дінін біздің заманға дейінгі 1000 жылдардан бұрын өмір сүрген Заратустра жасапты. Оны грек жазушылары Зорохстр деп атап кеткен. Еуропа сол дінді «зорохстризм» деп атайды. Заратустра дінінше, жарық дүние мен жақсылық дүниесін жаратушы ұлы құдай – Ағырмазда (Европаша: Егурмазда немесе Ормузд); қараңғылық дүниесі мен жамандық дүниесін жаратушы құдай – Әңгірмайныс (Европаша: Ангро- Майных немесе Аримон). Кейін, VIII—IX ғасырларда ісләм дінін қабылдаған. Бұл екі діннен бұрын отқа табыну діні де фарсыдан шығып, монғол мен қазаққа содан тұрады деген пікірді жақтайтындар да болыпты.

Дарий шаһтың заманы бергі Фараби, Рудаки, Фирдоусилер заманынан 1500 жылдай бұрын. Мәдениеті ерте дамыған елдің ұлы ақыны Фирдоуси 999 жылы «Шаһнаманы» жазып бітірді, ал Сағди Ширази 1208 жылы туса керек. Осы ақындардың бәрі де біздің Фарабидан басқалары фарсы – тәжік – бағы Сағдиядан шыққан алыптар. Біз орысша жазылған тарихи деректерге сүйеніп айтып отырмыз. Түпкі куәміз – тарихшы Геродот.

Кейінгі бір кезеңде Европа елі: «көркем әдебиет тілі – ағылшында, философия тілі – немісте, дипломатия тілі французда» – деп бөлісіп алды. Осылай айтушылардың тиянағы да болды, өйткені XVIII ғасырда ағылшында ақын Уильям Шекспир туды да алдына жан салмады, немістен Гегель, Кант, Фейербах, Маркс, Энгельс сынды философтар шықты.

Жаңа заманда дүние жүзіндегі дипломаттар үлкен конгрестерде, зор мәжілістерде француз тілінде сөйлейтін қағида болды.

Заман ауысып, қазір бұл дәстүрлердің бәрі де күйреді, біз тек өткен кезеңді айтып отырмыз.

Бұрығғы есте жоқ ескі дәуірлерден бері қарай тәжік – фарсы тілін ақындар тілі, тәтті тіл деп атаған-ды. Мұны әуелі XI ғасырда Махмуд Қашғари айтқан. Ол:

Арабтың тілі — тіл,
Фарсының тілі — шекер
Ләбзи араби — ләбіз әст,
Ләбзи фарсы — шәкәр әст,—

депті. Ал XVIII ғасырда фарсы – тәжік ақындарын аспанға көтерген, оны ақындардың ордасы деп атаған Европаның асқан данасы Вольфганг Гете болатын.

Ол – «Бес ғасыр бойына фарсы елі іріктеп, жеті ақынды таңдап шығарды. Солардың ауызға ілінбей қалғандарының өзі де менен артық жатыр», – деген болатын. Заты, Гете, Әбілхасан, Фирдоуси, Омар һаям сияқты әлемге аян өрен жүйріктерді есіне алып отырған болар.

Осы санатқа кірмей қалған Аттар ақын да ошалаң торғай емес, ол бір байға жалданып түйе бағып жүргенде, шахтың сарайын алыстан көріп қызығып, қасида (мадақ өлең) шығарыпты. Ол өлеңді шах естіп, дән риза болады да Аттарды өзінің сарай ақыны етіп алады.

Шах сарайына келген соң, оның ішінде болып жатқан неше-алуан сұрқия-сұмдықты көзі көріп, адал туған шын дарынды ақын Аттар шахтың да сұмырайлығын, сарайының бетімен кеткен бұзықтар мекені екенін айтып, сынап-мінеп өлең шығарыпты.

Бұл өлеңге ашуланған шах Аттарды қайтадан түйеші етіп жіберіпті.

Түйе бағып жүрген Аттар өлеңінің мазмұны мынау еді: «Менің шешемнен туғанда үш жолдасым болды, соның бірі – «қуаныш», екіншісі «бақыт», үшіншісі – «қайғы». Осы төртеуіміз өмірді өрлеп сапарға аттандық, ауылдан шыға бере-ақ «қуаныш» өз бетімен қаңғып кетті, ал «бақыт» деген досым да алыс жолға төзе алмай қалып қойды: дүниеде айнымайтын дос «қайғы» екен, сол ғана үдере тартып, өзімнің қасымда болды, шіркін шын дос деп «қайғыны» айтсаңшы!» – депті.

Міні, бұл Аттар әлгі Гете айтқан жетеудің ішінде болмай-ақ, осал емес екені көрініп-ақ тұр-ау!

Бағы мәдениеттің елшісіндей, тәжіктің классикалық әдебиетіне мұрындық болған Әбілхасан Рудаки айтқан екен:

Қанша бақыт бұлдыр сағым—

Ол жалғанның сырлары?

Бұхара мен Таразының

Тартты мені жырлары,—

депті. Бұған карағанда, өзінің Таразыда да (қазіргі Жамбылда, революциядан бұрынғы Әулиеатада) болғаны анық. Туыстас, достас тәжік-фарсы ақындарын ұлы Абай да өзіне пір тұтты.

Фзули, Шәмси, Сәйкали

Науаи, Сағди, Фирдоуси,

Хожа Хафиз – бұ һәммәси,
Мәдәт бер, иә шағири фәрияд!

деп сыйынды.

Тәжік елінің туындыларын қазақ халқына Шәді төре, Ақылбек, Мұхаметжан Сералин, өз заманында, өз әлдерінше жеткізіп бақты.

Өткен ғасырдың бас кезінде Сағдидің өлеңін аударып, өзінің әйгілі «Бақша сарай фонтаны» атты поэмасына Александр Сергеевич Пушкин эпиграф етіп алды.

Многие, так же как и я,
Посещали сей фонтан, но
Иных уже нет, другие
Странствуют далече,—

деп берді.

Ұстазы Пушкиннің жолын қуып, 1917 жылы қазақтың революционер ақыны Сәкен Сейфуллин де Сағдиді аударды:

Қалтасында біреудің
Жұпары болса сақтаулы,
Жұпарын ол дауыстап
Көрмейді лайық мақтауды.
Мақтамай-ақ әркімге,
Жұпардың өзі-ақ білдірер;
Үндемей-ақ төңірекке
Тәтті иісін жәйіп сіндірер,—

деді. Бұл өлеңді «Шейх Сағдише» деп өзі жазды. Ал «Кәлилә мен Димнаны» Сағдиден мың жыл бұрын Үнді елінде – Қашир өлкесінде тұратын бір брахман санскрит тілінде жазып қалдырған, осы бағы мұраны академик И. Ю. Крачковский 1957 жылы орыс тіліне: «обладающий мудростью не скроет своего совершенства, несмотря на свои усилия утаить его. Это подобно мускусу, который держит в скрытом и запечатанном виде, что не мешает распространяться аромату его...» деп берген-ді.

Сәкен Сағдиден:

«...Ән мен күйге түйе де
Шаттанар, хайуан десек те.

Сезбейтін оны адамды
Салпаң құлақ есек де!

дейтін өлеңді сол 1917 жылы аударып берген.

Сағдидың бұл жолдарының орысша аудармасы мынау.

Ты не видел как в пляс верблюд вступает,
Когда арабской песне он внимает.
Верблюда, зная, в восторг навеп привел..
А тот, кто глух, хуже чем осел!

Сағдидың бұл өлеңі оның «Бустан» («Жеміс бағы») поэмасынан алынып отыр.

Қазақ халқының қалам қайраткерлері туысқан тәжік елінің мәдениетінен ылғи алып та келеді, үгіттеп те бағады. Сонау Шоқан, Ыбырай, Абай, Сәкен, Мұхтар, Лиястардан бастап, бері келе, Әбділда Тәжібаев, Қапан Сатыбалдин, Қуандық Шаңғытбаев тәрізді ақындарымыз фарсы, тәжік поэзиясын қазақ тілінде сайратуда.

Қазір біздің қазақ халқы Әбілқасым Лахутиді, Садриддин Айниді, Мирзо Тұрсын-заданы, Мирсаид Миршакарды, М. Рахимиді, А. Сухайлиді, С. Уәли-заданы, С. Улуғ-заданы, Фатех Ниязиді, Р. Жәмиді, тағы басқаларды машық біледі. «Алаған қолым береген» демекші, біздің ұлылы-кішілі табыстарымыздан тәжік елі де құралақан емес шығар-ау.

Осы арада бір шындықты айта кеткен жөн болар. Әрбір адам өзінің ана тілін сүйеді, соны ерекше құрметтейді, өйткені ол, басқа тілді қанша меңгерсе де, ана тілінен артық біле алмайды ғой. Алайда басқа тілдерді де зерттеп, үйреніп көрдік. Соның ішінде ағылшын, неміс, француз тілдерін де шет пұшпақтап оқыдық. Кейбіреулер итальян тілін музыка тілі деседі. Ал, Тәжікстанға барып, аймағын аралап, тәжік елінің адамдарымен өздерінше сөйлесіп, өлеңдерін тыңдағанда, жүрегімізде сақталғанын баяндалықшы, бұл 1929 жыл еді-ау!

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы
Қиыннан қиыстырар ер данасы;

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы,—

деп Абай айтқандай, тәжіктің әдемі, ырғақты жұмсақ дыбысымен әлдилейтін асыл өлеңдерін сол тұста естігеміз.

Қысыр сөз, құрғақ мақтау ешкімді ұйыта қоймас, фактіге жүгінілік. Алдымызда өткен, өз ойларын бізге мұра етіп тастап кеткен, ұлылы-кішілі ағаларымыздан үлгі-өнеге алып, өзіміз де тәжік-фарсы тілін үйренуге құмарттық. 1928 жылы Ташкенге барып, Орта Азияның мемлекеттік университетінің Иран бөлімшесіне (Иранское отделение) оқуға түсіп, студент атандық. Фарсы-тәжік тілін бізге бірінші курста профессор Михаил Степанович Андреев, екінші курста профессор Александр Александрович Семенов оқытты. «Чанд хикаяти фарси» («Бірнеше фарсы әңгімесі») атты кітапшаны фарсы тілінде жаттадық. Профессор Михаил Степанович Андреев – өзі алпыстан асқан шал, кекештеу сөйлейтін кісі – бізге анда-санда тәжікше-фарсыша, қысқа-қысқа нақылдар, өлеңдер үйретіп отырды.

Бір күні ұстазымыз Андреев сыдырта жөнелді:

Тауана буад, һәрки дана буад,
Зи (аз) даниші діл, пир бәрна буад.

Мұның мәнісі: «Кім дана болса, сол мықты болады, жүрегі даналыққа толғандықтан шал бала болады» – деген сөз екен.

Қазақша өлең тілімен айтқанда:

Дүниедегі ең мықты болар дана.
Нұрлы жүрек дана қарт – ол бір бала.

(Аударған — Жарылғапов Ісләм).

Тағы бір сәтте Михаил Степанович сабақ беріп отырды да, фарсыша бір өлең айтты:

Чи тәдбир, ей мусулманан,
Ки мән худра нәмидонам.

Нә тәрсә, уя яһуди-әм,
Нә гәбрә әм, на мусулман-әм.
Нә шәрки әм, нә ғарби әм,
Нә бәһри-әм, нә бәри-әм,
Нә аз мүлки ираки-әм,
Нә аз хаки Хорасан-әм.

Қазақша мәнісі: «Ей мұсылмандар, айтындаршы, бұл не деген тәртіпсіздік, мен кім екенімді өзім де білмеймін. Мен отқа да табынбаймын, Яһуда да емеспін. Кәпір де, мұсылман да емеспін. Шығыстан да, батыстан да емеспін. Оңтүстіктен де, солтүстіктен де емеспін. Ирак мемлекетінен де емеспін. Хорасан топырағынан да емеспін, ендеше мен кіммін?» – деген екен.

Содан бері қырық төрт жыл өткеннен кейін тек есімізде қалғанын баяндап отырмыз, мүлт кеткен жеріміз болса, оқырманнан кешірім сұраймыз. Қанша білдік дегенмен білетініміз жоқтың қасы, білмейтініміз ұшан- теңіз. Телегей теңіз білімді, терең ойлы философ Сократ: «Я знаю то, что я ничего не знаю!» – «Менің бар білетінім – мен түк білмеймін!» деген сөзді ылғи аузынан тастамайды екен. Бұл кішіпейілділік қана емес, ұлы шындық.

1929 жылы студенттердің біразын тәжік тілін үйреніп қайтуға Тәжікстанға аттандырды – тіл тәжірибесіне жіберді. Соның ішінде мен де бармын. 19 январь күні Бұхар округіне қарайтын Ромитән ауданындағы бағы Шурча қыстағына бардым. Сонда Мағмур Нәбираев деген шалдың «бирунханасында» (қонақ үйінде) бір жарым ай жаттым. Үйдің ортасында «сандал» (еден пеш) бар, үстінде дөңгелек үстел, оның үстінде калың қос көрпе, астында қазылған шұңқыр, оның түбінде шоқ жатады. Келген кісі аяқкімін шешіп тастап, көрпенің астына кіреді. Жып-жылы. Сырткіім шешілмейді, түнде басыңа жастық береді, шалқаңнан түсіп ұйқтайсың, аяғы жылы жерде болған адам тоңбайды екен! Таңертен түрегеліп

бетінді жуу қиын, өйткені босағадағы шелекте тұрған судың беті қабыршақтанған мұз болады.

Мағмурдың кемпірі мен келіні «Дуруханада» (ішкі үйде) тұрады, тамақты екеуімізге кемпір әкеп береді, оның бетінде паранжасы бар.

Осы бір жарым айдың ішінде бір тәжік әйелінің бетін көрсем, көзім ақсын! Ол кезде солай еді, енді, әрине, өзгерді ғой. Бағы Шурча базарына сәрсенбі күні төнрегіміздегі қыстақтардың бәрі жиналады, сөйтіп базар әр қыстақта әр күні өтеді, екінші сәрсенбіге дейін азық-түлікті сол күні ғана жинап аласың.

Бағы Шурчаның ең байы осы Мағмур Нәбираев, оның қырық танап жері, бір аты, үш есегі болды. Қышлақ Шора – мені ауқатты үй деп осында орналастырған-ды.

Менің қызметім Ромитан ауданының ортасындағы «Пахта шіркәтіне» – (Мақта серіктігіне) әр қыстақтан мақта арттырам, мақтаны арбаға тиіп «Мақта серіктігіне» апара жатқан тәжіктердің бармақтарын бастырып қолхат алып қалам, қолхатты тәжікше өзім жазам. Бірте-бірте тәжіктер де маған үйренді, өздері келіп «шуг» (мәтел-ертек) өлеңдер айтып отырды. Сөйтіп, тәжікше жақсы-ақ біліп едім, енді қырық төрт жыл өткенде, тәжірибенің жоқтығынан ұмытып та қалған тәріздімін.

Қыстақ арасына мінуге Мағмур Нәбираев маған бір жүрдек есегін берді. Есек қамшылағанда жүрмейді, қолыңа оқтаудай кәлтәк (келте таяқ) ұстайсың да анда-санда «қық» деп шоктығынан түртіп қойсаң болды, оның аяғы аяғына жұқпайды.

Алыстаған сайын адам сол өмірді сағынатын сияқты. Кейде өткен еске түсіп, мезетте сонау бағы Шурчадағы Мағмур үйіне де барып қайтқым келеді. Тар кезеңде, бала күнімде дәмін татқан, құлағымның құрышын қандырып әңгіме айтқан Мағмур Нәбираевтай қарт атаны сағынғанда, осы еске түседі.

Бүгінде, шау тартқан шағымда, өткен кездің бір көлеңкесін елестетіп, жас ұрпаққа паш еттім, жастық ша-

ғымды көз-алдымнан өткізіп, өзім де бір жасап қалдым. Мені де оқытқан, өсірген – Сәкен айтқан Советстан. Советстанның бел балаларының бірі – мен. Біздің басымыздан кешкен сонау 20 жылдар өмірі бүгінгі жастарға да, келер ұрпаққа да бағы замандай таңсық қой деп жазғаным талшық болуға жараса, еңбегімнің жанғаны. Сәбит ағаша айтсам:

Ескі өмір құрысыншы, құмар емен,
Ескіге емес, алдағы күнге сенем:
Бірақ ескі өмірдің мұңды зарын,
Жаңа өмірге бейнелеп айтып берем.

Екінші бөлім

ТҮЛҒАЛАР

АДАМНЫҢ ЖАН ЖҮЙЕСІН ТЕБІРЕНТКЕН АҚЫН

«Өмірде болуы мүмкін емес нәрсе
ге ұмтылатын адамды сүйем»

*Вольфганг Гете.
(«Фауст», II бөлім).*

Адамзаттың тамыршысы қарт Достоевскийдің туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Осы бір жарым ғасырдың ішінде талай сыннан, талай Сырдан сыңар аяқ өткен Достоевскийді дүние жүзілік әдебиет тарихынан мәңгі өшпейтіндей көреміз.

Орыстың ұлы жазушысы Ф. М. Достоевский туралы М. Горький айтқан екен: «Көркемдік күші – тапқырлығы жағынан Достоевскийдің дарыны тек қана Шекспирмен тең түседі», – депті.

Бұдан әлдеқайда бұрын Виссарион Григорьевич Белинский айтыпты: «Достоевскийдің дарынын кенет ұғынып, тез түсіне қою қиын. Әлі талай таланттар туып, оларды Достоевскийге қарсы қойып, салыстырып та байқармыз, бірақ, сайып келгенде, солардың көбі ескіріп ұмытылатын мезгіліне жеткенде Достоевскийдің даңқы өзінің шырқау шыңына сонда шыққанын көрерміз», – деген екен.

Ұлы сыншымыздың қиырдан болжап, қырағы айтқан осы сөздері бүгін ақталып отыр. Достоевскийдің дарыны өз орнын тауып, дегеніне жетті. Дүние жүзілік әлеуметтен сыбағалы сыйын алды ол!

Рас, оның пікірінде қайшылықтар болды, бірақ олардың бәрі де замана қайшылығынан туған еді. Ол – «шыдамды бол, бағынып келісіп отыр» – деп елге уағаз айтты, бірақ сол кездегі шындыққа өзі бағына да, табына да алмады. Кейбіреулер Достоевскийде екі жақтылық (двойственность) бар деседі. Мұны өзі де мойындаған. Мысалы, «менің басымдағы ең жаман нәрсе сол, мен өте құмартқышпын, күйгелекпін, қай мәселеге киліксем де оның соңғы шегіне жетпей тоқтала алмаймын, өмірімде блғи шектеп шығып отырамын», – дейді Достоевский.

Көреген жазушы Стефан Цвейг өмір бойы Достоевскийге табынған адам, ол екі сөзінің бірінде «бұлай етіп суреттеу тек қана ұлы Шекспир мен Достоевскийдің қолынан келеді», – деп ойын түйетін. Енді бір сөзінде 1928- жылы Максим Горький 60-жасқа толған күні (26 мартта) Стефан Цвейг: «Достоевский де, Толстой да, Тургенев те өздерінің ұлы туындыларында орыс халқының жан-жүйесіндегі молдықты (кеңдіктің), жүрегінің ілгері басып алабұртуын, құмарлана ұмтылуын бізге баяғыда-ақ көрсетіп еді, ал қазір біздің алдымыздан бөгде есік ашылды, ол – тек қана орыстың жан құбылысы емес, түп-түгел орыс адамын әкеліп, анық көрсетті» – дейді.

Россияны дүние жүзіне танытқан патшалары да, қолбасшылары да, айыр көмей шешендері де емес, тек Толстой, Тургенев, Достоевскийлер ғой деп білеміз. Өйткені ұлы дарынның туындыларын бөгей алатын шекара жоқ тәрізді. Сондықтан да баяғы Гомер, Фирдоуси, Данте, Шекспир, Сервантестерді әрбір ел өз даналарындай көретіні даусыз.

Федор Михайлович Достоевский Москвадағы кедейлерді емдеуге арналған «Марийский» атты аурухананың емшісі Михаил Андреевичтің екінші ұлы. Әкесі бері келе ішкілікке салынып, үнемі «қызып» жүретін болған, ал 1839-жылы егін шықпай қалып, бұрынғыдан да жаман ауыртпалыққа ұшыраған Михаил Андреевичті крестьяндары далада өлтіріп кеткен екен.

Жоқтықтың тақсиретін тартқан Федор Михайлович Достоевский үнемі қарызданып-қауғаланып өмір сүрген.

Достоевский 1841 жылы «Мария Стюарт» және «Борис Годунов» атты екі драма жазған. 1843 жылы Бальзактың «Евгений Гранде» деген повесін орысшаға аударған. Ол повесть «Репертуар», «Пантеон» атты журналдың 6 және 7 нөмірлерінде 1844-жылы жарияланғанды. Осы еңбегімен қатар, тап сол жылы Сюдін «Матильдасын», Жорж Сандтың «Последняя Альдини» деген повесін аударған болатын. Әдеби аудармаларға төселіп, талай елдің әдебиетін оқып, таныса келіп, 23 жасында «Бейшаралар» («Бедные люди») атты романын жаза бастаған. Бұл оның тұңғышы, «тырнақ алды» романы. 1845 жылы май айында Н. А. Некрасов пен Д. В. Григорович осы романның қолжазбасын түнде оқиды. «Мен оқыдым, – дейді Д. В. Григорович, – соңғы бетіндегі Девушкин мен Вареньканың қоштасқан жеріне жеткенде өзімді-өзім ұстай алмай, өксіп-өксіп жылай бастадым, білдірмей көзімнің қырын салып қарасам, Некрасовтың да бетінен жасы тарамданып тамшылап тұр екен. Игілі істі кейінге қалдырып сүрсітпелік, кеш болса да (таңғы сағат төрт кезі еді) бүгін барып, оның жетістігімен құттықталық, сонсоң бұл романды қалай, қайда бастыруды дәл бүгін ақылдасалық деп қолқалай бастадым. Некрасовтың өзі де алабұртып асығып отыр екен. Жылдам киіндік те Достоевскийдің үйіне тартып кеттік», – дейді Д. В. Григорович.

Орыс халқының атақты екі сақа жазушысы таң қараңғысында бала жігіт Достоевскийдің пәтеріне келіп, арланбай есігін қағыпты. Бұларға іштен дыбыс беріп, экономкасы: «Мырза жаңа ұйықтап еді» – дегенде, Н. А. Некрасов: «Оят, есігіңді аш, біздің әңгімеміз ұйқыдан көрі артығырақ!» – депті.

Үйге кіріп келіп, Некрасов Достоевскийді құшақтай алып: «Құтты болсын, Россиядан екінші Гоголь бүгін туды ғой, ол – сенсің!» – дегенде:

– Дұрыс, дұрыс, сонда ана қаһар («неистовый») сыншыға көрсетпей-ақ қойыңыз, – деп жалыныпты Федор Михайлович.

«Жо-жок, оған көрсетпейміз» – деп уәде берген Некрасов ертең таңертең-ақ Виссарионның кабинетіне кіріп барып: «Сүйінші, Россияда екінші Гоголь туды, ол міні – Федор Михайлович Достоевский, оның жазған романын – «Бейшараларды» («Бедные люди») саған әкелдік, өзіміз түнде оқып шықтық», – деп Некрасов ендіге сөйлегенде, Виссарион: «Гоголь жүз жылдың ішінде бір-ақ мәртебе туатын тұлға ғой, ал саған салса, ол Россиядан күнде туар еді... Алайда қолжазбаны тастап кет, өзім оқып көрейін», – депті.

Екі-үш күннен кейін Виссарион: «Сөзің рас болды, көптен бері күтіп жүрген екінші Гоголь анық туған екен, сол жас жазушыны шақыртшы, бетпе-бет әңгімелесейін!» – депті.

Некрасов кісі жіберіп, Достоевскийді алып келгенде: «Қайтпас қара болаттай қаһар сыншымың бет-жүзі өрт сөндіргендей тұнжырап отыр, қай жерімнен ала түсер екен деп қатты сескендім, сөйтсем, мені құттықтауға керекті сөздер іздеп, ойға шомған кезіне киілігіппін», – дейді Федор Михайлович өз естелігінде.

Енді Виссарионның Федорға айтқан сондағы сөзін де келтіре кетелік. Достоевский сондағы естігенін былай жазыпты:

«Нені жазып отырғаныңызды сіз өзіңіз ұғасыз ба? – деп даусын көтеріп, бірнеше рет қайталады. Толқып, шын тебіренген кезінде ол үнемі айғайлап жіберетін. Сіз жаза баспайтын анық суреткерсіз, өз сезгеніңізді дәлме-дәл жазып тастауға шамаңыз келген екен, бірақ бізге нұқып көрсетіп отырған, діңкені құртатын осындай ауыр шындықты өзіңіз толғанып түсіне алдыңыз ба? Жиырма жасыңызда мұны түсіну сізге мүмкін емес. Сіздің Ана сорлы чиновнигіңіз (Макар Алексеевичті айтып отыр. С. Т.) өзін-өзі жегідей жеп сондай халге жеткен ғой, әбден титықтап,

жермен жексен болғандықтан ол тіпті өзінің сорлы екенін де біреуге айтып, шағынуды «еркін ойлылық», әбестік, асқандық деп ұғады, бейшара екенін де мойнына алуға әлі келмейді. Ана ізгі адам өзінің генералы, жүз сом бергенде, ол қатты таңырқайды, мүлде далдалы шығып, құрып-суалуға айналады. Өз сөзімен айтсақ: «өз тақсыры емес, өзгелердің тақсыры» мендей жанды осынша аяп-мүсіркеуі неден болды екен? – деп далбастайды ол. Ана бір түйменің үзіліп түскен жерін, генералдың қолын сүйген кезін оқығанда ол сорлыны аяп қана қою аз, бұл барып тұрған маскара ғой, маскара! Генералға сол жерде алғыс айтуының өзі маскара! Бұл трагедия! Сіз уақиғаның тиянақты жеріне жеткізіп, пернесін дәл бастыңыз, негізгі мәселелерді жинап-теріп, жалғыз-ақ ауыз сөзбен көрсеттіңіз. Біздей сыншылар, публицистер үнемі толғай береміз, көп сөзбен түсіндіруге тырысамыз, ал сіз нағыз суреткерсіз, жалғыз сызық арқылы бейнелеп, мәселенің маңызын ашып тастайсыз, қолға ұстатқандай етесіз, тіпті өмірі ойланбайтын оқырмандар да кенеттен бәріне де түсіне қояды. Көркемдіктің сыры да, шеберліктің шыңы да, міне осында! Суреткердің шындық үшін еңбек істеуі де міне осы арада көрінеді! Сізге шындықтың беті ашылған екен, бұл өзі келіп дарыған ғой, ендеше бұл дарынды бағалаңыз, осы жолдан айнымаңыз, сонда ғана ұлы жазушы боласыз!» — дегенде Виссарионның көздері жарқ-жүрқ етіп жалындана сөйледі...

«...Бар өмірімдегі ең қызықты минутым осы болды. Айдауда (Сібірде) жүргенде де осыны ойласам, көңлім көтеріліп, серпіле түсуші едім. Қазірде де ылғи есіме түсірсем, рахаттанып отырам»,¹— депті Ф. М. Достоевский.

Осыдан кейін 10 июнь кезінде Белинскийдің Достоевскийге жазған хаты мынау: «Достоевский, менің жаным (мәңгі өлмейтін жаным) сені сағынып отыр. Біздің үйге

¹ Ф. М. Достоевский. «Дневник писателя», 1877. Январь., гл. II., раздел III.

бүгін келіңізші. Осы хатты тапсырушы адамның өзі алып келеді. Біздің үйді сіз түгел көресіз, үй иесін де жатырмаңыз, сізді көруге оның өзі де ынтық»¹ – деп қол қойыпты В. Белинский.

Енді И. С. Тургенев пен Достоевскийдің кездескенін де айта кетелік:

«Жақын арада ақын Тургенев Парижден қайта оралды... Бір көргеннен-ақ маған жақындығын білдіріп, достаса бастады, осы қылығын маған Белинский түсіндірді: «Ол саған мүлде ғашық», – дегенді айтты. «Шырағым- ау, Тургенев қандай адам десеңші!? Мен де оған ғашық болуға аз-ақ қалдым. Өзі ақын, өзі дарын, ақ сүйек аристократ, өзі сұлу, өзі бай, асқан ақылды әрі білімді, 25 жастағы жігіт екен, табиғаттың одан нені аяп бермей қалғанын мен таба алмадым. Мінез-құлқы мейлінше дарқан, ойын бүкпей айтатын турашыл, асқан әдемі жігіт, бәрі де жақсы мектепте жүріп қалыптасқандай. «Отечественные записки» атты журналда оның «Андрей Колосов» деген повесі жарияланды, сен соны оқып шық. «Андрей Колосов» – оның дәл өзі, әйтсе де өзін дәріптеуді ойламаған ол!»²– дейді Ф. М. Достоевский.

«Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді...» деген қазақ елінің данышпан мақалын бұлжытпай орындаған осылар екен! Мінікі, мені ерте қызықтырған да бұл ұлы жандардың осындай кесек қылықтары еді.

Достоевскийді ақ патша өлім жазасына бұйырғанда, әлгі В. Г. Белинскийдің Гогольге жазған хатын жұрт алдында оқыдың деген айып таққанды. Сол домалақ тұжырым бойынша, томаға-тұйық айдауға кете барған ол.

Белинский тәрізді ұлы данышпанға ұнаған Достоевскийге Тургеневтің ғашық болуы да заңды, өйткені ол кездегі орыс халқының бетке ұстар азаматтары Белинскийге мұқылас бағынғанды.

¹ В. Г. Б е л и н с к и й. Полн. собр. соч. т. XII. М., 1956.

² Өзінің туған ағасы Михаил Михайлович Достоевскийге арнап 1845 жылы, 16 ноябрь күні жазған хатында.

Осы пікірлерімізді дәлелдеу үшін, мына бір айғақты көрелік. 1856-жылы, 16 декабрьде Парижде отырып, И. С. Тургеневтің Л. Н. Толстойға жазған хаты мынау екен. «Сіз жұрттың бәрінен де Чернышевскийді жек көресіз, бірақ осыныңыз да аз-маз көбеңсіген көтеріңкі қылық болар, анығында сізге Чернышевскийдің Белинскийге табынуы жақпайды, көненің көрін ақтарады деп ашуланасыз, сіздің ойыңызша оған тимеуі керек тәрізді, бірақ ойланыңызшы, әңгіме адам туралы болып отыр, ол (Белинский) өмір бойы еңбек істеген, саудагердің¹ малайы болған кісі еді ғой, ол саудагер мұның қолымен от көсейді де тапқан табысын (қалам ақысын) өзі иеленеді (бұған бірнеше қабат өзім куә болдым), сорлы Белинскийге бақытты тіршілік құру немесе тыныш өмір сүру былай тұрсын, ел қатарлы қанағат тұтатын қолайлы тұрмысы да болған жоқ қой, осы күні әлемге аян, бәріміздің де бойтұмар етіп жүрген ойларымызды ол ерте-ақ айтып еді, сол үшін оны лай-батпаққа көміп, тас атқылап, кекетіп-мұқатып, өтірік арыздар жаудырды, осылардың зардабынан өліп құтылады ол, әйтпесе насырға шабатын еді, міні енді осының бәрін көріп-біліп отырып, тіпті өлгенше мадақтап жіберген күнде де сол екі-үш мақаланың жарық көргенін сіз бір ұлы мәртебе деп ұқтыңыз ба? Бір «шіріген жұмыртқа» деп, осыны да көпсіндіңіз бе? Бұл мақалалар жөніндегі менің ойымды білгіңіз келсе, бұдан он жыл кейін кездеселікші, сонда көрейін мен сізді, өзіңіздің жас күніңіздегі бірге қуанып, бірге жыласқан, өзі беттеген әділ пікірдің қуатына ғана сүйеніп өмір сүрген досыңыз туралы мақтан сөйлеуге тиым салса, қандай халде болар едіңіз, соны көрсем екен!.. Бірақ, өткен өміріңізді түгел ақтарғанда да, ондай ұлы адам сіздің тұсыңыздан табыла қояр ма екен?..» – депті. Міні – В. Г. Белинскийдің өз тұсында кім болғанын ұғыну үшін, И. С. Тургеневтің осы сөзі де жеткілікті.

¹ «Отечественные записки» атты журналдың редакторы. А. А. Краевскийді нұсқап отыр. (С. Т.)

Ал Достоевскийдің «Бейшаралары» сонау отызыншы жылдарда қазақ тілінде жарық көрді. Бұған бірінші себепкер Белинскийдің мақтауы еді. Енді екінші себепін айталық. «Бейшаралар» романы әрбір тіршілік тақсыретін тартқандарға және кешегі ақ патша тұсында жазықсыз жапа шеккен ұсақ ұлттың балаларына ұнымауы мүмкін емес: «Өркімге-ақ белгілі, Варенька, сорлы кедей адамның құны ескі-құсқыдан да төмен, ешкімнен ешқашан ол сый-құрмет көре алмайды... онда ешбір қадірлі-қасиетті нәрсе, не бір адамгершілік болмайтын сияктанады...» – деп толғайды ғой сорлы Макар! Осындай ауыр шындықты аузы барып айта алған – тек қана данышпан Достоевский! Бұл толғаныстар кімнің сайсүйегін сырқыратпас!?

Үшінші себеп, қазақ елінен шыққан ардагер ағамыз Шоқан Уәлиханов Достоевскийді қыршын күнінде танып, дос болған-ды. Екеуі бірге түскен суреті Октябрь революциясынан көп бұрын, «Униженные и оскорбленные» атты Достоевский романының бірінші бетінде тұр; өткен күннің айнасындай осы екі тілсіз бейнені көргенде, теңсіз телегей мақтаныш бойымызды еріксіз билеп әкеткен-ді.

Шоқан жиырма жаста. Достоевскийдің 1855-жылы жаздықүні солдат болып Семейде жүргенде, Шоқан ағамыз оған сәлем бере барыпты. Осыдан былай қарай олардың достықтары өмірі үзілмеген екен!

Солдат шинелін еріксіз сүйретіп жүрген ұлы тұлға – Федор Михайловичты қиырдан тануы Шоканның өлшеусіз қырағылығы. Жұпыны киіміне, жүдеу түріне қарап түңілмей, ішіне үңілген ғой ол!

Федор Михайловичтің: «Батыс Сібір мен Қазақстанға орыс офицерлері мен чиновниктерін кім шақырды екен?» – деген сұрағына, Шоқан: «...Дарқан кең-жайқын Татар сахарасында біраз серуендеп байығысы келетін болар... қырғызды (қазақты) тонап, солардың ақшасын әйелдеріне жұмсап, әдемі көйлек-көншек сатып әпергісі келетін шығар»... деп ащы мысқылмен именбей жауап берген екен. Патша чиновниктерінің мінез-құлқын жетік білетін және

мейлінше жек көретін Достоевский «...Сібір қанша суық болса да, чиновниктерге жылы екен-ау!»¹ – деп, Шоқанның пікіріне үн қосады. Досқа дос қаймықпай айтады. Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Ф. М. Достоевскийге жазған бір хатында өзі қызмет істеп жүрген Омбы қаласын ұнатпай, содан кеткісі келгенде, өзінің туған ағасындай көріп, Федрдан ақыл сұрайды. «Омбының өсек-аяңы сонша діңкеме тиеді, осы жерден мүлде безіп кеткім келеді. Бұл қалжыңым емес, шыным, осыған сіз қалай қарайсыз? Ақыл беріңізші, Федор Михайлович, қайтсем тәуір болар екен?» – деп жазады. Дәл сол 1856 жылы Парижде жүрген И. С. Тургенев те жанқияр досы Лев Николаевич Толстойға хат жазған болатын: «Париж бұдан бұрын маған мұндай көрінген емес еді. Бұл калаға тым рахат тұрмыс жараспайды. Мен Парижді басқа бір жағдайда көріп едім, онда маған өте ұнаған болатын...»² – дейді. Иван Сергеевич Тургенев пен Шоқан Уәлиханов – екеуі бірін-бірі көрмей, білмей-ақ сол 1856 жылы екі қала туралы жазған хаттары қандай сабақтасып жатыр десеңізші. Екі халық ардагерлері бірін-бірі осылай алыстап ұғысатын, ұқсасатын тәрізді.

Біздің қазақ акыны Наурызбай Наушабаев:

Қуған да аллалайды, кашқандағы;
Белгілі әр адамның баспалдағы.—

десе, Федор Михайлович Достоевский де: «Қуған да құдайға сиынып қуады, кашқан да аллалап қашады», – дейді. Бұлар бірін-бірі көрген де жоқ, білген де жоқ; ендеше, бірінен-бірі алған да жоқ. Бұл тіл туыстығы емес, ой туыстығы:

Федор Михайловичтің барлық туындыларын түгел

¹ И. Ф. Б а б к о в. «Воспоминание о моей службе в Западной Сибири» СПб, 1912. стр. 49.

² И. С. Т у р г е н е в. Собр. соч. том 12, стр. 233, 1848 жылғы революция кезінде көргенін, сонда Париждің өзіне қатты ұнағанын айтып отыр. (С. Т.)

қамтуға орын тар және жер жүзіне мәлім нәрсені қайталай беру де артық әрекет тәрізді.

Жалғыз-ақ «дүниеде болмайтын нәрсені болдыруға ұмтылған» асқақ жан, алып суреткер Ф. М. Достоевскийдің өз тұсында жазықсыз соққы жеуінің бір себебін көрсеткіміз келеді.

«Баяғыда белгісіз бір солдат соғысып жүргенде, қамауда қалған өзінің патшасын ажал аузынан айырыпты, оған данышпан біреу «өзің қашып құтыл» десе де болмапты, өйткені осы қылығы үшін патшасы артынан алғыс айтар деп есептесе керек; артынан алғыстың орнына, қарғысқа ұшырап, өзі өлім жазасына бұйырылыпты» – деген Рим тарихшысы Плутархтың әңгімесін келтіреді де, көсем де шешен жазушы Стефан Цвейг былай толғайды: «Көбінесе патшалар өздерінің арамза қылықтарына куә болғандарды мейлінше жек көреді, сондықтан жүгенсіз өскен тоғышарлар ақыл бергендерді кешірмейді; өздерінен, бір елі болса да, ақылы артық жандарды көре алмайды, суканы сүймейді¹ – дейді.

Россияның, орыс елінің беделін аспанға көтере білген Достоевскийдей тұлпар тұлғаның алғыс ала алмай, қарғыс алуы, еңбегі еш, жігері құм болуы, заты, осыдан шығар!..

Тіпті мына жазушы атанған бейбақтардың да оны көре алмауы – осы Достоевскийдің мойыны өздерінен анағұрлым асып тұрғандығы болар; өйткені ол: «Әй, осы бір ертекшілер-ай! Жоға, тіпті, пайдалы, жанға жағымды, қызғылықты бірдене жазсайшы, түге, қайдағы жеті қат жер астындағының бәрін қазбалай бергенше!..

Мен болсам, осыларды жазудан тияр ем? Япырай, мұндайды кім көрген: оқисың... еріксіз ойға шомасың, сол- ақ екен, қайдағы-жайдағы бірдеңелер басты қатырады-ай кеп, расында да, осыларға түк жазғызбас едім; тіпті бар

¹ Стефан Цвейг. Избр. произвед. в 2-х томах том 2. ГИХЛ, М., 1957, стр. 238.

ма, мүлдем тиым салар ем» – дегенді де ерте әйгілеп еді ол, Федор Михайлович Достоевский.

Өткеннің өрескел әрекеттері біздің өскелең заманымызға мұра бола алмаса керек, сондықтан өз ағамызды, өз атамызды, үлгілі ұстаздарымызды, бүгін Шоқанша тануымыз қандай ғанибет!

МҰХТАР АҒА ТУРАЛЫ

I

Әңгіме дәл бүгін арамызда жоқ, Мұхтар Омарханұлы Әуезов туралы болсын, естігеннің қоспасы көп қой, біз көргенді ғана айталық. Мұхтар аға 1922 жылдың аяқ шенінде Ташкентке келді. Алғашқы көргеніміз сонда еді. Үстінде қара-көк мауыты пальтосы бар; соған сай қара-көк кепке киген, қайырған қаршығадай дембелше қоңыр жігіт. Қою қара бұйра шашы шашау шығып селдіремейді. Ұйқысы қанбаған кісідей көзі кіртіңкіреп, бет-аузы қасаңғырап көрінеді. Әңгімеге араласқанда тамағын кенеп, жөткіре түседі, тұтыққандай болып кібірткітеп отырады да, бірте-бірте көсіледі. «Жүйріктің делебесі – дуда қызады».

Бетпе-бет сөйлесуге тереземіз тең емес, егде тартқан айдынды ағаны біз анадайдан тыңдадық. Сөйтсек, ол біз көргенде жиырма бес жаста-ақ екен-ау!

Бір күні кешке таман Қазақ ағарту институтында (әуелде Киринпрос, кейін Казинпрос аталған) мәжіліс болды, Мұхтар аға баяндама жасады. Мәжілісті басқарған – сол жылы жасы жетпіске толған, қазақ халқына отыз бес жылдай еңбегін сіңірген атақты ғалым этнограф – Әбубәкір Диваев. Оның ұлты башқұрт еді. Ол жиналысты ашты да сөзді Мұхтарға берді. Мұхтар ағаның баяндамасы фольклорды зерттеу жайында болды. Сонда: «Қырғыз елінің ұлы эпосы «Манасты» бұдан жетпіс-сексен жыл

бұрын қазақтан шыққан әрі ғалым, әрі жазушы, әрі этнограф Шоқан Шыңғыс ұлы Уәлиханов зерттеген болатын, – деп бастады Мұхаң. – «Манасты» ол: «Сахараның Илиадасы», оның жалғасы «Семетейді» Орта Азияның «Одиссеясы» деп атаған. Біздің елдегі батырлар жыры «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғындар», махаббат күйін шерткен лиро-эпостар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпандар» бар, ескі түркі, шағатай тілінде жазылған «Көр ұғлы Сұлтан», «Зарқұм», «Салсалдар» бар, міні – осылардың бәрін де зерттеу керек, халық қазынасының тотып тазартып, асылын аршып алуымыз мақұл», – деп ой түйді ол.

Жас түлек ғалым Мұхтар тыңдаушы азаматтарға көп нәрсені жүктегендей, келелі пікірін алдарына тартты. Зерттеуші ғалым өзінің салмақты бір қырын сол кезде-ақ көрсеткендей болды. Осы мәжілісте қазіргі қырғыз елінің егде азаматы, атышулы ақын жазушысы Аалы Токомбаев та болса керек. Өйткені, соңынан «Шолпан» журналында «Құрманбек батыр» («Қырғыз халық әдебиетінен») деген көлемді мақала шықты. Соның басында: «Ілгергі өткен заманда. Ыстықкөл деген жерде Еламан деген бай болған, һәр түлікке шай болған, алтын, күміс, асыл бұйымдарға жетік болып, жалғыз кемшілігі қырықтан асып, елуге жеткенше баласы болмаған. Елу жасқа толғанда бір еркек балалы болған. Еламан батыр той қылып, елі-жұртын жиып, отыз күн ойын қылып, таң-тамашамен өткізеді. Ат шаптырып, палуан күрестіріп, ер сайыстырып, жырғалды тойды өткізіп, қалың халық балаға Құрманбек деп ат қойды», – деп жазды.

Сонау ілгері заманда Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, беріректе Мұхтар Омарханұлы Өуезов сынды ірі ғалымдардың «Манас» эпосына жете көңіл аударуы тегін емес. Дүние жүзінде талай-талай ірі эпостар болыпты, солардың ішінде Шумер елінің «Гильгамеші», Грекияның «Илиадасы» мен «Одиссеясы», Индияның «Рамаянасы»

мен «Махабхаратасы», Скандинавияның «Үлкен эддасы» мен «Кіші эддасы», түркі елдердегі «Дәдам Қорқыт», «Қорқыт ата», түстік Германияның «Фаусы», өсетіннің «Нартасы» – бәр-бәрінің ішінен қырғыздың «Манас» атты эпосына қапталдасары жоққа тән. Оның үстіне Мұхтар аға өткен елуінші жылдарда «Манас» эпосы осыдан мың бір жүз жыл бұрын қалыптасты деп ашық айтты, бұған қосыламыз, бірақ сол эпоста жырланатын уақиға одан да бұрын болуы ықтимал, өйткені «Шахнамадағы» Иран мен Тұранның соғысы, дәлірек айтқанда, Үрістем мен Аф-росияб ханның соғысы, ақын Фирдоуси заманынан бірне-ше мың жыл бұрын деп осы күнгі ғалым Иосиф Самойлович Брагинский дәлелдеп өткен-ді.

Шоқан мен Мұхтар ағадан соң «Манасты» зерттеген ғалымдарымыз – Әлкей Марғұлан мен Қажым Жұмалиев болды. Қажымды қырғыз елі «манасшыл қайраткер» деп атады.

Мұхтар ағаның аркалаған жүгі – адам айтқысыз ауыр. Ол 1923 жылы «Заман еркесі» атты романына Абай өлеңін эпиграф етіп алған екен:

Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы,
Салқын қуыс өмірі иә қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартайар деп біл балаңды...—

депті.

Ақын Абайды, философ ғалым Абайдың өмір бойы ғылымды көкसेп, сусап өткен, Шығысты да, Батысты да талмай зерттеп көрген, еліне емешесі езіліп, ұлы ақындығын, терең даналығын сыйлаған алып Абайды қыршын күнінде-ақ таныған ғой Мұхтар аға!

Мұхтар ағаның білгенін білу өте қиын, ал тіпті білмейтінін білу одан да ауыр-ау, сірә!

Сол 1923 жылы «Көркемөнер – көркемөнер үшін» дейтін жалған бағытқа бой ұрып, теріс өрістеген Мережковский, Гиппиус ханым тәрізді тіршілік шындығынан қол үзіп адасқан декаденттердің түп тамырын Қазақстан топыра-

ғында ең алғаш тексерген де осы Мұхтар ағамыз болатын.

Айғақсыз айтылған сөз аумалы-төкпелі бола береді ғой, мен бүгін жас күнімде қазақтың екі азаматының ауызба-ауыз сөйлескен әңгімесін келтіре кетейін, олар: Мұхтар мен Әшім болатын.

– Мен Шпенглердің «Европаның сөнуі» («Закат Европы») атты кітабын оқып бітірдім, қызық екен. Әйткенмен пікірлері өте соны, оғаштау да жері бар. Заты, декадент Мережковскийдің «Европа сөніп барады» – деп байбалам салуы, сөйтіп, пайғамбарды күншығыстан іздеуі, ал мына біздегі кейбір ақындардың соған еліктеуі – бәр, бәрінің түп қазығы осы кітап екен, – деді Мұхтар. Сонда Әшім Омаров оған қарап:

– Орыс әдебиеті Мережковскийді «Король цитат» деп атайды. Декаденттер өмір бойы өз беттерінше «ысқырған» да емес, «ысқырмайды» да, үнемі еліктеп-солықтаумен жүреді, бұл бағытты марксизм мәнсұқ етті ғой. Онан да сен мына Бокльді оқы! Бұл кісі тарихшы, жиырма жасында кітапханаға кіріпті, «Бүкіл адамзат цивилизациясы» («Цивилизация всего человечества») кітабын жазбақ болыпты.

Міні, осы 1928 жылы Мұхтардың сол кезде-ақ зерттеуші ғалым, ұстаз екенін түсінетіндей едік. Айта берсек, әңгіме таусылмас та еді, бұл Мұхтарды мақтау емес, мақтаныш ету; көргенді, естігенді жас ұрпаққа жеткізу; бүгін әлемге аты мәлім ұлы Мұхтардың жаңа жарып шығып келе жатқан жас шағындағы жақсы нышандарын ұрпақтарына әйгілеу. Бізден кейінгілер біз көрген-білгенді там-тұмдап біле берсін. «Керек тастың ауырлығы жоқ». Ағалар айтпай кетті демесін өсер ұлан, өнер ұрпақ.

Кейінгі кезде де Мұхтар аға ғылыми зерттеуінен қол үзбеді. «Қазақ ертегісі есте жоқ ескі замандардан бастап беріге шейін болған талай ұзақ дәуірлердің кезеңдерінде туған, өсіп, көбейіп келген мол дүние, – дегенді.

Сонау арғы Үйсін, Қаңлы руларының кезінен санап, Қыпшақ елдігі тұсынан келген көне әңгімелер. Қазақ атты ел құралмастан бұрын, мұсылманшылық кірместен бұрын ескі руларға түгел ортақ болған ертекертер бар. Ол рулар өз уақытында әртүрлі діндердің әсерін көрген...»

«Ескі дәуірлерде дүниеге мәлім болған шабуыл жорықтың бәрі де осы күнгі қазақ жайлаған жерлердің үстінен өткен. Теңіз жолдары ашылғанша Батыс пен Қиыр Шығыс арасындағы сауданың керуен жолы да қазіргі Оңтүстік Қазақстанның көп жерлерін кезіп өтетін болған».¹

Осы үзінділерден де Мұхтар ағаның ғұлама ғалым екені айдан айқын көрініп тұр. Дүниеге мәлім гунның қолбасшысы Атилла жорығы төртінші ғасырда Тайға (Тоғай) арқылы терістік Қазақстан үстінен өткені белгілі; Христофор Колумб кеме жолын ашқанша, ұлы керуен жолы Батыстан Қиыр Шығысқа қарай беттегенде Иранды басып, біздің түстік Қазақстан үстінен өтуі тарихи шындық. Міне, осы жағдайларды мезгеп отыр ол.

Мұхаң қазақ ертегілерін: 1) хайуанат жайындағы ертегілер; 2) шыншыл ертегілер; 3) салт ертегілері;

4) күлдіргі ертегілер; 5) аңыз ертегілер; 6) хиялы ертегілер деп, бірнеше салаға бөлді.

Ертегілер туралы айта келіп, Мұхаң: «Қазақ халқының тарихымен қатар, фольклорын сақтаған адамдар бірнешеу, олар: Қорқыт, Асан қайғы, Жиренше шешен, Алдар Көсе және Қожанәсір» – деп түйді әлгі кітаптың 28-бетінде.

Мұхтар толып жатқан оқулықтардың авторы, өскелең буынның ірі ұстазы болды. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры болып, бірталай буын студент жастарға әдебиет тарихынан дәріс үйретті. Москва мемлекеттік университетінің де профессоры

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, Алматы, 1948, 58-59 беттерін қараңыз. «Ертегілер» атты М. О. Әуезовтің мақаласы.

болып шығыс әдебиеті тарихынан сабақ берді. Мерзімді баспасөз бетінде мәдениет мәселесіне қатысып, мүлт басқан жастарды түзу жолға салып, жөн сілтеп отырды. Қазақ халқының әдебиетін, тілін талмай зерттеп өркендеп өсуіне еңбегін сінірді.

Қазақ халқының тіл қорын байытып, оны бір жүйеге келтіру үшін атсалысып, игілі еңбек етті. Тамаша аудармашы Мұхаң дүние жүзінің терең ойлы, асқар дарынды ұлы суреткерлері Шекспирді, Толстойды, Гогольді, Тургеневті, Чеховты, тағы басқаларын қазақ тілінде сөйлетті. Осы еңбектерін қорыта келіп, аударманың ғылыми теориясын жазып, жастарға өнеге-үлгі тастады.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – Шығыс пен Батыс мәдениетін сарқа білген, түбегейлі зерттеген үлкен ғалым, ұлы дарынды суреткер, сезімтал да жалынды жазушы. Ол он тоғызыншы ғасырдың аяғында туып, жиырмасыншы ғасырдың орта шенінен ауғанша сарылып еңбек жасады. Өзінің туған елін – советтік қазақ елін дүние жүзіне танытқан азаматымыздың бірі, бір де болса бірегейі осы Мұхаң. Сондықтан Совет елі Мұхтардың еңбегін бағалай, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты етті. Ол – филология ғылымының докторы, профессор, академик, екі дүркін лауреат қалам қайраткері – жазушы, драматург, журналист, зерттеуші, үлкен ғалым.

«Бізге Мұхтар Әуезов Шығыстың Шолоховы, ал Қазақстан үшін ол екінші Абай ғой», – деп құрметтеді марқұм Погодин. Рас, Мұхтар өскелең дәуірде туды, дер кезінде келешек үшін игілі еңбегін бұрқырата істеп, еншісіне тиген өз ғасырына сыйлы сыбағасын бере де білді. Осылай болуына оның жас күнінен ілім-біліммен шұғылдануы, бойына туа біткен дарыны себін тигізді.

Баяғыда Карамзин туралы В. Г. Белинский: «... тот не понимает Карамзина и не умеет достойно оценить его подвига, кто думает в нем видеть только преобразователя и обновителя русского языка. Это значит унижать Карамзина, а не хвалить его. Карамзин создал на Руси об-

разованный литературный язык, и создал потому что, Карамзин был первый на Руси образованный литератор», – депті.

Ұлы сыншының осы сөзін біздің Мұхтар жайында да айтуға болар еді.

II

Мұхтар аға отырған жерде мінбеге шығып сөйлеуден қатты қаймығушы едім. Реті келгенде ескерте кетейін, аударма жөнінде 1959 жылы январь айында Алматыда регионалдық мәжіліс өтті. Бір үзіліс кезінде Мұхамет-жанға келіп: «маған сөзді түстен кейін, Мұхтар аға жоқ кезінде берерсің» деп өтіндім. Өйткені: осының алдында Зауыр Манытбеков пен Қасым Тоғұзақов екеуі Лермонтовтың аударылуы жайында сөзге келісіп қалды да, тыңдап отырған Мұхтар Қасымды шенеп тастағанын естідім. Түстен кейін маған сөзді Мұхаң жоқта бергені үшін Мұхаметжан Қаратаевқа осы күнге дейін ырзамын, мүмкін мен де Қасымның кепін киноім кәдік қой...

Ұмытпасам, сол жылы жаздықүні қазақ халқының бұрынғы ән-күй және әдеби мұраларын қайта қарау, сын көзімен игеру жайында Қазақстан Ғылым академиясында арнайы ғылыми конференция болды. Академияның үлкен залында мәжілісті ашып, бірінші сөзді вице-президент академик Сақтаған Бәйішев сөйледі. Аталған мәселенің 16 тақырыбына 16 баяндама жасалды. Бірсыпыра ғалым, жазушы өңкей Сырдан сыңар аяқ өткен дүлділдер өздерінің көкейкесті пікірлерін ортаға салды. Қорыта сөйлейтін академик Мұхтар Омарханұлы еді. Мұхаң ұзақ шолғындай сөйлеп келіп, үш баяндамашыны бөліп алып атады. Олары: Мәшһүр Жүсіп Көпеев еңбегі жөнінде сөйлеген Ісләм Жарылғапов, Дулат ақынның еңбегі туралы айтқан Ханғали Сүйіншәлиев, соңғысы – Шортанбай Қанайұлының өлеңдерін алты ай зерттеген мен болдым. Мұхаң тұрып: «Сәйділ Талжанов шешен баяндамасында Шортанбайдың кемістіктерін баса көрсе-

тудің орнына, қорғаштап сөйледі, оны Шоканның «черный фон» етіп көрсетпеді», – деп мені біраз жерге жеткізіп тастады. Шортанбай, Дулат, Мәшһүрлердің қат-қабат шытыр еңбектері мен көзқарастарының марксше-ленинше әділ бағасын бір күнде бір адам ғана шешіп, кесіп бере алмайтынын біз де білдік, Мұхаң да біледі. Конференция аяғында қонақтарға арналған қонағасы мәжілісінде тағы бірінші сөз сөйлеген Мұхтар аға толқын-толқын ойларын орай-орай айта келіп: «Мен конференцияда негізгі баяндамаларды жасаған он алты баяндамашының он алтысының да денсаулығы үшін дәм аламын!» – деді.

Мұхаңның туған баласындай болып, үйіне күнде барып жүретін Ысқақ Дүйсенбаев арқылы, Мұхаңның қорытынды сөзіне ырзалығымды білдіріп, жасы үлкен ағаға сәлем жолдадым. Ертеңіне, академияда Мұхаң маған қарап: «Сенің ырза екеніңді Ысқақ айтты, сонда қай жеріне ырза боп жүрсің, шырағым?» – деп, сынай, барлай сұрақ қойды. Мен тұрып: – «Сіз менің атымды атап, «шешен баяндамада» деп екі рет қайталап айттыңыз, сол маған жетеді. Егер сіз шешен емес, нағыз оңбаған баяндама десеніз де, мен түк айта алмас едім. Сіз ағасыз, оның үстіне әлемге әйгілі Мұхтар ағасыз ғой... – дедім де ойымды әрі қарай жалғастырып: – Шортанбай ақынның өлеңдерін зерттеу ойымда жоқ еді, оны маған еріксіз тапсырған директорымыз Исмет Кеңесбаев болатын. Бірақ шындықты тапжылтпай тауып айтатын, дәл үстінен түсетін орасан жүйрік тұлға екен, маған ұнаған жері осы, – дегенімде, – мүмкін, солай да болар... – деп бөгде бір әңгімеге ауысып кетті.

Мұхтар ағаның қасында қатар отыра алмасам да, оның жұмсаған жеріне жүгіре жөнелетін едім. «Дүниедегі ең қысқа да, ең ұзақ та уақыт-ау, сірә! Өйткені рахат өмірде өте келте көрінетін уақыт, зарығып күткенде ащы шекше созылады ғой» – депті Франсуа Вольтер.

Уақыт керуені зымырап барады. Жеке адам үшін баянсыз дүниеден сол Мұхтар аға көші де мәңгі тылсымына өтіп кетті. Мұхтар сынды ұлы тұлғаның сыры да, қыры да көп. Ол жайында жазылғаны да, жазылатыны да аз емес. Өнегелі ағаның өмірдегі орны үңірейіп қалды, біз оны сағындық. Сағынғаннан өз ішіме үңіліп, жадымда бардан жалғансыз шыққан жан толғауым еді бұл.

ІЛИЯС АҒА ТУРАЛЫ

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денен».

Абай.

I

Өңгіме ақын туралы. Адам туралы болсын! Кеше ғана үдере көшіп өткен ұзақ сапарда біз неше алуан адамдарды көрдік, солардан ұмытылмас өнеге алдық, жақсы мен жаманды айыра білуге үйрендік, есейіп бүгін ержеттік. Сөзінде опа жоқ жанның өзіне де опа қылмайтынын әбден таныдық.

Адам керуен, өмірі жол,
Ешкімге жат із емес.
Жолмен көшкен керуеннің
Алды-арты да біз емес.

Осыны жазар алдында біраз әуреге түстім. Әркім өзін тәуір көреді және жақсы білем деп топшылайды. Сондықтан өз өмірбаянымды шертсем бе деген толғақ ойыма орала берді. Өткенді еске алып тамсана бердім. Үлгілі қызық нәрсе болмаса, не болса-соны жіпке, қылға тізіп көңірсі беруге, оқырман жастарды жалықтырар деп қаймықтым. Оның үстіне адамның өзін-өзі тануы өте қиын деседі ғой...

Елімнің айтуынша, «өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам», Ендеше, баяғыда ашылған Американы күнде ашып, анау-

мынауды шатпақтағанша, өзімнің көз алдымда өткен, өмірде көрген-түйгенін жеткізе жазып кеткен ардақты ағаларымды сөз еткенім мақұл болар.

«Мен бір жұмбақ адаммын – оны да ойла» деп Абай ата айтқандай, менің көз алдымда өмір сүріп, кейінгі жастар көре алмай қалған сол бір ағалар да жұмбақ жандар. Олардың өнерпаздық сырларын шығармаларынан танитын жас ұрпаққа өмір жолдарынан, зәредей болса да, дерек қалдырғым келеді. Көргендер айтпаса, жазбаса, көрмегендерге таптырмайтын деректер...

II

Хикаяны Ілияс Жансүгіровтай асыл да, ақын да ағадан бастайын. Ол кісі 1932-34 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы президиумының төрағасы еді. Ол кезеңде біздің Одақта машина түгіл, жегулі ат та болмайтын. Ұзын бойлы, алпамсадай нар денелі, өзі мейлінше кішіпейіл адам екен. Мен Халық ағарту комиссариатында (Наркомпроста) Сейтақанның (Сейтқали Меңдешевтің) қол астында қызмет етуші едім. Мені көргенде, Ілияс аға күлімсіреп: «Өзіңнің тілің шолақ қой, заты, Сұлтанбектің інісі емессің бе» – деп сұрады. Мен Сұлтанбектен аттонымды ала қаштым. Сол күн кешке таман мені үйіне жаяу алып барды, ағаның үйіндегі шай сатусыз ғой. Осының алдында Мұхтар аға Зоя Сергеевна Қедринамен бірігіп Ілиястың «Дала» атты поэмасын аударған болатын, ал мен Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл атын» аударып, оны орысша редакциялап, өңдеп, өлең етіп жазған ақын Михаил Баталов еді.

Үйінде отырып, Ілекең маған: «Күйді» аударып берші», – деді. Үлкен кісінің тілек аралас бұйрықтай, бұйрық аралас тілектей, бұл бір ұсынысы мен үшін тым ауыр еді. Соны тіке айтуға бата алмадым. Айдыны зор ақынның мысы басты ма, әлде әке сыйлап, аға сыйлап өскендігіме бақтым ба – әйтеуір жауабымды келте қайыра алмай,

мәймөңкелеп мінгірледім. – «Ілияс аға, қуана-қуана істер едім. Әттен, қолымнан келмейді ғой, Өзіңіз білесіз, орыс халқында Байронды аударатын адам Гетені аударуға баспайды ғой. Бұл екеуінің сөз саптауы да, ойларының кестесі де басқа-басқа ғой. Сәкен шығармаларын орысшаласам, ол кісі ауылдас адам болғандықтан, тілі маған таныстау. Мен Сәкен стиліне аздап төселіп қалдым. Сіздің ақындық тіліңіз де, стиліңіз де өзгеше ғой. Сіздің «Күйіңіз» одан да өзгеше. Мұны аударуға тісім батпайды ғой деп қорқамын. Міні – қараңызшы, Сіз «Күйді»:

Қобызшы — Молқыбай шал Матайдағы,
Матайда Кенже, Түнғат, Сақайдағы,
Қазақта қобызшының қалғаны сол,
Жорға еді маймандаған бақайшағы,—

деп бастайсыз. Осы төрт жолдың ішіндегі аударушыға ең ауыр сөз «бақайшағы» – ойдың кілті де осы жалғыз сөзде тұр. Мен білетін орыс тілінде «палец», «запьясть» деген екі сөз бар, бұлар «бақайшақтағы» ойнақы ырғақты бере алмайтын тәрізді. Сондықтан бұл сөздің баламасын табу үшін біраз уақыт өтеді, ал баспа орны бір жол өлеңге бір-ақ сом төлейді, оның үстіне, Ілеке, «Ақ көбекті», «Көк көбекті», «Боз інгенді», «Қорамжаның» күйін тағы сондай тарихи мәні зор, сыры терең жеке сөздеріңізді орысшаға аудару маған ақыреттің қыл көпірі болмаса...» – деп күмілжідім.

Көмейімді емеурінімнен тани қойған Ілекең – «Одаққа ертең келіп, хатшымен сөйлесіп кетерсің, оның қолында орыс тіліне аударылатын шығармалардың тізімі бар», – деді. Онда Одақтың хатшысы Әуелбек Қоңыратбаев еді. Әрине, ертеңіне Одаққа бардым, шарт жасасып, Сәкеннің «Советстаны» мен «Сыр сандығын» аударуға алып қайттым. Бұдан соң ол ағаның алдында өзімді кінәлі ұқтым да, бетпе-бет сөзге келе алмадым.

Енді бір күні көшеде Ілияс пен Сәнжар Жапарұлы Аспандияров екеуінің әңгімелесіп келе жатқанын көрдім.

Бойлары сұңғақ, иықтары тең екен. Мен сәлемдесіп болып, арттарынан ілесе аяндадым. Мені жан деп қымсынған олар жоқ. Менің екі құлағым соларда. Сонда Сәнжар Ілиясқа қырындай қарап:

– Ілияс, мен жақында бір повесть жазып бітіріп едім, соны саған берейін, өз атыңнан бастырып шығаршы, сен жазушысың ғой, маған ұят болып тұр, – деп аз-кем кідіріңкіреді де, Сәнжар аға үзілген ойын әрі қарай созып, – өйткені, өзіңе белгілі, мен орыс-герман соғысына қатыстым, ол мезгілде әскери дәрігер едім ғой, төл мамандығымның өзі де сол, бері келе совет дәуірінде қазақ елінің тарихын жазып шығардым, қазір жұрттың бәрі мені тарихшы деп таниды, сондықтан көркем шығарма сияқтанған мына бір шағын повеске ие болуым орынсыз тәрізденеді... – дегенде, Ілияс тұрып:

– Сәке, сіз ол шығарманы орысша жаздыңыз ғой, ал мен орысшаға мүлде шорқақпын, сондықтан сіздің елеулі еңбегіңізге, құдай аманаты, қол қою маған да үйлеспейді, – дегенін естіп қалдым. Екеуі Карл Маркс пен Комсомол көшелерінің түйіскен жерінде екі айрылды да қарасын үзіп, екеуі де ұзай берді. Менің көзіме осы ағаларым жапанда жалғыз жортқан екі жампоз атандай елестеді. Сарыарқаның отын оттап, суын сулап жүрген, екі өркеші екі баладай еркін өрістеген атандарды жанымдай жақсы көруші едім. Олар, үдере көшкенде, қанша жүк артсаң да, мойымай ілгері тартатын еді-ау!..

Екеуінің де сондарынан кезек-кезек алақтай қарап, сырттарынан қатты қызығып, аңырып тұрып қалдым. Біріне-бірі өкпелесіп айрылысты ма, жоқ қалтқысыз түсіністі ме – сол сәтте осы арасын біле алмай арманда қалдым...

III

Әр адам көбінесе, өзінің туған жерін, өскен елін есіне түсірмей өте алмайды. Мен де өзім көрген, көз алдымда болған ағаларымды әңгіме етсем, сөкеттігі болмас. Көр-

мегенін де, білмейтінін де топшылай салатын кейбір сыңаржақ әуесқой сыншысымақтардан да кенде емеспіз ғой. Олар туралы Ілиястың өзі де айтып кеткен болатын:

Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,
Сыншыдан сақта, құдай, сортаң тұздай!
Шатасқан шалдуардан жиіркенем.
Елімнің ескісінен сөз айтқызбай,—

деген-ді.

Туған жердің ыстықтығын айтуға келгенде Ілияс алдына жан салмайды. Мысалы, Сарыарқадағы Ереймен тауында Қусақ көлінің жағасында отырып, Сағынай асын суреттейді, сол кезде де өзінің ойын, алған тақырыбын тастай беріп, ол туған жерін, Жетісу өңірін толғай жөнеледі:

Мен өзім тауда туып, тасында өстім,
Жасымнан мұз төсеніп, қарды кештім,
Асқарда Аршалыға қозы жайып,
Бұлттың аспандағы қасында өстім.
Жасымнан жырлап едім тауда талай,
Гималай, Кавказ, Жөңке, Алтай, Алай..,—

деп мақтап, мадақтайды ол! Тегі Жетісуда туған Ілияс жақсыны жатырқамайтын даңғыл ақын, шабарында жер таңдамайтын тұлпар. Көңілден де жүйрік көк дөненге мініп, Парнас тауына құлашын сермейтін самұрық. Ол Арқаны да аянбай жырлайды.

Ілекеңнің «Құлагерді» жазу үшін Ереймен тауына қызығып баруы да тегін емес. Өйткені Ілиястың ағасы Иманжүсіп бұдан әлдеқайда бұрын:

Бүркіт алып басыңа бір шығайын,
Көзіме бір көрінші Ереймен тау,—

деген болатын. Осы сөз есіне түскенде ол Ереймен тауың алыстан аңсап барғандай. Осы ырғақтың бәрі де махаббат күйіне барып паналайды. Шын ақын сүйеге, сүйсінуге елтіп отырады.

Сүйген жүрекке күйкі зат та әдемі боп көрінсе керек. Академик И. Ю. Крачковский Лэйліні кара торы, кескін-

сіз тапал қыз екен деп жеткізеді. Ләйліге ол ақын Мәжнүннің көзімен қарай алмай, ғалымның көзімен қарайды. Джульеттаның сұлулығына да Ромеоның ойы айыпты болар, сірә! Қазақ мақалы «сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» деп осы құбылысты айтады білем. «Қарақшы мен қайыршының ішінен қаһарман шықпайды, оны іздеудің қажеті аз! Қаһарман деген ойдан туған өтірік, өмірде тек адам бар, кәдімгі қарапайым адам, одан өзге түк те жоқ», - дейді Лев Николаевич Толстой.

«Әлемнің күміс қоңырауы» атанған асқақ ойлы философ Толстойдың осы пікірін ақын Илияс Жансүгіров анықтай түседі. Қарашашқа Ұлы жүз Сары Үйсіннің күйші жігіті қызығады, сонда:

Қара қас, қылаң қабақ, кер-кұба қыз,
Қара шаш, алма сағак, құралай көз.
Сырықтай ортадағы сымдай бойы,
Тал шыбық, қыпша белдің өзі нағыз.

Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,
Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.
Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,
Жігіттер, бәріңізде-ақ сұғынарсыз.

Молда айтқан ұшпақтағы хор қызы ма?
Періште, әлде пері, әлде жын ба?
Құлпырып қыздың беті албырайды,
Ұқсаған алтай түлкі жондығына.

Құлкісі тау бұлағы төгілгендей,
Сөйлесе меруерт маржан себілгендей
«Алғандай жерден пішіп»,— деген сұлу,
Көркіне көз тойынып семіргендей...

Қасынан бір моланың жүріп кетсе.
Жыбырлап көрдегіге жан кіргендей...—

деп, аузының дәмін алып, тамсанған күйші елігіп, елтіп кетеді. Жақсы көрген жүректің махаббаты қозған заматта оған қыз осылай көрінуі хақ. Енді осы қызды жек көріп көңілі қайтқан кезде күйшінің көзіне әлгі сұлу басқаша көрінеді:

Қылғынып қызға ұмтылған қызу да жоқ,
Қыз күйік — күй сарынын бұзу да жоқ,
Қасарып алдында отыр сұр мегежін,
Бетінде Қарашаштың қызыл да жоқ.

Шөп желке, шолақ бұрым қотыр-қотыр,
Қыз емес, қарсы алдында албасты отыр.
Жыландай жиырылған кесіртке қыз,
Осыны байқамаған неткен соқыр?
Қыз емес жалмауыз-ау, ауызы қалай,
Кісі емес, айдаһар ма, даусы қалай?—

деп жеркене қарайды, шындықтың шымыр белгісі осы.

Ақын өсіріп айтады, өлшеу оның қолынан келмейді. Тек өмірдегі болмыстың арнасынан шығып кетпеуі шарт. Осы айтқан ойыма Илиястың өзі куә:

Халқымның қуанышты бұлбұлымын,
Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін.
Көтеріп көптің көңілін, күнде шауып,
Жүлде алар жұма сайын туды күнім.
Шат елдің шешенімін, даңғылымын.
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным.
Астанам Алатаудан саңқылдасам,
Жетпей ме жер жүзіне жаңғырығым?—

дегенде, Илияс өтіріктен мүлде аулақ. Қисынын тапқан соң жарасып-ақ тұр.

Илияс аға өлең жазғанда ұйқасын қуып, ойдың желісін бұзатын ақын емес».

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол—ақынның білімсіз бейшарасы...

екенін жақсы ұғады; өзі би, өзі қожа, өзі инженер. Ол алып та жығады, шалып та жығады. Қазақ сөздерінің бәріне де жан бітіреді. Ымы-жымы білінбей ұйқаса кетеді. Мысалы, Арқада болған Сағынай асына халықтың көп жиылғанын айтарда:

Қараөткел келіп жатыр Қарқаралы,
Кереку, Баян, Семей, Торғай бәрі.

Жетісу осында кеп құйып жатыр.
Арқаға аунап шөкті Қаратауы...

Дейміз бе осыларды нені іздеді?
Жын қуды астың етін жегізгелі.
Арқаға аударылды ас дегенге,
Лақылдап Балқаш, Арал теңіздері.

Қысқа қайырған, сегіз жолға «қырық мың жолдық» поэманың сөлін сыйғызған. Әрі қарай осы астың қонағасысын суреттегенде:

Тәтті жал, қазы, қарта мая-мая,
Дамылсыз дастарқанды жүрген жая.
Жігіттер тынымы жоқ табақ тартып,
Болғансып терлеп-тепшіп бая-шая...

Осындай болып жатты ұлы жиын,
Жиынның мыннан бірін айту қиын.
Еті — тау, қымызы — көл деуге болар,
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын,—

дейді Ілияс. Шыңғыстауда Мұхтар суреттеген Бөжей асындағы «ас та төк» қонағасыдан бұл да олқы соқпаған. Сағынай асында бір мың үш жүз ат бәйгіге қосылды десе, кейбіреулер артық кеткен деп мін тағуы кәдік.

Сәкен, Мұхтар, Ілиястар бірдемені жазардан бұрын, оны зерттеп, біліп, егжей-тегжейіне көздері жетіп жазады. Сәкен аға «Көкшетау» поэмасын жазудан көп бұрын Көкшетауға барып бір-екі жыл тексерді, Мұхтар аға «Қилы заманды» жазарында Ілияс екеуі Асы мен Қарқара жайлауларын аралап көп жүрген болатын. «Құлагер» поэмасын жазуға ниеттенгенде, Ілекем де біраз уақытын сарп етіп, Көкшетау, Ереймен тауларын сүзген еді. Егер бармай, білмей жазса, Қараөткелдің оязы Измаилов, Батыраштың аты Көк тұйғын, Айтпақ атының Күрең, Шорманның Сәдуақасының аты кәрі шораяқ Бурыл екенін қайдан білер еді? Ежелден құт дарымаған, жылан жайлаған жыра атанған Жыланды өзегінде дұшпанның айбалтасынан Құлагер каза тапқаннан кейін, әңгімені Ілекем былай шертеді:

Алтайдың қосқан аты асып аруақ,
Көк аты Батыраштың келді заулап.
Даусы баласының азар шығып,
Шырылдап өте шықты «Бегайдарлап!»
Аяғы бұраң қағып бота маймақ,
Айтпақтың күреңі өтті «Төлебайлап»
«Шормандап» кәрі шораяқ Бурыл өтті.
Лап ұрып қозып кетті, жұрт айғайлап!—

деп, делбесі қозады. Олай етпесе, қазақ сахрасының
ақыныболмас еді. Оның үстіне:

Шаңы – бұлт, екпіні – жел, аттар – қаңбақ;
Балалар ұран салып, безді зарлап,
Шапқан ат, салған ұран, күніренді Арқа,
У да-шу, ұлан-аза болды жан-жақ,—

деп, көріп-біліп отырған кісі ғана айта алады.

Өйткені:

Жасымнан жылқы десе, менің жаным,
Атырдым жылқы ішінде өмір таңын.
Жапанда жел жылқының үстінде өстім,
Мекендеп, өмірімде аттың жалын,—

деп, өзінің жылқымен жасынан сырмінез екенін аңғартады.

Айтқанында ауытқу жоқ, үстінен дәл түседі, білетінін
нәшіне келтіріп жеткізеді, бұлтартпайды. Үйде отырып, бал
ашуға бармайды.

Баяғыда ағылшын ақыны Байрон «Абидостағы қалыңдық»
деген бір аңызды естиді. Ол аңызда Абидос шаһарының бір
жігіті өзеннің арғы бетіндегі, ұмытпасам, «Сечта»
монастырында тұрған бір қызға ғашық болады. Жазғытұрым
су тасып, сең жүріп жатқанда әлгі жігіт ғашығына барып
жолығу үшін долысы күшті, түпсіз терең өзенге қойып кетіп,
тұншығып өліпті-мыс. Ақын Байрон осы уақиғаны жазу үшін
бір жылы көктемде сол Абидосқа барыпты. Әңгіменің бастан-
аяқ бәріне қанық, жалғыз-ақ суға кетер алдында сол жігіттің
бір батып, бір шығып, жанталасып жүргенде қандай әуре-
сарсаңға түсетінін, тұншыққанда нендей халде болатынын
білмейді екен. Білмей жазу оған ұят, сондықтан ақын Байрон
өзі барып,

сол өзенге қойып кеткен ғой. Ол да тұншыққан, бірақ өлмеген, судан сүйретіліп, жан-дәрмен қимылдап, жағаға әрең жеткен. Содан суық тиіп безгек ауруға ұшырап, Байрон Абидоста екі ай төсек тартып жатқан. Ақынның «Абидостағы қалыңдық» атты поэмасы дүниеге осылай келіпті.

V

Лияс ағаның қаламынан шыққан дүниенің бәріне де мұқылас сенетін жанның бірімін. Құлагерді өлтірген телітентек, содыр сұмырайды бейнелегенде:

Айбалта ырғай сапты қойынында,
Сол еді мылтығы да, сойылы да,—

деуіне де күдіктенбеймін. Жар астында тұрып жазықсыз жан исін сеспей қатыратын, бір үзім нанға сатылатын жауыз жәндіктер болады, оларды Ілекем, жеріне жеткізіп айтқанына айызың қанады. Жүйріктігінен өзге ешкімге зияны тимеген жаутандаған жануарды жазықсыз ұрып жыққан тіміскер сорлыға лағнат айту аздау болар...

Ақынды ақын түсінсе керек:

Не тапты қазақ Құлагерді ұрып жыққанда,
Ұят-ақ болды-ау көршілес мына жұрттан да.
Қазағын қарғап жылап жүр әлі сорлы Ақан,
Қанатын қиып діңкесін оның құртқанға...

деп қазіргі беделді де белді ақынымыз Әбділда да шындықты айтқан ғой.

Лияс аға тек қана ақын емес, ол алдына жан салмайтын, Жетісудың жер-су аттарын да, жәндігін де, өсімдігін де жете білетін ғұлама топонимик және ботаник екен.

Күәсіз сөз ешкімді ұйыта алмас, айғағымыз ақынның өзі болсын:

Тарбиған Тарбағатай жердің құты,
Барлық ол «қыдыр түнеп көшкен жұрты».
Оранған ақ кебенек аруақты Алтай,

Төгіліп бізге таман жатыр мұрты...
Ақшұнақ, Жабағылы, Мыңшұқыр, Таз,
Бұлардың бәрін тізген Жоңғар тұрқы.
Аршалы, Амантекше, Қарасырық,
Қараүңгір, Қалмақасу, Қаражырық;
Сауыры Салқынбел мен Сайым бөлек,
Суығы соғып тұрар аласұрып...
Шоқысын Бүркітінің Үш бүйенге
Қойыпты сәукеледей жарастырып.
Күрделі қоныс қайда Күреңбелдей,
Құр жатпас Қора мұзбен жүгенделмен,
Тегерез, төңкерілген тегеш—Шажар,
Шамқой—шал қабақ жаба түнергендей.
Талақтап талаулаған Баян жүрек,
Тұнжырап тұқырып тұр «тірі өлгендей»,—

дейді ол! Әрі қарай сөзді ұзарта бермеу үшін, таулардың сыр-сыпатын, Ілекемнің олардан алатын әсерін айтпай-ақ, Ілияс жырлаған тау аттарын көзінен тізіп, санап көрсетейік:

Мұзбұлақ, Ақтасты, Шатыртас, Демікпе,
Айдарлы, Қоңыртау, Талғар, Үшқараш,
Асы, Бақай, Алматы, Қарқара, Текес,
Мыңжылқы, Былшықай, Бесжырғалаң—
Үйкүлше, Үш қарқара,
Лабас, Қөктөбе, Құлық, Шөладыр,
Қыземшек, Торайғыр, Үшмеркі, Сөгеті,
Құймақы, Шырғанақ, Қызылауыз,
Сарытау, Қарасай, Елшенбүйрек.
Науша, Нарша, Шалкөде, Бақай,
Теріскей, Сырт, Төр, Мұзарт,
Қудырғы, Өрікті, Байсауыр, Тайсауыр.
Хантәңірі, Кіндіктас.

Осы таулардың бәрін алқа-қотан отырғызып қойып, ақын Ілияс сұқтана сөйлейді:

Па, шіркін! Болады екен тау да сұлу,
Мұз көйлек көк мұнармен белін буу.
Көлдегі көп шағала ортасында
Тартпасын көзді қалай айдында аққу?..
Өзгені үйме-жүйме отырғызып,
Ортада бір ақсақал кеңес құру.
Қайырып тапты үйірін бір боз айғыр,
Жусатып, қалғып көзін ашып-жұму.

Осыған ұқсамаса, сөкші мені,
Басынан Кіндіктастың қарап тұру,—

деп қорығады. Оның көзіне Жетісудағы таулар осылай көрінеді.

Лияс жырындағы Жетісу ит-құстары: «Сілеусін, ілбіс, аю, бұғы, бұлан, қасқыр, серек, қарақұлақ, шибөрі, қарсақ, сусар, бұлғын, жанат, таутеке, арқар, құлжа, қарақұйрық, марал, тазқара, балтажұтар, ақбас құмай, жұртшы, саржақ, су бүркіті, құмай, лашын, тұйғын, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, кырғи, құр, тұрымтай, бидайық, бүркіт, тығанақ, үкі, ақсары, құладың, қара, боз, суық, бұкпа, сіпті, шапшақай, майлық, маубас бұқа, шөже, тоқылдақ, сұр құрқылтай, бұлбұл, шымшық», – деп келтіреді. Бұл осы күнгі зоолог ғалымдарымызға даяр мүлік қой.

Енді ағаштарға көшейік:

Қарағай, тал, долана, ұшқат, шетен, ырғай, арша, ақса-сық, қызыл қайың, барша, шынар, шырғанақ, сөңке, терек, сөгет, емен, үйеңкі, шырғай, балғын, торанғы, сары ағаш, қойқарақат, жиде, тобылғы, түйеқұйрық, бауыр құрт, қараған, боз қараған, шеңгел, шілік, сарықұйрық, тауқонақ, шәйшөп, маңқа, құлынембес, сүтіген, еңлік, мейіз, киізкіік, ақшалғын, көке марал, бетеге, раң, жапырақ теңге, бұйра, қисық иық, балдырған, уқорғасын, атқұлақ, жұлкеуір, шырыш, шытыр, биеемшек, мыңтамыр, жуа рауаш, жаужапырық, балауса, сорғыш, селдір, ермен, бақбақ, сыбызғы, жалбыз, құлмық, қаракияқ, шоқайна, меңдуана, сора, шақпақ, қурай, шырмауық, кендір, қылша, жыланқияқ, қанжыға, қоға, сасыр, аққой, таусарымсақ, қымыздық, қызсаумалдық, қалақай, айылқияқ, усойқы – дегендерді шұбырта келіп Ілекем суретін сөз баяндап жеткізе алмас, Жерінің Жетісудың бәрі осындай, – деп тоқырайды. Әлі де түгел қамти алмағанын білдіреді.

Ботаника ғалымдарына да, тілді зерттеп жүрген ғалымдарға да осы атаулар керектің керегі.

VII

Жылқышы атаны жетік білетін ел – көшпелі қазақ елі ғой. Қазақ ақындарының аяңшыл, желісті, шабысты атты, жорға мен жүйрікті аңсамай, жырламай өткені кемде-кем табылады.

«Ат ердің қанаты» екенін қазақ ертеден біледі. Түркі елдердің атты сарбаздары көне заманда-ақ дүние жүзін талай-талай тітіреткенді. Бері келе Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы, Ер Тарғынның Тарланы, Көр ұғлының Көкаласы мен Ғыраты, Төлегеннің Көкжорғасы, Сансызбайдың Бурыл аты мен Сандалкөгі, Қазмойынды Қарасұр аты – тағы басқалары бәрі де жауға шапқанда «аспанды алақандай, жерді тебінгідей ететін» қанатты тұлпарлар болатын.

Ақындардың атасы Абай да өзі аяңшыл, өзі желісті, мінсе – берік, шапса – жүйрік атты белдеуге байлап қойып, көшкенде мінуді аңсады, ол аттың:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ.
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,—

болуын көкседі. Осы кезде Абай қырықтан асып, қарттыққа беттегенді, оған енді селтендеп, шапқылап жүру ерсі. Белдеуге байлағанда көзін төңкеріп, қабырғалап қарайтын, тыныш тұратын, мінгенде сүрінбей, көсем аяндайтын ат керек. Заты, Абайдың осы аты не кер, не құла түсті болуы мүмкін. Өйткені кейін інісі Сәкен мініп шапқан Керкөжек сол-ақ шығар:

Жетектеп әлекедей көжек керді,
Серке сан, бота тірсек өжет керді
Шаужайлап аяндатып бір жас жігіт,
Тізгінін қатты қымтып тежеп көрді.
Секіріп аузын ашып, көкке шапшып,
Көжек кер кобалжытты үстегі ерді.

Жұлқынып, ауыздығын қарш-қарш шайнап,
Тұқырып құшырланып тарпып жерді.
Шиыршық атып, билеп шырк айналды,
Уытты екпінімен шарпып жерді...—

дейді. Белдеуден шешкізіп, бір жігітке мінгізіп, Сәкендей жас інісіне Абай жіберген ат делебесі қозып, шиыршық, атып, шырк айналуы заңды қимыл. Революционер Сәкен, әйел теңдігін сүйетін ақын азамат, Абылай ханның тұтқынынан жаңа босанған қалмақ қызына сәйгүлікті сыйлап, оны өз еліне аттандыруы әдемі көрініс! Абайдан қалған қанатты тұлпарды теңдік алып, туған еліне, сүйгеніне жетуге ынтызар аяулы аруға Сәкеннің қиып беріп жіберуі қандай жомарттық десеңші!

Жас елік кетті босап тұтқан қолдан,
Жас құлан шықты ойнақтап терең ордан;
Тұтқын қыз Керкөжекпен ұшқан құсқа
Жетті енді босаған соң темір тордан,—

дегенін оқығанда, сөзіміздің растығына көздеріңіз жетер деп сенемін.

Илиястың Керкұласы да әлгі Сәкеннің Керкөжегімен туыстас, не нағашысы, не жиені болар.

Жүрсе де жаздай құры болмайды ток,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ,
Қақпан бел, қалбағайлы, үнгір сағақ,
Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ,
Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,
Ашылып тұр осы аста мұның бағы.
Егер де шын жылқыны мен танысам,
Хақ мұның қырып-жойып бәйгі алмағы,
Сүйегі жануардың жылқыдан жат...
Шапқанда шалдырмастай бігер қанат,—

десе, Сәкен де:

Шапшыды тықыршып Кер бәйгі сұрай,
Аузымен құс тістеген бейне құмай.
Жандыға шалдырмайтын жел аяқты
Қуса да қос қанатты, мейлі құдай! —

деп, өз Керкөжегін көкке көтерді. Кейінгі екі акынның Абайдан айырмасы – лапылды жастығы, екінші айырмасы – Абай өз атының сыртқы сынын көрсетті, оны шаптырып, жүйріктігін әйгілемегендей. Бірақ осы үш тұлпардың үшеуі де бір қаптан, бір саптан шыққандай.

Қанында шығысың мен батысың жоқ,
Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ.
Қашаннан қазағымның қолтумасы,
Арабтың дүлділінің қатысы жоқ, —

дегендей, бұл Абай, Сәкен, Ілияс үшеуінің өз аттары. Осыған кәміл сенем.

1928 жылы Ілиястың «Сағанағын» Қызылордада оқыдық. Ақынның аяқ алысы сонда-ақ танылған. Содан бері мүдірмей шауып, бәйгі бермеген поэзияның Құлагері, ақындықтың тәңірі Ілияс аға жылы көзден ғайып болды. Менің жүрегімде ерекше орын алады.

ҒАБИДЕН АҒА ТУРАЛЫ

«Өткеннің ұжданы да,
Келешектің кеменгері де дарын».

1

Ғабиден ағаның туған отаны ырыс-несібенін ордасы, құтты мекені, өзінің ардақты Қазақстаны!

Шырқа, шырқа, көкке өрле.
Қыран «Қызыл сұңқарым!»
Қуанамын бәйгіңе,
Тарпаң «Асау тұлпарым!»

Миллиард пұт алтын дәнді совет халқына кеше ғана сыйлыққа тартқан өнімді өлкені көргенде, ақынша тебіреніп:

Шат елдің шешенімін, даңғылымын,
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным.
Астанам Алматыдан саңқылдасам,
Жетпей ме жер жүзіне жаңғырығым?—

десе де айып-шамы жоқ. Илияс аға да бұл сөзді қуаныш үстінде айтқан болар.

Бір кезде И.А. Крылов пен Абай атамыз «миллионды» мүлде көп сан деп ұққан болатын, өйткені, дорбадағы дайын алтынды уыстап алып жыл он екі ай санағанда тоғыз-ақ миллионның ұшығына әрең жетіпті.

Тоғыз миллион санарда,
Ажал жетті, күн бітті.

депті И.А. Крылов – Абай.

Тап биыл қазақ елі екі-үш айдың ішінде тоғыз миллион түгіл, тоқсан да, тоғыз жүз миллион да емес, миллиард пұл астық жинап алды:

Жырламасқа теңіздей Қуаныштың шегі жоқ...

Естеріңізде болсын, бұл әлі килограмм емес, пұттап өлшенетін ұшы-қиыры жоқ дүние. Айтарға ғана жеңіл! Үстіміздегі атом дәуіріне, ынтымақты совет еліне сай табыс Еліміздің байлығына жеріміздің кендігі төтеп береді. Сонау Алтай — Тарбағатай тауларынан Атырау теңізіне дейін, Оралдан Тянь-Шаньға жеткенше созылған өңірдің ұзындығы ұшан-теңіз. Көлденеңі көз жеткісіз, көлеміне желден жүйрік көңіл болмаса қиырды шалатын қыранның өзі де болдырар еді. Аймағы алтыайшылық жол, осы шұрайлы да құнарлы жердің бетінде жайылған төрт түлік малды айтсақ: еті тау, сүті дария, қымызы көл, майы мол, айраны ұзын аққан өзен! Міне, Ғабиденнің мақтанышы, туған ортасы осы.

2

Ғабиден Қазақстан тәрізді кең өлкенің асты-үстін бірдей аралаған: Арқада мал жайып бақташы да болған, шахтыға сүңгіп кенші де болған, малшы маман, көмірші жұмыскер, темірші ұста, ағаштан түйін түйетін ісмер. Өз тұсындағы неше алуан жылжыған жорға-жылмиған

жүйріктерден қалыспай, қарыштай шауып, жетпіс асудан аман өтіп, үдере тартып келе жатқан тұлпарымыз.

«Шын жүйрікте сын болмайды, шын жақсыда мін болмайды». Әлі есімде, оны мен 1921 жылы Ақмолада алғаш көрдім. Май айының аяқ шені еді. Ту сыртынан қарағанда, бағлан денелі, балуан мүшелі бойы сұңғақ бозбала жігіт. Сурылып сөйлеуден гөрі томаға-тұйық отырып тыңдауды тәуір көретін жан тәрізді. Бет-әлпеті ызғарлы да емес, май тоңғысыз жылылық та белгі бермейді, қапсағай денеге лайық біткен торсық шеке, жирен шаш, жазық маңдай астында ойлы көгілдір көзі сабырлы, салмақты ақ сары жігіт. Жауабынан сұрағы басым, алдына түсіп буа сөйлеуден көрі, артын-ала қуа сөйлеуді сүйетіндей. Жас болғанмен, ұшқалақ, ұшымды емес, алысқа шабатын жүйріктей көрер көзге жұпыны, баяу, тыныш. Асықпайды.

Биязы қалжыңға шебер тәрізденеді, ұртынан жымып, қырындай қарап отыратын әдеті бар екен.

Жас Ғабиден алғашқы кездескенде есте қалатындай жарқырап көрінбеді. Біз ол кезде түрлі түсті құлпырып тұратын қызыл ала, шұбар ала матаны мына биязы тоқылған қыл-қыбыр, қоңыр коверкот, триколардан тәуір көретінбіз.

Ол дәуірде орысша, қазақша тақылдап отыратын, азғантай ақылын айтып, шаршы топқа мақұлдатып сөйлейтін, шыға шабатын ұшқыр жігіттер болды, олардың мойыны Ғабденн оқ бойы ұзын тәрізденді. Осы орайда Жиренше шешеннің бір сөзі есімізге түседі. Әз Жәнібек хан бір күні Жиреншеге қарап: «Осы сенің балаң қалай жаман туды екен, шешесі Қарашаш, әкесі Жиренше, сенсің, осындай екі сұңқардан, ең бері болғанда тұрымтай тумай, әлжуаз жағалатай болып туғанына таңым бар, өзі бір қой аузынан шөп алмайтын момын ғой...» – деп кеміте сөйлегенде, Жиренше тұрып: «Хан ием, дұрыс айтасыз, кейбір баланың туғанда сырты қола, іші алтын болады, бері келе жиырмаға жеткенде оның

сыртқы қоласы тозып-түлеп түседі де, ішіндегі алтыны жарқырап сыртына шығады, сол кезде осы баламды көріп көзіңіз қарықпаса менен тумағаны болсын...» – депті.

Күнді қуып күн, жылды қуып жыл өте беріпті. Жиренше де, Қарашаш та ана дүниеге аттанып кетіпті. Бір күні ымырт жабыла, құба қалмақпен соғысып жүріп, Өз Жәнібек анталаған жаудың ортасында жаяу қалыпты, сол мезетте көк қасқа дөнен мінген бір бала шауып келіп, қарғып түсіп, Өз Жәнібектің алдына атын көлденең тартып тұрып: «Мініңіз мына көк дөненге, қашып құтылыңыз, қазақ елінің бір әйелі бүгін буаз болса, мендей баланы таба жатар, ал сіз жалқы туған Жәнібексіз, күнде туа бере алмассыз...» – депті-міс. Бұдан жиырма жыл бұрын «шобыр момын» атанған бала осы екен. Аты Қасым деседі... Мұны білгенде, Өз Жәнібек қателескеніне, Жиренше мен Қарашаштың жүрегіне қаяу салғанына өкініп, опық жесе керек...

Ғабиден ағамыз отызға таянғанда қарыштады, оған дейін сыйынары әлсіз, сүйенері нәрсіз болды ма, немесе өз бетімен дайындық жасап, білімін молықтырып, өмірді зерттеп жүрді ме, немесе іштегі алтыны енді көрінді ме, немесе тіпті осының бәрі тоғыз жолдың торабында ұшырасқан болар ма? Әйтеуір Ғабен «Шығанақ» романы шыға келгенде ғана аяқ алысын елге танытты.

3

Ғабиденнің қаламынан шыққан кейіпкерлер – осы күні өзіміз көріп жүрген қарапайым адамдар, замандастар. Олар аласұрып, айға шауып тұрмайды.

Мысалы, «Шығанақ» романындағы Олжабекті алалық. Ол сөзге орашолақ, кимылы сөлекет, бірақ еңбек етуге келгенде өте тиянақты, мығым жан. Олжабек өз бойына туа біткен дағдысынан танбайды. Ойына алған бағытынан тайынбай, ілгері тарта беретін, томырық мінезді адам. «Қазақ-қазақ болғалы енші

бөліскені болмаса, енші қосқанды көрген де емен, естіген де емен» – деп, колхоздасқан ауылдан ат-тонын ала қашады. Бұл Олжабектің жасанды мінезі емес, шын ойы, үйренген өнегеден үзе тарта алмағаны.

Колхоздасудан қашып жүргенде, оның малы екі-үштен аспайды. Несін аяп, кімді қашырып жүргенін ұқпайды. Қайда барарын, кімге паналарын да ол әлі білмейді.

Олжабектің бұл дүниеде жақсы көретіні – өзінің Жамалы, Сағыптайы мен екі-үш қарасы (екі жылқы, бір түйе).

Жамал Олжабектің бір деп білегінен, екі деп етегінен ұстаған адал жары. Ай десе – ауызы, күн десе – көзі бар әдемі ару жас келіншек. Елден безіп, қаңғырып қашып келе жатқанда жапан түзде Жамал «сонау иірімдегі қара судың жағасында, әппақ төсі күнге шағылысып, қара шашын тарап отыр... Судан өзінің кіршіксіз тәнін айқын көрді. Бетін жел қағып, күнге күйіп күреңітсе де, жаудыраған бота көзі өзгерген жоқ, іші-тысын бірдей көрсететін айна сияқты. Денесі қандай ақ болса, жүрегі де сондай ақ екенін, су қандай мөлдір болса, ойы да сондай мөлдір екенін жаудыраған бота көзі айтып тұр. Арқасын жапқан қалың шашы күннен қандай қорғаса, ардақтап сақтаған ар-ұяты жамандықтан сондай қорғап тұр»? – деп емешесі құрып, тамсана толғайды Ғабен.

Романның осы бір жерін оқығанда, бір сурет есімізге түседі, ол – суға түсіп шығып, жағада отырған жалаңаш қыздың бейнесі, сол мезетте жорғалап келіп қалған улы жыланды көріп танауы желбеңдеп әлгі қыз қысыла қымсынады... Осы кескінді қағазға түсірген суреткердің адал еңбегі Тәшкенде тұрған генерал-губернатор Кауфманның сарайында сақталған екен, сол сурет революциядан кейін, 1920 жылдары табылыпты, аты «Купальщица» – «Суға шомылған қыз».

«Шығанақ» романының осы арасында да жылан келіп итарқада жатқан Олжабекті шағып кетеді. Бірі-

нен-біріне ауысты деуге дәлеліміз жоқ, тек ойымызға ит арқасы қияннан келіп түсе қалған ұқсас бейнені жеткізіп отырмыз.

Осы уақиғаның аржағында «Жамалдың көз алдынан сонау алыстағы күндер өтіп жатыр», – деп тебіренеді Ғабен. «Онда қыз кезі, атастырып қойған Олжабектен айрылып, Бекенмен кетуге бір ауытқыған... Бірақ осы Бекен мен Жамал өңінде бір көрісіп екі ауыз сөзге келіспесе де, түсінде бір төсекте жатқаны бар...

Міне Жамал соны ойлап күрсінеді. Күнә деп біледі..., Олжабектен оны әлі жасырады... Жамал бұны опасыздық, жасырғанын арамдық деп біледі!..» дейді.

Ғабиден аға ойқы-шойқы, кертік-кертік өмірдің дәл кескінін береді. Адамның жүрегі тас емес, еттен жаралғаның, оның олқылы-толқылы кезеңдерін аудармай суретке салады. Бұзау жалағандай жып-жылмағай етіп, әдемілеуге тырыспайды. Тек қана осы бейненің өмірде болуына жауапты ол! Арғы жағын өзін ойлап таба бер, суреткер өз міндетін атқарды, басқасына бекеуіл емес, оқырманды да қызықтыратыны осындай өмір шындығы.

Осы орайда Л.Н. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік» романындағы бір сахна алдымыздан елестеп өтеді. Онда Наташа Ростова князь Андрей Болконскийді қатты сүйеді. Екеуінің атастыру тойы болып, сонда кездесіп, уәделеседі. Артынан соғыста жарақаттанған Болконский емделуге Швейцарияға кетеді. Арада бес-алты ай өтеді. Сол қарсаңда князь Анатолий Курагин мен Долоховтар түнде келіп, Наташаны алып қашатын болады. Бұлардың сорына қарай, үй қызметшілері сезіп қалып, кедергі жасайды, сонда Наташа қатты қайғы үстінде төсегіне сылқ құлап, талып түседі, жолы болмайды...

Сондай-ақ Жамал да Бекенге ауытқығанын жар-қосағы Олжабектен әлі жасырады. «Сөйтіп шашын өріп болған кезде Жамалдың бұл ойы да жинақталып, сыр сандығы қайтадан салынған еді», – дейді автор. Бұл

опасыздығын, арамдығын Олжабекке айтқан емес, айтсам көңілі қалар деп сескенеді. Бұл тіршіліктің өзіне үйлеседі, Ғабен бұлтартпайды.

4

Ғабиден қазақ тіліне бай, әрбір сөйлемі өлеңдей ұйқасып айтылатын мәтел-мақалға айналатын тіркестері көп. Мысалы жау қолына түскен елінің ер азаматын тұтқыннан босату үшін: «көк бестіге ер салып, көк сүңгіні қолға алып, бір қыз жау соңынан жалғыз шауыпты. Түнде қуып жетіп, сол қыз «Шонжар қара» жауға қарап:

– Көтібардай күшім жоқ, Махамбеттей жүрекпен келдім. Ер олжаға сыйған ба, мә, керек болса, мені ал! Мақпал қара шашым бар, әрбір талы бір-бір мал. Қарақаттай көзім бар қарашығынан от лаулар, сөзім шекер, тілім бал, лебізімнен алған нәр. Жүзімді айтсам, жаңа атқан таңдай. Сымбатымда мін жоқ, бір туған нардай. Мінезім керек болса түнергенде түнмін, күлгенде күнмін», – деп шұбырта жөнөйді. Ер намысы, ел арысы үшін жанын қиюға дайын Адай қызы ойын өжет айтады, ашынғанда төгіліп шешен сөйлейді.

Баяғы жаугершілік заманда қазақ елінде осы тақылетті қайсар қыздардың болуы ып-рас, ол аттың жалында, түйенің қомында лақша ойнаған арулар болатын. Ер Тарғынды сүйген Ақжүніс Ғабеннің қарсы алдында тұрғандай.

Ғабиден Мұстафин туындыларындағы кейіпкерлер біріне-бірі ұқсамайды, әрбіреуі өзінше сараланып, дараланып тұрады. Бәрін бірдей самардай қақсатып, жатық сөйлету көрнеу тіршіліктен алыс тәрізді. Әсірелемей, шұбар шындықтың өзін жеткізу шебер жазушының негізгі тірегі, өйткені «әдемінің бәрі – шындықта...» деген ғой В. Г. Белинский. «Шығанақ» романының бас кейіпкері: «Шығанақ бәрін ойлады. Қауіп – құзға, шаттық – шыңға тартса да, темір қазықтай тәуекел тырп еткізбеді оны.

Тәуекел дариясына салдым кеме,
Кемесіз ол дариядан өтем деме.
Жүйткіген көк дөнендей көңіл жүйрік,
Өрге сап, төске шаппай өткізе ме,—

деп ыңылдап, сол кемеде бара жатқандай, ой билеп, толқып кетеді Шығанақ. Жаңарған жаңа дәуірде тәуекелсіз түк бітпейді, еңбексіз ешбір ой орындалмайды, міні – Шығанақ осыны жақсы ұғынады. Сондықтан ол: «Бұдан құласа, Шығанақ жуырда оңалмас. Бұдан өтсе, Шығанақ жанға шалдырмас», – деп тұжырым жасайды. Алайда, жұбанғанын да, қайғырғанын да сыртқа, елге сездірмейді. Өз еңбегін жүгендеп мініп, тәуекелін жетекке алған Шығанақ арманына жетеді... Ол қайсар адам, алған бетінен қайтпайтын жан, сол өр мінезі, адал жүрегі көпке ұнайды. Ол үнемі біліп қимылдайды, тек қана тәуекелге сүйенбейді.

Алғашқы кезде жаңа заманды түсіне алмай, айдалаға лаққан тоң мойын Олжабекті де майдай ерітіп, қалайыдай майыстырып, ортақтасқан еңбекке баулыған – осы Шығанақтың әділдігі, адалдығы, еңбекқорлығы, оған қоса «аз сөйлеп, көп істейтін, көп түйіп аз шешілетін» тұйық Олжабектің сыры теңіздей терең көрінеді Шығанаққа. «Дүние деген шіркіннің тәттісіне түшкірініп, ащысына ашырқанбаса, адам сорлы не көрдім деп кетеді? Аяма өзінді. Жер жүзіндегі ең айбынды қасиет осы», – депті Максим Горький. Мұндайда өзінді аямағайсың. Аядың-ақ, ери бастайсың... – дейді Шығанақ.

Олжабектей жолдасының сырын Шығанақ айтпай-ақ біледі.

« – Үйленсеңші! Тұғырдан түсіп тұрсың ба?–дегенде, Олжабек оған:

– «Үйлену оңай, үйлесу қиын», – дейді де ойын әрі қарай созып, Жамалын мақтағанда: «Аузындағысын жырып беретін еді маған. Менің өкшеме қадалған шөгірді өз маңдайына қадалса екен деуші еді. Бет жыртқан пенде емес. Ойынды айтқызбай табатын... Суынды сүт қылып отыратын

әйелім еді... ол бейшара» – деп ырғалады, бұл сөзіне қарағанда, Олжабек пен Жамал арасында Ләйлі мен Мәжнүннің, Джульетта мен Ромеоның арындаған албырт махаббаты жоқ тәрізді. Олжабек өмір адамы, оған Жамалдың: «Аузындағысын жырып беретіні, суын сүт қылатыны» ғана ұнайды. Шын махаббатта есептесу болмайды деген біздің миымызға әбден құйылған ғой, бірақ Ғабең олай толғамайды, өмірде жоқты көксемейді, барды ғана жырлайды,

Жамал қазақ халқының қағидалы ғұрпынан, діннің шырмауынан аса алмайды. Ата-анасы қосқан жары Олжабектің еркіне көнеді, айдауында жүреді. Мұның Олжабекті сүйюі Татьянаның генерал Греминді сүйюіне жақындай түседі.

...Қол-аяғым бір бекілді

Енді ненің орны бар?—

деп түйеді де, Олжабектің асты-үстіне түсіп сыйлай береді, оның үстіне Сағынтайы да бар.

Жамалдан Олжабек те қалысқан жоқ. Бұл да бір төтеден келіншекке қызығады, көрген жерден-ақ оған жүрегі бүлкілдеп кетеді.

Келіншектің жесір екенін білгенде:

« – Бос болсаңыз, бірдеме айтар едім, – дейді Олжабек.

– Ал боспын, айта қойыңыз! – дегенде, Олжабектің бетіне қан ойнап шыға келеді. Үлкен көзі жаудырап, келіншекке қарай береді. Келіншек қараса жымың-жымың етеді. Салқын денені қызу кеулеп аласұрады». Олжабек бұл жерде Жамалды ойланған жоқ, бұл ертегі Мәжнүн емес, өзіміздің күнде көріп жүрген жігітіміз.

Жамал бейнесі Татьянадан ұзап кете алмаған, Анна Каренинаға жете алмаған. Жалған сөздерді судай сапыруға төселсе, алдау-арбауға үйренген, ысылған адам болса, Олжабек Вронскийден кем соқпас еді. «Келіншек сақ-сақ күліп, жүріп кетті де Олжабек өңкііп отырып қалды...» Әңгіме осылай бітті. Ақыры Жамал мен Олжабек зарығып кездескенде де автор

екі иығынан демін алып арындамайды, баяғы бір қалыптан өзгермейді.

Оқырман қауымның жазушыға дән риза болатыны шындықтың өзін ғана жеткізуіне байланысты. Сөзін де, ісін де артық өлшеп, кем пішетін ұрт мінезі жоқ Ғабең құрғақ қиялға бой ұрмайды, бүгінгі тіршілікті жырлайды, осы кезеңде оның он саусағынан өнері төгіледі.

Ескерте кетелік, орыс әдебиетінде өмірі өшпейтін орын алған, мәңгі ұмытылмайтын пьеса «Ақыл азабы». Осыны жазған Александр Сергеевич Грибоедовтың әрбір сөйлемі айдай әлемге мәтел болып тарап кетті. Ал Петр Дмитриевич Боборыкиннің (1826–1921) қыруар еңбегін қазіргі оқырман жұрт ұмытып та болды. Себебі, орыс тілін Боборыкиннің білмеуінде емес, әрбір бейненің өзіне сай сөз саптай алмауында, көрпесіне қарап көсілмеуінде.

Елді көріп, жерді танып, үлгі-өнеге үйреніп, көп оқып, шетелден қайтқан Чацкий өзінің мешеу ортасынан бойы да, ойы да биік, сөзге шешен, іске мешел «басы артық адам», сондықтан оның аузындағы сөздері соны, өзіне ғана тән, алды-арты жұмыр келеді.

Қаймағы бұзылмаған мешеу өмірдің әдет-ғұрпынан аса алмайтын алпауыт Фамусов Чацкийге үрке қарайды, оның сөзін түсінбейді, бейпіл ауыз, есалаң жан деп ұғынады. Фамусов, София, Мочалиндер: «Көп айтса көнді, жұрт айтса болды...» – дейтіндер.

Осылардың әрбіреуі бойларына шақ ойларын айтады. Қанша биікке секірсе де, кіндігінен жоғары көтеріле алмайды. Қысылшаң жағдайға киліккенде, Фамусов: «Ойпырмай, бұған княгиня Марья Алексеевна не айтар екен?» – деп қорғалақтайды. Полковник Скалозуб бұдан да сорақы.

Бір-біріне ұқсамайды, бірақ бәрі қосылғанда жалғыз-ақ топас бейне қылаң береді. Олардың айтқан сөздері әр жағдайда өздерін танытады. Өмір бойы әскери команда беруден басқа еш нәрседен хабары жоқ, солдафон Скалозуб «гвар-

дионы» деп өкіре дүрілдегенде Фамусовтың айызы қанып, әскери шеніне қызығып, қызын беруге дайын отырады. Жарамасақ Мочалиннің «жатық» мінезі де Фамусовқа қатты ұнайды. Күйкі өмірдің шеңберінен шықпаған жеке-жеке бейнелер жұртшылықтың ойында мәңгі қалады.

Біз бүгін Ғабиден Мұстафинге қызыға да, қызықтай да қараймыз. Өйткені кеше ғана, 1921 жылы, көзіміз көрген қарапайым, моп-момақан сары жігіт бүгін жетпіске жетіп ақсақалымыз болып отыр. Ол – бүгінгі мақтанышымыз, жеті классігіміздің бірі. Ғабиден бұл биік сатыға ұлылы-кішілі мектептерді бітіріп жеткен жоқ; оның сүйенері де, сыйынары да – бір еңбегі.

Ғабиден асып-таспайды, көрінгенге көлденең тұрып, ауыздығымен алыспайды; ақырын жүріп, анық басады.

Иван Сергеевич Тургеневтің 1856 жылы 25 ноябрь күні Парижде отырып, В.П. Боткинге жазған хаты осыған орай ойымызға келіп отыр. Сонда: «Біздің жазушыларымызда, әсіресе менің өзімде де бір үлкен кемшілік бар сияқтанады, себебі, біз шынайы өмірмен қоян-қолтық араласып, тірі жүрген адамдармен бірге өсіп-біте қайнаспаймыз, біз кітапты көп оқимыз да, сырт буын ойларға семіріп, бөгеміз де жүреміз. Біз түбегейлі білімі бар маман емеспіз, сондықтан жетік білетін мамандық бізден шықпайды», – деп толғайды. Өз ойын әрі қарай жалғастырып, И. С. Тургенев неміс халқының атышулы сыншысы, Вольфганг Гетенің замандасы, Иоганн Мерктің сөзін келтіреді: бойына дарымайды», – депті.

Жазушы Ғабиден – совет дәуірінің жыршысы. Совет дәуірі – тарихтың асқаралы асуы. Ендеше, сол

асу тұрғанда, оның жыршысы да жасай беретініне кәміл сенеміз.

Ғабек қаламынан шыққан «Миллионер» повесіндегі Ахмет ұста өз кезінен өте жоғары тұрған бейне, келешекте – коммунизм орнағанда орнын табатын тұлға. Ол: «Ауданға барам! Құтылам малдан... Сенің біріңе колхоз ертең мыңын береді...» – дейді. Бұған әйелі – Зылиқа қарсы болады: «Малсыз күнім жоқ... Қорамды қаңыратып, қолымды алдыма сыйғызбайын деп пе ең?» – дегенде, Ахаң қарқ-қарқ күліп: «Көн қатса қалпына барады» деген осы. Ендеше, малмен қоса кет фермаға», – деп тойтарады.

Ахмет ертерек туған, ол – болашақтың, қала мен ауыл арасының айырмасы жойылған кездің, бірлескен тіршілікке жетіп – «төртеу түгел болғанда төбедегі келетін» мезгілдің жаршысы. Біздің қазақ совет әдебиетіндегі алғаш көрінген Ахмет ұста: «колхозбен менің келіспейтінім жоқ», – деп үзілді-кесілді пікірін білдіреді. Ахаң ол уақытта жалғыз бой көрсетсе, қазір сол сықылды азаматтар тобына сан жетпейді.

«Қарағанды» романындағы Мейрам – партия қызметінде жүрген өзекті жас. Ол бұрын Щербаковтан үйренсе, кейін ұстазынан оза тартқан қайсар бейне. Құрғақ сөздің иесі емес, істің адамы. Ардақ тәрізді әйелі де өзіне сай.

«Дауылдан кейін» атты романында ұшырасатын Аман мен Шәкен тартысы да бізді қызықтырады, өйткені осы күрес екеуіне де оңайға түспейді. Мұндай кектескен кезеңді бәріміздің де көзіміз көрген болатын.

Бір кезде еңбекші таптың басына қамшы ойнатқан болыс Малқар Аманның алдында бетегеден биік, жусаннан аласа отырады. «Басына бозторғайдың қонса бақыт, самұрық саясында етер қызмет» – дегеннің кері.

Ғабектің бар еңбегін тізе беру оқырмандарды жалықтырар, алайда енді бір айтарымыз бар, ол – «Көз көргенде» болсын, «Жиырма бес» атты туындысында болсын – бәрінде де өз қолтаңбасы

сайрап тұрады демекпіз. Ғабиден Мұстафин бұлаң құйрыққа салып, бұра тартып, бұлдыратып адастырмайды.

Ғабен жетпіс жасқа жеткенше өз маңдайына біткен совет заманына еңбегін сіңірді. Тұстас тұрғыластарының сан-алуан бейнелерін жасады.

Түрлі түсті кейіпкерлерді айқын көрсетіп, жаңғырған жаңа заманының болмыс-бейнесін айшықтап берді. Ғабиден ағаның қарақшы, ұрылары да біріне-бірі ұқсамайды. Таудың үңгірінде тығылған бес қарақшының басшысы Ахмет тұтқынға түскен Жамалға өзін де, ерген жолдастарын да таныстыра келіп:

« – Әуелі бакты алды. Бақтан кейін жерді алды. Екеуінің артынан мал кетті. Малмен қоса қатын-бала, ел кетті. Сонсоң мен тағы болып тауға шықтым, қасқыр болып қойға шаптым...

– Бір болыс ел Ахмет демей, «Аха» дейтін еді...–деп аз ғана отырды да:

– Анау отырған Айбас, қандыбалақ ұры. «Ахаң» күнімде аулымның жел жағынан өтсе, жиренетін едім. Енді немді қызғанайын, қасыма қосып алдым. Мынау кісі қанын ұрттаған Жақып қашқын. Өзім қашқын болған соң, бұдан да қашқаным жоқ. Өзіңе тақау отырған мысық мұрт – колхозды борсықтай сорған Елемес... Анау жіпсік көз – түрмеден қашқан адам, атын Жолдыаяқ деп өзіміз қойдық, – деп сөзін бітірді».

Бұлардың қылмыстары да, қылықтары да бөлек-бөлек екенін әрі қарай дәлелдеудің өзі артық.

5

Біздің елімізде сан алуан ығай мен сығай жазушыларымыз бұрын да болған, қазірде де бар. «Өткеннің ұжданы да, келешектің кемеңгері де дарын» дегенде, ойымызда Ғабен тұрды. Өйткені осы табыстардың бәріне оқу арқылы емес, тоқу арқылы, тек дарынның көмегімен жеткенін білеміз... Өнерпаз

Ғабиденнің осы қасиеті ұстазы Горькийге ұқсас.

Ғабиден Мұстафин — дербес жазушылық қызметімен ғана шұғылданған жан емес, ол сонымен қатар әлеумет қайраткері. Ғабең шахтер, Ғабең ісмер ұста. Ғабең Қарағандының мыс қазанында қайнап, пісіп шыққан жұмыскер, Ғабеңнің өмірбаяны «Қарағанды» романында толық айтылған. Ішінде бірге жүріп, әбден қанып жазғандықтан, ол туындының шоктығы да биік.

Қоғам баспалдағының ең төменгі сатысынан көтеріліп, СССР Жоғарғы Советінің, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты дәрежесіне шейін жеткен қажырлы қайсар, нар мінезді Ғабең! Ол Қазақстан Жазушылар одағын да басқарып, адал еңбек сіңірді. Ғабең – кіршіксіз коммунист. Жазушы еңбектерін сарқа біліп, сапыра зерттеуден туған «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» еді бұл. Біздің тілегіміз – Ғабең жүз қырқалы қарақшыға жеткенше, шабысынан таңбасын, шабытынан қайтпасын!

САПАР АҒА ТУРАЛЫ

«Он бесте өлең айтқан Доскей едім,
Арканың адыры емес, төскейі едім,
Салғанда алқа-қотан шаршы топқа,
Шалқыған шалқар құлаш кештей едім».
(Доскей ақын).

Сонау Семей губерниясындағы Дегелең тауында 1895 жылы күзді күні шырылдап жерге түскен нәресте бүгін дәл жетпісте отыр.

Сапарғалидың әкесі – Ысқақ, шешесі – Зағипа. Ысқақтың шешесі Нәлтәй ақын Абайдың анасы –Ұлжанмен шөбере туыс. Анасы Зағипаның тас емшегін жібіткен тұңғышы – осы Сапарғали, көш-жөнекей сапарда туып, Сапар атанған болатын. Сақал-шашын қырау баспай,

жетпіске жеткенде де пионермен құрдас, комсомолмен тұстас, бәрімізбен де замандас Сапекеңнің мерекесі еліміздің зор табысы. Бұл өскелең замана сомдап соққан сұлу мүсін, ұлғайса да, құлын мүшесін қадірлеп сақтаған совет дәуірінің жемісі. Ұзақ өмір сүрсе де, талай тар кезеңді кешірсе де, бетіне бедер, сақал-мұртына қылау түспеген Сапар аға:

Ата қазақ айқайлап,
Көне өңінен нұр жайнап,
Шежіресін өмірдің
Шебер сөзбен тұр сайрап.

Міне, бұған кім қуанбайды? Кигіз туырлықты елімізде құлыншақтай ойнақтап, аяғын бозбалаша кербез басып, жетпіске жеткен, халқын қуанышқа бөлеп тойлатқан жазба әдебиетінің мұндай тың еңбекқор уәкілі болған жоқ еді. Бәйгіден сурыла шығып, жеке-дара озып келген Дегеленнің дүлдүлі деп атауымыз дұрыс болар.

Көне заманда әрбір жастың өзіне лайықты сыбағасын үлестіретін толғау болушы еді. Сонда:

Бес жаста бала болып тұрақтайсың,
Он жаста жарға ойнаған лактайсың,
Келгенде жиырмаға жігіт болып,
Көрінсе қыз-келіншек ыржақтайсың.
Отызда көзі ашылған бұлақтайсың,
Қырықта қия шапқан қылыштайсың.
Елуде ерлер мінген пырақтайсың,
Алпыста ат жемейтін құрақтайсың.
Жетпісте сүйген жардан жырақтайсың,
Сексенде селкілдеген бір дерт келіп,
Токсанда балапанша бұлғақтайсың.
Келгенше сонау жүзге кім бар, кім жоқ,
Шыбынжан қайда барып тұрақтайсың?—

деп тебіренуші еді. Бұл толғаныста елуге жеткенше жедел өседі де, алпыстан әрі кейін қарай құлдилап жөнеледі. Сапар аға ескі өмірдің осы қағидасын да түбімен күйретіп шықты.

«Көзі ашылған бұлақтай» Сапекең әлі отызда, озса елуге-ак жетті, ерлер мінген пырақтай ол, «ат жемейтін құрақтай» алпыста да емес, ал «сүйген жардан жырақтайтын» жетпісіңіз «барса келмеске» кеткен сияқты.

Сапекеңнің жас екеніне тап былтыр біткен «Баян жүрек» поэмасы айғақ. Онда акын көз жеткісіз көне заманды, жоңғар мен қазақ елінің арасында орын тепкен жауласуды сөз еткен. Соңынан жоңғар қызы Баян мен қазақ жігіті Сайым екеуінің арасындағы адал махаббат, сертіне берік адамгершілік дәнекер болады, қидаласқан екі елді табыстырып тынады. Ұнамсыз кейіпкер Дүркейдің алаңғасар есерлігі өз түбіне жетеді. Сонда:

Ашылған жалғыз сөз жоқ жан сырынан,
Алғандай ай бәһрә күн нұрынан,
Сайымға көзі түссе, елтитін қыз,
Лебізін естіп қалса жан жылынған.

Баян осылай ғашық болады да, сиқырлы сайда, сылдырап аққан бұлақтың басында Сайымға сертін береді:

Ант болсын айырымасқа мынау аспан,
Мынау құм маржан шашу бізге шашқан.
Сыр болсын сылдыраған мынау бұлақ,
Бұлғақтап ақ үкісі құрақ басқан,—

дейді. Осы сертін кейін әкесі хан Шажаның алдында да пысықтайды.

Біраз уақыт өткеннен соң Баянның Сайымды сүйгенін сезіп, жоңғар жігіті Дүркей хан аулына ат ойнатады, қызды жекпе-жекке шақырады. «Кірме құл қазаққа бергенше, сені өз қолымнан өлтіргенім мақұл» – деген байламға келеді ол. Сонда Баян сүйген жары Сайым үшін өлімге басын байлайды, жекпе-жекке шығуға әкесінен ұлықсат сұрайды:

Тағы да аз кідіріп Баян үнсіз.
Сырым бар жатқа күнгірт, сізге тілсіз.
Айтысқан өз алдында сертім қайда?
Өтермін, оны бұзсам, айсыз, күнсіз.
Сайымды күл деп тұр ғой Дүркей қорлап,

Өзіне бас идірмек мені зорлап,
Жанымнан ұстамасам арымды артық,
Ері есер, қызы опасыз ел не болмақ?—

деп ыза қысқан Баянның күңіренген үні естіледі.

Сапар аға ескіні айтқан боп отырып, қазіргі жас ұрпаққа ой салады. Қамшыны қатты басты. Тәніңді кірлетсең де, жаныңа, арыңа кір жуытпа деп үндейді. Міне, осы поэма тап өткен жылы бітті. Жастар махаббатының орасан күшті екенін сонда шертті Сапар аға.

«Асыл төл» атты повесть жақында аяқталды. Ақ қағаздың бетіне маржандай тізіліп, неше-алуан әуенді ырғақтың дыбыс белгілері қатарын түзеп әлі саптасуда. «Бір ауыз мың құлақтың хабаршысы»,— деп, Сапекең өзі айтқандай, еңбекті қайратты жас Сапар істейді де, біз тек қана сіздерге жеткізушіміз, хабаршымыз.

Сапарғалидың арты жалаңаш емес, құйысқан тістесіп келе жатқан өкшелес інілері бар. Алпыстан асса да, әлі қылшылдаған жастардай, ат үстінен түспеген ағаларымыз да жетпіске мойымай жететініне иманымыз кәміл, сол келешектегі игілі тойларымызды да айта қалғандай өткізу адал тілегіміз болсын, той тойға ұлассын, мерекелерің құтты болсын, достар!

Біз бұл жерде жетпіс жыл дәурен сүрген, елу жылдай үдере еңбек еткен Сапекеңнің өмірбаянын тізбектеп тұрып алғымыз келмейді. Өйткені Сапар ағаның елу жылдық еңбегі Октябрь революциясымен түйдей құрдас. Қазақ даласына Октябрдің таңы атқанда, елімен бірге мерекеше қарсы алған азамат өзінің еншісіне тиген заманның әр кезеңіне өр үнін де қосты. Бүгіп қалмай, барып ақтара айтқан ақын – бұл бәріңізге де белгілі. Совет дәуірінің бел баласы, ендеше, оның өмірбаянына жаңғырған жаңа заманның өзі айғақ.

Сапарғали кім дегенде, ең әуелі айтарымыз – ол ақ пейіл азамат, қара қылды қақ жарған әділ аға, арналы ойы бар өрелі ақын, өзі жазушы – прозаик, драматургияға да үлесін қосқан өскелең тәрбиеші,

ұзақ ізденген, көп талпынған қалам қайраткері деп жауап береміз.

Көлемді шығармаларымен Сапекең, өзінің туған елін тәрбиелеп өсірсе, өз үйінде бала-шағаларына да сондай үлгі, ал жазушылар ортасында әділ төреші. Ақ пейіл азаматымыз деудің сарыны осында жатыр.

Сапекең өмірі асып-таспайды, толып төгілмейді, қойдан қоңыр жүреді, үлкен орнын шағын ұстайды:

Жанды еңбегім талпынған,
Орнымды таптым бойға шақ.
Ырзалық алдым халқымнан,
Халқым да шат, мен де шат!—

дейді ол. Осылай өлшеп айтқанына дән ризамыз.

Ол – ақын, бірақ өлеңді ермек үшін жазбаған, үнемі өзіне тән ойын айтқан. Мысалы, 1914 жылы «Айқап журналының 9-санында «Қазақ бозбалалары» атты өлеңі басылып шықты:

Талапсыз, ойсыз, бос кеуде,
Ермегің елден ет жеуде,
Көп барған үйің мезі ғой,
Ұялар бірақ кет деуге,—

деп толғайды.

Сол күнде-ақ балапан ақын өз тұстарының теріс қылықтарын көре алды, жеріне жеткізе әжуалайды. Әбілетше басқан тоғышар заманның сиықсыз салт-санасын шенеді, еңбекке шақырады.

1916 жылы Сапар дәл жиырма бір жасында ақ патшаның июнь жарлығы бойынша қара жұмысқа алынады. Ит арқасы қиянда – сонау Колпин станциясында жүріп, жерін, елін аңсаған ақын:

Сағым басып сарылған
Қай күйде екен сары бел?—

деп сағына-сарғая жырлаған.

Сахарада киікше босып, мәдениеттен мешеу қалған елінің мұң-мұқтажына ортақ екенін білдіреді, қабырғасы қайысады. Ақынның бұл аңсауы өте заңды. Бір кезде Александр Сергеевич

Грибоедов та қиыр шетте – Иранда жүріп, Россияны сағынғанда:

– Жолықтырса ұзақ сапар, жат мекен,

Туған елдің түтіні де тәтті екен, –

депті.

Жоғарыда айтылған Сапарғали өлеңінің енді бір жерінде:

Түнеріп түндей томсарған,

Көшер ме тұман серпіліп? —

деп өз отанының көсегесі көгергенін көргісі келеді. Сапекен сондағы көксеген арманына Октябрь таңы атқанда жетті, көркейген Советтік Қазақстаны – гүлстанын көрді. Іздеген табады екен.

Сапар ағаның тақырыбы әр кезеңге арналған, совет дәуірінің алуан белестерін жырлаған ол. Елу жыл ішінде толастамай жазған ірілі-уақты өлеңдерін тізіп шығу да оңай емес. Поэмалары мен балладаларында да талай терең сырлар ағытылған. Соның ішінде «Абақ арманы», «Қарқаралы», «Қыран кегі», «Айдос», «Орыс қызы», «Машинист», «Ажар», «Черкес кегі», «Айдар», «Алтай аңызы», «Баян жүрек», тағы басқалары бар. Бәрінде де тамылжыған тәтті күйлер шертіледі.

Қай еңбегінде болса да Сапар аға адамгершіліктің ұрығын егеді. Советтік Отанын сүюді үйретеді. Уақиғаны көріп отырып жазады, сондықтан кейде қабырғанды қайыстыра, кейде жүрегіңді лүпілдете аласұртады. Мысалы, «Қарқаралы» поэмасында Сапарғали 1921 жылғы аласапыранды суреттейді. Ақтардың қашып, қызылдардың түре қуған кезеңін, сол мезгілдегі қашқындардың нешетүрлі қулық-сұмдығын қазқалпында көрсетеді.

Қарқаралыны андаусызда бандалар басып алады, сол қанды түннің үрейлі кескінін ақын былай береді:

Тартқандай демін ішке қала тынып,

Торғындай көкшіл аспан бұлтсыз тұнық.

Шашылып бриллианттай жұлдыз жайнап,

Мылқау түн табиғатқа хандық құрып,

Кенеттен бұза-жара тыныштықты,
Ат койған қалаға аңдап, дүсір шықты,
Винтовка, пулеметтер гүрсіл қағып,
Зулатты, қала үстінен оқ ыршытты.
Үрпитті қала халқын қаһарлы екпін,
Келтірген үстін асқа аспан-көктің.
Боп кетті жер тулақтай, тау қаңбақтай,
Ілезде-ақ ұшты үрейі тұрған көптің,—

деп, көзімен көрген кісі ғана, ішінде бірге жүрген ақын ғана осылай айта алады. Біздің байқауымызша, сан-қилы ірі сөздерді орынды-орынсыз қолданып, сырт ұйқасты қуалап, көтеріңкі көпіріңкі айту оңай, бірақ қарапайым халық тілімен уақиғаның дәл суретін жасай білу қиын. Мөлшерден тыстың бәрі сиықсыз. Ойсыз ұйқас, нәрсіз дыбыс оқырман әлеуметке құр ызың. Мысалы:

Зимою в стуже
Мне не хуже,—

деген орысша өлең бар; осының ұйқасында кінәрат жоқ, бірақ ой бар ма, өмір бар ма? Ал, Пушкиннің «Полтавасында» Қочубейдің қызы Мария өзінің сүйген жары Мазепаны княгина Дульскаядан қызғанады, сонда А. С. Пушкин былай толғайды:

Удивлена, оскорблена,
Едва дыша встает она
И говорит с негодованием...

дейді. Осы өлең ұйқасымен күшті емес, ақынның ойын берген тілі күшті. Марияның сол ышқына шыққан жүрек сыры, демігіп ашу қысқан бейнесі мәңгі қалады. Біз бұл жерде әрине, Бегалинді Пушкинмен салыстырып тұрғанымыз жоқ, өлең туралы өзіміздің көз қарасымызды жеткізгіміз келеді. Әрбір сөздің жаны бар, орнында тұрса құлпырады, өткір тіл терең ойды сыртқа суырып шығарады, ойсыз, жалаң ұйқастыру өлеңнің негізгі тиянағы емес тәрізді.

Сапекеңнің қыруар еңбектерінен әр-алуан дыбыс естиміз, тақырыбына қарай ырғатылып, құбылып отырады. Қазақ елінің жанарған өмірінің көркем шежіресі, революцияның елу жылдық сапары сайрап тұрады. Сапекең ауылға, колхозға барса, қой маңырап, қозы жамырап, түйе боздап, жылқы кісінеп жатады. Бағып жүрген малшылардың да «шек-шек, шәйт-шәйт, көс-көс, құрау-құрау, өк-өк» деген ежелгі таныс үндері құлағына жылы естіледі. Ол қалаға, өндіріске келсе, – трактор, комбайн, паровоздардың, балға соққан ұсталардың «тақ-тұқ, шарт-шұрт, тратта-тат, трата-тат» сияқты қуатты дыбыстары құлақты тұндырады. Ол Отан соғысының долы дауылын жырласа, жауынгер ерлерін мадақтаса, зеңбірек, пулемет, винтовка, аэропланның екі иығынан дем алып үздіксіз дүрсілдеуі жер бетін жаңғырықтырады, қысқасы, революциядан кейінгі өсу белестерінің бәрі де айшықталып айтылады, өйткені Сапекең уақиғаны түгел көзімен көргенде ғана күй шерткен акын.

Сапар ағаны ешкіммен салыстырғымыз келмейді, өйткені ол өзіне-өзі ұқсайды.

Біздің байқауымызша, әр елдің әр түрлі адамдары болатын сияқты. Кейбіреуі өз халқының материалдық, рухани байлығын да, Батыс пен Шығыс мәдениетін де сарқа біледі. Екінші біреулері өз елінің ойы-қырын түгі-түгел меңгереді, бөгде елдерді де шетпұшпақтап қамтиды. Үшінші біреуі туған ұлтының мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне өле-өлгенше түбегейлі қызмет етеді, соны қастерлеп үгіттейді. Міне, жалпы алғанда, әр елдің әдеби, мәдени, саяси өрбуінде осындай сан-алуан қалам қайраткерлері болатын тәрізді. Жан иелерінің біріне-бірі ұқсамауы, заты, сол елдің елдігін көрсетсе керек. Бір қалыпқа тартқандай болу жалықтыратын да тәрізді.

Сапарғалидың шығармаларын оқып отырғанда, біздің есімізге ескі «Қыз Жібек» қысасы түседі. Өздеріңізге белгілі, Қаршыға мен Төлеген көштен-көшті қуа сүзіп, Жібекті іздеп келе жатыр. Көш басы сайын кезіккен қыздардың сұлулығын белгісіз автор

емешесі құрып суреттейді, бірінен-бірі өтеді, бәрі әдемі екен, бірақ Жібек емес. Оқырман жұрт енді Қыз Жібекке өзі ғашық болады, бірге іздеседі. Дымы құрып, аласұрып Төлеген алдыңғы көшке жетеді, Жібектің шешесін көреді. Кейін қалған әлгі әдемі қыздар мұның қасында жіп есер емес, тұп-тура Шолпан дерсін. Төлегеннің Жібекті көрген сәтін ақын суреттемейді, оған ойы да, тілі де, ақындық күші де жете алмайтын тәрізді. Оқырман да мейлінше ырза. Шешесі анадай әдемі болғанда, қызының қандай екені бәрімізге де түсінікті. Артық сөз ойды сұйылтады ғой. Ақын мөлшерді жақсы білген.

Осының бәрі сиқырлы тілдің қуаты, қысадағы өлеңнің ұйқасында да емес, гәп, барлық күш автордың ойын паш еткен тілінде, суреттеу шеберлігінде жатқандай.

Қазақ елінің байырғы сол тілін Сапар аға бойына сіңіріп, бәрін бір өзі арқалап жүргендей. Ол жылмиған жүйрік, жылжыған жорға тілдің тірі қазынасы.

Осы күнгі жасөспірім тіл мамандарына, жас әдебиетшілерге қазақ тілін білгілерің келсе, осы ағадан оқындар дер едік. Ақша төлеп те үйренеді ғой, тегін берсе, бағасы кемімес! Бір кезде Қажым Жұмалиевпен осы Сапар ағаның кейінгі поэмасы «Баян жүрек» туралы сөйлесіп келе жаттық. Сондағы Қажекеннің орынды ескерткен бір сөзі есімізде: «Сапекең қазақ тілінің қорындай; бірақ бар білгені еңбегіне сыймай, түгел айтылмай кетсе, өкініш осы ғой!» – деп еді. Бұл ойлы сөз, орынды уайым. Сондықтан да тіл мамандары Сапар ағаның қолда барында бар қорын, бойында сақталған асылын алып қалуға тырысу жөн. Баяғыда Владимир Маяковский: «Где были пишущие, когда живой Хлебников живым ходил по России?» – деп өкінген-ді. Әрине, ең игілі ісіміз жасы ұлғайған ағаларымыздың бойында барын осы тірі күнінде, аяғын тік басып жүргенде зерттеуіміз керек. Артынан өкіну қажет болмас. Бұған әлі онша кеш емес.

Сапекең әлі жас, бұған кеше ғана жазған өлеңдері

куә бола алады. Сапар ағамыз адал махаббаттың да пернесін басады, ішегін толғана шертеді:

Дүниеде көп жар сүйсем де,
Теңгермен бірін өзіңе.
Лебіңмен жанып, күйсем де
Шыдармын, сенші сөзіме!
Осымен сырды тоқтаттым,
Көп айтсам кетер шашылып.
Бір сен деп арнап тіл каттым,
Айтпаушы ем, көптен ашылып,—

дейді.

Адамға тән, ақынға жарасымды сезімдердің ешқайсысы да Сапекеңе жат емес. «Махаббат алдында жас та, кәрі де бас иеді»,— деген ғой Александр Сергеевич Пушкин. Дүние жүзіне белгілі ұлы ақын Вольфганг Гете де 73 жасында Беттинаға ғашық болған.

Сапекең кірмеген қалтарыс жоқ, тақырыбы сан-алуан, арнасы кең, Сапарғали өз ұлтының асыл қазынасына өте көп үңілген, бар өмірін соған сарп еткен қаламгер. Сөзді өзіне берелік:

Көз жіберіп кезер болсам өткенін,
Көрем талай асқарлы тау өткелін.
Тайғақ кешу, тар жолында елімнің
Білем, меруерт, маржан төгіп кеткенін,—

дейді.

Туған халқының ұшан теңіз ауыз әдебиетін, тіл қорын емірене сүйген патриот ақын үңіле зерттей келіп, ойын әділ қорытады. Мұнысы рухани байлықпен қоса, Қарағанды, Жезқазған, Қаражал, тағы да басқа өндіріс орындарында жер қойынын ақтарғанда тапқан асыл бұйымдарды да меңзеп тұрады.

Ақын аға кейде «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» дегендей, еңбексіз жүрген, сөз куған жандарды да кіналап түйреп өтеді.

Ертеңгі де бүгінгі ғой,
Несі медеу несиен?
Өрісі жоқ құр қайыршы ой

Қымбат болмақ несімен?
Ертең берер асылыңды
Бүгін неге сұрлейсің?
Өз бойыңнан көрмей мінді
Жатты неге кірлейсің? —

деп шенеп, зекиді.

Аздан кейін мейірімді аға жанашырлық тілеуқорлық айтады:
Іштен ер боп кім туады?

Ер болам деп кім өсер?
Жұмбақ адам болашағы,
Күрессіз оны кім шешер?
Сол күресте ер ететін
Ақыл, қайрат, заманың.
Өрің қия сен жететін,
Таймасыншы табаның?—

дейді.

Ойын әр салада өзінше жеткізген, өзіндік дербес орны бар ақын аға, тілі бай, жаны жақсылыққа жақын аға Сапекен.

«Арманым орыс халқының өрелі ойларын ертерек біле алмадым. Батыс мәдениетіне, әдебиетіне кешеуілдеп келдім», – дейді Сапарғали. Таласқымыз келмейді, аға сыйлап өскен елдің баласымыз ғой, алайда ескерте кетелікші, ол Фридрих Шиллерді де, А. С. Пушкинді де, М. Ю. Лермонтовты да, Тарас Шевченконы да қазақ тіліне аударып, еліне сыбаға тартқан адам.

Сапар аға тек көргенін ғана жырлап қоймайды, ол қиял пырағына да мініп, көмескі, күңгірт сұрлеудің өзін топшылай алады:

Апасы ақ Баянның ару Таңсық,
Туған қыз тұрған кезде өмір қаңсып,
Шынардың шыбығындай ширатылып,
Қос өрім өстің өксіп суда шалшық.
Оқ тиген ақ бөкеннің лағындай,
Еңсенді езіп еді заман жаншып.
Ардақты бүгін атың арманың жоқ,
Батпақтан батыр заман алған аршып,—

деп тебіренеді.

«Әлі келген алып та жығады, шалып та жығады». Ойдың өзі қайқайдағы қиыр дүниені де сүйреп алып кеп, көркейген жаңа өмірмен астастырады. Қалауын тапса – қар жанады, еріксіз сенесің. Шебер тілдің тегеуріні осылай болуы заңды.

Талабы таудай, ақырын жүріп, анық басатын алдымыздағы үлгілі, зерделі ағамыз – Сапекең.

Енді бір күрделі сала бар. Жастың қартаюы заңды; ал қарттың жасаруы өте ауыр. Сапар аға осы ережені де бұзып, жасара білген жүйрік. Бұл кісінің жасөспірімдерді тәрбиелеуде еңбегі зор, өзінің аталық орнын, тәрбиеші екенін біліп, елімізде кенжелеп туған балалар әдебиетін жасауда зор еңбек еткен қаламгеріміз – осы Сапарғали. Әр адам өз жасына сай сөз сөйлей алады. Бірақ өзін ұмытып, қажеттікті түсініп, жасөспірім балаша сөйлеу, соларша толғану, олардың ой-санасын кеңейту үлкен еңбекті, жалықпайтын ұстаздықты талап етеді.

«Құмырсқаның да сауыры болады» дейді қазақ елі. Сондай-ақ бүгінгі күні балалар әдебиетінің, балдырған жастардың тәлім-тәрбиесін мойнына арқалаған ағамыз, қазіргі балалар әдебиетінде бетке ұстарымыз, ақсақалымыз – Сапар аға. Белгілі мағанада Сапарғали – қазақ елінің Маршагы дер едік. Әдебиеті кемеліне келген орыс халқында сан-алуан суреткер бар. Біреулері адамзаттың ішіне кіріп, соның жан құбылысын ақтаруға шебер. Кейбіреуі халықтың байырғы тіліне жүйрік. Енді біреулері құстың тілін біледі, табиғатқа жан бітіретіндері де болады. Мысалы, Л. Н. Толстой, А. М. Горький тәрізді алыптар Купринге, Пришвинге осы жағынан келіп табынады. Бұлар өз бөлтегінде орасан жүйрік, ешкімге жеткізбейді. А. П. Чеховтың қысқа әңгімелерін Л.Н. Толстойдың романдарымен тірі жан салыстырмайды. Әрбіреуі өзінше жойдасыз биік шыңдар.

Сапарғали Бегалин роман жазбаған адам. Бірақ

сол қысқа-қысқа әңгімелерін оқып отырғанда, халық тілінің кең арнасын көреміз, айшықты ерекшелігі осында. Сапар аға ескі ауыл өмірінің уызын көп емген, ойы-қырын жетік біледі. Қазіргі күнде ескі синтексис, халықтың байырғы тұнық, мөлдір тілі таңсық болып барады. Ескі жорға тілге жаңаша пішін беретін ақсақалымыз Сапарғали деп білеміз.

«Жеткіншек» жинағын (1960), «Мектеп түлектерін» (1961), «Бала Шоқан» атты еңбектерін оқып шыққанда, осы ойға еріксіз тиянақтадық. Балалар үшін жазылған ірілі-уақты талай кітаптарын шолып шыққандағы қорытындымыз осы болды.

«Жеткіншек» жинағына беташарды ақын-жазушымыз, белді азаматымыз Әбу Сәрсенбаев жазған екен. Сонда: «Бұл кітап сенің өмірің! Құрметті жас оқырмандар, сендердің алдарыңа сұлу миықты, әкелеріңдей байсалды, ағаларыңдай жалынды, өздеріңдей қызыл галстукті... Сендерге әрі ата, әрі құрдас – құрметті пионер, қадірмен жазушы Сапарғалидың әңгімелер жинағы ұсынылып отыр», – деп басталады. Әрі қарай өз жүрегіндегі жылы лебіздерін аянбай ақтарады.

Бұл кітаптар туралы талай-талай рецензиялар шығып, халқымызға таныстырылған болатын. Әсіресе бала Шоқанның бейнесі, оның кедей баласымен жанқияр достығы қатты ұнайды. Шоқан демократ еді деп тамсанудан көрі, осындай «уақ көріністер» арқылы бейнелеу қызықтырады, сондықтан да өзіне тән ерекше дыбысы, кең тынысы бар, өзінше толғануы, айрықша талғамы бар дара жазушы Сапарғали – қазақ совет балалары әдебиетінің атасы, көш басшысы.

Сапар ағаның біраз еңбектері орыс тіліне, тағы басқа тілдерге аударылып, тарап кеткені мәлім.

Айтар сөз көп, уақыт аз. Сапекен адал, Сапекен адамгершіліктің сом тұлғасы.

«Ұзын ойын қысқа қайыру дарынның туған сіңлісі», – деп Чехов айтқандай, Сапар аға үнемі тұжырып, келте

қайыратын жазушы. Ол қазақ еліндегі балалар, жас- өспірімдер әдебиетінің өнегелі де өрнекті ақсақалы. Сапеке, еңбегіңіз жемісті болсын! Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол, шежіре аға, шешен ақын! Кейінгі үрім-бұтаққа берер сыбағаңыз таусылмасын!

Алтынмын деп жарқылдаған
Жалған жезден жаман жоқ.
Асылмын деп барқылдаған
Айғайға орын қалған жоқ,—

деп, өзіңіз де айтқан екенсіз!

Құр айғайдың заманы өтті, еңбектің, істің дәуірі туып отыр. Еңбек иесіне ажалдың да әлі келмейді. Дегелеңнің дүлдүлі барлығып қалмай, ескі шабыстан талмай жүйткі беріңіз!

СҮЙІКТІ ДОСЫМ!

«Тарас жатыр жарасы жанға батып,
Бір сүйек мың сүйекті сырқыратып.
Қия алмай жалынды шақ, жас өмірді,
Қарайды кейде көзін жаудыратып.»

Қажым.

Қажығали Жұмалиевті мен 1956 жылы июнь-июль айларының бірінде тұңғыш рет көріп таныстым. Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет /осы күнгі «Жазушы»/ баспасына келген екен. Көп сөзге келмей, шығып кетті, жақындасуымыз келте қайрылған сәлемдесуден басталғандай. Бірінші көргенде-ақ, менің бастасым да, тағдырласым да осы бір кескіні жүдеу, киімі жұпыны, тығыршықтай шәпеті денелі, дәл осы жігіт болар-ау, – деген ойға тірелдім...

Қажымды мен 1929 жылы жарық көрген «Егізбай мен Ерғожа» атты поэмасынан білуші едім. Әр адам өзіне бұрын таныс емес нәрсені оқып, білуге құмартады ғой. Тәшкенді, өзбек елін 1922 жылдан бері қарай біле тұрсам да, өзімізбен жапсарлас жатқан

қырғыздың елін, жерін бұдан бұрып білмеппін, сондықтан қатты қызығып оқыдым, Соңда: «Қырғыз бенен қазақтың шекарасы – Аспара» дейді де, Сусамырды суреттеуден бастайды. Ақын Қажым: «Шөккен нардай жартастарды бұлт қорғап, бозғыл тұман арасына тығылып, Сусамырды күндіз-түні қарауылдап, төбесінде қалықтап ұшқан қырандар»,– деп тебіренеді. Қажым – шөлейт құмды өңірде, Қаратөбеде туған адам. Сөйте тұрып, таулы аймақтың қолмен тізгендей қалың талын да, оның жел соқса, тербетіліп ырғақтайтын бұтағын да, сызылтып ән шырқаған бұлбұлын да, баурайында асыр салған аңдарын да әсем жырлайды, жатырқамайды. Шынымды айтсам, туысқан екі республиканың шекарасы Аспара екенін, жер бетінде Сусамырдай жайлы қоныстың барын Қажекең арқылы білдім, сондықтан да оны ұстазымдай сыйлап, «Қажеке» деп кеттім; сөйтсем, ол менен бір жасы кіші болып шықты-ау!

Хамза, Мұхаметжан тәрізді жақын достары, құрдастары оған қатты қалжындайтын. Қажым оны елемейтін, өйткені зілді дыбыстың жоқтығын сезетін, оның үстіне қазақ дәстүрінде құрдас сөзі балаусыз, ашуланса ұтылуы мүмкін. Бұлар да Қажекеңнің кіді мінезін, бір бетінен қайтпайтын ерлігін аса жоғары бағалайтын.

Әдетте Қажымды – ғалым, ұстаз деседі, осының бәрі рас, бірақ ол ең әуелі ақын. Оның мінезіндегі кедір-бұдыр да ақындықтан қоздайды, ақылдан сезім ұшқыр, ақын сезімтал, ал ғалымдық салқынқандылыққа саяды.

Өзімізге ұнаған поэма «Махаббат пен достық», бұл қазақ әдебиетіне қосылған үлес еді.

Шіркін-ай, жан қиярлық болса досың!
Іргелес қып достықтың тіксең қосын.
Жаһанда бар ма қызық одан артық,
Келмей ме кемеліне көңіл хошың?

Үстіңе бақытсыздық төнсе қалың,
Морт кетсе қысылғанда қармар талың,
Сонда дос көрсетеді шын достықты,
Аямай бір сен үшін қолда барын, –

дейді Қажекен. Махаббат пен достық жыры да аңсаудан туған нәзік сезімнің жемістері.

Әлі есімде, 1968 жылы май айының орта шені, айлы түнде көшеде жолықтық. Төңкерілген көгілдір қазанның шұңғыл түбіне жабысқан алтын табақтай болып, ай көкте қалқып, жылжып барады. Айнала жым-жырт. Алматының тіл жеткісіз әдемі кешінің бірі еді. Иттің абалап үрген даусы да естілмейді. Сымға тартқандай түп-түзу көшелерді ұйқының жұмсақ, жеңіл мұнары маужыратып әлдилей түседі.

Осындай әдемі кеште екеуіміз ұшырастық та әлгі тылсым тыныштықты бұзып, жамыраса жөнелдік. «Махаббат пен достық» поэмасын оқып шыққанда есімде қалған бір үзіндіні жатқа айтып:

Ойды улап, бойды билеп табындырған
Осал деп кім айта алар махаббатты?—

дейсің сен. Бұрын айтсаң, көзің көрмей ме? Кешегі өндірі күнінде өзеурей ынтығып, талай күйге түскен боларсың. Махаббат деп таныған мына қазіргі шүйкебасыңмен аулақта кездескенде – қызулы ыстық сөздерді, зәру жүректің ынтыққан құпия сырын тілің жеткенше, ақтарған да шығарсың. Жас кезінде бәрі үйлеседі, тіпті сондай сертті мезгілдерде үндеспей қалатын да самалды сағаттарың болды ғой, бәрін де түсінем, қысыр сөз, қандай әдемі болса да, махаббатты ол сұйылтып, қожыратып жіберетінін де білесің сен... – дей бергенімде:

– Сен түк те түсінбейсің, – деп кесіп тастады, даусы, өңешінен әріректеу жерден шыққандай, қарлыға сөйледі. – Махаббатқа әрбір адам әр-алуан қарайды. Тіпті бір адамның өзі де әр дәуірде әр қилы күй шертеді. Жас күнінде оттай лапылдап жанады да,

кәрттайғанда оның жүрегі құштарлыққа ере бермейді, деп еді А. С. Пушкин... Әй, сен осы көп сөзді доғаршы! Нушич деген біреу «Әйел алғаннан кейін еркектің өмірбаяны болмайды», – депті, соны айтпақшысын ғой, мен түсінем... Мақтаудың кейде даттаудан артық екенін білем, онан да мына поэма туралы қандай ілгешегің бар, соны айтсайшы... Оның мінезінде жасандылық жоқ, шын ақын болатын. Жылдам өкпелеп, жылдам жадырайтын. Уәде берсе, сол орнынан табылатын, ол жорғақтамайтын, жек көрсе, бұрыла алмайтын. Жеңілген кезінде қалшия қарап тұра қалатын.

– Поэмаң өте жақсы жазылған, қызғаныш, өшпенділік, күншілдік – бәрі де нанымды берілген екен:

Қызғаныш қызыл көзі оттай жайнап,
Өшпендік сақылдата тісін қайрап;
Күншілдік күбірткеше іштен кеулеп,
Үшеуі Сағынайды досына айдап -
Салмақшы! Мерт болғалы тұр ер жігіт,
Көмекке үлгірмесе сабыр, қайрат...

дегенің өге-мөте әдемі шыққан. «Жалғыз-ақ, Нинаның Сағынай, Тарастар қызмет ететін полкте жүруі, сөйте тұрып, бірін-бірі білмеуі мүмкін бе? Оның үстіне Нина Тарастың туған қарындасы дейсің. Сенімен дауласқым келмейді, өзің айт деген соң, айттым. Меңсіз қара мысықтай шығарма дүниеге әредік келеді ғой...

– Дұрыс ескерткенің, үйінің қасына келіп қалыппыз, жүр енді Әбекеңе сәлем беріп шығалық, ол аға ғой, – деп оң жаққа бұрылды.

Әбекең қуана қарсы алды. Әрбір тостағанды бата істеп көтеру әдетке айналды ғой, Қажекең өз кезегінде:

– Әбекең өлеңінде жеке өзіне тән жылылық, сыршылдық, нәзіктік бар, маған осылары ұнайды, – дегенді айтып, есен-саулық тіледі...

Әр адам жақсы көрер мінездесін,
Кісіні хош көрмеген неге іздесін?
Қашамын надандардың сұхбатынан,
Түсіме, өңім түгіл, кіргізбесін,—

деген халық өлеңі дәл айтады: Қажекең екеуіміз тұзы жарасқан
жандар едік.

Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғаріптікке көз жетті
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген құдайым
Ажалын да беріпті

(Абай)

Қатты қайғы немесе зор қуаныш үстінде өлшеп сөйлеу қиын-ақ! Күнде көрісіп, тату-тәтті әзілдер айтысып, жамыраса сөйлесіп, жадырасып та отыратын ойлы достан мәңгіге айрылу оңайға түспейді екен! Бәрімізге де Қажекеңнің екі қылығы өте-мөте ұнайтын. Соның бірі – кіршіксіз адалдығы, екіншісі – қажымайтын еңбекқорлығы. Кейде тіпті қателесе де, өз нанымын айтпай бұғып қала алмаушы еді. Сырын білетін шын достары көңліне алмайтын.

Қажекеңді ұшан-теңіз өмір толқыны қағып та, соғып та, сілкілеп те байқады. Алайда бағынбайтын қайсар тұлғаны майыстыра алмады. Сөйтіп, ол талай қиын-қыстау додадан сүрінбей сурылып та шықты.

Айтарым көп-ақ, бірақ қазір сол ойлардың бәрі де бет-бетіне кетіп, бұлдырап бошалап кеткендей. Бәріміздің де түпкі мекеніміз, көрмеген көшеміз сол болары айдан анық. Осы ой жүректі кеміріп, тынысты тарылтады.

Соққан дауыл сияқты өмір өтер,
Қайғырмаймын, білемін, көзім жетер.
Кеудемде осы жүрек тұрған шақта
Жаксылық жоқ өзіме, мен дәметер...

Пай-пай-пай! Айтқан-ау! Басыңа қандай қара күн туса да, ақын Абай алып шықпайтын қамал жоқ. Ол жылата да, жұбата да біледі.

Қажеке, сенен қазір кешірім сұрағым келеді. Өзіңе барғанда көңліңді сұрай келмеген кісіше отырушы едім. Кәкір-шүкір уақ әзілдер айтып күлдіруге тырысушы едім; өзімді де, өзінді де алдаушы едім. Осыны кешір! Бұдан бұрын барғанда да жалған сөйлеппін, жазған хатымда: «Сүйікті, Қажеке! Досыңа достық қарызың ғой, екі күндей кіре алмай қойдым. Аман-есен болайық, айтылатын әңгіме-дүкен көп. Өзім Шымкент-Түркістан, Қаратау барып қайттым. Мәжіліс өткен соң келдім, 19. XII–68 ж. Журналға басылған әңгімең құтты болсын. Әдебиетіміздегі бір белес тәрізді. Осы қуанышқа ортақ болалық, тезірек шық! 23. XII–68ж.», – деп жазыппын. Осы хатқа ол:

«Рахмет! Хал шамалы. Қазір мүмкіндік жоқ. Болса, хабарлармын. Кітабыңды басынан аяғына дейін оқыдым. Жақсы екен. Айтарым бар еді. Амал жоқ. Сау болалық. Қажымың. 23. XII — 68 ж.»—деп жауап қайтарыпты. Қажымдай қайсар адамның «Хал шамалы» деуінде жүректі жегідей жейтіп зіл тұрғанын сезгендей болдым. Кейінгі шайып-жуған сөздері әлгі екі сөздің уытын қайтара алмады. Биязы айтылған шындық тебірендіре де, тентірете де алады екен!

Көп адамға ұқсамайтын онда тағы бір мінез бар еді. Ол өзінен бұрын өткен егде ағаларын орнынша сыйлай білетін еді. Осыған куә етіп өз сөзін кел- тірейінші...

«Біз Мұханның (Мұхтар Әуезовті айтып отыр – С. Т.) қайтыс болғанын Москваға бір станция қалғанда естідік. Суық хабар жай түскендей әсер етті. Ол кісіні осынша тез, ойламаған жерден қайтыс болады деп кім ойлаған! Көре алмай қалғаныма бір қайғырсам, өз қолымнан топырақ сала алмағаныма екі қайғырып, қазір маған әдебиетіміздің бір босағасы құлап, орны үңірейіп қалғандай, дел-салмын. Өлді деуге тіл бар-

ып, көңіл сенуі мүмкін емес тәрізді. Уланған іш, қамыққан көңіл, қайғылы хал, көзге іркілген жас, ойлаған сайын бір жерге тоғысады да, түнде ұйқыны, күндіз күлкіні (иретіп басыңды меңзең етеді. Ол мәңгі тірі, артына өлмес еңбек қалдырды, арманы жоқ қой деп, өзімді өзім жұбатпақ боламын. Бірақ, ол сықылды зор талант әлі де өмір сүріңкіресе, көптеген асыл еңбектер бермеп пе еді? Мұханның өліміне қайғырмаған жан болмас. Сол қатты қайғырушының бірі мен. Басқаларға көңіл айтып, тірілердің өмірі ұзақ болуына тілектеспін. Жолдастарға сәлем айт. Қажым. 30. У1—М ж.» – деп жазған еді-ау!

Сымға тартқандай әдемі сөзді әркім жазады, бірақ кедір-бұдыр шыңдықты айту қолдан келе бермесе керекті.

Мұхтар ағасы жөнінде оның осы айтқандарын мен де Қажымдай сүйікті досымның дәл өзіне арнар едім.

СӘКЕННІҢ СЕРІГІ

Әуелден-ақ қазақ халқының қайтпас қара болаттай қайсар адамдары көп болған ғой, солардың ізін суытпай Ұлы Октябрь революциясының алдында өзі батыр және батыл туған азаматымыз – Абдолла Асылбеков. Ол 1896 жылқы жылы Нұра ауданында, Құндызды өзенінің бойында, Кеңқияқ алқабындағы Қара суда дүниеге келіпті. Абдолланың әкесі Әбдірахман, шешесі Зәуре – ұйғыр қызы.

Әбдірахман кедейліктен күнін көре алмай елден кетіп, Ақмола барған, онда Степан Кубрин деген атақты сәудегерге малай болып жалданған екен, ең әуелі қора тазалаушыдан бастап, келе-келе біркәншік дәрежесіне көтерілген. «Ақбайпақ Мүсәпір» атануы да сол кезде. Кейін 1917 жылы біркәншік қызметінен

қуылып елге келген соң «Әбдірахман» да, «Ақбайпақ» та ұмытылып, «Мүсәпір» атанып кете барды.

Үлкен әкесі Асылбек пен Жақып бірге туысады. Жақыптың баласы Ерғали Алматыда тұрады. Абдолланың үлкен ұлы Бәкен Отан соғысында қаза тапқан, өзінің қанды көйлек досы, Омбы абақтысында 1919 жылы өлген революционер Бәкен Серікбаевтың атын қойған ғой. Немере інісі Ерғалидің балаларына да Нұрғайын, Тельман деген аттар қойылыпты.

Нұрғайын Бекмұхамметов 1919 жылы Ақмола абақтысында Колчак өкіметі атып өлтірген кісі, ұлты татар, туыстығы, ой-пікірі бір Абдолла мен Сәкеннің жан қияр досы. Аты шулы революционер Тельманның кім екенін айтып жатуды артық көрдік. Ел ішінде Абдолланың үй ішін «Революция жолына қалтқысыз түгел берілген семья» деп атауы да осы жәйттерден туса керек.

«Біреудің білімі үлкен, біреудің ақылы, ойы үлкен...» деседі, осының бәрі даулы ғой, тек даусыз үлкен – жасы үлкен, – деп біздің бір ағамыз айтушы еді. Мұндай ескі қағиданы заманымызға қарай жаңғырта айтсақ «Халқына сіңген игілі еңбегі үлкен», – дер едік.

Осы Ұлы Октябрьдің елу жылдық торқалы тойының қарсаңында, арамыздан ерте кетіп, сағындырған үлкен ағаларымыз туралы баспа бетінде айтылып жүр, олардың көмескі жәйттерін ашып Совет Отанына таныстырып та жатырмыз. Жасы үлкен, сіңірген еңбегі мол өлген ағаның үлгілі істерін жариялау, тіріні тәрбиелеу үшін керек. Бірақ «азуын айға білеген ардагер аға, табаны таймайтын қайсар аға» деп көбіктей көпіршітіп, сағызша созып көп көңірси бермей-ақ төтесінен қайырғымыз келіп отыр, өз өмірінде қандай елеулі істер істеді, соны ғана айтуға бет алдық.

Абдолла Асылбеков үш жасында шешесі Зәуре өліп жетім қалған. Әжесі Дәметкен, жеңгесі Әлиман асыраған.

Ақмоладағы бірінші басқыш татар медресесін 1913 жылы бітіріп әрі қарай оқуға талпынады. Көздеген мақсатына жету үшін Абдолла 17 жасында бір сәудегерге жалданады, оның жылқысын айдап Орынбор жетеді. Орынборда Хұсайын атына ашылған медресеге түседі. («Мәдрәсәи Хусаиния» – орта мектеп екен). Сонда төрт-бес ай оқығаннан кейін «қазақ-татар жастарын дінге, патша үкіметіне қарсы ұйымдастырғаны үшін» Абдолла медреседен қуылған. Жақын жолдастары ереуіл көтеріп, Абдолланың мектепте қалуын талап еткен. Бірақ, полиция шақырылып, екі тәуліктің ішінде жатақханадан шықсын, Орынбордан кетсін деп ұйғарған.

Тілектес достары 65 сом ақша жинап беріп, Қызылжарға аттандырған.

1914 жылы Абдолла Қызылжар келіп, мұғалімдер дайындайтын қазақ мектебіне түсіп оқыған, алайда, Абдолланы бұл мектеп «шартты» түрде қабылдаған. «Саяси сенімділігі» жөнінде куәлік қағаз әкелсін деп жүктеген. Үш ай оқығаннан кейін ешбір дәлелсіз бұл мектептен де қуған, полиция тағы араласқан екен.

Сол жылы (1914) Ақмолада татар мектебіне мұғалім болған, көп ұзамай-ақ одан да себепсіз шығарылған ғой. Бұдан сон Нұра ауданына барып ауыл мұғалімі болып паналаған. Жолы болмаудың классикалық формаларын басынан қанша кешірсе де Абдолла қажымады, шымырланып шыңдала берді.

1913 жылдан бастап 1916 жылға дейін қырғыз-татар жастарының арасында ұлт азаттығы жайлы жасырын қызмет істеді. Газеттерге, татар журналдарына үзбей жазып тұрды, құпия листовка таратты, «Яйна» (Айна) журналын шығарысты.

1916 жылы патшаның июнь жарлығына қарсы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты, ол кезде Абдолла Жаңаарқа ауданында еді.

1917 жылы февраль төңкерісінен кейін қырғыз комитетінің мүшесі, «Жас қазақ» атты қоғамның

жауапты хатшысы. 1917 жылы Абдолла партияға кірді (ескі партия билетінің номері 1126296, жаңа билеті 1558671), Октябрьде Совдеп құрылды, Абдолла сол Совдептің басты мүшесі, контрибуция жөніндегі комиссияның бастығы, қызылгвардия құратын әскери советтің мүшесі, уездік партия комитетінің мүшесі.

1918 жылы 2 июньде Ақмоланы ақ қазақтар басып алғанда Асылбеков Абдолла абақтыға түсті. Атаман Анненковтың «Өлім вагонінде» Омбы лагеріне барды, содан Қиыр Шығысқа айдалды, Иман абақтысында 1920 жылдың 2 февраліне дейін отырып, Новиков екеуі қашып шықты. Бұлар үш ай бойы Тайга тоғайында жасырынып жүріп, Милохин мен Ярошенко бастаған партизан отрядына қосылды. 1920 жылдан 1921 жылдың март айына дейін Амур, Приморье, Забайкалье облыстарындағы партизандардың ішінде жүрді. Иман, Хабаровск, Красная речка, Нерчинск, Сретенск, Даурия майдандарында ақтың әскерімен кидаласқан азамат та Абдолла Асылбеков. Жоғарыда айтылған ерлік еңбектері үшін Революциялық әскери совет (Реввоенсовет) табанды күрескерге (стойкому борцу) деген жазуы бар қол сағат сыйлаған болатын.

1921 жылы Қиыр Шығыстан Омбыға келіп, Қызылжар, Көкшетау, Ақмола уездеріндегі ақ бандылардың қалдығын жоюға өкіл болып сайланды. Осы көтерілістерді басқаннан кейін Абдолла Қызылжар келді, губчека, губком мүшесі болды, ревкомның орынбасары болып істеді. 1921 жылы май айында Орынбор келіп, бірінші өлкелік конференцияда Киробкомға мүше болды, ал екінші конференцияда Киробкомға секретарь болып сайланды, содан 1932 жылға дейін қызмет істеп, күзді күні Москвадағы Тимирязев Академиясына оқуға түсті. 1926–1927 жылдары Қостанайдың Округтік атқару комитетіне бастық болды.

1928 жылдан 1934 жылға дейін Қазақстан Орталық Комитетінің жауапты хатшысы да осы Абдолла.

1934-1936 жылдарда Қарқаралының Округтік атқару комитетінің бастығы, 1936 жылы Қарағандының облыстық атқару комитетін басқарды.

Абдолла Абдрахманұлы Асылбеков қайратты революционер, езілген еңбекші елінің көркеюі үшін өмір сүрген, Коммунист партиясының, совет елінің адал азаматы еді.

Абдолла Асылбеков Қиыр Шығыста тайга ішінде партизандармен қол ұстасып ақтың әскерімен соғысып жүрген кезінде, Орынборда шығатын «Еңбек туы» газетінде Сәкен Сейфуллин, анау аласапыранда абақтыда айырылып қалған досы Абдолланы жоқтап жазды. Сонда: «1919 жылғы январьдың басында (5 январь) адамды бет қаратпаған 30-40 градус аяздарда 40-50 кісіні Ақмоладан Қызылжар арқылы Омбыға қан ішкіш Анненковтың отряды жаяу айдады. Соның ішінде сабаз азамат, сабырлы Ғабдулла да (Абдолла) бар еді... Халық үшін қан жұтқан ер Ғабдулла бар еді» – дейді, ал 1921 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Бауырым Абдолла келді» – деп сүйінші сұраған да Сәкен Сейфуллин болатын.

Қиын-қыстау қанды жолда жалаңаш кездесіп, теткусіз сеніскен достардың біріне бірі ыстық көрінетіні де осындай кезеңде айкындала түседі.

Абдолла Асылбековтың бар еңбегін шағын естелікте айтып жеткізу мүмкін емес. Бәрін тере берсек сөз таусылмас еді. Өйткені ол үздіксіз күреспен өткен азамат. Оның толып жатқан мақалалары мерзімді баспа беттерінде талай рет жарияланғанды, көркем әдебиетке де ат салысқан.

1922 жылы Абдолла Абдрахманұлы Асылбеков «Біздің де күніміз туды» деп кітап жазды, ол Орынборда басылды.

Партия тарихы институтында сақталған Абдолла Асылбековтың өз қолымен жазғандарын оқып отырсаңыз, ұзын-сонар ойға шомасыз.

Өмірбаянының әрбір жолынан адалдық лебі есіп тұрады.

Біз қаладық қиындықпен

Keң сарайға іргені,

Біздің тілек сол сарайға

Кейінгілер кіргені, –

деген Сәкеннің қуатты дыбысы естіледі. Әке сыйлаған, аға сыйлаған елдің балалары, советтің өскелең дәуірінің азаматтары, сендерге арналды бұл әндер! Өткен кездегі табанды күрескер ағаларыңның бірі осы Абдолла. Абзал ағаның құнарлы еңбектерін бағалап, соның ішінен сұрыптап өз керегін алып кәдеге асырар деген үмітіміз зор.

Үшінші бөлім

Әңгімелер, мақалалар, толғаныстар

АДАМ ОЛ!

(Әділбек әңгімесі)

Қоңыр күз. Омбы қаласы. Ертіс өзенінің жиегі, сол қаланың шетін ала, Ертіске итіне төніп, құлазып тұрған жатаған тоқал ағаш үй. Әділбек Елеусізов осы үйді көптен бері мекен етеді.

Сібірге жолаушылап барғаныма біраз болып еді, қайтар алдында сәлем бергелі кірдім.

– Сәлемші болсаң жоғары шық, балам! – деп ақсақалды қарт орнынан бүкжеңдей көтеріліп менің қолымды алды.

Ескі заманда оқыған егде қарт Әділбекті бұрын да естуші едім. «Әділбек тарихшы, Әділбек шешен...» деген қауесет жүрегіме ерте ұялап, бүгін реті келгенде жеке отырып тыңдауға аңсарым ауды.

Тілдігін талай басқан, үні тозып, жарықшақ тартқан, қайтқан күндей көз жанары солғындап сөнуге айналған Әділбекті көргенде менің бұрынғы өрекімнен ойым су сепкендей басыла қалды. Жүрегімде жүрген әдемі бейне ыдырап сала берді. Көпті көрген көне қарт осы өзгерісті түсінді ме, қалай?

– Шырағым, аман-есен жүрмісің? Бұл жаққа қашан келіп едің. Қызметпен болар?.. Қашан қайтпақсың? – деп жедел сұрақ қойды да, есікке бұрылды.

– Келгеніме көп болды. Архив ақтардым. Бұрынғы өткен адамдардың бейнесін ашпақ едім. Енді қайтпақпын, – деп, келте жауап қайырдым.

– Дұрыс, шырағым, шешініп отыр, сәлем бергеніңе өте ырзамын, – деп бастады Әділбек. – Мен осы қалада туып өстім. Кеш оқыдық, бітірген пәлендей мектебіміз де жоқ. Қазір пенсиядамын: жасым сексен асты. Сәкен аған менің інім еді. Мен Владимир Ильичтен он бір жасы кішімін, – дегенде көзі күнге шағылысқандай жылтырай қалды.

– Әділбек аға, сіз Ленинді көрдіңіз бе?

– Көрдім.

– Сөйлестіңіз бе?

– Осы өзің мен өзімдей қатар отырып сөйлестім.

– Я!.. Қандай адам екенін суреттеп бере аласыз ба?

– Жоқ, ол маған қиын.

– Мен Сәкен ағамның өмірін, істеген ісін зерттеп жүр едім. Сол үшін Сәкенді білетін сізге әдейі келдім. Ал енді Сәкенді айтпас бұрын, сол ақын ағаның пір тұтқан ұстазы Владимир Ильичті суреттеп өтсеңіз қайтер еді? – деп қиыла сұрадым.

Сонда Әділбек әңгімесін былай бастады.

– Адамзат кешіп өткен кәрі тарихқа көз жіберсек талай тұлпар, талай сұңқарлар дүниеге келіп, әрқайсысы өзінше сыбағасын жеп, үлесін алып аттанған тәрізді. Сондықтан да, тарих көпті көріп көнергендей ғой, шырағым, – деп, бір күрсінді де Әділбек өз ойын әрі қарай соза жөнелді.

– Христиан дінінің жыл есептеуімен алғанда қазір үстімізде жиырмасыншы ғасыр тұр. Осы жиырма ғасырдан бұрынғы жүз ғасырды да, атап айтқанда, он мың жыл бұрынғы оқиғаны да, тарихшылар болжап жүр. Олар мүлде алыстан бастайды. «Хетта, Мысыр, Қытай, Индия, Шумер, Аккада, тағысын-тағы толып жатқан мемлекеттер – мәдениеттер болыпты» – дегенді айтады. Осының бәрі де рас шығар, бірақ, мен оларды қанша білсем де, етене түсіне алмаймын. Өйткені мүлде көз түгіл ой жеткісіз алыс жатыр, бұлыңғыр елестейді. Еміс-еміс естуім бойынша біздің заманымыздан төрт ғасыр бұрын Іскендір Зұлқарнайын

Македонияда туыпты, оны сендер Александр Македонский дейсіңдер ғой. Сол Зұлқарнайын, адам үшін қызмет істемей, атақ үшін қызмет істеп, ел шауып өткен сияқты.

– Зұлқарнайынның атын естігенде менің қарсы алдыма: асау Буцефалды ауыздықтап мінген, «қос мүйізді», дулығалы, қанды көз әзірейіл келіп тұра қалғандай болады. Құлағыма зар илеген жесір ананың, іңгелеген жетім баланың, бас еркінен айырылып малша сатылып бара жатқан құл мен күннің шулаған даусы әлі ызындап естіліп тұрғандай.

– Сонау көне дүниені қойып, өзіміздің осы жиырмасыншы ғасыр ішіне кіргенде де талай-талай жорықтар көз алдыңнан өтіп жатады. Соның ішіндегі әйгілісін алсақ та нахақтан аққан қан аттың тілерсегінен келеді. Бірінші ғасырдағы Юлий Цезарь, он екінші ғасырдағы Шыңғыс пен он бесінші ғасырдағы Ақсақ Темір, он тоғызыншы ғасырдағы Наполеондардың қанды жорықтары да бірінен бірі сорақы. Олардың әрекетінде өзбасындық тар пиғыл, құлқын қамы ғана тұрғандай. «Әділдіктің әрекеті, жауыздықтың берекеті болмайды» – деген сөз тегін айтылмаған-ау, сірә! Зорлықпен жасалған сол мемлекеттер әкімдері өлген соң бет-бетімен бытырап кетіпті... Бірақ сол замандарда да әділдікті ұран еткен, адамзат қамын жеген озат ойлы ұлы адамдар болыпты. Искендірдің ұстазы Аристотельдей ізгі ғалым, қара қылды қақ жарған әділ, кедейліктің таксіретін қанша тартса да өзінен «зорға» басын имеген. Он алтыншы ғасыр Коперник, Галилейлерді көрді. Он тоғызыншы ғасыр адамзаттың данышпаны Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің жалынды ұранын, дана сөздерін тыңдады, бірақ ол кезде бейбітшілікті бұзақылық жеңді де, теңдік ұраны жауыздар табанында тапталды. Заманының көреген ұлы-қызы көздеген арманына жете алмай кетті. Қан уыстап туған әкімдер өзі үшін аттанысқа шығып, өмірге қызмет етпей, өлімнің шашпауын көтерді...

Міне, кәрі тарихтың бетінде осы қылықтардың да ізі жатыр...

– Ақсақал, айтқандарыңыздың бәрі рас, бірақ, осылардың ұлы Ленинге қандай қатынасы бар? Осы жақында оқыдым, аға, мына атақты дана драматург Уильям Шекспирдің туғанына үш жүз жыл толған күні 1864 жылы Иван Сергеевич Тургенев сөйлепті. Сонда: «1564 жылы Галилей мен Шекспир дүниеге келді. Осы он алтыншы ғасыр Лютер мен Бэконды, Рафаэль мен Коперникті, Сервантес пен Микельанджелоны... көрген ғасыр...» дегенді айтыпты, – деп, өз білгенімді мен де қыстырдым.

Осы арада ашаң бойлы, қара сұр әйел шай әкелді. Әділбектің жұбайы Сара Сергеевна екен...

– Ал, енді Шекспирді туғызған он алтыншы ғасырды Тургенев қалай жамандасын шырағым? Сол заманның бетке ұстарын, сорпаға шығар имандысын тізіп-ақ тастаған екен! Бірақ сол он алтыншы ғасырды естігенде менің ойыма Парижде болған Варфоломей түні келе қалады. Сол түні қырғын тапқан гугеноттар өзара кескілескен француз жұртының қайғылы халі есіме түседі... Заты, кәртайғанда біздің ойымызға ескінің жағымсыз жағы көбірек елестейтін де болар. Өз заманыңды дұрыс түсініп, шын жақсы көру үшін өткенді еске түсіру залал емес. Салыстырмай айтылатын «жаман», «жақсы» деген сөздер – қарапайым әріптер тіркесінен туған сұрқай дыбыстар ғой. Тарихта болған ірі адамдардың Ильичке ұқсас екі жері бар: ол тек қана анасынан бала болып тууы, сонсоң өлімге ара тұра алмауы. Ұқсастығын айтқаннан кейін айырмасын да өзімше көрсетіп өтейін. «Әрбір қызғыш өз көлін қорғайды», әрбір адам өз заманын, өз отанын сүйеді. Бірақ өткен дәуірдің де іске татыр әділ ұлдарын сыйлай да, үлгі етіп ала да біледі...

– Екі нүктенің арасындағы төте жол-тура сызық, – деп бастады Әділбек, суып қалған шайын жұта

отырып: – бұл Владимир Ильич тартқан жол. Бұрынғы талай сабаздар көксеп өткен сорап, қазір даңғылданды. Коммунизмге тура апаратын теңдік, бостандықтың қасқа жолы осы. Міне, біз жететін биік мұнара енді көрінді – коммунизм сарайының есігі ашылып тұр. Жер шарының тең жартысы қазір осы сапарда. Қалған жартысы ше? Олар ма?! Олар кейбір өресі тар оспадардың айтағына, некен-саяқ итаршылардың бұқпантай митыңына еріп аз-кем кешігер, артынан қатесін мойнына алып, олар да барады. Бұған кәміл сенем.

Міне, осы қасқа жолды бізге сызып беріп кеткен Владимир Ильич Ленин.

Осыдан отыз жыл бұрын «Күн тіл қатты» деген өлеңді оқығанда өрескел көрдік, ақындар аузына келгенін айта береді деп кекеттік те, ал бүгін жер серігі аспан әлемін аралап сол күнмен күнде сөйлесіп жүр. Отанымыздың ракетасы айды өз үйіндей көреді. Совет ракетасы мен совет айының ұшырасқанын біздің фотокорреспонденттеріміз суретке басып алды. Баяғыда алшақтықты айтқанда «жер мен көктей» деп тамсанушы едік, қазір ол теңестіру ыңғайсыз көрінеді. Жер мен көк тұтасып, алақанның аясына сыюға аз-ақ қалып тұр.

Ленин жасап кеткен жиырмасыншы ғасырда, бір кезде арман еткен электр дәуірінен өтіп, атом дәуіріне жеттік. Еркін адамның басын қосқан тобы Коммунистік Отанның абыройын аспанға көтерді. Лениндік Коммунистік партиясының табыстары дұшпанды күйіндіріп, досты сүйіндіріп отыр. Айта берсең табысымыз таусылмайды... Ал, осыған жеткізген кім? Ол – Ленин. Мен өзім көзіммен көріп, сөзін құлағыммен естігем. Орта бойлы, ай мандайлы, тілін тісіне төсеп сөйлейтін, жылдам аяңдайтын елгезек, кішіпейіл, кәдімгі қарапайым адам еді ол!

Мен Ильичтің мәжілісте отырып өз тұтастарымен айтысқанын да естідім. Ол батыл жүректі, терең ойлы, тапқыр тілді, қаймықпайтын қайсар жан екен. Пікір майданында шыңдалған

темірдей адам. Революция жолында қыңыр жүрген дұшпанымен келісімге келмей кескілескен сол Владимир Ильич! Ол жалтақтамайтын, сөзі де сұлу, ойы да құнарлы еді. Шырағым, сонау аласапыранда кім адаспады. Біз де талай жаза бастық қой. Сонда ұсақ ұлттың өкілдері деп аяды ма екен, кім білсін, әйтеуір ол қате мен қылмысты айыра білетін данышпан екенін ұғындырды-ау!.. – деді Әділбек.

– Я, ақсақал, бағанадан бері айтқан тарихыңыздан көрі, маған осы бір сөздеріңіз ұнап қалды. Айта беріңіз, – дегенімде Сара Сергеевна:

– Шалымды шаршаттың ғой, балам, жүрегі жаман еді, біраз дем алсыншы. Көрген-білгенін ақтаратын тыңдаушы таба алмай жүргенде жақсы кездестің, бірақ кәрінің сөзі таусылмайды, – деп ескертіп өтті де шайын жинай бастады. Аңырып отырып қалдық.

Сол минутта «Владимир» деп атын тауып қойған ардақты ата-ана да, ұлы сапарда қажымай көмек берген айнымайтын сүйген жары Надежда да, Октябрь таңының жаршысы «Аврора» да – бәрі де қат-қабат келіп менің көз алдымда иін тіресе қалды. Бірінен соң бірі жиі ауыса береді.

Енді бір заматта:

«Шіркін, Адам! Менің көкірегімдей күндей жарқырап тұрады да, сол күннің шұғыласына бөленген ұшан-теңіз дүние секілді ылғи алға басады! Жоғары өрлеп, жеппелете аяндап, үдере тартқан, әлгі орасан әдемі Адам ғой, ол! Қажыған жанның ауыр қалжыраған сағатында, мен шарықтаған қиялымның бар қуатын жұмсап, сол Адамның асқаралы ұлы бейнесін көз алдыма келтірем» – деп А. М. Горький көксеген Адам есіме түскендей болды. Ол Ленин еді!..

Өзі үшін емес, өзге үшін, езілген елдерге теңдік әперу үшін ерінбей-жалықпай өмірін сарп еткен Адам – жиырмасыншы ғасырдың ардақты көсемі.

Коммунизмге беттеген теңсіз телегей аттаныста, қару-жарақсыз, қанды жорықсыз, қолына ұстаған шамшырағы табанды идеясы ғана бар – жиырмасыншы ғасыр, өткен бұлдыр ғасырларға сауырын да сипатпас-ау деп ұқтым!

Владимир Ильич Ленин жиырмасыншы ғасырда болған пролетариат революциясының данышпан көсемі. Ендеше, ол өзіміздің жақын замандасымыз.

«...Зор майданның ұраны да Ленин,
Келешектің қыраны да Ленин.
Алтын сәуле күннің нұры ол таң
Қара албасты түннің соры — Шолпан...»

деп жеткізе айтқан Сәкен ақын.

– Шырағым, шаршаған жоқсың ба? Сара Сергеевна менің ежелгі сырласым, «кәрінің сөзі таусылмайды» – деуі кекесін емес, «заманы өтіп кеткен қарттың сөзін жастар түсінбес» – дейтін ойдың сарынын аңғартты ғой, Иесін таппаған сөз жесір, күші қайтқан қарттың әңгімесін мылжыңдыққа саяды ғой, – деді Әділбек.

– Шаршағам жоқ, аға, айта беріңіз, сөзіңізді қызығып тыңдап отырмын, шынымды айтсам, мен сізге енді жақындап келем. Бұрынғы ойым бұлай емес еді, – дедім.

Осы сөзім қартты қытықтағандай болды да Әділбек серпіле түсіп, көсіле жөнелді.

– Балам, – деді ол маған үңіле қарап, – менің сөзімнің бәрі дұрыс демеймін, керегін өзің таңдап аларсың...

...Құмарлық үшін бір күндік,
Жүгірдік келіп жүгірдік.
Құмарлық оты өшті тез,
Жел көңілден түңілдік.
Атаққа бола бір күндік.
Аямай жанды жүгірдік.
Атақ та қысқа жалт етті,
Отырмыз енді күмілжіп...

Міне, шырағым, осы ақын тура мені айтыпты. Кәрі шөңге ғой деп ойлаушы едім, өзі менен отыз жасы кіші

екен. Кейде ақындардың ұшқыр сезімі аңдамай айтып қалса да, алдыңды орап кететіні осындайда, – деп, сүйсіне бір қобалжыды да былай толғап кетті. – Саған таныс қой, Владимир Ильичті олар: айға да, күнге де, пайғамбарға да, арыстанға да, тұлпарға да, сұңқарға да, альбатросқа да теңестіріп көрді. Аристотель, Диогендерге де апарды. Кеше бір белді сыншымыз Прометей мен Фаустқа да ұқсатты. Бәрінікі де дұрыс. Өмір озған сайын Ленин образын беретін теңестіру де жаңғыра түспек. Бұл табиғи нәрсе. Бірақ осы теңеулердің ешқайсысы да менің ойыма ұялаған Ильичке сай емес. «Ай мен күн» ауыспалы жарық. Ленин бейнесі көз алдыңнан кетпейді. «Пайғамбар, Аристотель, Диоген, Прометей, Фаустар» – алыста қалған бұлдыр ертегілердей елестейді. «Арыстан» –жыртқыш аң, үрейінді алады, «сұңқар» – кербездіктің ғана белгісі. «Тұлпар» жүйріктің сынын береді. «Альбатрос» – талмай ұшатын теңіз құсы. Осылардың әрқайсысы сыңар жақ, бәрін қоссақ бір бүтін туғандай...

Заманымыздың егде ақыны Сәбит те бір кезде:

Ленин кім?—Зарыққанда көрінген ұл

.

Қан майданда күреске талмай түсіп,

Тап ісіне барымен берілген ұл.
Ол майданда белінен кешіп қанды
Маңдайдан тер ағызып, қинап жанды.
Тар күнде еңбекшінің көшін бастап,
Шам ұстап, көш тізгінін қолына алды...—

дейді. Міне, ол осындай ұл.

Арамыздан ертерек кетіп, олқылықты сезіп отырсақ та, келешек ұрпақтың жүрегінде ол Адамның мәңгі өлмейтініне сенемін.

Таудай толқын кездесе жарып өттім,
Оттан және сескенбен, өзім отпын.
Ленин айтқан... «Еркін өс, еркін жүр!» – деп
Қысылуға дүниеге келген жоқпын.
Лениншіл бол, адам бол, еркіндеп бас,
Сонда сен бір камалсың жау ала алмас!

Міне, шырағым, өзіңнің замандасың Қасым ақынның осы тебіренуінде терең сыр жатыр, ойлап көрші, балам, – деді де, орнынан тұрды Әділбек. Қош айтысып тұрып: – Сұраған жанға сәлем айт, қалқам. Дос әркімде де бар, ол жақсы көреді, сондықтан дос қой.

ЖАҢҒЫРҒАН ЖАҢААРҚАДА

«Сүйем сені, туған жер – ата-мекен,
Абзал анам сенсің ғой, құшағың кең.
Жер мен көктің жәннәті бір өзінсің,
Сенен артық не табам, қайда кетем?»

Қасым Аманжолов.

Сарыарқа сары дала, құлазыған қуаң жер еді, сай-саласын паналап, Сарысуын жағалап көшіп жүрген ел еді. Жайлаудан қайтқанда, Қара Нұрадан өтіп, Атасуға жеткенде – тоғайын кезіп аралап, тұщы суын сағалап, аунап-қунап кенелуші еді еліміз!

Дәл бүгін өткен өмірдің елшісіндей, кәрі тарихтың көршісіндей болып егде тартқанда, сол өңірге тағы бардым.

Кешегі сең соққан балықтай тұнжырап, сарылып жатқан сары құм енді жаңғырып, өлкесіне жан кіріп, көріктеніп гүлденіп, құбылып, неше түрленіп тұрған Жаңаарқаны көргенде қуанышымыз кенересінен асып, мақтанышымыз судай тасыды.

«Жаңаарқа сап-сары алтын жүзген нұрға,
Қоналқа мекен болған сан ғасырға.
Сайрам тау, самал жайлау, сырмайлы өзен,
Лебімен алар тартып шықсаң қырға»...

деген Қасым ақынның толғаулары еріксіз есіңе түседі.

Жаңаарқа ауданының шығысына қарай серпіліп «Сәкен» совхозына келдік. Үгіт-насихат жұмысын басқаратын аупартком секретары жас әйел Орынбасар Жақаева өзі алып жүрді.

Ертедегі айтылатын батыр Қоңтажының қанатты тұлпары – «Қолжан жауыр» тәрізді қоңыр машина, әне-міне дегенше Жақсы Иманақ тауына жүйткітіп жетті. Бұл Жақсы Иманақ 1964 жылы Сәкен ағаға ас берген, 25 мың кісі жиналып, 80 ақ үй тігіліп, Жаңаарқа түгел бас қосып, той-думан жасаған, құт дарыған жер еді. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған осы мекендегі «Сәкен» совхозы көзімізге оттай басылды. Сол аста «Расцвет» совхозының бор маңдай торысы бәйгіден келді. Жаңа Арқаның жел жетпес ақ боз атына желбегей мініп, Сәбит ағаның арындата шауып, әлгі бәйгі торыны тартқанын да көріп едік. Әрине, тосын көргеннің бәрін байқай алмауың мүмкін, ал байқамасаң – байыптай алмайсың. Бірақ бұрын көз қаныққан –туған, өскен жердің ой-шұқыры аз болса керек.

* * *

Кешкі сағат жетіде Иманақтан тоқсан шақырым жерде орналасқан «Расцвет» совхозына біз де келіп тоқтадық, он минут өтпей-ақ таңертеңнен кеңсесінде кездескен ауданның бірінші хатшысы Мұқан Медеубаев та, сол күні арасы алшақ бір-екі совхозды аралап, олардың бөлімшелерінде, бригадаларында болып, Көрұғлының көгаласындай «көк бедеумен» аңыратып жетіп келді. Көңілі бір демдегендей, ішкі сыры сыртына теуіп күреңітіп тұр. Машина соғып, күн қақса да, жас шіркін елемейді екен. Келісімен осы совхозда да мәжіліс өткізіп, ертеңгі еңбек бағытын ақылдасып жатқандай, түн ортасында әрең босады.

Қазақстандағы мал өсіретін аудандардың бірі – Жаңаарқа. Күні ертең қылышын сүйреткен қысқа арнап, малға жем-шөп дайындайтын қарбалас кезең, бір күні жылға бара-бар мезгіл кей совхоз үкімет жоспарын жүзден асырып, кейбіреуі жете алмай, жеде-қабыл қимылдап, жан беріп жатқан кезіне килігіппіз.

«Айнабұлақ» пен «Расцвет» (Ынтылы) совхоздары ежелден белгілі қалың тоғай – Қараағаштың төңірегінде. Бұл Қараағаш Арқаның сауыры, ертеде Телғозының Шоңы мекендеген құйқалы да жел өтпейтін қалың ағашты жер. Қараағаштың сілемі Құланөтпес өзенінің бойындағы Баймақанның Қызыл ағашына тіреледі. Сары құмды Сарыарқаға әкеліп шебер қол егіп шығарғандай шөбі шүйгін құйқалы арал тәрізді:

«Жайлауы біздің елдің – Құланөтпес,
Бөріге ит қарғысы сірә жетпес.
Жігітке қыз қарғысы майдай жағар,
Десең де «ішің толғыр» еш нәрсе етпес? —

дейтін көне жыр әлі ел аузында жүр. Арқаға әйгілі Қара Нұра өзенімен терістікке қарай жарыса ағатын Құланөтпес осы.

* * *

Енді «Атасу» совхозынан Қаражалға қарай жөнep бердік. Бұл Қаражал – кен орыны, жапанда жалғыз жорытқан жампоз атандай Қаныш ағамыз ашқан – Совет Одағының игілікті ісіне үлес қосқан мекен.

«Үлкен Жезқазған мәселесін» шешкеннен кейін, осы табысына масаттанып тоқырап қалмай, данышпан ағамыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тұнып жатқан Сарыарқаны жаңғыртып, қойнын ақтарып, көптеген кең байлығын үйірге қосты, соның бірі де, бірегейі де осы Қаражал: суық суы кір ашатын, үстінен Атасу өзені тыным таппай ағып өтіп жататын Қаражал осы. Мұны көргенде «кен кіндігі – Қаражал» деген сөз ойға оралады.

Тұратын тұлғасынан мін сезілмей,
Ғасырлар сирек табар ұлды езіндей.
Далаға мұнара боп тұрып қапты,
Елімнің елдігінің күмбезіндей,—

деген Сырбай ақынның сөзі шындықтың дәл өзі екенін байқайсыз.

Көңілден жүйрік көк дөнен Атасуды өрлеп, қияға қанат қаққан ақ сұңқардай, Ақтауға қарап, ор қояндай өршелене орғып келеді.

– Мынау пионер лагері – «Клич», – деді Қаражал кенішінің басқарма бастығы Михаил Михайлович Герасимов анадай жерде тұрған, төбешікке күмбездеп салған, әрі сұлу, әрі шағын дөңгелек үйлерді көрсетіп. Атасуды бөгеп, тоған байлап, айналасы ат шаптырым шалқар көл жасапты. Тоғанның түбіне пионер лагерін, демалыс үйлерін салыпты. Әрбір демалыс күндері Қара- жалдың еңбекшілері осы араға ағыла келіп, аунап-ку- нап, салқын суына шомылып, құс атып, балық аулап, рахатқа бататын жерлері осы «Клич» екен. Атасу атырабы қалың тоғай. Құлпырып шешек атқан гүл-бақша тәрізді.

– Мен, орыс болсам да, қазақ тілінен құр-алақан емеспін. Өйткені менің достарым – қазақтар. Бүгін таңертеңнен «Ақтау» совхозының директоры Жолкен Дүйсенов маған телефон соқты, сондағы айтқан сөзі мынау болды: – Қаражалдағы «Ши» аулына бәріміздің де ағамыз, құрметті қонағымыз Секең (Серғали) кеше келіп түссе керек. Сол кісіні «Ақтау» совхозына алып келуді аудан басшысы Мұқан Медеубаев маған тапсырды. Егер сен өзің мұнда келетін болсаң, сол кісіні өзіңмен бірге ала кел, екі қолға бір жұмыс, әйтеуір демалыста жүрсің ғой, – деп мәселені қабырғасынан қойды. Сонсоң, бүгін шөп науқаны жөнінде облыстан шыққан уәкіл – «Орталық Қазақстан» газетінің редакторы Сейфулла Оспанов пен аупартком хатшысы Әбілғазы Күленовтер де осы арада кездеспек дегенді қоса ескертті жолдасым Жолкен. – Михаил ойын осылай жеткізді де, маған жымия бір қарап қойды. Қаражалдан шыққаннан бері үн қатпай көңілсіз келе жатқан мені әңгімеге шақырғысы келгендей.

– Осы мен түсінбеймін, біздің орыс діншілдері үш құдайға табынады. Солардың біреуі «Әулие рух» (святой дух) – әке құдай, оның әйелі жебірей қызы Мария, ал Иса (Иисус) Мариядан туған (әулие рухтың) баласы. Осы үшеуі аспанды мекендейді-міс. Ал мұсылмандардың құдайы біреу-ақ, оның тұрған жері мүлде белгісіз. Хабаршысы Мұхаммет, бұл өзі араб еліндегі бәдәуі ұлысынан шыққан, хат танымайтын адам деседі. Сонда осылардың қайсысы дұрыс! Аспан әлемінде шарлап жүрген космонавтардың біреуінің көзіне олар түспейді, ендеше одан да әрі бір жәйлі мекеннің болуы мүмкін-ау, сірә?» – деп, бүйірінді бүлкілдететін қияс сұрақ берді.

«Қартайған адамның шықшыты босайды, ол білгенін ағыта айтуға құмартады», – деуші еді құрдасым Ахмет Жұбанов, ал жастар болса – тыңдауға әуес, ертең өзі айтады ғой. Михаил осыны ескерді ме, немесе жол қысқарсын деді ме, тіпті болмаса мені тұңғыық ойдан айықтырғысы келді ме? Сұрағы жұмыр, сөзі алыс...

– Михаил Михайлович, – дедім мен, – дін мәселесі өте көне, адамзат жаратылғаннан бері толастаған емес. Үстіміздегі жыл санауымыздан 4 мың жыл бұрын Қос өзенде (Месопотамияда) 50 мың құдай дәурен сүріпті, солардың ішінде жалғыз-ақ адам – Лугальбанда екен, басқа екі аяқты, қанатсыз тірі пенде болмағандықтан, ол Нинсун деген құдай әйелге үйленіпті. Осы құдай әйел Нинсун мен әлгі Лугальбанда екеуінен Гильгамеш батыр туыпты-мыс...

– Мәңгі өлмейтін құдайлар арасында қырғын-жорық, тартыс-талас күн құрғатпапты. Осыларға қарсы тұрып, Гильгамеш көбінің көзін құрытып беттерін қайырыпты- мыс...

Бері келе, әлгі Шумер, Аккада елдері жер бетінен жойылып, енді тарих сахнасына көтерілген Эллин (грек) елі болыпты. Эллин жұрты есепсіз көп құдайдан береке табылмайтынын біліп, әрбір салаға

бір-бір құдай атастырады. Мәселен: жауын-шашын, бау-бақша, арақ-шарап құдайы – Дионис; сұлулық пен махаббат тәңірі – Афродита; еркек әдемілігінің тұлғасы, жер өнімінің, жарық-сәуленің, күн шапағының, теңіз қарым-қатынасының құдайы; көркем өнер тәңірі – Аполлон (екінші аты – Феб); ғашықтық тәңірі – Эрот; адам жанының тірі тұлғасы, жан тәңірі, Эроттың ғашығы – Психея, тағы басқа жоғары-төмен құдайлардың құдайы – Зевс. Бұл нажағай ойнатып, жай түсіретін жер мен көктің, бұлт пен жаңбырдың, дауыл мен күркірдің құдайы, әлемнің ұлы қожасы, бас құдай Олимп тауының төбесінде де, көкте де тұрады-мыс, тақымына басқан «көк-дөнені», пырағы – (Пегас) аспан дүниесін аралап, Зевсті қыдыртып жүреді-міс деседі. Әлемнің бас құдайы Зевстің әрі туған әпкесі, әрі әйелі Гера – көк тәңірі жердегі құдайлардың патшасы, некенің, адал жардың қолдаушысы, төменгі құдайлар арасында болып жатқан өсек-аян, араз-құразықты күйеуіне жеткізіп тұратын тыңшысы тәрізді. Бас құдай Зевстің әпкесі Демегра – жер құдайы, өсімдікті сақтаушы, адамзатты асыраушы деп қастерленген. Бас құдай Зевстің ағасы Посейдон – теңіз құдайы, дауыл мен толқын иесі саналған. Зевстің тағы бір ағасы Анд – өлгендердің мекенін, жер астын билейтін тәңір делінген... Бертін келе бұл дәуір де өтіпті-міс...

Бұдан кейін көп құдайдың көзін құртып, қысқарта-қысқарта келіп, олардың санын үшеуге түсіріпті. Ғайса діні осылай дейтінін өзің де айттың ғой, ал Ғайсаның 622 жыл кейін Мұхаммет шығып: құдай біреу, оның белгілі мекені жоқ деп уағыздапты...

– Миша-ау, бұл ертекті көйте берсек, түбіне жеткенше иттің өзі де шөлдеп өлуі мүмкін, – дей бергенде, машинамыз кілт сүрінгендей болды; жерошаққа кездесіппіз, әңгіме үзіліп кетті де «Ақтау» совхозына тірелдік. Бұл совхоз да Атасудың нағыз құнарлы қойнында екен. Ұзын жол осылай қысқарды.

Жолдасым Михаил Михайловичтің сәйгүлігіне мініп, Ақтаудан енді бес кісі болып аттандық: совхоздың директоры Жолкен Дүйсенов, парткомі Шәкәрім Сәкен, бас инженері Егінбай Қазымов – бәріміз «Ортау» совхозына тарттық. Ор, Аба таулары қатар тұрады, Аба тауының ішінде, Ақшоқының шығыс етегінде Қарашілік бар. Бұл Сәкен Сейфуллиннің ата-мекені, бұзылған қыс- тауының орны әлі бар екен.

...Ор, Аба, Есен, Нұра жерім еді,
Қуандық – Қара Тоқа елім еді.
Қолдар деп қысылғанда бабаларым,
Сендерге асау балаң сеніп еді,—

дейтін жас Сәкеннің сәби жолдары 1919 жылы Колчактің Омбыдағы абақтысынан жаяу қашып келе жатқан жолда, Баянауылда жазылған екен. Міні, біз сол Сәкеннің ата-мекен қыстауы Ор, Абасына талтүсте келдік. Ордың ойы да, адыры да жақпар-жақпар жартасты, терең шатқалды, сай-салалы келеді. Осы араны жайлап жатқан бүгінгі «Ор» совхозының малынан жер қайысады. Ойдым-ойдым бұлақты, үйірім-үйірім тоғайлы, жықпыл-жықпыл. Совхоз директоры жаңа келген жау жүрек жас маман Иса Боранбаев бір ысылған жігіт екен.

Ұмытып бара жатыр екеміз, айта кетелік, республикалық «Білім» қоғамының бастығы Боранбаев Ғазиз маған лекция оқи қайтуды тапсырған-ды. В. И. Ленин заманында қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің өсіп- өркендеуі жайында, қазақ әдебиетіндегі, әсіресе, Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы В. И. Ленин бейнесі туралы еңбекшілерге дәріс сөйлеп, жағалап жүрген сапарым еді. Жаңа өмірді жасаушыларға, әсіресе жастарға ақыл-білім азығы артық болмайды: өнер-білім дәрісін айта жүру, оқыта беру – парызымыз.

В. И. Лениннің томдары, ұлы даналықтан туған терең ойдың, телегей білімнің сарқылмас бұлағындай. Оқыған

сайын, ой сарайың ашыла, сана сезімің ояна түседі. Жаның жаңалық жайлауында жадырап, жаңғырып, жаңарып, бір жасап қаласың.

Бостандықтың таң азаны –
Ленин,
Саясаттың мыс қазаны –
Ленин,
Алтын сәуле күннің нұры –
Ол таң.
Қара албасты түннің соры –
Шолпан, –

деп, 1923 жылы революционер акын Сәкен аға суреттеп еді.

«Сіз В. И. Ленинді дұрыс бағалапсыз. Менің өз басым бақытты адаммын, өйткені В. И. Ленин мен Л. И. Толстой сынды орыс халқының екі ардагерін көрдім...» деп, 1924 жылы М. Горький француздың Ромен Ролланына хат жазған-ды.

Бұл ойды бұдан артық жазу қолымыздан келе қоймас, Владимир Маяковскийше айтқанда:

Партия десек – Ленин деп сенеміз,
Ленин десек – партия деп білеміз.

Қоғам қайраткері, әдебиетші, жазушы, акын болсын немесе сауыншы, қойшы, тракторшы, комбайншы, егінші, кенші болсын – бәрі де игілігі еңбегіне қарай бағаланады; бірінің орнын бірі баспайды; халық тіршілігінің көркі осылар, қалың бұқараны алға тартатын шарапат осы еңбек сүйгіш жандарда.

Өспен – Нілді дуанына сағынышты сезіммен аңсап келіп едік, себебі сонау жас Сәкен Сейфуллин алғашқы орыс мектебінде оқыған, орыс тілін үйрене бастаған, 1905 жылдарғы көтерілісте жұмысшы табының ортасында болып, төңкерісшіл ниеттен алғашқы тәлім алған кенді Нілді – Өспен осы болатын. Нілді жұмысшылармен өткізген әңгімеміз

қызық болған. Көңілі ояу, көзі ашық еңбеккер халық бізді қадірлеп күтіп алды; сүйсіне тыңдап, қимас көңілмен қиылып қоштасып қалды. Орысы, қазағы – бәрі де бірге туған бауырдай үрпе-шүрпе болысып, елжіресіп, қол бұлғасып, көпке шейін көздерімен шығарып салды... Сөйтіп жаңғырған Жаңаарқаны аралағанда;

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,
Ағашты, биік таулы жерлері бар.
Өзен-су, көлдер жайлап, тау қыстайтын,
Меймандос берекелі елдері бар, –

деген Сәкен сөздерін енді ұққандай болдық. Кешегі Сарыарқаны, бүгінгі Жаңаарқаны жеріне жеткізе мақтаған Жетісудың желмаясы Илияс ағам еді. Ол:

Қазақтың әсем жері Арқасында,
Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар,
Арқаның тізілгендей алқасына,—

деген болатын. Гүлдене бер, көркейе бер, Советтік Қазақстаным!

КҮЙДІҢ КҮШІ

«Ән мен күйге түйе де
Шаттанар. хайуан десек те,
Сезбейтін оны адамды
Салпаң құлақ есек де!»

Сағди-Сәкен.

Қазақ халқының ұлылы-кішілі азаматтарының күйге көңіл аудармағаны некен-саяқ. Күйдің көкесін шерткен Әбунәсір әл Фараби екен. Осы арғы заман күйшісі Әбунәсір Бағдат халифасының алдында домбырасын тартып, жиылған топты күлдіре де, күйдіре де білген; ақырында, тәтті күйдің күшімен балбыратып, маужыратып, қалғытып барып, тыңда-

ған жұртты ұйытып, ұйықтатып тастаған деседі. Күйшісі келіссе, күй құдіреті інгенді де иіткен; қатал тас жүректі де жібіткен. Күй кейде ойнақы өжет, кейде долы, дарқан келеді, зарлы-мұнды қоздырады, ыңыранып шегіне ырғалғанда, сергелдеңнен суырып алып сергітіп те тынады. Күйде бәрі бар – күйде адамның жаны да бар, жаннан шыққан зары да бар. Күйде ыстық күн де бар, күйде жылы түн де бар. Күйде көшкен ел де бар, тынбай аққан сел де бар.

Әбунәсір күйші болды, қазақ домбырасымен қазақ күйлерін аңыратты. Бұдан екі түрлі шындық көрінеді. Біріншіден, Қыпшақ тайпалас Әбунәсір басқа түркі елдердің емес, нақ қазақ күйінің шебері болғаны оның тегі тағы заман қазағы екенін аңғартады. Екіншіден, Әбунәсір ұстаған домбыра мен ол тартқан күйлердің болуы бүгінгі қазақтың күй өнерінің басы Әбунәсірден де бұрыннан бар ежелгі дәстүр, бағы замандардан келе жатқан байырғы өнер екенін айтып тұр. Ендеше, Әбунәсірден де бұрын алдағашан басталған ән мен күйдің дәстүрі қазақ тарихында толастаған емес. Әбунәсір алдында да талай тұлпар, талай сұңқар өткен шығар-ау!

«Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?!»

деп, әуелі данышпан Абай күйді ұға білмеуге күйіне толғайды да артынан ән мен күйге ұйыған өз жүрегінің қылын шертеді:

Әннің де естісі бар, есері бар.
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда, көңілдің өсері бар —

деп, ұлы сыншылық, нәзік сарапшылық танытады.

Бір кезде қазақ совет әдебиетінің атасы Сәкен жырлары:
«Сәулімнің қолында ыңырсып толғанған дом-

быра әндете сұңқылдайтын. Домбыра дыбысы қалтырап толғанатын. Торғып, жұмсақ, тұнық ауаны дірілдететін. Нәзік әдемі дыбыс маужыраған котанды, тыныс тартқан дүниені әлдилеп тербеткендей естілетін». Міне, домбырашы, ақын Сәкен өзінің ішкі сырын осылай шертті.

Күй жөнінде Сәкен аға ерекше тебіренетін. «Ықылас қобыз тартқанда, сауулы інген иіп тұрады екен...» деп отырушы еді. «Қобыздың құлағы Ықыластың сүйекті шықшытына қатты жабысып қалған екен. Ықыластың екі қолы қобызды есіп еңіретіп отыр; еңіреген қобыз күйімен бірге өзінің шүңгіл көзінен жас тарамданып ағып, сақалына тамшылап отыр екен... Менің көз-алдыма Шу бойында қалың дүлей қамыс ішіндегі төрт-бес үйлі ауылда қобызын сызып еңіретіп, көзінен жасын тарам-тарам парлатып ағызып отырған Ықыластың суреті келеді...»

«Осындай бір түн... Бетпақтың, Шудың түні... Қанау- шылар билеген патша заманы...»

«Үй айнала қалың, биік дүлей қамыстар. Ызындап ескен қоңыр жел... Биік дүлей қамыс қоңыр желмен бірге теңселіп, сарнап шулайды. Сылдырап, сыбырлап, сыңсып, сызғырып шулайды дүлей қамыс! Тыста қара түнде шулаған, сарнаған қамыстың үнімен бірге Ықыластың қобызы да сарнап, еңіреп жылайды. Түнгі қамыстың шуына, түнгі қобыздың зарына қосылып, Ықылас та еңіреді... Ол қанаушылар билеген дүлей замандағы терең сырлы күйші еңіремегенде қайтеді?!» – деп толғайды Сәкен аға. Сол замандағы қиядан көретін қырағы күйшінің бейнесін, өнер иесі – абыз Ықыластың кескінін сезімпаз ақын, ән мен күйдің түпкі тамырын тесіле зерттеп, тебірене ұға алатын Сәкен осылайша суреттеп еді.

Өз заманында, сонау сығыр заманда бағаланбаған көмескі тұлғаның бетін ашты. Сол дәуірдің ұлы күйшісі, қобыздың қылына жан бітірген өнерпаз Ықылас күйінің адам түгіл,

хайуанға да ететін эстетикалық әсерін анық көрсетті.

«Хабиба домбыраны дыңылдатып бұрап, күйге келтіріп, әдемі сүйріктей саусақтары лашынның қаққан қанатындай ойнап, пернелерді сыдыртып, екінші қолының саусақтары күміс табаққа алтын бұршақ атқылағандай домбыраны шертіп, қағып-қағып жіберді.

Кеудесін қозғап, ілгері керіңкіреп тастап, Хабиба домбырамен бірге шырқап қоя береді.

Үйдегі лық толған жұрт тым-тырс. Барлық жұрттың көзі Хабибада. Сылдыраған әдемі дауыспен Хабиба шырқады. Әнінің, домбыраның ырағына ертіп, домбыраны да шырқатты... Жазды күні жырлаған боз торғай жерден ұшып қалықтап, шырқап-шырқап, мың құбылтып, дауысын құйқылжытып, көкке қарай өрленді. Қалтыраған, сылдыраған дауыспен бірге қанаттарын қағып, биік шарыққа көтеріледі. Бір уақытта төңкеріліп, ұйтқып құйқылжыған дауыспен төмен түседі. Бір уақытта шарқ ұрып, серпіліп қайта көкке шығады. Көкте жүзіп шыр-көбелек айналып, тағы мың құбылып жырлайды. Бір уақытта дөңгеленіп тұра қалып қанаттарын қалтыратып, әдемі, зарлы сұлу дауыспен жырды үзілтіп, түйдек-түйдек тізбектейді. Ойнаған әннің тізбегін жібекке тізген меруерттей тізбектейді... Сөйтіп, бозторғай мың құбылтып жырлайды...

Бозторғайдың жырын тыңдайсың. Жалғыз сен емес, бозторғайдың жырын жер мен көк те тыңдайды. Бозторғайдың жыры маужыраған жер мен көкті тербетеді... Міні, тап сол бозторғай Хабиба. Хабиба да шырқап сұлу даусын көкке өрлетті. Бұ да даусын көкте неше түрлі құбылтып төңкерді. Бұл да даусын қалтыратып, жалтылдатып, неше түрлі ойнатты, неше түрлі ұйтқытып даусын төмен қалықтатты. Және неше рет шарқ ұрып, серпілдіріп, даусын биік көкке шығарды... Бір уақытта даусын үзіп, Хабиба тоқтатты. Отырған жұрт әрең қозғалды. Әнге сұқтанды...

Үйге келіп ұйқыға кіргенше Ғалымжанның ақыл-есі кіріп жеткен жоқ еді:

– Но, Сәкен, қазақты мен жаңа ғана білдім. Шарық (шығыс) музыкасының не екенін жаңа ғана аңладым. Мен, уаллаһи, қазақ болмағаным өкінемін. Қазақ ішінде өспегеніме өкінемін!» – деді. «Және үйленбей тұрған кезімде қазақтың мұндай екенін білсем, міні, уаллаһи, қаладан безіп, қазақ арасына сіңіп кетер едім!» – деді.

Осыны Ғалымжан көпке дейін аузынан тастамай жүрді... деп жырлады Сәкен! Ән мен күйдің қуанышты ырғағына, әдемі әуезіне сүйсінді, сүйсіне білді ол!

Бұдан кейін әдебиетіміздің бетке ұстар майталманы Ілияс Жансүгіров Молқыбай күйін –«Боз інгенді» шертті.

«Қыңқылдап қыл ішегі қыңсылады,
Жә, әлде танысқан қыз сыңсығаны.
Жүректің қылмен қабат шегін шерткен

Саусақтың ыршығаны, шымшығаны.

Кейде күй талмаураған, талықсыған,
Кейде өжет, кейде долы албыртсынған,
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,
Шаршы өрге кейде шапшып шауып тынған.

Қайырған, текететкен, жорғалатқан,
Сарқыған, екшеп қағып, сорғалатқан.
Талмаурап самайдан тер сыпырғанда
Тартуын «Боз інгенді қолқалатқан»...

деп қобыздың ішегінен шыққан күйдің, Молқыбай күйшінің сиқырлы саусақтарын Ілияс аға осылай төгілте жырлап берді.

Әрі қарай күйдің көкейін жете ұғынған Ілияс аға Сары Үйсіннің майталман «Күйшісіне» қайта оралды:

«Тайпалын жорға болып салдырған күй,
Мейірін тыңдағанның қандырған күй,
Тартқанда зырылдатып, сұңқылдатып,
Ақкуды аспандағы қондырған күй.

Лапылдап мұз көңілді күйдірген күй,
Балқытып мұз жүректі сүйдірген күй;
Тасытып тас емшекті тандыр болған,
Бота боп нар інгенді идірген күй.

Қажытып қам көңілді жылатқан күй,
Бекітіп жылағанды жұбатқан күй,
Пәлен деп бір ауыз сөз айтпаса да,
Әркімнің өз көңіліне тіл қатқан күй.

Кейде күй қыран болып қылаңдаған
Алдыңнан қызыл алтай бұлаңдаған.
Саңқылдап домбырадан бір құмар күй,
Сағынып сар балақты жұмарлаған.

Күнреніп «Асан қайғы» күй толғанды,
Алатау, Алтай, Арқа, Қырды, Сырды
Желмая желе жортып жерді шалды.
Аралап қоныс таппай күй зарланды.

Осылайша еліге, екпіндете сөйлей келіп, алғыр ақын «Күйші»
жігітке бет бұрды.

«Соқ жігіт! Соқ-соқ, жігіт! Күйіңді тарт!

Лапылдап! Жандыр, күйдір! Құмарт! Құмарт!

Толғауы тоқсан күйдің бір-ақ күй бар,
Сылқылат! Бастыр! Бастыр! Кадалт-Кадалт,—

деп, Илияс күймен бірге ұшып-қонып, күйшімен бірге,
құшырланады, лапылдайды.

Мұның алдында 1928-жылы ақын Сәбит Мұқанов:

Домбырада бір күй бар «Көкей кескен»,
«Көкей кескен», ұға алсаң, шықпайды естен»,
Бір кезде сол «Көкейді» алмас қанжар,
Жылы қанын ағызып шаншып тескен.
Көкей өлген, көш көшкен, тұрмыс көшкен,
«Көкей кескен» тұрмыспен бірге көшкен...

деп «Сұлушашта» тебіренген еді.

Біздің ардагер ағаларымыз – еліміздің мақтанышы ақын-
жазушыларымыз ән мен күйді емешесі құрып, осылай жырлаған
екен. Сол қарсаңда сахнаға қазақ совет филологиясының атасы

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов шыға келді. Күйдің күшіне табынып, тамылжытып өлең жазған ақындардан өзгеше келді. Ғалым аға төтенше килікті. «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы» жәйлі ғылыми еңбек жазды. Күйге байланысты терминдерді тегін ашты. Қазақ елінің күй жанрын басқа түркі тілдерімен салыстырды. Ағасы Абай ақынның еленбеген ерекшелігін әйгілеп, жеріне жеткізе айтты, өзінің сыбағалы орнын көрсетіп, жоғары бағалады. Ел сүйетін күйді ол да сүйді. Домбыра шегінде, кобыз қылында жүрген ән мен күйді жіліктеп, ғылыми зерттелетін ірі саланың бір екенін алғаш рет түсіндіріп өтті.

Ана тілі ғылымын тереңдете жасаған екінші кемеңгер ғалым Құдайберген Жұбанов ғылым-білім әлемінде сегіз қырлы-бір сырлы еді. Жалғау-жұрнақтың арасында қатып қалған хас дүмше емес еді. Ол философия, тарих, мәдениет тарихы, әдебиет, әуез, сахна, мүсін, сәулет өнерлерінің тарихы мен табиғаты – осының күллісін білетін энциклопедист, шежіре еді. Ол ана тілі мен орыс тіліне жетік еді. Ол көп жұрттың тілін білетін полиглот (көп тілді адам) еді.

Құдайберген Абайды жан-жақты зерттеді. Абайдың Пушкинді қалай аударғанын баяндады.

Осындай ірі, өте өзекті ағаларымыз болған, оларды сол өскелең мезгіл, совет дәуірі маңдайымызға берген-ді. Құдайберген Жұбановтай кісілерден үлгі-өнеге үйрендік, біздің бақытымыз осы болар.

Көне мұраны жаңғыртып, көрнекті совет дәуіріне сай етіп пішіп шығарған Ахмет Қуанұлы Жұбанов, оған ілгеріде өткен өзекті ағалары тәлім-тәрбие берген-ді.

Өз замандасымыз Ахметтің еңбегін бағалай білуіміз, бөгде сыйлайтын Ахметті қадірлей білуіміз елімізге мерей. Ол – еңбекқор, үлкен композитор, өз саласында сауырын сипатпайтын ерен жүйрік азаматымыз еді!

Ол Қазақ Совет республикасының өнер саласындағы өзекті қайраткері, өнегелі ұстазы, топтан озған жүйрік- желмаясы болып еді.

Өткендегі еліміздің көне мұрасын біздің Ахмет өз заманына, көрнекті совет дәуіріне сай етіп пішіп шығарды. «Замана бұлбұлдарын» әлемнің аспанында сайратты. Осы бір көлемді де күрделі еңбегі 1963-жылы шыға келгенде, өзімізді біраз тербетті. Қазақ елінің ән-күй ардагерлерін, шаршы топтан суырылып озған өнер иелерін алдымызға тартты. Әрбір, әннің түпкі тарихын, тыңдаушыны қозғайтын әсерін, замана құбылыстарының ырғақты лебізін әйгілеп ашты. Біржан сал, Ақан сері, Мұхит. Абай, Құлтума, Мәди, Ыбырай, Майра, Әсет, Нартайлар домбырасын, қобызын қолтығына қысып, сырнайын, сыбызғысын қолына ұстап, сахнаға шықты. Бұдан «Маған бүгін қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді», – деген қарт Г. Потаниннің сөзі есімізге түседі.

Ахмет Қуанұлы Жұбановтың зорлығы бойында емес, ойында екенін байқадық. «...Жаңа шығарманы тындап отырғанда, бейтаныс әуен теңізі ішінен бір халық әнінің тақырыбы есіңе сан-алуан уақиғаларды түсіреді. Ол – табиғаттың өз туындысы, халық өмірінің үлкен қазынасы екендігі де осы қасиетінде, сол әндерде халық өмірінің сәулесі болуында...» – дейді.

Замана бұлбұлдарын Ахмет ылғи салыстыра, астастыра баяндайды. «Мен көрдім ұзын қайын құлағанын» дейтін Абай өлеңіне Біржан ән шығарады. Мұнда әншінің (Біржанның – С. Т.) өнершендік дәстүрі сақталған. Абай музыкасындағы ән бірден үлкен дыбысты секіру арқылы басталмай, баспалдақтап, төменнен жоғары қарай өрлеп шығады. Ой-қиялы арқылы ұзын қайыңның тамырынан бастап басына шейін көз жіберіп, біраз тамашалап тұрғандай. Өте жұмсақ, ойлы, философиялы астары бар шығарма. Ән сөзінің мәнін, сырын Біржан өзінше ашады, өзінше музыка тілімен талқылайды. Мұнда өзінің бұрынғы музыкалық қазынасына Абай аулына барғаннан қосылған жаңа арна бар екені сезіледі. Дарынды композитор, жазба поэзиясының ой-қырын ақтарып, үңіліп, ішкі-сыртқы қасиеттерін... жан байлығы,

өнерпаздық күші арқылы.. музыкалық жағынан меңгере алады..» – деп түбегейлі пікір айтады Ахаң. Абай мен Біржан дарынының үндестігін дәлелдейді. Қыранды қырағы алыстан көреді.

Ал енді Ахметтің осы табыстарға жетуіне не нәрсе себеп болды? – десек, біз бұл сұрауға іркілмей жауап береміз. Біріншіден, біздің Ахмет бақытты мезгілде – совет дәуірінде өсе білді. Екіншіден, шыққан ұясы, тәрбиелеген ата-анасы қойдың тұяғын, сиырдың мүйізін, жылқының құлағын санамаған; өнерді, ән-күйді ғана сыйлаған, әуезелеген жандар екен. Ахаң «ұяда не көрсе – ұшқанда соны ілген». Қуан ауылының төңірегіндегі басқа байшікеш ауылдар – мал бақпайтын жын-ойнақтың ордасы, тоғышар ауыл деседі екен. Үшіншіден, ол ерте оқып көзі ашылған жас талап. Ол «Уркачевское одноклассное русско-киргизское училищені» 1916 жылы он жасар күнінде бітіріп шыққан. Төртіншіден, алдында тұрған ардагер ағалары болды, солардан үлгі-өнеге үйренді. Сол үлгі Ахметтің бойына ерте дарыды. Бесіншіден, Ахмет өзі дарынды, өнерлі, зерделі, зирек, ерінбейтін еңбекшіл адам болды. Осының күллісі себеп болып, Ахаң қазақ совет музыка өнерінің де, ғылымының да ұлы атасы болып шықты. Ахаң өзі де асқан күйші еді. Ендеше, бар гәп осы күйде екен:

Ұлы өмірді сүйдіргендей,
Ыстықтығы күйдіргендей
Күйде лепті жалын бар;
Делебені коздыратын,
Қозғау салып оздыратын
Күйде күшті арын бар!

Күйдің сырын ақын жыры қандай әдемі ашқан!

«...Ғажайып үні бүгін осыншалық өзгеше боп шыққан жаны жаралы өнерпаздың үнімен паш етілді. Бұл саздың сұлулығы, биіктігі күмбездей!.. Көкпеңбек түпсіз биік аспанда қалықтаған аққудың әппақ қанаты күн шұғылысына малына алтындай

жарқырамас па еді?.. Қасиетті құс ақ қанатын қақпастан қалқып, баяу ғана сұңқылдап толқып, тамаша бір үн салмаушы ма еді?.. Өмірінде бір-ақ рет те болса естігенің бар ма?.. Қиялды қозғаған сұлу көрік есіңнен кеткені бар ма?!

Қазіргі Әйгерімнің Абаймен соңғы рет қоштасып айтқан күйлері сол тәрізді болатын. Осымен Әйгерімнің ең соңғы жыры айтылды. Бір шақта Абайды өзгеше еліттіріп балқытқан ғажайып күйдің ең соңғы үні осымен өшті.

Әйгерімнің күйі, күйікті жаны, қайта оянбас, қайрылмас өнері осы Абай қабырының басында Абаймен бірге өшті де жоқтыққа кетті. «Абаймен бірге құшағым кетті» – десе, Абаймен бірге бұның кеудесіндегі күйді сүйген күйініш сөнді. Көмейінде сылдыраған күміс күйлі әсем үн сөнді...» – деп, мұңды күйдің азалы пернесін шертті ақын Мұхтар аға.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең – менше сүй!,—

деген Абай ойын ақын Мұхаң жете ұққан, жеткізе суреттеген.

Күн артынан күн туар,
Бір күн дамыл еткізбес,
Ой артынан ой туар,
Желге мінсең жеткізбес,—

дегендей, күй туралы толғанғанда, сөз де таусылмас, күйді көкसेген көңіл де тынбас-ау, сірә! Күйге ынтық емес жүрек бар ма:

Күй – халықтың жинап терген,
Ұрпағына сыйлап берген.
Алтын менен күмісі,
Ойды ырғақпен ұмыттырар,
Шаршағанда тынықтырар
Күй – халықтың тынысы, –

деп жырлайды қарт ақын Кенжеғали Райбаев.

Ақын рас айтады: қазақсыз күй жоқ, күйсіз қазақ жоқ. Күй қазақтың жан-жүрегінен туған. Сондықтан да қазақ халқы үшін күй өзгеше ыстық, тәтті, рахат, тыныс!

БАЛДЫРҒАН БӨБЕКТЕРІМЕ

«Асау тұлпардай қиырсыз жерге
құлаш керіп, бақыт, махаббат іздеген
жастар – сендерге арналды бұл ән-
дер!.. Жаңғыртындар, жаңартындар
ескі дүниені! Қайратты ер жастар!
Сендерге арналды бұл әндер!..»

Сәкен.

Бір кезде мен де өздеріндей жас болдым. Қазір егде тартқанда өткен дәуреннің күнгірт елесі есіме түседі де, сендердің өмірлеріңе қызыға қараймын, қуанып отырамын.

Шырақтарым-ау, менің заманымда, қазақтың көшпелі аулында мектеп болған жоқ еді. Шамшырақтай жанған электр шамы бар; отыруға, жазуға, оқуға ыңғайлы парта қойылған, қалам, сия, қағаз, кітап жайылған жылы, кең, сәулетті үйлерді көрмедік. Отыздай адам бір қара-қоңыр кигіз үйге күн шыға жиналады, әркім өз үйінен сүйретіп әкелген тулақтарының үстіне жүгініп отырады. Жиырмадағы жігіттер мен алты-жеті жасар бөбектер қатар түзейді. Қолдарына ұстаған кітаптары да әртүрлі, айғайламай ішінен оқитын бір адам болмайды. Молда малдасын құрып, құдайға жазып, төрде мүлгиді, үйдің іші балық үлестіргендей. Айғай салып даурықпаған баланы көк шыбықпен осып жібереді. Молданың ұйқысы да ашылады, балалар да сергіп сала береді. Оның айтқанын таңертеңнен кешке дейін жаттаймыз, сарнай береміз, түсте бір сағаттай үзіліс болады. Күн батар алдында «молдекең» кішкентай балаларды үлкендеріне арқалатып қойып, арқасына көк шыбықпен дүре соғады. Сонда молдамыз Есеншора көбінесе кедейлеу адамдардың балаларын батыл сабайды.

Молдекеңнің сылтауы салмақты: күндіз дыбысын шығарып, оқымаса да ыңылдап отырса бір жөн, ондай «әдепті» баланы дүреге жыға алмайды...

Біздің «оқуханамызда» демалыс жұма күні; бейсенбіде түске дейін ғана оқимыз. Осы бір жарым күн ішінде балалар молдаға «сыйлық» апарды – ол сыйлықтар «бейсенбілік», «жұмалық» аталады. Сол сияқты «сыйлық» апара алмаған сорлылар ғана көк шыбықтың көкесіне көрісіп, әкесін танып жүреді, міні, таяқ жеудің негізгі себебі, заты, осында болмаса не қылсын?!

Кітаптарымыздың бәрі де араб, фарсы, шағатай, түрік, татар тілдерінде жазылған, қазақша бір кітап көрмейміз; оларда не айтылып, не қойып жатқанын балалар түгіл, молдекеңнің өзі де түсінбесе керек-ау! Біз де «қарасын» қақсап жаттай береміз. Енді, шырақтарым, сендерге түсінікті болу үшін мысал келтірейін: Есеншора молда бізге «Шұрт – салат» деген кітаптан: «мән – бір мән, тәрәкә қойса, ульфажри – таң намазын» деп сабақ берді. Біз солай жаттадық, артынан байқасақ, кітапта: «мән, тәрәкә, ульфажри» бар екен де, «бір мән» (бір мен) «қойса», «таң намазын» жоқ екен, бұлар әлгі араб сөздерінің аудармасы боп шықты. Қазақша айтсақ: «мен таң намазын оқымай қойсам... күнға батып, дозаққа барам», – деген болып шығатын тәрізді.

Міне, шырақтарым, өзім осылайша Есеншорадан алты жыл оқып, хат танымай шықтым-ау! Оған, әрине, сендер сенбеулерің де кәдік. Алайда куәлерім бар: олар Сәбең, Ғабендер. Бұл кісілер ескі оқудың азабын менен де көбірек тартқан болар...

Туған шешем Рақия Алсай тайпасының Ақбура руынан шыққан Қоңырбай деген кісінің сегізінші қызы; енді қыз таппау үшін, осы кенжеміз болсын деп, әке-шешесі атын Сарқыт қойған. Әкем Омар Токаның Тілен ұруынан шыққан Талжанның тұңғышы. Сарқыт пен Омар екеуінен сегіз ұл, екі қыз туыпты, сол сегіз ұлдың кенжесі – мен. Атымды «Сәйдильғараб» қойыпты; мұның мәнісі

арабтың «мырзасы», «қожасы» деген сөз екен, ата-ананың ойында ақау жоқ, менің «дәу» болуымды тілеген, бірақ ескі ел ғұрыпынша көп баланың кішісі болу – иттің күшігі болумен тең. «Әуеден шұға жауса, құлға ұлтарак та темейді...»

1918 жылқы жылы біздің ел жұтады. Кездеме мүлде жоқ, көйлек орнына киетініміз тоқтышақтың илеген терісі болды, міне, мен осы жарғақ киген жас бала кезімде 1921 жылы Ақмолаға жеттім. Көп ұзамай, Орынбордан туған ағам Әшім Омаров келді. Бұл кісі ерте оқыған, орысшаға жүйрік, жасы жиырма үште. 1920 жылғы 4 октябрьде Орынборда өткен бірінші създің делегаты, Сәкен Сейфуллинмен аталас ағайын, оның үстіне Сәкен екеуі әрі туған бөле, әрі туған бажа. Қазақстан өкіметінің алғашқы мүшелерінің бірі де – осы Омардың Әшімі.

Ақмолаға келісімен, Әшімді Ақмола уездік атқару комитетінің төрағасы, революцияшыл «Тройканың» төрағасы етіп тағайындады.

Онда совет заңы (конституция) шыққан жоқ, революцияшыл ұждан ғана заң. Азық-түлік салығы (продналог), күш-көлік салығы (гужналог) күнде жиналады.

Осылардың бірде-бірін түсінсем бұйырмасын! Артынан байқасам, азамат соғысы ішкі Россияда әлі аяқталмаған кез екен, жаңа құрылған жас Совет өкіметіне, оның данышпан көсемі Владимир Ильич Ленинге қарсы жаулар тұс-тұс жағынан андаған мезгілде, сол арпалысқа төтеп беру үшін, қазақ елінен де азық-түлік, күш, көлік жиналып жатқан аласапыран дәуір екен. Сол мезгілді көзіммен көріп, енді егде тартқанда сендерге жеткізіп отырғаныма қатты қуанам.

Әлі есімде, бір күні Степная көшесінің бұрышында бір кара-сұр кісі келіп, Әшіммен амандасты: екеуіде салт атты. Біраз сөйлесіп тұрды. Әлдене уақыт өткен соң: «Иә, бәрі де дұрыс қой, Хайриден, бірақ қазіргі өскелең ой-сана марксизм идеясы, бұл бағытты ұлы көсеміміз Владимир Ильич Ленин бастайды; өзім осы

жолдамын қазақтай бұратана аз ұлтқа теңдік көп елден бұрын керек» деп, ойын келте қайырды да жүріп берді. Өзім құдайдай табынған оқымысты Әшім ағамның осы сөзі жүрегімде мәңгі қалды. Ленин атын тұңғыш естуім де осы арада. Содан былай Ленинді көруге қатты ынтықтым, бірақ ол мақсатқа қолым жетпеді. Орындалмаған көп арманымның бірі де, ең үлкені де осы!

Өзім орыс тілін 1926 жылы Қызылжарда А. С. Пушкиннің «Капитан қызын» оқыған соң біле бастадым. Артынала орыс әдебиетін оқуға құныға кірістім: И. С. Тургеневтің жеті романын қысқа мерзімде оқып бітірдім, олар «Отцы и дети», «Рудин», «Накануне», «Дворянское гнездо», «Дым», «Новь», «Записки охотника» атты асыл туындылар еді.

Өз басым орыс жазушыларының ішінде А. М. Горький мен Ф. М. Достоевскийді жанымдай жақсы көрдім. Бұрын себебін білмеуші едім, енді байқасам, 1927 жылы Ф. М. Достоевскийдің «Униженные и оскорбленные» атты романын оқыдым. Соның бірінші бетінде Шоқан Уәлиханов пен Ф. М. Достоевский екеуі түскен суретті көрдім. Елімнің ерен ойлы ардагер ұлы Шоқанның досы Федор Михайлович Достоевскийді жақсы көрмеу қолымнан келмесе керек-ті.

1927 жылы А. М. Горькийдің «Суайт саршымшық пен шымшыл тоқылдақ туралы» әңгімесін қазақ тіліне аударып бастадым. 1929 жылы ол әңгіме «Жаңа әдебиет» (осы күнгі «Жұлдыз») журналына әрең басылды.

Журналдың редакторы осы күнгі классигіміз Ғабит ағаның жәрдемін өмірі ұмыта алмаспын. Оның үстіне «ұра берсең шайтан да өледі» демекші, соңынан қалмасаң, қажымай ұмтыла берсең және шын қызығып жақсы көрсең, іс боп шығады екен.

Қазақ жазушыларынан Абайды, Сәкенді, Сәбитті, Мұхтарды, Ілиясты, Бейімбетті, Ғабитті, Ғабиденді, Жақанды, тағы басқаларын сарқа оқыдым. Осылармен бірге орыстың ірі ойшылары: И. А. Қрыловты, А. С. Пушкинді,

М. Ю. Лермонтовты, Ф. М. Достоевскийді, И. С. Тургеневті, Л. Н. Толстойды, А. М. Горькийді, тағы тағыларын түбегейлей оқыдым. Соларды қадағалап оқуды, негіздерін тануды өздеріңе де ұсынар едім.

Өмір телегей теңіз, оның түбін де, шетін де табу оңайға тимес, алайда Шығыс, Батыс әдебиеттерін де ұмыт қалдырмау жөн.

Алғаш кездескен коммунист Сәкен Сейфуллин еді. Ол маған ескі ауыл арасындағы үздіксіз дау, өнімсіз сайлау, тартыс-таласқа, ырың-жырыңға, жікке араласпайтын, жалпы халыққа бірдей шын коммунист басшы есебінде көрінді. Онды отызға бөлшектейтін азамат еді, міне маған осындай қылықтары ұнады.

Комсомолдардың ішіндегі табандысы – Ақмола жатағының баласы Жұмабай Орманбаевты көрдім. Оның ізін қуып шыққан Кәрім Мыңбаев болды.

Анам Сарқыттан тап бүгін қайта туып, қазір 7-8 жасар өздеріңдей балдырған болсам, дүниені аударып қарап, ақтара төңкеріп, тағы да оқыр едім-ау! Білгенімнен білмегенім мол, әттең, сендердей болып, кішкене күнімнен ақ үлгілі мектепті көрмедім ғой! Ғылыми білім жолына кешеулеп келіп, мешеулеп қалғанымды анық түсінем.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Түспеді ержеткен соң уысыма,

Қолымды мезгіліне кеш сермедім,—

деп данышпан ақын бабаларың Абай шынын жасырмай айтып, келер ұрпаққа, сендерге мұңын шаққан еді ғой. «Бүгін істейтін ісінді ертеңге қалдырма» десе керек-ау, сірә! Балалар-ау, менде тіпті айып жоқ, бәріне заманым айыпты. Сендердей болып мезгілінде туа алмаған өз обалым – өзіме, сонда да өкінбеймін, келешекке сенем, менің кем-кетігімді сендер толтырады деп білем. Осы бақытты замандарыңды пайдаланбай, уақыттарыңды ойынға жұмсап, құралақан қалсаңдар, өз обалдарың сендердің де өздеріңе болар.

Асық ойнаған – азар,
Доп ойнаған – тозар...–

депті ғой аталарың. Мұның мағнасы – еңбек істеген, оқу оқыған, ілгері ұмтылған бала ғана мақсатына жетеді деген сөз.

Қадамдарың құтты болсын, бөбектерім, менің тілегім сендердің келешекте Шоқандай, Абайдай, Сәкендей, Бейімбеттей, Илиястай, Қаныштай, Мұхтардай, Сәбиттей ұлы адам болуларың! Ілгергі жылдарда өтіп кеткен өз ағаларымды бүгін сағынып отырмын, сендер де сол ардақты аталарын білсін деп үлгіге тарттым.

Қазір көздері тірі сондай ұлы аталарың да бар, олар: Сапарғали, Ғабит, Ғабиден, Әбулер ғой, совет дәуірінің егде тарландары әлі тұғырдан түспей, сендер үшін өнегелі ойларын шертіп, жөн сілтеп жүр, осыларды күн сайын оқып-біліп отырсаңдар, ұтылмас едіңдер-ау! Ата-ананы, үлкен ағаны сыйлау еліміздің дәстүрі, мұны ұмыту қиын, алайда «ата баласы болудан, адамның баласы болу» артық, бұл да естеріңде болсын, балдырған бөбектерім!

АС

Мұхаммедия әңгімесі

– Еліміздің өткен өмірінде қиян-кескі шайқасулар көп болыпты ғой. Ру-руға бөлініп алып, талай-талай өнімсіз дау-шарға кіріссе керек. Уақ-түйек іліктер зорайып кетіп, келелі апаттарға да килігіпті.

Неше алуан қызық уақиғаларды, тіршіліктің тепкісін көргендер тамсана шерткен ғой, біз солардан естідік. Ішкен мас, жеген тоқ байлар мұндай қысыр әңгімені не қылсын?! Хатта қалмаған ежелгі өмірдің сүреңсіз сиқын қарттар жеткізеді, абайлап тыңдасаң, талай сергелдеңнің үстінен түсесің. Олар арман еткендей қызықтырып, қыздырмалап айтады, із тастап жалтарып

та отырады. Өмірдің қитырқосын жетік білген шораяқтар ғой, бір ауыз сөзін мыңға балап айта алады. Бірақ сұлу сыртына әуестенбей, ішкі сырын ұғалықшы, жылтырағанның бәрі алтын емес-ау, сірә!..

– Есінде болсын, қалқам, ақылдың да, ардың да иесі кедей сорлылар, олар өмірдің ыстық-суығын жетік біледі, неше түрлі нақылдарды да солар тудырған ғой, міне сондай сұңғыла жандар өлсе атаусыз кетті-ау, ал содырлы сотқар байдың біреуі өлсе ұлы думан ас беріледі, елдің аузында қалады, менің шымбайыма осы батады, – деп ауыр күрсінді қарт Мұхаммедия.

Арналы тарланның ырғақты үні, ойлы сөзі мені салған жерден билеп әкетті. Үнсіз тыңдай бердім.

– Бүгін мен де сені ежелгі сүрлеуге салып көрейін; балам, керегін өзің таңдап ала бер, – деп бір жымыып қойды қарт.

– Өзіңе мәлім, Мұхтар ағаң суреттегендей, Тобықты Бөжей асын Қазбаллада – Шыңғыстау баурайында берді. Сонда жер қайысқан топ жиналды, май сайдан ақты. Сойылған малдың ұшы-қыры жоқ. Желінбеген ет, ішілмеген қымыз қалмады.

Әр атаның ұлы осы асқа өз сыбағаларын әкеп жатыр. Бір атадан келіп Құнанбайдың Абайы да он үй тіктірді, сол он үйге түсетін қонағына арнап он ақ байтал, қысырдың бес тайы, жиырма қой сойдырды, соның ішінен он қойды Абайдың туған шешесі Ұлжан үйттіріп, екі кебеже сүрді араластырды. Басқалармен бәсекеге түскенде Абайдың талайы асты.

«Бөжей асына Карқаралының Арғыны, Жетісудың Жалайыры, Семіз Найманы, Ылдидың Уақ Бурасы, Дағандының Керейі бар, талай үлкен рулар келді...»

«Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ертоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты, Ас ошағымен екі арада бұлар қос табактан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болады».

«Бәйгеге жүз елу ат қосылыпты. Он атқа бәйге аталыпты. Бәйгенің бәрі де тоғыз-тоғыздан. Алдыңғы бәйге – түйе бастатқан тоғыз, екінші – жамбы бастатқан тоғыз. Ол жамбы кешегі Ұлжан әкелген кесек күміс «тай-тұяқ» екен...»

«Үлкен астың күресі де үлкен. Балуандар бәйгесі де тоғыз-тоғыздан», – деп Мұхтар ағаң толғағанда, сендер үйде отырып тамсанасыңдар ғой...

Бөжей асына келген көпшілік бір түнеп тарқайды, екінші күнге алыстан келген ет жақындары – нағашылары ғана қалады.

Енді Ереймен тауында, Қусақ көлінің жағасында берілген Керей Сағынай асына баралық. Мұны Илияс ағаң жеріне жеткізе жырлаған болатын. Онда бәйгеге бір мың үш жүз ат қосылады. Ақынға артығырақ айтса да жараса береді ғой.

Осы Сағынай асында:

«Тәтті жал, қазы, қарта мая-мая,
Дамылсыз дастарқанды жүрген жая...
Еті – тау, қымызы – көл деуге болар
Айтқанда тартыңқырап астың сыйын»...

деп тебіренеді ол.

Міне, қонақ асын осылай беріп болып, енді ақын Илияс бәйгеге қосылатын аттарға ауысады, соның ішінен таңдап алып Ақан серінің Құлагерін суреттейді.

«Тәует бас, қамыс құлак, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншак,
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқыңқырақ.
Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік...
Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса жел, мінсе жайсаң, тұрса селсоқ» –

деп аузынан суы аға сұқтанады, артынша бәйгеден оны келтірмей дымыңды құртады. Заты, «түлкі төс,

тазы тізе, ит жіліншік» деп суреттеуіне қарағанда, тіпті, Құлагер бәйгеден келмейтін ат тәрізді. Мәстек пе, қалай деген сұрақ туады. «Әттегене-айы» күшті өкініш билейді. Біз сол аста жоқ едік-ау, Құлагер бәйгеден келе салса ешкімнің ешнәрсесі кетпес еді, бірақ амал не? Алтай ішінде Мұрат руынан шыққан теріс азу, телі тентек, бай Батыраш Ақан серінің Құлагерін жазықсыз өлтіреді де, өзінің Көктұйғынымен бірінші «тоғызды» алады. Екінші ат Айтбақының күреңі, үшіншісі Шорманның Садуақасы әкелген шораяқ кәрі бурыл ат...

Сөз сөзден туады ғой, енді осы кезегі келгенде мына бір атты қоса айта кетейін, – деп көтеріле сөйледі Мұхаммедия. – Халқымыздың беделі, төрт аяғын тең басқан жорға – ақын Абай мынадай атты арман еткен:

«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ:
Ауыз-омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңрейген болса сағақ.
Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы,
Тоятпаған бүркіттей салық төсті,
Жуан, тықыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ,
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ
Кен сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келген ерге жайлы,
Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек,
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек».

Қосар сөз жоқ, мінсіз мүсін. Осы атты 1886 жылы Ғабдулла Тоқай туғанда қырық бір жастағы Абай тәрізді ақын әкесі шүйіншіге тартқан сияқты. Жаңа туған нәресте ержетіп, түбінде Троицкіге келер-ау, сонда Қазанға қайтар жолына мініп кетсін, немесе жегіп кетсін деген үміті бар. Қырағы жан, ақын Абай алыстан көрген екен. Күтімі келіскен, көсем аяңдайтын, әсем

желетін жарау атты Тоқай 1907 жылы ләкшенкесіне жегіп
Троицкіден шығып Қазанға жөнелді ғой:

«Жектіріп пар ат, Қазанға тұп-тура кеттім қарап,
Шаптыра атларны кучер, сокқылап та тартқылап»,—

деуі тегін емес. Мына ортаға жегілген ат Абай сыйлаған «тықыр
бақайлы, жұмыр тұяқ» тұлпар болса керек. Қазанға сол күні
жетіпті ғой.

Абылай ханның торына түскен, қалмақтың сұлу қызын
бостандыққа қарай алып жөнелген Керкөжекті айтайыншы. Мұны
Сәкен ағаң былай толғады:

«Көжектей қамыс құлақ, сымпыс құйрық,
Бүгілген бадана көз, мінсіз сүйрік.
Алмайды қанатсызды қапталына,
Жүйтікесе көз ілеспес сағым жүйрік.
Жетектеп, әлекедей көжек керді,
Серке сан, бота тірсек өжет керді.
Шаужайлап аяңдатып бір жас жігіт,
Тізгінін қатты қымтып тежеп көрді.
Секіріп, аузын ашып, көкке шапшып,
Көжек кер қобалжытты үстегі ерді.
Жұлқынып, ауыздығын қарш-қарш шайна,
Тұқырып, құшырланып, тарпып жерді,
Шиыршық атып, билеп шырқ айналды,
Ұтты екпінімен шарпып желді.
Жөнелді аузын ашып керше таңлақ,
Ырғды құйын сокқан бейне қаңбақ,
Не құмай, не бұлдырық не қаңбақ деп,
Айтарсың қарамасаң әбден андап.
Сәйгүлік Қуандықтың арда кері,
Жорыққа Барақ батыр мінген таңдап.

Жас елік кетті босап тұтқын қолдан,
Жас құлан шықты ойнақтап түскен ордан,
Тұтқын қыз, Керкөжекпен кептер құсша,
Жытты енді босанған соң темір тордан», —

деп ойын аяқтады. Осы үш аттың үшеуіне де қызығам, шырағым,
қолға түспейтін қанатты тұлпарлар ғой бұлар. Бәрі де сайдың
тасындай сәйгүліктер. Алайда, Абай аты мен Илияс аты белдеуде
байлаулы тұр-ау! Көлденеңінен қарап аяңын да,

желісін де, шабысын да болжап айтады олар, ал Сәкеннің Керкөжегі, оның бар қимылы көз алдында, Сәкен болжамайды аяңдатып та, желдіріп те, шаптырып та көрсетеді. Азамат соғысы кезінде жауға шапқан, кашса құтылған, қуса жетіп дұшпанын күйреткен, бостандық әперген тақымына басқан аты болар-ау, сірә, – деп бір тежеп қойды Мұхаммедия. Осы үш атты салыстыра кетті де, енді әңгімені екінші бағытқа бұрып жіберді.

«Бақ туын тұрғанда ұстап бүгін қазақ,
Көңілі судай тасып, оттай маздап..
Ескі күн елім көрген енді ойласам,
Көрінер кейде қорлық, кейде мазак.»

Ілияс.

Мен өзім білетін Қорыспай асын айтайын, сол аста бәйгеден келген кедей Жортықтың жауыр Торғасқасын баяндайын, бұл ас әлгі астардың бәрінен де бұрын берілген ғой, – деп үзілген ойын біттеледі қарт Мұхаммедия.

Қорыспайдың «қырқын» беріп, келесі жылы болатын асқа сауын айтылды. «Ошақ басына» Барғана, Айтқожа, Сатыбалды сияқты үш арыс ел жиналды, бәрі де жұмыла дайындалды. Аруақ атын атасып, құдай десіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарысатын болды, тебіренісе сөйлесіп, іштері жібісіп уәделесіп тарасты.

Сөйтіп, елді ескі ережеге шақырған, ынтымаққа мұрындық болған әрі мерекелі, әрі азалы жиында сыбағалы бастарын мұжысып отырып, келелі әңгімелер айтысты, әлгі үш орыс елдің игі ақсақалдары Қорыспайдың асына тоғыз дуан ел шақырылсын деген пәтуаға келді. Көкшетау, Омбы, Кереку, Семей, Қарқаралы, Әулиеата, Торғай, Атбасар, Ақмола дуандары аталды.

Қонақтарды күту ошақ басындағы елдің мойнында. Екінші сөзбен айтқанда Қорыспайдың «ошақ-басын» билеген, Бесімнің әдемі тоқалы Дәулетбикеден туған: Барғана, Айтқожа, Сатыбалды отаулары. Кешегі Токаның үш отауы бүгін өсіп-өніп,

үш арыс ел болғанда, соның бірі Айтқожаның сүбесі Қорыспай дуние салды. Күйзеліп қырқын берген жер мына Темештің Құм көлі еді, Қорыспайдың қырқын өткізіп, үш отаудың ақсақал-қара сақалдары уәделесіп тарағанына міне бүгін аттай бір жыл.

Осыдан бір ай бұрын Қорыспайдың «Ошақ майлары» болып өтті. Әр отаудың әкелетін үйлері де, соятын сойыстары да сонда белгіленді.

Қорыспай асына бес жүз үй тігілді. Сиырдың бүйрегіндей қырық ру алабажақ үйлер көлге үңірейе қарап, бірдемені үздіге күткендей, киіз есіктер шалқасынан түріліп, маңдайшаға ілінген екен.

Асқа келген бәйгі аттың бас-басына бір-бір үйді оңаша беретін елдің ежелгі ережесі. Үй кісінің санына қарап берілмейді, бәйгі атқа беріледі. Алтай-Тоқада осындай әдет бар.

Тамыз айының тымырсық шуақ күні, мезгіл бесіннен төмен түскен, көлеңке ұзара бастаған шақ. Боз көлдің айналасы қиқу, даң-дұң; күркілдеп үрген кәрі төбет, ұлыған қаншық, маңыраған саулық, жамыраған қозы, кісінеген бие, оқыранған айғыр, мөңіреген сиыр, боздаған іңген, иін тірескен ел, біреуді біреу біліп болмайды. Құлақты тұндыратын айғай-ұйғай да шығып жатыр. Қазылған жер ошақ, буы бұрқырап пісіп жатқан қазан-қазан ет, екі иығынан демін алып, бусанып тұрған сары самаурын, шайын демдеп, қампөркенің үстіне қойған аққұман, тап бір қос құлағын қайырып, құйрығын делдите киген есерлеу бозбаланың жекей тымағы тәрізді. Жер ошақтан самарқау көтерілген тезектің қою боз түтіні ақ бураның иір қобыз мойынындай бұрала созылып көкке ұшады. Аспан асты бұлыңғыр.

Шу өзенін мекендейтін Кіші жүз жеті болыс ел – таманың биі Ерубай осы асқа торы арғымақтың бел баласы бәйгі көкті алып келді. Шаршы топтан сурылып шығатын, алдына мал салмаған жануар екен.

Ерубай бастаған топ келіп аттан түскенде әр дуаннан шақырылған қонақтар, лек-лек болып, тұс-тұс жақтан аңдай бастады. Иіндеген сабадан ақтарылған қымыздай бәрі келіп Боз көлге құйылды. Телегей-теңіз ұлы тобыр Боз көлдің жиегін көмкеріп әкетті, көлденеңі ат шаптырым айдын көл бір шағын шұңғыл тегенедей көрінді.

Әр отау алдынан шығып, еншісіне тиген, өз қонағын өзі түсіріп ала бастады.

Бағаналы найман Құнан қараның баласы қарагер атын алып келді. Бұл өткен күзде киік соққан аты шулы қарагер. Кіші жүз Мысықпай асында тоқсан шақырым жерден айдаған төрт жүз аттың алдында жалғыз келген қарагер ат.

Омбы дуанынан Бәсентиін Қазанғап жіберген боз арғымақ келді. Боз арғымақты жер бастырмай арбаға мінгізіп, әлпештеп әкеп түсірді. Бұл кәдуілгі төрт аяқтыға шалдырмайтын араптың көк мойыны.

Көкшетаудың Қарауылы «Көк бикешті» әкелді. Бұл – түрікпеннің теке-жаумыты екен.

Әулиеатадан Үйсіннің Желқұйыны, Керекудің Көгаласы, Семейден Тобықтының Дөңасары жетті.

Осы тоғыз дуан ел шақырылған, адам айтқысыз нөпір сойыс сойылып, ақ май сайдан аққан Қорыспай асына үш отаудың бірі отыз үй Елгелді шақырылмайды. Тамақ аяп, немесе араздық көрсеткендіктен емес, әшейін елеусіз ұмыт қалады. «Қорыспайдың асында жорғаламағанда атаңның басында жорғалаймысың» –дейтін Арқаға аңыз боп тараған аты шулы ас осы.

Жер дауына, жесір дауына ұшырап, барымталасқанда, ата ұлына арнап сыбаға үлестіретін сайлауға кіріскенде, қиқуласып шар басына түскенде «мынау өзіміздің Елгелді атам баласы, бет алғанынан қайтпайтын беделді атам баласы ғой!» десіп дәріптеп көтеріседі екен. Ал, мынадай қызықты думан-той, кәделі жиында «әлгі Балықты-Баятарда отыратын жатақ Елгелді, отыз желқом Елгелді» десіп қаңқулап күлісіп те алады екен...

Үш отаудың кенжесі Сатыбалды, сол рудың осы күнгі ұлы шаңырағы Телғозының ордасы, өзі әкелген жүз қаралы үйдің дәл ортасында тұр.

Барғана үйлерінің ортасында теңкиіп Самайдың үйі тұр. Үш отаудың дені Айтқожа, осы Айтқожадан келген үйлердің ішінде Сапақтың ордасы, оның оң жағында Қошанның қос отауы қос жұмыртқадай болып көрінеді. Сол жағында Сырттанбайдың үйі.

Сатыбалдының үйлерін асқа әкеліп, соған мұрындық болған Телғозы, өзінің сыйлы қонағын, құдасы Сармантай Азынаны күту үшін әйелі Келдібай бәйбішені ала келеді. Сонда Телғозының кәрі шешесі Күләш, он жасар ұлы Шоң да мерекені бірге көреді.

Үздіге жүріп, алыстан қаңырығы түтеп, сусап келген жат қонақтарға қымыз беріледі. Қымыздан кейін жас бозбалалар атпен жүріп табақ-табақ етті тарта бастайды. Дәл осы кезде Сапақтың ордасына үш отаудың ақсақалдары тегіс жиналады.

Сәлемдесіп, жайғасып отыра бергенде асыға басып Қошан кіріп келеді, оның артын ала жылқышы Құдай- берген сәлем береді. Баласының жеңілтектеңіп кеткенін Сапақ жақтырмай қалады. Танауы делдиіп, екі ұрты суалып, қанын ішіне тартқан Қошанның кескініне қарағанда ауылдың желкесінен жау төніп тұрғандай. Жез мұрт сары Құдайбергеннің шикіл бет жүзі міз бақпайды: оның сөзі де, ойы да шашау шықпайды, сыртына теуіп көрінбейді. Буынып-түйінген күйі ықшам отыр.

– Қошанжанның асығыстығы жай емес қой, – деп тігісін жаттықтыра, Сапақтың көңлін аулай сөйлейді Сырттанбай, – шырағым, Құдайберген, сен айтшы, заты өзіміздің жердегі Алтай баласы болмаса, бөгде қонақтар келіп болған сияқты, тағы ешқайдан кісі қара көрінбей ме? – деп түйіле сұрады.

– Жәй әшиін, мына Күншығыс жақтан бір шоғыр келе жатыр, алдынан шыққан даяшылардың айтуынша

Елгелді кісілері тәрізді... – деп тыңдаушылардың сыңайын байқау үшін азырақ аялдап, тостағандағы қымызын шайқап-шайқап жіберіп сіміре бір жұтты да, Құдайберген үстіңгі ернін жалап селдір мұртын сорып отыр.

– Я, солай, ал сонсың мына Алтай кісілері көз шығарып жатыр, бірінші бәйгені біз аламыз дейді, шаппай аламыз дейді, – деп аптыға сөйлеп, ойының аяғын бітіре алмады Қошан.

– Я, немене, Елгелді келе жатыр екен деп орнымнан ұшып кетейін бе? Келсе қайтейін, келе берсін, келмесе атамнан әрі, Елгелді ауыруым жоқ, ал енді Алтайдың сөзі не? Ол маған не істемекші? – деп булығып қалды көксау Сапақ.

– Сапеке, сіз азырақ сабыр етіңізші, Алтай сөзін де біліп қанармыз. Оған дейін, шырағым Құдайберген, мына Қошан екеуің атқа мініңдер, келе жатқан қонақты – Елгелдінің адамдарын осы Сапекең ордасына әкеп түсіріңдер. Тегі, асқа шақырмасақ та, «ошақ майларында» бірге болатын қиығы бар еді, Сатыбалдының бір баласы екені рас, алалағандай болыппыз, айып бізде, бар, қарақтарым, отырмандар! – деп бұйрықты тұжыра берді Сырттанбай.

Сапақ алқым ашуға басты, қаршадай бала Сырттанбайдың баса-көктеп сөйлеуі батты оған.

– Осы сен жорғақтамашы, Сырттанбай, менің жалпыштанарым жоқ, Елгелді бергенін өзі алсын, тіпті барма?.. – деп енгіге сөйлеп, сөзін бітіре алмай қақалып қалды. Шеке тамырлары шодырайып шығып кетті, шықшыты қимылдап, еріндері бүлкектей жөнелді.

Жер көктеген зымиян, кісінің сыңайын алыстан танитын Көбен сыншы сөзге араласты, үйірге жаңа түскен шақар сәуірік пен егде айғырды шайнастырмай арашалау керек болды.

– Сапақжан, сөзің дұрыс, жарамсақсудың реті жоқ, бірақ, – деп аз мүдірді Көбен сыншы. Сапақтың жүзі жылынғанын байқап, енді Сырттанбайға қарай

бұрылды, – ал Сырттаным, сенің айтқаныңа келейін, сірә, сен ел шарасын, жер шарасын топшылап айтып отырсың-ау деймін. Мына бөгде қонақтардың алдында Елгелді бүлік шығарса маскара боламыз деп қабырғаң қайысып отыр ғой. Рас оның, мереке өзіміздікі, бүтіндік жақсы, Сапекеңнің мерейі үстем болғаны дұрыс, ағасы Қорыспайдың асында Сапақ төбелесті өзі шығарды, өз ағайынын өзі жаулады деген лақап жайылмасын, ел тауқыметі ауыр болар, солай емес пе, Сапақжан? Ендеше, Қошаным, сен бөгелме, бар, әкенді сотқар атандырма, мейлінше майда бол, қонақтарды әкеліп осында түсір, – деді Көбен сыншы. Екеуінікі де дұрыс болып шықты, әңгіменің тігісі жаттыға кетті.

– Бәріңіз де дұрыс айттыңыздар, игілік өзіміздікі, ал мына Қареке, Мұрат, Аралбай, Сармантай кісілерінің сөзі қалай болады? Олар иісі Алтай болып бірігіп отыр, былтыр барымтаға түсіп кеткен Мұрат Жорықтың Торғасқасына бірінші бәйгіні шаппай берсін дейді, бұған не айтасыздар? – деп бір бықсыған шаланы ортаға тастай салды Құдайберген: Бірің өл де, бірің қал деген кісіше орнынан тұра бастады. «Ойда отыз сиыр бұзауласса, қырдағы қырық бұқаның несі кетеді». Шонжарлар өз ара сілкілесе, қағажу жүрген сорлыларға сыбаға тиеді, басқа ауырлық жоқ қой.

– Оның бір жөні болар, шынында ақылдасу керек, бұл көппен шешілетін, ел оқпанын сарапқа салуды керек ететін әңгіме ғой, – деді тағы Көбен сыншы. «Солай емес пе?» дегендей Көбен жан-жағына жалтақтай қарады, жұрт аңырып қалды.

Қошан мен Құдайберген шығып кетті. Сапақ қалың ойға шомды.

2

Өткен жылы Ақмоншақ атты бір қыздың қалың малын беріп өзінің тұңғышы Қошанға арнап сатып әперген екен. Қошанның тұлаи тұтуы, желбегей жортып, апыл-тапыл басып, әлекке түсуі де, ал

ал Сапақтың томсарып, қабағы қатып, қалың ойға шомуы да осы қысылшаң жағдай.

Бұларға батып отырған отыз желқом Елгелдінің өкпе-назы емес, Мұраттың Торғаскасы. Бұл Ақмола дуанын адақтаған, Көбен сыншы аузынан тастамайтын тұлпар Торғасқа. Көңілде де жүйрік көкдөнен – кәдімгі қанатты Торғасқа...

Осы Торғасқадан өзге шілдесінде шық көрмеген сүр кедей Жортықтан да сескеніп отырған жоқ Сапақ. Мына құмырсканың илеуіндей өскен ру – жиырма бес болыс ел – Алтайдан қорқып отыр. Оның үстіне Сырттанбай мен Көбен сыншы да көлденеңдеп мазасын алды.

Сапақтың көкірегі кернеп, жегідей жеп, тұралатқан бір арналы үлкен ой бар.

Ол ойы – ағасы Қорыспайдың асын айта қалғандай етіп өткізсе, бас бәйгесін Ақмоншақ атпен өзі алса, сонда атақ та, аброй да, мырзалық та – бәрі де бір өзінен табылмақ емес пе?

Бас бәйгісі үш тоқсан: тоқсан торы ала ат, тоқсан ақбоз ат, тоқсан қара ала ат.

– Шырағым, бұл Сапақ жылқысының қара аласы сендер білетін қара ала емес. Ол мүлде басқа, – деді Мұхаммедия. – Сапақ бай жылына ақ патшаға жүз ат жібереді екен, солардың бір қыры көмірдей қап-қара, екінші қыры әппақ сүттей болады екен. Міне, бәйгеге тігілген үшінші тоқсан сондай қара ала аттар, – деп түйді кәрі тарлан. – Екінші аттың бәйгісі – тоқсан көк шыбық ат пен тоқсан ту бие, қалы кілем жапқан қара нар. Ең соңғы бәйге – жиырма бесінші аттың бәйгісі тоқсан ақ ауыз қой.

Ақмоншақ атты баптап жүрген аты шулы атпыраш – Аққозы қулықтың сүтін ішкізіп, марка қозының балбыр құйрығын жегізеді екен. Желге, күнге тимей ақ отауда жеке тұратын Ақмоншақ баурынан жарап қатып қалған, жүзiктің көзінен өткендей. Тiл, көз ти-

месін деп құйрығының түбіне, кекіліне шоқ-шоқ үкі қадалған Ақмоншақ шекесінен қарайтын секемал. Анда-санда суаруға жетектен алып шыққанда шиыршық атып аспанға секіреді. Төрт аяғын билей басып, ойнақшып, шылбырын ұстаған атпыраш Аққозының алды-артын орайды.

Сапақтың таудай талабын тұжырып, мына сірі тонды кедей Жортықтың Торғасқасы бірінші бәйгені алып кетсе не болмақ? Әрине, аяқ астынан мертігу осы.

Жау алып кеткен Торғасқа қайдан бар бола қалды? Рас, бәйгені ат алмайды, адам алады. Ендеше, жоғалған Торғасқа табылып отырған жоқ. Сармантайдың Азнасы, Қаракеңнің Таңшолағы, Аралбайдың Тұрсынбегі бар болып отыр. Бұлардың бәрі Мойын Алтай болып түгел бірігіп кетсе Дәулетбикенің үш отауына үлкен салмақ емес пе? Ең болмаса үш отау басын қосып, ынтымақтасып та отырған жоқ. Дәулетбикеден тараған үш отаудың кенжесі Сатыбалды, сол Сатыбалдының бір баласы Елгелді ғой. Міне енді ала қойды бөле қырқып, бұлар сол өз туысы Елгелдіні елемей, итке салған сүйектей етіп, шақырмай тастапты.

Елгелді тобы ауылға жақындап келгенде, бұларды Сырттанбай, Сапақ, Көбен сыншы қарсы алды.

Таубай ақсақал бастаған отыз үй Елгелдінің түсі өте суық, беттерінен тозаңы шығады. Ағайынның елемегені Таубайға қатты батады. Үстіне желком салып, жабулап мінген кербесті тықыршып, ауыздығын сүзе тартып, шыркөбелек айнала береді.

Көбен сыншының көзі кербестіге сүлікше қадалады. Арты биік, алды аласа, керген төстіктей жатаған кербесті қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ, омырауы алқа-салқа, жанарлы шүңірек көздері өңменіңнен өтеді...

Кербестінің үстіндегі Таубай ақсақал тұлан тұтып, түнеріп тұр. Қою біткен қас, ұзын селдір кірпік, бетін айғыз-айғыз етіп шарлап жатқан әжімдер, көденің түбін паналаған кесірткідей жортып, самай сақалдарының арасына барып бой тасалайды.

– Тауеке, бір жолғы ашуыңызды бізге берер деп алдыңыздан шығып тұрмыз, қате бізде. Айыбымыз үшін Сапекеңнің кара жорға атын ер-тоқымымен белдеуге байлап қойдық, – деді Сырттанбай.

– Айып ат-шапан емес пе, ер-тоқымның мәнісі қалай, Сырттанбай? – деп келте қайырды Сапақ.

– Ер-тоқым туыстығы үшін, Шапанды ұмытып тұр Сырттанбай, өз ағасынан өзі қорыққанда аузына түспей қалды білем, мен қосайын, кара жорға аттың үстіне шапан жабылсын, – деді Көбен сыншы.

Сапақ тіл қатпады.

– Біз айып алғалы келгеміз жоқ, ағайын-туыс елемеді-ау деген көңілге жетімдік кіргені рас еді, енді тарқап кетті. Ағайын өкпеге қиса да өлімге қимайды, бөгде дұшпандардың алдында біздің айып алып жатқанымыз ыраға жаман, айтқандарыңыздың өзіне де өсіп қалдық, сол да жетеді. Мерекеге келдік, ойнап-күліп қайтамыз, – деді Таубай ақсақал. Сапақ енді жадырады. Мал бауыр еттен ғой.

– Білімнің ата-анасы бірлік депті ғой, Тауеке, дұрыс айтасыз, енді Сапекеңнің ордасына барып түсіңіздер, – деді Сырттанбай.

– Бізге Қошанжанның отауы да олқы емес, тәңірі осы бірліктен айырмасын, тартыңдар солай, – деп шаршы топқа түйіле бұйрық берді Таубай ақсақал. Кербесті алды аяндап, арты желіп билей жөнелді. Көбен сыншы кербестіден көзін айырмады.

Телқозының ордасына Сармантай Алда, Жұманның Азынасы келіп түсті. Бұл Азына мен Телқозы былтыр құда болған. Телқозы өзінің бәйбішесі Қақсал қызы Келдібайдан туған бала Шоңға Азынаның қызы Әйімкүлді айттырған болатын. Қызуы басылмаған тәтті құдалар амандасып болғаннан кейін, Телқозы қонақасы берудің жабдығына кірісті. Қонақтармен әңгімеде қалған

Сырттанбай, Сапақ, Көбен сыншы еді. Азына бай өзінің кешелдеп келуінің жайын айтты. Сынамайтынын, жақын екенін түсіндірді.

– Кешелдеген соң келмей қалар ма екен деп қауыптанып отырғанда келіп қалғаныңызға өте қуаныштымыз, – деп бастады Сырттанбай.

– Қарпық, Алтай туысқан ел едік. Біз Қарпық аға едік. Алтай кісілері Мұрат Жортық Торғасқасы бас бәйгесін шаппай бер деп қиғылықты салып жатыр, осы жағдай булықтырып қамап отыр, мәнісі қалай болады, Азеке? – деп бір тежеп өтті Сырттанбай.

– Сырттанбай шырағым, дұрыс айтасың, бір жөні болар, елміз ғой. Біздің Таңшолақ пен Тұрсынбек не дейді екен? – деп жалтақтай сөйледі Азына.

– Дұрыс айтасың, Азынажан, мен олардың сөзін естіп әбден қанып келдім, – деп бастады Көбен сыншы.

– «Ағасы бардың жағасы бар» деген, осы жолы Қарпық ағам баласы еркелігімді көтереді, кезеңдіге кез болып, барымтаға түсіп Торғасқа кетіп отыр, Дуан басы Бәсентиін Қазанғап ол дауды әлі сыяз құрып шешпей отыр, жер тар болып жатыр, сөйткенмен тұлпарыңның көзі жоқ деп бір жолға бізді қарайтпас, – деп еді Таңшолақ, онда Байтоқаның Тұрсынбегі жұлып алғандай:

– Мәймөңкелемей қойшы әрі, Таңшолақ, бірінші бәйге Торғасқа тұлпардікі! – деп келте қайырды, булығып айтты, – деп естіген-білгенін хабарлады Көбен.

– Ел мен ер сынасар жері осы болса, шықсын бері, Алтайдың түте-түтесін шығарайын, көкіін деген екен, мына Аралбайдың Тұрсынбегі, – деп кіжінді Сапақ.

– Көзі жоқ атқа бәйге бер деу және бәйге беру қисынсыз-ақ, жалғыз Алтай, Қарпық ортасында болып отырған ас емес, бөгде ағайындар да бар, бәрінің де жаратып әкеп отырған дәмелі бәйге аттары бар, олар не дейді екен? Соның ішінде жеті болыс Тама, – қоныс- тас тәтті ағайын Ерубай би не айтар екен? Қарауылдың Көкбикеші бар Бәсентиіннің арғымағы бар, Найманның

Қарагер аты бар, Тобықтының Дөңасары бар. Осылардың бәрі де аты шулы бәйге аттар, әкеліп отырған иелері ежелден келе жатқан шораяқтар, солар не дейді екен? Өздеріңіз білесіздер ғой, әшейін тегін айтам,— деп сүйей салды Сырттанбай. Күләш әже қымыз сапырып отыр, қасында жантайып жатқан бала Шоң Сырттанбайға жалт қарады. Сонсоң әжесіне бұрылып:

– Әже-ау, осы жоғалып кеткен атқа бәйге бере ме екен? – деді.

– Үлкендердің сөзінде не жұмысы бар, жай отыр, – деп тойтарып тастады Күләш бәйбіше. Бала Шоң әлгі сөзді айтқанда Азына мен Сырттанбай бір ауыздан:

– Балам тауып айтты ғой, – десті. Сапақ пен Қошан да көтеріліп қалды. Көбен сыншы тіс жармады.

– Көзі жоқ атқа бәйге сұрау ебестеу екен, олай болса Мұрат Торғасқаның көзін тауып әкелсе қалай болар еді, жер тар-ау, ә? – деп сұрақ қойды Азына. Халық аңырып қалды. Күйеуі бала Шоңның сөзінен жеңілді Азына, екінші жағынан Таңшолақ пен Тұрсынбектен де аса алмай отыр. Сондықтан оның ойы ұйқы-тұйқы.

– Жарайды олай болса, біз соған көндік, көкем асына мал жетеді, Торғасқаның көзін әкелсін, соны күттік, асқа келген ел тарамасын, – деді Қошан. Қорысбайдың өз баласы да Қошанды қуаттап басын изеді.

ЖАУЫР ТОРҒАСҚА

«...Ертеден шапса кешке
озған,
Ылдидан шапса төске
озған,
Томаға көзді қасқа
азбан»...

Сырттанбай мен Азынаның ұйғарымы бойынша Жортық бастатқан Алтай Қарпықтың он шақты кісісі Омбының Ақмола жақ етегін жайлайтын ішкі Бәсентиін Қазанғап ауылына барды. Келіп түскен қо-

нақтардың түсіне карап, алыс жердің суыт жүрген жолаушысы екенін байқады Қазанғап. Қонақасын жеп болғаннан кейін мәнжайды түсіндірді Жортық. Иісі Қуандық болып бірігіп кеткеніне көзі әбден жеткен Қазанғап екі сөзге келмеді. Көптің қорқытатынын, тереңнің батыратынын анық біледі ол. Торғасқаны іздете бастады. Торғасқа жерде де, көкте де жоқ. Төрт күн іздеп, бесінші күні – «түйеші шалдың астындағы жауыр торы шолақты байқаңдаршы, сол емес пе екен?» – деді Қазанғап, дәл үстінен түсті. Түйешіге жетіп келгенде, Жортықтың көзіне Торғасқа оттай басылды. Аттан түсіп, ертоқымын алып жатып: «Бәсентиіннің бар малын берсеңдер де, Торғасқаны бермеңдер, мен энеукүні екі маралды бір күнде соғып алдым, – деп зарлады түйеші шал. Амалсыз Торғасқаны түсіп берді. Арқасы ошақтай жауыр, арық Торғасқаны Жортық жетектей жөнелді. Он үш күн өтіп, он төртінші күні Бозкөлге жауыр Торғасқаны алып келді. Қорысбайдың балалары Торғасқаны көріп, тынықтыру үшін енді үш күнге мұрсатана берді. Шілдесінде шық көрмеген жалғыз атты Жортықтың Торғасқасы бап іздемейді. Күл төкпе, тесік өкпенің өзі. Жиырма шақты күн қыруар мал, асқа жиналған тоғыз дуан елдің мың сан адамдары мошап жатқан Бозкөлдің басы тап-тақыр, шаңы аспанға шығады, көлдің суы қоймалжың май боп кетеді.

Тап ат шабар күні таңертең ел тұрмай Сапақ келіп, Көбен сыншыны оятып алды. Бірге далаға ертіп шығып, бәйгеге қосатын бес жүз атты түгел аралатты. Біреуіне де тоқтамады Көбен сыншы. Осы аттардың ішінде бір қыздың қалың малын беріп алған өзінің Ақмоншағы да, Омбы Керейінің арғымағы да, Көкшетау Қарауылының Көкбикеші де, Керекудің Қоғаласы да, Тобықтының Дөңасары да бар еді. Енді бәйгеге қосылатын ат жоқ дегендей түс көрсетеді Сапақ, батып ешнәрсе айта алмайды. Бұл Көбен сыншы – қалмақ Толыбай сыншы-

ның баласы. Сегіз жасында жаугершілікте олжаға түсіп, Түркістан қазағының қолында тұрған Көбен сыншы. Содан Түркістанның құл сататын қан базарында Телғозының ұлы әкесі Жәңгелді би екі түйе беріп сатып әкелген Көбен сыншы. Сол қалмақ Көбеннің мына он сегіз мың жылқының иесі Сапақты басынып тұруы қалай?! Ең болмаса көңілін аулап, «Ақмоншақ ат бәйгеден келеді» – деп неге айтпайды бұл құл қалмақ!? Көбен сыншы Сапақ ауылына, Қошан отауына беттеді. Орта жолда, бір тақырда арқандаулы тұрған Жортықтың Торғасқасын көрді. Көбен сыншы Торғасқаны үш айналды.

– Маңдайы жарылып тұр ғой жануардың, бүгінгі бірінші бәйге Торғасқанікі! – деп кесіп айтты Көбен. Жақтырмады Сапақ. Жүріп бара жатып артына тағы қарады сыншы. Қошанның отауына таянып келгенде, өз ордасына қарай озыңқырап кетті Сапақ. Сонда отаудың сыртында үстін жабулап арқандап қойған Кербестіге көзі түсті, тұра қалды Көбен.

– Ол ат бәйгеге қосылмайтын Елгелді Таубайдың астына мініп келген шолағы, – деп зілдене айтты Сапақ.

– Қоссын, қоспасын, екінші бәйге бүгін шапса осы жануардікі, – деп кесіп тастады Көбен.

Таң намазына тұрып жүрген Таубай осы сөзді естіп қалады. Көбеннің сөзі қамшы болып, он жасар Шонды Кербестінің үстіне мінгізіп, «азар болса жануардың бір тері ғой», – деп Қорысбай асына, ұлы дүбірге қосып қоя береді. Танертең қымыз ішіп, ет жеп болғаннан кейін ат шабар жарияланады. Қарақшыны бір жігітке ұстатып, Сапақ қара жорға атпен Жомарт төбеге қарай тайпалта жөнеледі. Енді бес жүз ат Бестауды, Барақбайды басып Қудың алдындағы ақшиден айдалу керек сияқты. Мұғдары алпыс шақырым жер. Жомарт төбе Бозкөлдің шығыс жағында қой өрісі жерде тұрады. Жомарт төбеге шыққанда кісінің арты Бозкөлде еді. Сапақ қара жорға атпен қарақшы ұстаған жігітті ертіп Жомарт төбеге шыққанда кісінің арты Бозкөлде еді.

Бозкөл мен Жомарт төбенің арасы қап-қара құрымдай, тоғыз дуан елдің кісісі тоғыз бөлек топ болып Жомарт төбеге жинала бастайды. Әрбір топтан бәйгеге қосылатын аттар бөлініп шығады. Бәйге аттар Жомарт төбенің күншығыс жағына жиналады. Жал-құйрықтары сүзілген, құйрығының дәл түбі мен кекіліне үкі қадаған, жүзіктің көзінен өткендей әдемі бәйге аттар бес жүз екен. Үстіне тоғыз, он жасар балалар мінген бәйге аттар аяғын ұшынан басып билеп жүр. Осы бес жүз атты Қудың түбіндегі Ақшиден айдайтын болып отыз екі жарамды атпен отыз екі кісі жөнелді. Бұлардың қолдарына ұстаған ұзын-ұзын айбалта, найзасы бар. Бес жүз атты айдап жөнелейін деп тұрғанда, Құлымбет Лау мырза айғай салып, көптің атынан мынадай бұйрық берді;

– Аттар Қудың алдындағы Ақшиден айдалсын, отыз екі жігіт шашау шығармай айдап апарып сол Ақшиден жіберсін. Аттың бәйгесі мына айдаушы жігіттер келгеннен кейін берілсін. Аттар тартылмасын, – деді. Көпшілік бір ауыздан:

– Осы дұрыс, солай болсын, – десіп дүрлігісіп қалды.

* * *

Сөйтіп, Жортықтың Торғаскасы мен Ақмоншақ ат келіп қалың топқа кіргенде, соның артын ала Кербестімен кеспелтек ақсары бала Шоң да жеткен еді. Лау мырзаның сөзін Шоң анық естиді. Аттарды күн шықпай айдап жөнеледі.

Аттар кетісімен балуан күресі басталады. Эрдуанның балуандары шығып күресіп, бәйгені тоғыз-тоғыздан алып жатады. Шаңқай түсте балтырын түріп тастап, түйе жүні қызыл шекпеннің бір жеңін киіп, екінші жеңін белбеудің ішіне буып, еңгезердей кара жігіт одыраңдап шыға келеді. Бұл балуан күндікке булығып шыдай алмай отырған, томағасын

жаңа ғана алып жіберген бүркіт тәрізді. Бұл кәдімгі ұлы жүз руынан шыққан атақты Сейтен балуан екен. Бұл Әулиеата дуанынан шығады. Енді бұған қарсы шығар балуан табылмайды. Жетісудың бұл балуаны тоғыз дуан елге мәлім. Бас бәйге осыған аталған. Бас бәйге тоғыз теңбіл ат. Сонда «мен өз келінім Жаманмен күресем», – дейді Сейтен. Жаман Қарқабат батырдың жалғыз қызы. Қарқабат – Сатыбалды Жәметтің баласы, осы Телғозының әкесі Зейнетпен туысқан ол. Жаманды ел батыр қыз деседі екен. Ақмола балуандарын беттетпейтін Жаман тап мына қайнағасына қарсы шығуға именеді. Иісі үш отау болып мойнын салып тұрып алады. Көпшілікке көнбей отырған Жаманның ту сыртынан келіп Көбен сыншы:

– Тұр, балам, бетіңнен жарылғасын, жүрегіңді тоқтат, талайың жоғары тұр, жығып қайт, балам, көптің меселін қайтарма! – дейді.

– Қайын жұртыңмен сөйлесіп келдік, аталарың батасын беріп отыр, шықсын дейді, тайсалма, үш отаудың аруағына тапсырдым, жолың болсын, жаным, – деп батасын берген Лау мырза. Көптің окпаны делебесін қоздырып көтеріп әкетеді. Жаман орнынан ұшып тұрады. Әсіресе дем берген Көбен сыншының сөзі. Үстіндегі киімін шешіп, балуандарша белсеніп жатпастан тұрып жөнеледі. Қайнағасының қасына барғанда, азырақ қырындап айнала береді, беті шыдамайды. Ожар қайнаға, балуан қайнаға келінінің сырын түсінбейді, тура ұмтылады. Ұстатпайды. Қайнағасын Жаман үш айналады. Ер кезегі үшке дейін, түсінер, күреспес деп ойлайды. Айнала топ бірін-бірі басып кете жаздайды. Өлі аруақтардың аттары да аталып жатады. Жан-жақ ың-жың болып, даурығып кетеді. Тап осы кезде ұлы дүбірді талай көрген, ежелден топқа түсіп жұлде алып жүрген түйе балуан Сейтеннің делебесі қозады. Аруақтардың аты естілгенде, Жаманды оң иықтан шап беріп ұстай алады. Көз ілеспейді, жалғыз-ақ Жаманның оң қолын

артына қарай серіпкенін жұрттың көзі шалады. Шарт ете қалады, Сейтен шалқасынан түседі.

Жаман Сатыбалды тобына қарай жүре бергенде, шаршы топтың күншығыс жағынан қара жорға атқа мінген бір қара жігіт келіп, Жаманды қамшымен тартып-тартып жібереді. Бұл Жаманның күйеуі, Сейтеннің інісі Көтен екен. Өлі аруақ орнынан аунап түскендей болады. Екі жақ қоян-қолтық алыса түседі... Сейтеннің ортан жілігі үзіліп кетеді. Неше алуан мәтелдер айтылып, жазым болса көжеге де тіс сынатыны ескеріледі. Оташылар шақырылады, жұрт дүрлігісіп оңалады, бітуанаға келеді...

Бәйге аттардың дүбірі естіледі, елдің беті солай төңкеріледі. Көз ұшында жалғыз келе жатқан баран көрінеді. Әркімнің өз аты көз алдына елестейді. Аруаққа сыйынған көптің дауысы Сарыарқаны дүрліктіріп басына көтереді. Осы бір сын сағатта әлгі баранға мінген баланың басындағы орамалын алу үшін төтесінен даяшы жігіт тұра ұмтылады. «Бегайдарлаған» баланың даусы мүкіс естіледі, ол Торғасқаның басын тежеп тартады, денесі қызған жеке тұлпарға даяшы эзер жетіп, орамалды алып қалады. Енді бір мезетте бүктетіліп атып, құйысқанын сарт-сұрт ұрып, Елгелді Таубайдың Кербестісі жетеді. Үстіндегі бала Шоң «Дәулетбикелеп» келеді. Ұлы ананың аруағын аспанға шығарады. Басқа дуандар күңкілдей бастайды. «Бұл аттар орта жолдан қосылған, ұрлап қосқан аттар!» – деседі. Үшінші болып Көкшетау дуанының Көкбикеші келеді. Төртінші болып Омбының арғымағы келеді. Бесінші болып Найман Құнанқараның баласының қарагер аты келеді. Осы аста он шақты ат далада ұшып өледі. Аттың артын үш күнде әрең тауып алысады. Бір қыздың қалың малын беріп алған Сапақтың Ақмоншағы ақсап қалады. Екінші күні Бестаудан алып қайтады. Бәйге үлестіруді де Сырттанбай мен Лау мырза, Сапақ үшеуі билеп-төстейді. Бірінші бәйгені Жортықтың Торғасқасына арнап Қареке Таңшолақ би,

Сармантай Азынабай мен Аралбай Тұрабектің алдына әкеп тартады. Сорлы Жортықтың атынан қанатты Торғасқаның аты көп аталады. Торғасқаның бәйгесін иісі Алтай болып бөлісіп алып жатады. Тоқсан торы ала ат, тоқсан ақбоз ат, тоқсан қара ала аттан Жортыққа бір тай да тимейді. «Қаз жегеніне емес, орғанына мәз» деген өсиетті айтып, Таңшолақ би Жортықты ырза қылады. Ырза болмаған күнде де Жортықтың өресі жете алмас еді, үндемейді. Тап осы жолғы бәйгеден бір тайды алмаймын деген ойында да жоқ екен, тұтанып қап-қара боп кетеді. Екінші бәйгені Лау мырза атай бастағанда:

– Екінші бәйге ошақ басында, үш отауда қалсын, арғы жағын үлестіре беріңіз, мына жат елдерді аттандыралық, – дейді Сырттанбай. Сапақ та: «Солай істей беріңіз», – деп қостайды. Лау мырза үндемейді. Басқа бәйгелерді үлестіре береді. Бәйгесін алған ел қауқылдасып, дүрілдеп тарай бастайды. Елгелді жігіттері ендіркелеп көтерілейін деп еді, Таубай қозғалмады, артын бақты. Өйткені астың бас кезінде жасаған тентектігіне көнген үш отау енді құйрықты сыртқа салып көнбей қойса, көпке топырақ шаша алмайды. Кешегі күн бүгін жоқ, ас бітті, халық тарап жатыр. Осы жағдайды толық түсінген Таубай ішінен тынды. Халық әбден тарап біткенше тұрған жерінен тебіренбеді Таубай. Бұл отыз үй Елгелдіні керек қылған тірі жан жоқ. Бәйгені үлестіріп болып, қайтуға бет бұрғанда, Лау мырза Таубайды көрді. Атының басын бұрып таянып келді де:

– Неге тұрсың, Таубайым. Үш отаудың баласысыңдар, бас сынса бөрік ішінде емес пе? Жүр, қайталық, – деді Лау.

– Дұрыс айтасыз, мырза, әшейін аттың аталмағаны болмаса, ел деп елемегені болмаса, қайтер дейсіз?! – деп сүйей салды Таубай ақсақал.

«Міне, қалқам, ішім бір босады ғой».

– Мұқа-ау, сіздің әңгімеңіз Қорысбай асын, сонда

бәйгеден келген аттарды қызықтау емес неше түрлі зорлық-зомбылықтардың басын қылтиттыңыз ғой. Торғасқа тұлпар мен Кербесті бәйгеден келгенде, олардың иелері Жортық пен Таубайдың нейбет қалуы сұмдық екен! – деп күдіктендім.

Осы бір сәтте менің бетіме үңіле қарады да аз кідіріп қалды.

– Шырағым, күдіктенуің орынды, Қорысбай, Сапақ заманы көз жеткісіз бұлдыр дүние ғой, – деп бастады Мұхаммедия. – Алысты доғарып, мен тап кешегі өмірді баяндайын, – деді ол. – Тап кеше 1928 жылға дейін болғанды айтайын, шет жағасын сен де білесің ғой. Біздің ауылда бай Тілепберген болды. Бір өзінің үш әйелі бар. Азғана тай бітті деп айналасын қуаштады. Кедей туысы Аймағамбеттің елеп үйіне барғанын сілет етуші еді. Сорлы Аймағамбет қарызданып-қауғаланып қой сояды, соның басын мүжіп отырып ілік шығарады. Тілепберген теке көз, ботқа бет, былшық сары токалы танауын шиіреді, төңірегіндегі елді тап бір соның шаңырақ түйесіне мініп келген құлақ кесті құлындай көретінін қайтерсің! Қабағын шыта қарағанда, жер-жебіріне жетеді. Біз осыны да көрдік.

Кеңес өкіметінің жолы – әділ жол, теңдік жолы. Олар түсіне алмай, тоғышарлық жасады. Шырағым, солардың көбі көрге түсті, тек сол кесепаттар өздерінде болмаса екен. Осында мен келгелі айдан асты, сенің қонақта болмаған күнің жоқ. Қатты айтты деп маған ренжіме, ертең-ақ кетем, жерің кеңиді, – дегенде Мұхаммедияның бетіне тікенең бітті. Өзіме өзім тілеп алған соң, шыдамау қиын екен. Өзекті аға өз міндетін атқарып ақыл айтып отыр.

– Шырағым, «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын». Бүгін тыңдаушысың, ертең-ақ айтушы боласың. Соныңнан ерген жастар сенен де өнеге алады. Байқа, қалқам. Ақырын жүріп, анық бас, еңбек істеуден жалықпа! Еңбек иелері: Абай, Сәкен,

Мұхтар, Бейімбет, Илиястар өмір бойы өлмейді, – деп ойын аяқтады да Мұхаммедия әрі қарай жұмған аузын ашпады.

Бұл әңгімені 1936 жылы естіп едім, кеш жеткізгеніме кешірім сұраймын.

ЕСЕН ТОЛҒАУЛАРЫ

«...Күн көзіндей жарық бар
Ботакөздің көзінде,
Телегей-теңіз тарих бар
Ботакөздің сөзінде...»

Сәбит.

Бірінші әңгіме

– Амансың ба, Бота? Адасып қалғанымызға көп жылдар өтсе де көзің өзгермеген екен...

– Шырамытып тұрмын, жаза басам ба деген қауым да бар. Жолың үлкен ғой, жөніңді өзің айтшы, – деп жымия күлді Бота.

– – Мен алғаш кездескенде сен де жас едің-ау, оған биыл ккәміл қырық жыл...

– Аржағын айтпай-ақ қой, өзім де мұрныңды көргенде, дәу де болса сол Есен шығарсың деп едім...

– Кел ендеше, Бота, қорықпасаң құшақтасып аман- дасайық, – деп, Есен екі қолым созыңқырап ілгері аттай бергенде:

– Есен-ай, баяғы мінезің әлі қалған жоқ екен ғой, құшағыңды кеңірек ашсайшы! – деп күле сөйлеп, Бота қымсынбай айқаса кетті...

Есен мен Бота 1920 жылдан бастап Орынборда оқып еді. Жетісудан келген Есен үш жылдан кейін Ақмола кетті де, Бота Торғайда жүрді. Көп жылдарды араға салып, міне бүгін бұлар Алматыдағы Аманкелді Имановтың ескерткіші жанында ұшырасты.

Амандасып, мауқын басып болды да, ежелгі екі дос жұрттан шетірек барып бір орындыққа жайғасты.

Ботаның сол қолын екі алақанына салып аялап отырды да:

– Мен кеш үйлендім, төрт балам бар, әлі қызмет істеймін, өлең оқимын, – деді Есен.

– Сенің кәрі жыныңның басылмағанын мен амандасқанда-ақ білдім, «мұрныңнан таныдым» деуім қалжыңға сүйеуім еді. Салған жерден көзің өзгермеген екен деп, елуден асқанда сенен өзге жан айтпайды. «Қорықпасаң, құшақтасайық» деу де саған ұқсап тұр, – деп, сылқ-сылқ күлді Бота. – Бір-екі жасы кіші болсам да, елуге мен де жеттім. Өзіңнен озып та отырмын. Менің сегіз балам бар. «Ұлым ұяға, қызым қияға қонды». Жолдасым Отан соғысында хабарсыз кетті, сол біраз қажытты, балаларға әке керек екен, солардың аңсауы жүдетті... – деп біраз мұңайды да, артынан есін жинағандай болып Есенге жалт қарады, жадырап сала берді: «Қазір мен – сенермін», – деп мырс етіп күліп жіберді. «Пенсионер» деген сөзді әдейі бұра сөйлеп еді.

– Рас, Бота, өткен өмірдің көлеңке жағын сөйлесек мұңаятын да көп нәрсе бар шығар, бірақ, тап бүгін екеуіміз жоғалып табылғандай арсалаңдап, қуанып отырғанда күнгеі жағын көбірек еске алғанымыз жөн емес пе?

«Тыныс керек кейде жанға,
Кейде жанға ән керек.
Күй шертуге анда-санда,
Сырласарлық жан керек...»

Өмірі де, өзі де әдемі, кестелі кесек сөзі де әдемі Сәкен ағаның осы өлеңін ұмыта аламыз ба? – дегенде, Есеннің сөзін аяқтатпай Бота бөліп жіберді:

– Айтпақшы, Есен, сен тұра тұр, мен ұмытып қалам, осы Аманкелдінің ескерткішіне әрбір жексенбі сайын бір келем. Шынымды айтсам, сонда ең әуелі өз жолдасымды ойлап келем. Ол кісі Аманкелдіні көрдім деуші еді. Көз көрген қиын екен, біреуін ой-

ласаң бәрі есіңе түседі. Сонда шаршы топқа кіріп, ұлы майданның додасына түскенде белі қайыспаған қажырлы Әліби, көркем сөздің бәсекелі бәйгесіне шапқанда суырылып озған Мырқымбай өмірінің айнасын бұлжытпай беріп кеткен Бейімбет, көсем сөздің иесі, келелі дауда ешкімге жол бермейтін айыр көмей – ділмәр Мырасбек, міне менің ойыма солар түседі, – деп даусын көтере, қызыңқырай сөйледі Бота. Осы минутта сұрғылт көздері ұшқын шашып, жылт-жылт етті. Өңі кіріп, баяғы жас шағына қайта оралғандай еді.

– Ренжімесең дауласқым келіп отыр, Бота, – деп бастады да Есен азырақ аңыра қалды. – Сен ылғи Қостанай, торғайлықтарыңды айтып өттің, осы елуден асқанша басқа адамдарды білмедің бе, әлде? – деп түйіле сұрау қойды, Сырты жайуат айтылса да, астарының ащы екенін түсінген Бота осы бір кезеңді жерде кідіре алмады.

– Білесің бе, Есен, сен ең алғаш мені Сейтқали үйінде көрдің. Ол кісі Кириктің председателі еді. Мен сені «Деевский переулукта» тұратын Совнаркомның председателі Сәкен үйінде көрдім. Жақсыда жаттық жоқ, Сейтқали мені қызындай көруші еді де, Сәкен сені інісіндей көруші еді ғой. Тап сенің жетісулық екеніңді мен бүгін біліп отырмын... – деп, бір сәт мүдіре қалды да, сөзін тағы жалғастырды. – Мен Сәкен ағаны әлі ұмытқам жоқ, – деп бастады. – Қиылған қою қара мұрт, маңдайдан тура түскен мінсіз қыр мұрын, күлімсірегендей кадала қарайтын жапарлы өткір көз, қазбауыр бұлттай әппақ, уылжыған жұмсақ жұмыр мойын, жүйткіген ұшқыр ой мен нәзік сезімнің паналайтын алқабы тәрізді тынысы кең кеуде, бұғақты бұлбұлдың сом біткен мінсіз мүсіні әлі көз алдымда. Бұл әрине, менің сырттай көргенім ғой. Оның ішкі сырын жақсы білетін Сәбит, Ғабиттей жолдастары болмаса, жақын жүрген өзіңдей інілері білмесе, мен қайдан білейін. Алайда Сейтқали-

дың кейбір үзік-үзік сөздері есімде қалыпты. Ол кісі: «Осы Сәкен кейде, мейірі түссе, жылы ұшырайтын жайдары жігіт, кейде ызаланып түйіле қалатын долы бүркіт тәрізді... Бірақ өтірікпен өштесіп туған жан, алдауды, қылтың-сылтыңды білмейтін, шындықтың шымыр белгісі... Қызмет бабында кейде келіспейді, үзе тартатыны да бар. Әйтеуір ойында арамдық жоқ, үкімет басшысы, Совнарком председателі деген орын, бұрынғы ақын Сәкенді әлі өзгерте алатын емес...» – деп отырушы еді. Қоңыр үнмен сүйсіне сөйлеп, биязы айтып отыратын осы сөздері камшы болып, бері келе мен де Сәкенге арнап талай өлең жаздым ғой. Оларымды ешкімге көрсеткен де емеспін, міне енді оңаша саған ғана айтып отырмын. Қарашы өзің, оларда ауылдық, рулық салт бар ма еді? Солардың үлгісін көрген біз де тар шеңберден шығып кеттік қой, – деп түйді Бота.

– Бота-ау, ғапу ет, қытықтай отырып шыныңды айтқызыдым ғой. Мен өлеңді жақсы көрсем, сен ақын екенсің. Сәкен, Сейітқали Меңдешевтердің ауыл шеңберінен ұзап кеткенін де дәл тауып айттың. Әйтпесе:

«Қызыл желдей гулеткен
Сөзді сенің қаламың.
Ұлы ұранға күй шерткен
«Домбырасы» даланың.
Шап, жүйрігім «Тұлпарым»,
Шапсаң қуант халқыңды!
Шырқа, «Қызыл сұңқарым»,
Салшы көкте саңқылды!..

деп Жетісудың жүйрігі Жансүгіров Сәкенді өзі иеленбес еді ғой!
Сонсоң кейінгі жастың бірі Қасым Аманжолов та:

«...Сен ақын: «Қызыл сұңқар» қанат қаққан,
Сен ақын: «Қызыл тұлпар» өрге шапқан.
Сен ақын: «Экспресс» екпініндей,
Дүбірі дүниені солқылдатқан.

Сен ақын: «Сыр сандықты» аша білген,
Сен ақын: «Сым пернені» баса білген.
Сырынды күйге қосып, мың құлпыртып,
Өмірге жыр ұрығын шаша білген...» –

деп, туған ағасын жырлап отыр емес пе? Ендеше, бұлар бүгін республикамыздың бетке ұстары. Я, Ботакөзім, менің баяғы жас кезімде үйренген атыммен атауыма рұқсат етерсің, өйткені «қорқатыныңнан» – жар қосағыңнан ерте құтылыпсың ғой, – деп әзілдей күлді Есен.

– Құтылғаным рас, қорқу басыңнан кетпесін, қар- ғысым қабыл болсын, «аллау әкбар!» – деп, Бота бастырмалата айтқанда осы үннен кәрден шынының таза дыбысы естілгендей еді. Екеуі де әзілдесіп тағы біраз жадырасып отырды.

– Сенің есінде ме, Ботакөз, Сәкеннің қоңыр кенеппен тыстаған тапал машинасы болды ғой, – деді Есен.

– Я, ондай машина Сейітқалида да болды, осы екеуінен басқада жоқ еді. Ал, Сәкен Орынбор ішінде көбінесе боз арғымақ жеккен солқылдақ күйме мініп жүретін, – деп, жауап қайырды Ботакөз.

– Менің ойымша сол Сәкен бақытты екен, Владимир Ильичтей данышпан әкенің өзімен бірге отырып қызмет істесті. Ұлы сапарда дана ұстазынан үлгі алып революциялық идеяға шынықты. Ал, Абай, Ыбырай, Ақан сері тәрізді ақын ағалары әсерін тигізіп, ақындыққа бекінді, – деп ойын Есен түйе сөйлегенде, Ботакөз:

– Оның рас, Сәкен бізге айтыпты ғой. Олар қызыл сарайдың негізін ғана қаласа, біз түгел бітіріп болдық та, ішіне кіріп рахаттанып отырмыз. Жер шарының үштен біріне «қызыл сарайды» орнатып бітіріп, Коммунист партиясы Айға да апарып отауын тікті. Ендеше, біз бақыттымыз, оның үстіне соларды көрген егде ағаларымыз әлі тірі, кәріліктің өзі бізден алыс тұрғандай...

– Ал, Есен, мезгіл кешке айналды, көптен көріспей кездестік қой. Әңгімең қызықтырып тұр, өзің қорықпасаң менің қымсынар түрім жоғын байқадың

білем. Егер қолың тисе, ендігі әңгімені балаларымыз да естісін, жүр, біздің үйге барайық, онда кең отырып әңгімелесейік, – деді Ботакөз.

Екеуі қолтықтасып «Мир» көшесімен жоғары өрледі.

* * *

Ботакөз бен Есен үйге кіріп келгенде сұр вельветка киген, тар балақ шалбарлы, сида бойлы, шашы үрпиген жас жігіт:

– Мама, мен бүгін драмтеатрға екі билет алдым, шай қайнап тұр, сағат сегізде басталады, кешігіп қалмайық, асығыңызшы... – дегенде Ботакөз Есенге бұрылып:

– Міне, танысыңыз, Есен, 1943 жылы жарық көрген ең соңғы романым. Құлыншағым, Ербулон-ау, сен үлкен кісіге неге қол беріп амандаспайсың? Бұл Есен, әкеңнің жолдасы, Отан соғысында бірге болған кісі, – деді.

Ербулон қысыла жымып, Есенге екі қолын бергенде:

– Бақытты бол, шырағым, атың қандай әдемі, театрда не қойылмақ екен? – деп балаға таяна сөйледі Есен.

– Гамлет...

Қонағын жоғарғы үйге кіргізіп, Ботакөз даяр столға шай жасай бастады.

– Өттеген-ай, билет алып қойғаның жарамаған екен, қонақ келіп қалды, мен бара алмаспын...

– Мама-ау, Гамлет қой...

– Шырағым, мен бүгін төл Гамлетіміздің әңгімесін тыңдамақпын. Шекспирдің Гамлетін талай көргем, өзің бара ғой, – деді Ботакөз.

Бала шығып кеткеннен кейін, қонағына бұрылып:

– Бұл баламның атын әкесі хат арқылы қойып еді. «Ербулон» деген сөздің әрбір әрпінде мағына бар. Бұл Белоруссия, Украина, Ленинград облысы, Недич (қала) деген сөздердің бастапқы әріптерінен құралады. Фашистерден осы айтылған жерлерді Қызыл Армия

құтқарып алған күні Ербулон дүниеге келіпті. Бала туғаннан кейін бір ай өткен соң, әлгі хатты алдық та, сонда барып атын қойып едік, – деп, езуін тартты Ботакөз.

– Мен Еркебұлан екен десем...

– Сәкеннің Еркебұланын айтасың ғой, жүрегімізде сол тұрғаны да рас, екінші жағынан мына тарихи себеп күшті әсерін тигізді. Әркім қалағанын алар, Ербулоным тірі болса, бәріне де төтеп береді, – деп, шын мейірбан аналық сезімін білдірді Ботакөз.

«...Аяныш емес ердің қара басы,
Аяныш емес және жар-жолдасы.
Дүниеде ең аяныш естен кетпес
Тамшылап сорлы ананың аққан жасы...»

дегенде Сәкен сені айтқан екен-ау! Саған бүгін Отан үшін құрбандыққа барған ерінді ұмыттырып отырған осы Ербулоның емес пе? Соның табанына қадалған шөгір өз маңдайыңа қадалса да, ренжімес едің ғой, ә?! – дегенде:

– Бұл рас, бірақ Сәкен тек мені ғана ойлаған жоқ, дүниедегі барлық ананың тағдырын жырлаған ақын. Осы өлеңін ол 1919 жылы Колчактың абақтысында жүріп жазыпты... Білген, білген ол!.. – деді Ботакөз.

Сағынысқан екі дос, егде тартқанда ұшырасып ақтарыла әңгімелесті. Біріне бірі сандықтың түбінде сақтаулы жатқан жібектің қиқымындай құлпырып көрінді. Жастық шақтың әуенді күйі ұлғайған тамырларды қайта тербеткендей болды. Көптен бері тотығып тоқыраған көңіл осы сәтте көтеріле бір серпілді де, желпіне жаңғырықты.

– Мінезі де сом еді-ау Сәкеннің! Әлі есімде, енді мен саған жадымда қалған екі әңгімені айтайыншы, – деп бастады Есен, сен де ұмытпаған шығарсың. Сәкен 1922 жылдың басынан 1924 жылдың аяғына дейін Совнаркомның председателі болды ғой. Талай қызықтар бар, бәріне бірдей уақыт та жетпес, кешігіп те қалармын. Ұлық болғанда тасып төгілмеген, түсіп

қалғанда қамығып қабағын шытпаған жан Сәкен еді-ау! Өзінен төменге қайқаңдамайтын, орны жоғарыға байпаңдамайтын нағыз адам сол! Адал дос болса одан айырылысу, не оған жәбір жасап ренжіту дегенді білмеді. Қызметтен түсіп кішірейіңкіреп қалған күнде де ол жолдасына бұрынғыдан бетер жақындап, именбей актарыла сырласатын жан еді...

1923 жылы Қызылжар келді. «Совнарком келе жатыр, Совнарком Сәкен Сейфуллин келе жатыр» дегенді естігенде Қызылжар теңселді. Алдынан шықпаған жан қалмады. Поезд онда мезгілінде келе бермейді. Иін тірескен халық вокзалды екі күн күзетті. Әрбір кеңсенің өз тізімі бар, арнаулы адамдары болады, олар алда жүреді. Губерниялық милиция бастығы Шәріпжан Тотаев тәртіпті күзетеді. Осы қарбаласта сол Тотаевтың аяғы сынып та қала жаздады. Ол Сәкенді жақсы көрді ме, жоқ Совнарком деген атына сыйды ма, ол арасы маған белгісіз, әйтеуір мертігуі рас.

Оқып жүрген жас кезім, мені кім елейді, екі күндей вокзалдың маңайына да бара алмадым...

Екі-үш күннен кейін Сәкенді мен Әлімбек Еркінұлының үйінде көрдім. Бұл Әлімбек жер бөлімінде істейтін ұсақ қызметкер. Алдынан шыққан елеулі тізімнің ішінде де жоқ. Алдынан шығуды ол ойлаған да кісі емес. Мен сол үйде жатып оқимын...

Үстінде қара барқыт «толстовкасы¹» бар, шашын иір қобыздап қайырған, қою қара мұртты – өзіміз Орынборда көрген баяғы Сәкен. Енді шынымды айтайыншы, елдің екі күндей дүрлігуіне қарағанда Сәкен өзгеріп кеткен шығар десем керек.

Қасына отырғызып, арқамнан сипады да, қалай оқып жүргенімді Әлімбектен сұрастыра бастады. Мені осында

¹ Белбеулі сырт көйлек.

Біраздан кейін Әлімбек екеуі Ақмолада жас кездерінде болған бір қызық уақиғаларды шертісіп, күлісіп отырды.

Аздан соң ақсаңдай басып Шәріпжан кірді. Жесір кемпір Парашаның үйі – Әлімбектің пәтері. Аядай төргі үйінде кішірек стол, оң жағында бұрышқа ілінген «Айсаның» суреті. Ауыз үйде Параша екеуіміз жатамыз, төргі үйдегі кроватта Әлімбек әйелімен жатады.

Міне, Сәкен осы төргі бөлмеде отыр.

– Әй, Әлімбек, мынауың не? – деді Шәріпжан «Айсаның» суретіне үңіле қарап.

– Бұл ма, бұл Айсә пайғамбардың суреті, біздің Парашаның сыйынатын құдайы ғой, – деді Әлімбек жымия күліп. Шәріпжанның түсі суып сала берді, шын күйініп отырған кісіше кіжіне сөйледі.

– Мұсылман құдайын құрта алмай жүргенде, сен енді «крестиян» құдайына табынып, бас жағыңа іліп қойғаның қалай? Оқыған адамсың... – деді Шәріпжан алқымдай сөйлеп, біресе Айсәға, біресе Әлімбекке қарап қойды. Үстінде сары ала милиция киімі, белінде «алты атары» бар, қожаң-қожаң етеді. Сәкенге төрелете қарап қояды. Дүниеде толып жатқан діндер бар, соларға қарсы болудан бұрын жете білу керек екенін Әлімбек те айтып көріп еді, оған Шәріпжан ұйымады. Сәкен тыңдай берді.

Дау кішкене толастаған кезде:

– Коммунист болу, жалғыз ғана құдайды жоқ деуде емес қой, оны жоқ деу үшін білу керек. Владимир Ильич Москвада тұр, сондағы ескі шеркеулер әлі бар. Солардың бәрін өртеп жіберу бір күннің ісі, көп ақыл да керек емес. Ал, күллі Россия ше? Оның ғасырлап бойына сіңген сана-сезімі бір күнде жойыла ма? Көшеде, әне жүгіріп жүрген баланың қолында кәмпиті бар, сен милицияның начальнигісің, барып сұрашы саған ол бала кәмпитін бермейді. Ал енді, сен оның қолына шоколад ұсыншы, ана кәмпитін өзі лақтырып жібереді де шоколадты

алады. Міне, дін мәселесі осындай. Әлімбектің осы суретті сүйреп тастауға әлі келеді, кемпір түгіл бұл Әлімбек сенен де күшті! Бірақ, осы Қызылжардағы басқа үйлерде тұрған суреттерге не істер еді? Олар құрымайды ғой. Сонда Әлімбектің бітіретіні халықтың наразылығын күшейту болады. Бұл Коммунист партиясының саясатына қарсы «ақымақ достықтан» туған қастық болып шығады, – деді Сәкен. Шәріпжан құлаққа ұрған танадай болды. Сөздің ішкі мәнісінен көрі, кімнің аузынан шыққанын ол жақсы аңғара білуші еді. Жылдам түсінді. Сәкеннің баяу айтқан осы бір сөзі жүрегімде қалды.

Екінші көруім, 1925 жылы Қызылжар бақшасының жанындағы Ярулиннің үйінде. Сәкен Совнаркомнан түсіп, Бурабайда демалып, Қызылордаға қайтып бара жатыр екен. Милиция начальнигі Тотаевтің үйінде отыр едім. Күн жексенбі, сағат он екі кезі. Шытыралы шылиясы бар, есік пен төрдей қарагер ат жеккен сол- қылдақ күймемен келіп түсті де, Тотаев маған қарап:

– Шырағым Есен, сен барып Сәкенді қонаққа шақыршы! Ұзақпай, Жағыпар, Нұрғалилер кәзір осында келеді, солармен бірге болсын! – деді. Ағаның сөзін екі етпей, жүріп кеттім...

Делбешіні есік алдына тастап, мен үйге сәлем бере кірдім. Оң аяғын сол тізесіне айқара салып, шалқия отырған Сәкен ілгері ұмтыла көтеріліп, менің ұсынған қолымды алды да, қасындағы орындықты нұсқады.

– Сен орысша оқығалы бірталай болды, әлі күнге Европа мәдениетіне үйренбепсің. Біздің ескі ғұрып бойынша үлкенге кіші қолын береді, ал мына Европа елінде кішіге үлкен қолын ұсынады. Мысалы, мен қазір сенің қолыңды алмай қойсам қайтер едің?... Ал, елдегі шалдарға біз өзіміз сәлем береміз, олай істеуіміз жөн, сол ортадан шықтық, үзе тартуға болмайды. Бір күнде барлық мәдениет, салт-сана жаңғырып қалыптаса да қоймайды, – деп, Сәкен кідіре қалды. Бойы талдырмаш, аққұба әдемі қыз Сәкеннің

қарсы алдында отыр екен, енді ол сол қызға қарай бұрылып орысша сөйлеп кетті, заты, мені таныстырып жатыр-ау деймін.

– Тыста кім бар? – деді Сәкен өзін қонаққа шақыра келгенімді білген кезде.

Шай құйып отырған қызға делбешіні үйге кіргіз дегендей ишарат істеді. Делбеші келіп менің қасыма жайғаса бергенде, әлгі қызға виноның аузын ашқызып, делбеші алдына қойдырды. Үйіне келген кісіге Сәкеннің арақ құйып бергенін, не өзінің ішкенін көрген емеспін.

Осыдан кейін Сәкеннің бізде жұмысы болған жоқ. Әлгі ақ сұр қызбен бір ұзынсүре әңгімеге кірді де кетті. Жас шақтағы естіген сөз, көрген кескін ұмытылмаса керек. Сол сұлудың үлбіреген жалаңаш мойынында алтын алқасы бар, киген көйлегі «декольте». Төңкеріле қарап құйқылжып та отырған жоқ, тойған қозыдай маңғаз, бұғақты сұлу айналасына елеусіз көз тастайды. Ол өзі бөгде бір қалың ойға шомғандай томсаруда. Алайда, көлденең кезігіп отырған маған сол ару:

Мүшесі ақ бөкеннің жүйрігіндей,
Тұңғиық сыры судың иіріміндей.
Аппақ ет, алқызыл бет, тісі меруерт,
Саусағы жас қоғаның сүйірігіндей.

Жұқа ерін сүттің тәтті қаймағындай,
Ауызы зерігердің оймағындай,
Алқымы аппақ аққу мамығындай,
Құлпырған көркі жаздың сағымындай...

көрінді. Артық-кемі жоқ маған осылай әсер етті.

Бұйымтайымызды айтып болғаннан кейін, біз енді Сәкеннің қашан баратынын күте бердік. Жауабын алмай кете алмадық, ескертуге бата алмадық.

Сағат тура бесті соққанда қыз да, Сәкен де орнынан тұрды. Далаға шыққанда маған қарады, сол кезде мен Сәкенге қарадым. Ойымызды бет-бейнемізден түсінген Сәкен:

– Ал, қайта беріңдер, бакшаға кетті деп айта барыңдар! – деді де, ағаш тротуарды қара ала таяғымен тықылдата түртіп сұлудың соңынан жүріп берді...

Арада екі-үш күн өткен соң мен Сәкенді Әлімбек үйінде тағы көрдім.

Шақырмай-ақ өзі жалғыз келді. Сонда әңгімелесіп отырып Әлімбек:

– Сәкен-ау, мұның қалай, әдейі шақырғанда Шәріпжан үйіне бармауың дұрыс емес қой; ол аңғал жігіт арамдық қолынан келмейтін бір жақсы адам емес пе? Маған оның ақымақтығы да ұнайды, өйткені өтірік айтпайды, – дегенде:

– Оның рас, ақ көңілдігі маған да ұнайды, бірақ үлкенге табынғыш, өте жарамсақ жан. Былтыр мен келгенде алдымнан шығам деп аяғын қиратқан Шәріпжан, биыл мені шақыртып мына қаршадай баланы жіберіпті. Ендеше, ол былтыр Совнаркомды сыйлаған, ал биыл мен Совнарком емеспін. бірақ Сәкен екенім өзгерген жоқ. Ендеше, ол ит неге өзгере қалды? Менің ойымша, ол ұлық болсаң шыр айналып алды-артыңды орап жүргізбейтін соқыр тауық.

Шырк айналар шіркін тауық
Жемің болса қолыңда
Қайдағысы сені тауып,
Топырайды жолыңда.
Досыңмын деп ант береді,
Жем іздеген жанама,
Жем таусылса жалт береді,
Сенерлік дос санама...

Я, Әлімбек, сол жем іздеген тауықтың нағыз өзі Шәріпжан! – деді Сәкен. Осы минутта қынжыла қалған Сәкеннің сұрғылт кескіні әлі қарсы алдымда тұрғандай...

Есен сөзін бітіргенде...

– Өлеңді тек оқып қана қоймайсың өзің де ақынсың ғой деймін. Қыздың бейнесін жеткізіп-ақ айттың-ау! Сен Галинаны суреттеп отырсың, ол ақылды да, кескінді де адам еді. Сыртынан талай жігіттер өліп-

тірілгенде Сәкен оған жолдас деп қарады. Соңынан Галина Мәскеуге оқуға кетті, – деді Бота. – Шіркін-ай, Сәкеннің мінезі де сом еді-ау! Совнаркомнан түскенде де ренжімегенін білуші едім, оның кесек мінезіне дұшпандары да сүйсінетін. Ал, мына Шәріпжанның доғал қылығы ақынның нәзік сезіміне қатты қаяу салған екен. Сәкеннің тағы бір оқшау жері, ол кейіпкерді алыстан іздемеген ғой...

– Я, осы сөзің рас, әлгі айтылған өлең «Сыр сандық- тың» кейіпкері осы Шәріпжан, – деп бекітті Есен, – Сәкен атын атамай-ақ жеткізген екен. Осы күні сіздер бірдене жазатын болсаңыздар творчестволық командировка аласыздар, ал Сәкеннің бар өмірі творчестволық командировка ғой. Сіздер қойшының басына обязательно тымақ кигізесіздер. Шын өмірде қойшылар қазір шляпа киіп жүр. Әңгіме киімде ме? Мысалы, Сәкеннің Айшасына Толстойдың Наташасының киімін кигізіңізші, бәрібір ол Наташа болмайды. Шолоховтың Аксиньясын қалай киіндірсең де ол не Наташаға, не Айшаға ұқсамас еді ғой. Міне, жаңалық сөз! Ал, жазушының біреуі өзіңсің, сіздер қалай жазасыздар? – деп тік сұрақ қойды Есен.

– Біз әліміз келгенше жаңалыққа ұмтыламыз. Жастар еліктейтін жағымды кейіпкер іздейміз. Үлгі етіп тартуымыз, тәрбиелеуіміз керек, – деп жауап қайырды Ботакөз.

– Я, сіздер іздейсіздер, ойларыңызда арамдық жоқ, бұған сенем, бірақ сіздер көбінесе мезгіл шындығын әдемілеп айнаға түсірудің орнына, құрғақ қиялдарыңызды шынайы өмірге айналдырғыларыңыз келеді, сондықтан сағымдай әдемі бұлдыр келешекте, ұлы ұрым-бұтаққа нақыл үйретесіздер. Міне, гәп осында. Ал, Сәкендердің жазғаны уақыт шындығы, көрген-білген өмір құбылысы, тарихи кезең. Сол Сәкен суреттеген ұлы дәуір өмір бойы өлмейді, ендеше соны айнаға түсірген еңбек те еш болмас, – деп қыза сөйледі Есен.

– Кей жерін дұрыс басқаныңмен сен кейде ұшқары ойлайсың, жазушының өз тәсілі бар. Сәкеннің «Советстанын» енді біз жаза алмаспыз да, өйткені оны дәуір туғызады ғой, – деп Ботакөз іркіле қалғанда:

Ежелгі екі дос осы әңгімеде отырып мезгілдің қалай өткенін де білмей қалды. Шай ішіп, ет жеп болғаннан кейін жүрер алдында:

– Әй, Есен, міне біздің үй осы, енді әйелінді алып әдейі қонаққа кел! Ақаусыз тәтті айырылысқан достар, теткусіз қайта қосылатыны рас екен. Сәкеннің жақсы мінездерін, шын ақындық жүрегін сен ақтардың ғой, ал мен бір күлдіргі мінезін айтайыншы, – деп, жымия күлді де Ботакөз сөзін соза тартты:

– 1920 жылы, өзінің жек көретін адамы Төлеубай Нұралин Мәскеуге кетіп бара жатқан Сәкенге шалбар әкеп бер деп тапсырады. Сонда: «Шалбарное место закрыто» – деп Мәскеуден Сәкен телеграмма соқса керек. Осы бір сырт қарағанда ұсақ көрінетін қылығы да маған қатты ұнайды, өйткені ол мінезді тек Сәкен ғана көрсете алады. Жек көруін әйгілеп айғудың үлкен үлгісі осы, – деп ойын түйді Ботакөз. – Сонау 1925 жылы үйінде кереуеті болмай Ташкенге хат жазғанын да білем. Дүние жиюды құнттамаған жанның, ежелгі революционерлер рухында тәрбие алып өскен, табанды коммунистің тиянақты бейнесін Сәкендерден іздеу керек тәрізді...

– Рас, Ботакөз, ол шын революционер, дүние жинау оның ойына кірмеген нәрсе. Жаңа дәуірді орнатқанда қажеті көп болды да Сәкендер неден, қалай бастауды алдына қоя білді, соны орындауға кірісті. Бұрын үкіметі болмаған өгей елге ұлт теңдігі тигенде соны басқаратын кісілер керек болды. Ол үшін жастарды оқыту, жеткізу бірінші міндет. Совнарком председателі Сәкеннің үйі оқу іздеген жастардың жатақханасына айналуы да осыдан. Сәкеннің жетектеуімен оқуға түсіп ер жетіп үкімет иесі, ақыл иесі болып отырған талай адамдардың көзі әлі тірі, «1922 жылы Орынбор қаласында бірінші рет кездескен Сәкеннің Рабфакқа

түсуге білімім жетпеген мені күштегендей алдырып, оқып кетуіме жол ашып бергені рас; 1922-1924 жылдары «Еңбекші қазақта» редактор болып тұрғанда, көптеген өлеңдерімді жариялап, әдебиет майданына алғаш жол ашып бергені рас; сол кезде мені де талап жегісі келген ұлтшылдардан қорғаштап, әдебиеттік ойым өскенше пана болғаны рас...» – деп Сәбит ағай да тегін айтпайды; сол замандағы оқу іздеген жастарға жәрдемін тигізуі айрықша еді ғой. Сәкен шын мағынасында революцияшыл адам. Ол, әсіресе, кедей табынан шыққан кем-кетіктерді қорғаушы еді. Әрбір губерниядан оқу іздеп келгендердің көпшілігін Сәкен үйінен табушы едік. Таңертең тамаққа тойып алып, Сәкеннің бір жапырақ қағазын қалтасына салып қара домалақ балалар әрбір мектепке тарап жататын. Мен соның жуан ортасында болдым, – деді Есен.

Сәкеннің өтірік сөз айтпауына достары түгіл дұшпандары да күдіктенбейтін. Сәкен әркімнің мінезіне қарай мінез істейтін. Паңсынғандарға өте паң көрінетін, кішіпейіл жандарға «бетегеден биік, жусаннан аласа» жан еді. Карта ойнау, арақ ішу, шылым тарту Сәкенде жоқ мінез. Байларды иттің етінен жек көретін ол.

1921 жылы Ақмолада Сәкенді Көшербай үйі қонаққа шақырды. Сол қонаққа Сәкеннің атқосшысы болып бардым. Кедей, өзі шешен Көшербайды Сәкен жақсы көруші еді.

Көшербай үйі толған кісі, қымыз сапырып отырған қара шұбар қарт Көшербай емес, сол пәтерге түскен Нілді болысының бір байшікеші екен. Қонақтар Сәкен кіргенде орындарынан тұрып, жабыла амандасып төрге отырғызды.

Қымыз сапырып отырған бай Сағындық Сатылғанов сөз бастады.

– Сәкенжан, мына бір Байсалықов, Беков деген аты шулы. кезеп ұрылар күн көрсетуді қойды. Қит етсе қокандап «қырам да жоям» дегенді шығарды. Ел арасына іріткі салып жүр, әбден

ығыр болдық. Бұл жәйтті маған нанбасаңыз әкеңіз Сейфулладан сұраңыз... Мұнымызды, Сәкенжан, саған шақпағанда кімге шағамыз, – деп, мұная сөйлеп, көзіне жас ірікті.

Қолына ұстаған қызыл кәрден кесені үстелге қайта қойды да, Сәкен орнынан тұрды. Бет-аузы суып кеткен екен. Сатылғановқа көзін сығырайта тікті де:

– Көзі ашық азаматты балшықтан жасай алмай жүргенде, сіздердей жатып ішерлер үшін, сіздердің қымыздарыңыз бен еттеріңізге сатылып, Нұрмақ Байсалықов пен Орынбек Бековтарды ұстап беру түгіл ренжіте де алмаспыз... – деп, Сәкен жүріп берді. Оқыған азаматтардың бәрі Сәкеннің соңынан ере жөнелді. Қонақтар осылай тарады. Соңында келе жатқандардың бірі: «Біз Сәкеннен мұны күтпеп едік...» – деп те күңкілдеді, соны айтқан кісінің кім екені жадымда жоқ. Сәкен артына қарамастан ілгері тарта берді. Міне, Ботакөз, Сәкен ағаның осы бір қылығы да есімнен кетпейді, – деді Есен. – Рас, Ботакөз, Сәкеннің істеген ісі түгел мүлтіксіз еді де- меймін, заманында, жас шағында мүлт басу адамның бәріне де тән ғой. Бірақ негізінен алғанда, өзінің революциялық бетінен таймай өткен жан – Сәкен. Бұған кәміл сенем.

Ал енді тағы талай кездесерміз, Сәкен ағаның әңгімесі біздің өмірімізге жетеді.

Мен, сірә, шын шаттанбай билеуші ме ем?
Жыр шертіп шын күйленбей күйлеуші ме ем?
Көргенде жан қайысар қиындықты
Қабакты қара бұлттай түймеуші ме ем?

деген ақын Сәкеннің өлеңін айтты да, Есен Ботакөзбен коштасып, түнгі сағат онда үйіне қайтты.

Екінші әңгіме

Алматының күзді күнгі әдемі кешін суреттеуге тіл жетпес. Ол сырлы да сиқырлы ғой. Қапырық ыстық та емес, үскірік аязы да жоқ, ақырын ескен самал желі бар, жанға жайлы кеш. Ішінде тұрған адам айқын сезіне алмаса керек. Қолда бардың қадыры аз.

Осындай бір сүйкімді сұлу кеште Есен бақшада отыр еді. Серуенде жүрген жас жігіт бұрылып келіп сәлем берді. Есен оны тұтқиылда танымай қалды.

– Мен Ербулон ғой, – деді ол.

– Ә-ә, шырағым, мамаңның дені сау ма? Баяғыда Ботакөз атанған сабаз еді, қартайып қалған екен. Кеше көп әңгімелестік, соны көтере алмай бүгін үйде отыр- ау! – деп баланы өзіне үйірдіре жылы сөйледі Есен.

– Мен кеше сахнада Гамлетті көріп кешірек қайттым, келсем сіз кетіп қалған екенсіз. Мамам сіз туралы да, Сәкен аға туралы да көп әңгіме айтты. Менің мамам қызық адам. Оның болжауынша Гамлет әйенкес жан, үнемі толғана беретін, ешнәрсеге батылы жетпейтін жас сияқты, ал шешесі Гертруда сезімнің құлы – көрсе қызар жеңілтек болып көрінеді. Сәкенге келгенде аузын ашып, көзін жұмады. Батыл да, батыр да, уәдеге берік, кара қылды қақ жарған әділ де сол Сәкен аға екен, жолдасын жауға бермейтін, от басынан бүлік шығармайтын адал жан да сол. Мүмкін, замандасы сіздерге солай шығар, революцияның – өскелең жаңа дәуірдің өзі тудырған, талай тар кезенді кешіріп шындалып шыққан ардагер аға болар. Жастар көрген жоқ қой, түсіндіріңізші, аға, біз кім деп танимыз Сәкенді? – деп қиялай сұрау қойды Ербулон.

Шешесі үйретті ме, жоқ, баланың өз көзі жетті ме, түсіне алмай дағдарып қалды Есен. Сұрағы орынды, бірақ өте сом. Қай жағынан кертiп бастауды ұғына алмай кiдiрiп едi.

Азырақ үнсіз отырды да:

– Мен Сәкен ағаны жас күнімде көрдім. Қасында қатар отырып сырласқан емеспін. Сыртынан қызыға қарап, «өзімнің ағам» деп мақтану сезімі ғана билегендей. Бұл – 1916 жыл еді...

Жан сөзі құлазып сағынғанда, не қорқып ышқынғанда шығатын тәрізді, қалқам. Әрине, айта берсең таусылмайды. Сондықтан мәңгі жас Сәкен аға, өзінің қыршын күнінде кейінгі үрім-бұтаққа, сендерге қалай сенді, не айтып кетті, соны жеткізім келіп отыр.

Ойлаған ойын күлтелемей төтесінен тура түсіретін, адамды адастырмайтын Сәкеннің сөзі құлағыма әлі анық естіліп тұрғандай. Шын тыңдасаң жансыз бейне де бірталай сыр шертетін тәрізді. Қарашы өзің, мынау Сәкен ғой, – деп қалтасынан бір суретті суырып алды Есен. Осы бір шағын суретке үңіле қарай отырып сөзін білтеледі ол:

– «Сендерге, қарындастар,
Сендерге, інілер,
Сендерге арналды бұл әндер!
Дүниенің құлдық шынжырын
Қиратып, әділдік, теңдік іздеген,
Тұрмыстың таршылық зынданын
Бұзып, еркіндік, кеңдік іздеген.
Көкіректері жанып бақыт іздеген, жастар,
Сендерге арналды бұл әндер...»

деп тап өзіндей жас буынға әдейі арнап айтып еді:

Өз ортасынан суырылып шыққан ардагер ағаны, қорлық көрген халықтың туын ұстап, әділдік жолын іздеп, соны сапарға белін буып, ашынып аттанған жігерлі ағаны ұмытқан жас інілік борышын аяққа баспас па еді?

«Керуен көшер, керуен қонар –
Үйреншікті әңгіме,
Бізден қалар талай белгі
Кейінгіге мәңгіге...»

дегенде Сәкен аға өзінің істеген еңбегіне де, оны бағалай білетін кейінгі ұрпаққа да қатты сенген-ді. Ол туғанда атын Садуақас қойыпты. Елжіреп, емірене сүйген тұңғыш ұлын мейірбан анасы

Жамал «Сәкенім» дейді екен. Содан атығып кетіп ел-жұрты да Сәкен дейтін болыпты.

1917 жылы Октябрь революциясының ұлы ұраны әлемге естілді. Сәкен Ақмолада еді. Ленин туын жоғары көтерді, Совдеп ашты, қызметке белсене кірісті.

«Күнге жайып күшакты,
Шақырып бері шаттандық,
Қуантуға ел-жұртты,
Асығып тез аттандық».

Жау жағадан, бөрі етектен алды, адам айтқысыз аласапыран күн туды. Ұйықтап жатқан қазақ даласында ежелден орын тепкен ескілік, тегеурінді жаңалыққа оңай көнбеді, кірпідей жиырылды. Шешінген соң судан тайынбады ол. Өзін-өзі ұмытты, «Манап-Шәміл» деген бүркеншік атпен майданға шықты, анасы сүйіп қойған сүйкімді аты Сәкеннен де қол үзетін шақ туды. Дауылдатқан долы күрес басталды:

«Залымдық пен Әділдіктің
Алысқанын айтайық! Жер жүзінде
Бай мен кедей Шабысқанын айтайық!
Кедей сүйер.
Байлар күйер
Ауыздан от шашайық...»

деген ұран тастады. Әңгіме насырға шапты, енді «Манап-Шәміл» де қарғаша бола алмады, тіміскер жау біліп қойды. Абактыға Сәкеннің өзі түсті, – «Манап-Шәміл» айдалада босқа қалды:

«Отырмын күзет–қамауда,
Дұшпаннан тәнім жеңілді.
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көңілді.

Бұл 1918 жыл еді.

Басынан талай кара күндер кешті. Тәні тұзақта жатқанда, өзіне өзі күш беріп:

«Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басып тұрса алды-артыңды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер».

деп болашақ бақытты өмірге үлкен үміт артты. Бұл сөздерді атаман Анненковтың «азап вагонында» отырып айтты.

Артынан 1919 жылы қылышынан кан тамған Кол- чактың абақтысынан қашқанда көзі соқыр, аузы қисық «Дүйсенбі» болды. Бұл «Дүйсенбінің» игілігін көрді, елге аман келді. «Дүйсенбі» әрі қарай іске жарамады, үйренген ауыл-аймағында «Сәкен» айтыла берді. «Ел құлағы елу», паналау қиын болды. Көрінген бұтаның бәрі жау, кету керек...

Күрең дөненге мініп «Жұмақас» болып Әулиеатаға сапар шекті. Онда Совет өкіметінің орныққанын естіген еді.

Жапан түзде, қашқын Сәкен қажығанда сүйенетін кара табылмады. Үзеңгілес, сырлас достары өлгені өліп, тірісі Колчактың абақтысында, темір торда қалды. Олар: Бәкен Серікпаев, Абдолла Асылбеков, Нұрғайын Бекмұхамметов, Захар Катченко, тағы басқалар еді...

Қорлық көрген халықтың намысын жыртып, соны сапарға белін бекем буды, әділдікті іздеп, асығып аттанды.

Жастарды күреске шақырды, теңдіктің ұранын алдарына тартты.

«Азамат, жүнжіме, жүрме бос,
Қол ұстас, бірігіп тізе қос!
Ту ұстап дұспанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық.
Тізесін батырған залымнан
Күн туды – біз теңдік алайық!»

Емешесі құрып күткен әдемі келешегі, аңсаған өмірі бүгін көркейді, көксеген тобы көбейді. Артында ержеткен інілері, бойжеткен қарындастары тұр, ұлан-байтақ, телегей-теңіз «Оянған өлкесі» бар. Көктемде қаулап өсетін жауқазындай жаудыраған көген көздер отыр. Үміті орындалғандай.

Ал енді жас Сәкеннің алдында кім бар еді?

Қарбаласта жүріп кезінде байқай алмай, бүгін енді көз жіберсек ыдыраңқы, аз да болса оның алды жалаңаш емес екен. Ертіс пен Сырдың арасын алақанының аясында ұстап, Сарыарқада – татыраулы ащы, қау көде, қу баялыш өсетін сортаң құмда ыдырай көшіп, киікше босып жүрген көшпелі елдің қуанышы мен қайғысын Шығыстың алабындай кең кеудесіне сыйғызып, томағасын алған қыран бүркітше түйіле қарап Абай, отыр.

Көкше мен Қашқардың, Омбы мен Петербурдың арасына жол салып, бұқараның мұңын жоқтап, арамза чиновниктердің апшысын қуырып, ұлт туысқандығының дәнекері болып, орысша, қазақша бірдей сөйлеп, кәделі ойын қаймықтай айтып Шоқан отыр.

Жалпақ жатқан қазақ даласына ғылымның есігін ашып, қоңырау қағып, елді надандық ұйқысынан оятқан, өз еліне орыстың тілін үйретіп, жалықпай ұстаздық етіп, екі елдің арасындағы дәнекері болып Ыбырай отыр.

Өз заманында талай дойырлардың тепкісіне ұшырап, Ақтоқтыдай жарынан, Көк Жендеттей қыран қаршығасынан, Құлагердей тақымына басқан қанатты тұлпарынан айырылып, осы қауырт келген ауыртпалықтың біріне де мойымай домбырасын шертіп, ән салып Көкшені тебіrentіп Ақан сері отыр.

Мінеки, шырағым, Сәкеннің жел жағындағы ықтырмасы – ардагер ағалары, тиянақты төрт босағасы осылар екен ғой.

Қалқам Ербулон, сен білмес деген ой билеп әдейі айтпай отырмын, әйтпесе, есінде болсыншы, Сәкеннің ең үлкен ағасы, күрескер батыр да, батыл да, екі жүзді нар кескен өткір жан, заманынан ерте туып еңіреп өткен ағасы Махамбет болатын. Әрине, Сәкеннің ағалары бұдан да көп, түгел танымауы да кәдік. Себебі, ол ес білгенде аттың төбеліндей бай мен мырзаның шылауында, шолақ билердің емеурінінде, жоталы жуан болыстың тегеурінінде жүрген қазақ елінің қалың кедейін көрді. Бойындағы алып қуатын сезінбеген, сарапқа түсіп сыналмаған соны балуандар, жарлы-жақыбайлар еді, қара күштің қолындағы қолшоқпары болып жүрді. «Айран көз үй тентек» атанып, отбасында бірімен бірі жағаласа түрегеліп, жер-жебіріне жеткен, титығына тиген жетім өмірдің тақсіретін тартып, нағыз жауын таба алмай, соның өшін өздерінен алатын да солар болды.

Ру таласын қоздыратын телі тентек, бұзақы Төребек еді, бәле жауып, піргеуір жасап, мөр басатын, кектескен кедейін Өскемен, Жайсаңға жер аударатын болыс Кәкен болды, жалшы кедейді, сорлы бұратананы борсықша сорған, «ырысы шайқалмаған ұйытқылы бай» Еркексары тұрды. Міне, Сәкен осы ортадан шықты. Алдындағы ағаларын ерте тануға осылар да кедергі жасаған тәрізді. Алайда, ел қамын – еңбекшінің қамын жеген озат ойлы әлгі ағаларынан үлгі алуы даусыз сияқты, өз заманындағы озбыр болыс, оңаза би, содырлы сотқар байлардан да көп нәрсені ұқты. Өнегені өнегесізден де үйренеді. Зорлық-зомбылықтан жиренді де әділдікке бет бұрды.

— Орыс елінің ұлы мәдениетінен нәр алды Сәкен. Учительская семинарияны орысша бітірді, сондықтан әлгі ортадан сытылып шықты.

Революцияның дауылпаз жаршысы Максим Горькийді оқыды. Маяковский, Серафимович, Гладковтармен танысты. Сөйтiп 1921 жыл туды:

«Мінеки, енді тілеген
Қызыл күнге жеттік біз...»

деді.

1925 жылы Советстан сегіз жасқа толғанда:

«Советстан аждаһадай айбары,

Әділдік пен жауыздықтың майданы.

Жауыздықты,

Ауыздықтап,

Езіп мықтап

Борсылдатып ит келмеске айдады!..»

деп ашып та, ашынып та айтты. Жарқырап жаз шықты, 1926 жылы тыныс күйлерін шертті:

«Сұлу сымда перне әуені,

Перне әуені жыр айтар,

Көңіл ашар тербеу әні,

Тербеу әні сыр айтар», –

деді.

Жаңа өмірде жалқы туғандай, төңірегі ыдыраңқы жадау кезде, іргелі ағалары ерте өліп, олардың басқан ізі, игілі істері күнгірт, көмескі мезгілде, сендерге көгеннің жетім бұршағындай көрінуі де мүмкін. Енді айталық, ол жалғыз емес еді. Жалғыздың аты, жаяудың шаңы шыға ма?

– Сүйеніші, тиянағы – Коммунист партиясы, алдында ұстаған шам-шырағы Ленин идеясы болды. Адасқанға жол сілтейтін темір қазығы бар, сондықтан Сәкен қаймықпай ілгері баса берді.

Суретін көрген сайын Сәкен аға менің ой-сезімімді осылай тербетеді.

Айтқанының бәрі рас, оған тарих куә, Сәкен жастарға өте сенген, өзі жас күнінде көрініп, көсіле тартқан жүйрік.

«Ағасы бардың жағасы бар» деген еліміздің ежелгі мәтелі. Бірақ ағаның да ағасы болады. Әрқайсысы өзінше әдемі, біздің қуанышымыз сол, міне, сондай ағаларымыз кәзірде де бар, бәрін де көрдік, көріп те отырмыз.

Бізге ол әлі жазылмаған романның ашылмаған беті тәрізді тұңғыық терең сыры бар жан. Сол Сәкендей ағаның сегіз қырлы қылығы, терең сырлы мінезі, арамызды уақыт бөліп тұрса да, бізге әлі ыстық.

Табанды революционер, коммунистік идеяға иманындай ұйыған әділ де алғыр аға еді. Бірақ ол жалғыз біздің ғана ағамыз емес, оған бәріміз де ортақпыз. Мынау алдымызда отырған – сақал, шашын қырау басқан, осы күнгі бетке ұстар ағаларымыздың да ағасы сол Сәкен. Келешектің иесі – кәзір қаулап өсіп келе жатқан, коммунизм дәуірінің іргесін қалап жүрген жеткіншек жастар, сендердің де сүйсінетін ағаларың сол Сәкен.

Біз Сәкен ағаны әлі ұмытқамыз жоқ, өйткені ол ұмытылар аға емес еді ғой. Біз түгіл оны еңбегі сіңген Отаны, сол еңбегінің игілігін көрген үрім-бұтақ ұмытар аға емес.

«Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,

Ел ізі оған салған суи білмес...» деп Пушкин айтпақшы, Сәкеннің ескерусіз қалмағанын енді сіздер де көріп отырсыздар, – деп сөзін бітірді Есен. Іші бір босап қалғандай әлгі суретті қайыра қалтасына салды да:

– Шырағым Ербулон, бүгін шаршаған шығарсың, кәрі адам көп сөйлейді, өйткені оның көрген-білгені мол ғой, енді осы тойғаныңмен үйіңе қайт, Ботакөзге сәлем айт! – деді ол.

– Құлағым сізде, мен жалыққам жоқ, айта беріңіз, аға! Рас, ол біздің Сәкен екен.

– Қарағым-ай, тауып айттың-ау, Сәкен сенікі.

«Көкіректе қайнаған кек оңдыра ма?

Көңілді бір орынға қондыра ма?

Түнерген кара қабақ жадырасын

Ән салып, күй күйлейін домбыраға».

деп еді ол 1919 жылы.

Совет отанының ардақты ақыны Сәкен, батыр Сәкен, революционер Сәкен, ақын Сәкен, нашардың қамын жеп ауылынан ерте аттанған Сәкен, Ленин жолын – әділдік жолын, коммунизм жолын кұған асыл Сәкен аға еді.

Қияның «Қызыл сұңқары», қырдың «Асау тұлпары», бақытты Совет елінің жел маядай жүйткіген екпінді «Экспресі», қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаған, жаңа дәуірдің жарқырап жанған қызыл жұлдызы, заманның қырағы жыршысы. Адам да, аға да сол еді.

– До­лы бүркіттей қиырға қадала қарайтын тынысы терең кең кеуде, до­лы дауылдай бетіне жанды қаратпаған, сара жолынан қайтпаған, Октябрьдің адал ұлы Сәкен аға еді.

«Талантты қазақ халқының мақтанышы, қазақ совет әдебиетінің ірге тасын қалаған ұлы жазушы, майталман ақын, нағыз адал жанды лениншіл Сәкен Сейфуллинмен жақын дос болғанымды өзіме зор мәртебе көрем.

Жазушының ең жақсы сыншысы – уақыт. Сол уақыт сынынан Сәкен сүрінбей өтті.

«Сәкен Сейфуллиннің аяулы бейнесі ақтық демім біткенше менің жүрегімнен өшпейді» – деп тебірене сөйлеген осы күнгі жазушымыз Галина Серебрякованың сөзі үрім-бұтақтың бәріне де ортақ. Одан артық айтуға тіл жетпес, шырағым, – деп орнынан тұрды. «Тағы талай көрісерміз, қалқам...» деп Ербулонмен қош айтысты Есен.

Үшінші әңгіме

– Тыңдаушым азайып тотығып қалыппын, шырағым, – деп бастады сөзін Есен. – Мен қартайған адаммын ғой, өзіңнің керегіңді сұрап қақпалап отырмасаң, сыңар езу атша қиыстай шауып кетуім де кәдік, – ұялма, Ербулоным, – дегенде танауы желбеңдеп, жас ұлан тұрып:

– Есен аға, кеше мамам Сәкеннің «Сыр сандығын» татардың «Тәфтиляу» әніне салды, соңынан Тоқайды сөз етті. Біраздан кейін Мұхтарға көшіп, әнші әйел Әйгерімді де есіне алды. Сізді де бірталай нәрсеге куә ете сөйлеп, көп әңгімені сол кісіден сұра дегендей ернінің емеурінін білдірді. Сондықтан бүгін өзіңізге әдейі келіп отырмын, – деді Ербулон.

– Дұрыс, балам, сен шешеннің де қартайғанын сездірдің маған. Бота да бір сөзден бір сөзге көшіп өзіңді әбден шатастырған екен ғой, азар болса мені де сол Ботаның сыңары дерсің, сонда да білгенімді бергенім мақұл болар саған, – деп Есен ұзын сонар әңгімені соза жөнелді. – Ұмытпа, жаным, Бота сенің қолыңа шылбырдың ұшын ұстатыпты, ұшығына жетуді өзіңе тапсырыпты. Абайдың жары Әйгерімді айтса, ардақты ананың беделін көтер депті. Тоқайды, Сәкенді, Мұхтарды сөз етсе сондай абзал анадан туған адал ұлдардың үлгісін алуыңды ескертіпті. Міне, Бота қателеспепті. Шіркін, ана ғой ол!.. «Күнсіз гүл өспейді. Сүйсіз бақыт жоқ. Анасыз акын да болмайды, батыр да болмайды...» – дейді Горький.

Адамзаттың бәрі анадан туған. Ұлттық шеңберге сыймайтын дүниежүзілік ардақты ананың орны өзгеше. Баяғы өткен бағы заманда да: «Алып анадан туады», «Анасын көр де қызын ал!» десті.

Әділдіктің жаршысы, асқақ ойлы ақындар шықты, туған анасының ақ сүтін ақтап, намысын жыртыты. Сөйтіп, батыр Қарлыға, дана қыз Құртқа, адал жар, уәдені бұзбай өзін құрбандыққа шалатын Күлбаршын, Баяндарды тудырды. Замананың өнегелі адамдарын жырлады. Олар ақындардың арманындай әйелдер еді.

Бері келе мезгіл ауысты. Ақшаға табынған дәуір баса көктей кірді, бар ізгілік айырбасқа – базарға түсті. «Қыздың құны қырық байтал» болды. Әруақты ананы күндікте ұстаған мал иесі аз ғана топ осылай көңірісіп жатқанда, әділдік жолын қуған өзекті ұлдар шықты да, қайсар ананың көркем бейнелерін жасады.

Гайни, Қамал, Ғайша, Қамар, Сұлушаш, Раушан коммунист, Айша, Ботакөз, Зере, Ұлжан, Әйгерімдер туды. Осыларды бір заманның жыршылары бейнелесе де, өздері әр заманның елшілеріндей елестейді маған. Бәріне ортақ жалғыз-ақ мінез бар: бұл әйелдердің басым көпшілігі тиген күйеуінің тілеуін тілейтін, қара басының дербес мақсатын жоқтай алмайтын қарусыз жандар, озбыр дәуірдің шеңберінен шыға алмайтын әлсіз әйелдер бейнесінде көрінуші еді.

Сөзім дәлелсіз болмасын, Ербулоным, мысалы ақын Абай, қазақ әдебиетінің ардагер атасы әйел бейнесін былай суреттеді.

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз, қара көзі нұр жайнайды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Жұп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы»,—

деді. Осы мрамордан жасалған мүсін емес пе? Сұлу-ақ әйел ғой. Шебер Абай өз заманында көргенін айтқан. Бірақ қимыл-әрекет жоқ, тек құштарлықтың алтын бесігі – әдемілік қана бар.

Әлгі айтылған әйелдердің ішінен біздің дәуірге сай келетін үшеуін ғана бөліп алсақ дер едім. Олар: Айша, Раушан, Ботакөз ғой...

– Осы айтқандарыңызды мен ұйып тыңдадым, Есен аға, – деп Ербулон қарттың сөзін бұзып жіберді.—Сәкенді сіз жеткізіп айттыңыз, Мұхтарды да мейлінше суреттеп өттіңіз, бәрін де құмарта тыңдадым, енді Ғабдулла Тоқай туралы әңгіме шерттіңізші. Әлгі көні қурап қалған аналар жөнінде толғауыңызды түсіне алмадым. Қандай байланысы барын айқындай кетіңізші.

– Әй, балам-ай, солардың бәрі асыл анадан туды ғой. Үзілмес әуен, өшпес күй ғой олар! Осы жақында Еділ, Кама бойынан, Орал тауынан, сонау Қазан қаласынан татар әдебиеті мен өнері, театры келе жатыр дегенді естіп қатты қуандық.

«Театр күлдіреді, ойнатады,
Өмірді өткендегі ойлатады...»

деген Ғабдолла Тоқайдың сөзі есімізге түсті. Бір кезде құмарта тыңдап, құлақтың құрышын қандырған «Ғалиябану», «Қазан сүлгісі», «Тәфтиляу», «Қара орман» әндерін елегзи күттік. «Тойдың болғанынан болады дегені қызық». Жас күнімізден оқып, әсерінен өмір бойы арыла алмай қойған жез тандай, бұлбұл акын Ғабдулла Тоқайдың сөздерін татар туыстарымыздың өз ауызынан естуге ынтыға бердік.

Рас, шырағым, бұл күндер Алматы толған тамаша мейрам сияқты болды.

Ояну дәуірінде мәдени-шаруашылық жағдайы мешеу ел-мәдениеті күшті көрші елден көп сыбаға алады. Алға ұмтылу кезеңінде осы бағытты басынан кешірмейтін халық болмаса керек.

Өткен ХІХ ғасырдың орта шенінде қазақ даласына үш ұдай леп келді. Ең әуелі Батыстан соққан самалдың аңқыған жұпар иісін Шоқан Уәлиханов еркін сезінді. Ол Достоевскиймен достасып, Потанинмен бірге оқып, біте қайнасқанда Тоқай туған жоқ еді. Ыбырай Алтынсарин екі кітабын жазып шығарғаннан кейін жеті жыл өткенде Тоқай туды.

«Пушкин менен Лермонтовтан өрнек алам,
Бірте-бірте жоғарыға өрлеп барам»,—

деп, Тоқай тегін айтпаған ғой «ақыл ауыс, ырыс-жұғыс».

Осы қарсаңда екінші тарау жел құбыладан соқты. Анығын айтқанда, Бұқар мен Тәшкен арқылы көне шығыстың – араб, персінің мәдениеті ауысты.

Бұл леп классикалық марғау бағытпен манаурай басып, ыслам дінін арқалай кірді. Бастарында сәлдесі, ауыздарында «алласы, ағузысы» бар жожа, молдалар келді, дін үйретті. «Кімнің жерін жерлесе, соның суын сулады», бұл әсер өзбек елімен іргелес отырған өлкедегі қазақ-қырғыз халқында көбірек орын тепті.

Үшінші тарау леп солтүстіктен – Қазан мен Уфадан шығып, сахараға қарай есті. Сауда-саттық жүрді, кездемеден киім кидік. Мешіт пен медреседен молдалар ағытылды. Сонау алыста адыра қалған жетінші ғасырдың сілімтір сергелдеңін алдымызға әкеп тартты. Жаңа дүниеге жан тәнімен жау Мұса Бегеев бастаған діндарлар осы әрекетті жасап жатқанда, революцияшыл-демократтық идеяның жаршысындай Ғабдулла Тоқайдың өлеңдері де жедел жетті.

Бертін келе Сұлтанмахмұттың Тоқайдан әсер алып жазған өлеңдерін де оқыдық. Сәкен Сейфуллиннің 1916 жылы Кәрім Муксинов дейтін татардың үйінде отырып, гармон күйін тыңдағанын, «татар күйі күйікті» деген сондағы сөзін де білетінбіз. 1925 жылы Бурабайда жатып «Сыр сандықты», «Тәфтиләу» ырғағына салып жазғанын құлағымызбен естідік. «Тәфлиләудің» бұрынғы сөзі Тоқайдікі ғой.

Біздің жазушы-ақындарымызға туысқан татар әдебиеті бірталай әсер етті. Бұл жағынан келсек, Торайғыров, Майлин, Сыздықовтарды атамай кету қиын.

Революцияның алғашқы кезінде Ғалымжан Ибрагимов «қазақ қызын» суреттеді. Ал, Тоқай қазақ даласына келіп демалып жатып, Троицкіде болды. Сахараның жұпар ауасын жұтып қайтып бара жатқанда:

«Жектіріп пар ат, Қазанға түп-тура кеттім қарап:
Шаптыра аттарды кучер, соққалап та тартқалап»,—

деген өлең жолдарын қалдырып еді.

Шіркін-ай, сол желдей ескен дарынды ақын Тоқай-

дың «Государственная думаны» сонау бір кезде сөгіп, бытшытын шығарған өлеңін де оқып едік. Уыты жайылып тамыр-тамырды кеулеп кеткен мұсылман дініне жапа-жалғыз шабуыл жасауы, бүкіл байлық-бақыттың кілті болған алтынға қарсы лағнат оқуы қандай күшті, қандай жігерден туған десеңші! Сол кезде отызға да жеткен жоқ қой! Міне, шырағым, мен оны тек қана жақсы көрмеймін, ғашықпын...

Бір сөзден бір сөзге кетті деп сөкпе, жаным, қиығы келіп тұрған соң айтуым дұрыс болар. Осыдан бірнеше ай бұрын Алматыда өзбек әдебиетінің он күндігі болып өтті. Онда да өзімізбен бірге туысқан көрші елдің өнерімен жақын танысып, серпілісіп, мәре-сәре болып қалып едік. Мұндай достық пікір алысу, бет көрісу соңғы жылдарда тамаша дәстүрге айналғандай... Жаңғырып құлпырған игілі жемістерімізді, сонымен қатар кейбір кемістерімізді де айқын көріп, екінші бір соны сатыға көтерілгендей боламыз.

Ербулонжан, сен білмейсің, жассың ғой, революцияның алғашқы кезінде Ғалымжан Ибрагимов «Біздің күндер» деген роман жазды, артын ала Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі» жарық көрді. Бұл екеуінен соңырақ келіп өзбектің ірі жазушысы Абдулла Қадири (Жұлқынбай) «Өткен күндерін» жариялады. Бұлар туысқан үш республиканың – татар, қазақ, өзбек совет елдерінің дәуір тудырған шығармалары. Бұлар үндес шығармалар, өмір бойы өлмейтін мұралар. Осындай ұлы еңбектің пелеріне ажалдың да әлі келмейді.

Шырағым, менің ойымша ақымақ ажал аяғын ылғи шалыс басады. Ол құлағы жоқ керең, тілсіз мылқау, алатын адамын танымайды! Құрығын теріс ұстайтын шалдуар, қасиетсіз сұғанақ ол! Еңбектің иесі – ері өлсе ел күйзеледі, енесі түседі, қабырғасы қайысады, сонда әлгі ажал қаншықтың құмары қанатын болса керек. Бірақ күйзелген ел ашынып сол ажалмен күресетін алғыр азаматтарын қайта тудыратынын білмейді-ау!

Елі өлмесе оның ері де өлмейді, қалқам, советтік қазақ елі бар, артынан ерген иін тірескен ерлері – інісі, қарындастары бар ақын Сәкен мен сөз зергері Мұхтар неге өлсін! «Құмырсқаның да сауыры болады» дегендей, әр ұлттың ажалға қимайтын ұлы болады. Соның бірі тап кешегі Қаныш аға еді. Ол – жапанда жалғыз жортқан жампоз атандай, алып анадан жалқы туғандай Қаныш аға болатын. Сондай ағаны мезгілсіз алған ажал соқыр емей кім? Бұлар бізге тек қана жасы үлкен ағалар емес, өзімізді өзімізге танытып кеткен дана жандар. Советтік қазақ елін дүние жүзіне әйгілеп өткен ұлы адамдар.

Қарағым Ербулоным, мен қызыңқырап кетсем, сөге көрме. Олар маған әлі ыстық, бірақ тірі күндерінде еш қайсысына жарамсақсып жалынған жан емес едім, енді өлгенде де табынғалы отырғам жоқ: тек шындықты шерттім, жақсы ағаны тірі күнінде сыйлаудың керек екенін енді білдім. Ажал соқыр – соны анық ұқтым.

Біз бақыттымыз, шырағым, сыйлай білсек солар сияқты ағаларымыз әлі де бар: Ғабит, Ғабиден тағысын-тағылар толып жатыр. Мына мен сияқты «түстен кейін маңырамай» кезінде сыйлай біл!

Я, біз бақыттымыз, қазақ совет республикасын айдай әлемге танытқан, сол ағалардан қалған мол байлықтың мұрагеріміз ғой, – деп Есен сөзін аяқтады.

– Рас, бар болса, ажал соқыр екен, – деді Ербулон.

Төртінші әңгіме

— Естігеннің қоспасы көп, мен көргенімді айтайын,— деп бастады Есен.

— 1952 жыл еді. Аспаны сұрқай, ұшпа бұлты қоймалжың, Батыс Сібірдің қоңыр күзі. Ит арқасы қиянда, сонау Омбы өзенінің жиегінде, Чумаково атты шағын село бар. Бараба даласының солтүстігінде, Тайға тоғайының қойнауында тұрады. Михайлов ауданының орталығы осы Чумаково.

Аудандық тұтынушылар одағының бас бухгалтері Иван Лазаревич Зоновтың қарамағында 1949 жылдан бастап қызмет істеуші едім. Үнемі бірге жүрген соң «әкей-үкей» болып достасып кеттік. Осы Иван Лазаревич бір күні «Абай» романын орысша оқып шыққанын баяндай отырып; «Әуезов өзі қазақ па?» – деп тұтқиыл сұрау қойғаны бар емес пе?

– Я, мынау бір соны сұрау екен, сонда сен қалай жауап бердің? – деп килікті Бота.

– Оны бізге көпсініп отырсыз ба? Мұхтардан жүз жыл бұрын Шоқан Уәлиханов шықты, алты жүз беттей орысша кітап жазып, отыз жасқа толмай қыршын күнінде ана дүниеге мезгілсіз сапар шекті. Орыс елінің ілгергі буыны, адамзаттың тамыршысы Достоевскийдің, Чернышевскийдің досы сол Шоқан еді. Мұхтар Әуезов нағыз қазақ. Өзі айтпақшы «Басының қасқасы болмаса, көңілінің басқасы жоқ». Мен оны 1923 жылдан бастап білем, – деп мақтана жауап қайырдым.

Күтпеген жерден көлденең тартылған ой буып тастағандай Иван Лазаревич аңыра қалды. Аздан соң: Өзіңіз айтқан соң оқыдым, әйтпесе бөгде тілден аударылған кітаптың бетін де ашпаушы едім, – деп сөзін енді баяу бастады ол. – Ана бір жылы Карамзинді оқып түсіне алмай түңілгенім бар. Адамдарымың әрекет-қимылдары орысқа ұқсамайтын тәрізді, оның үстіне Эраст пен «сорлы» Лизаның арасындағы күйреуік махаббат біздің дәуірде болған да жоқ қой. Заты, енді оқитын шығармын, – деп маған бір жақсылық істейтіндей сілет қыла сөйледі Иван Лазаревич. Сәл бөгелді де енді оқыған кітабы туралы айтуға ойын қайта білтеледі: – Мына Абайдың әкесі Құнанбай сахараны жеке меңгерген жалғыз көзді жалмауыз екен ғой, ал баласы Абай адамшылығы зор ақын да, әділ жан екен. Мен түсінсем, Әуезов осылай бейнелепті. Енді сіз анығын айтыңызшы, осы романдағы уақиғаның бәрі де рас па? – деп күдіктенгендей түйіле қарады ол.

– Иван Лазаревич-ау, бұл роман біздің ардақты ақынымыз Абай туралы жазылған. Ол кісі өлгенде Мұхтар сегіз жаста, әкесі Омархан Абайдың үзеңгілес досы. Ал, Абайдың аты аталғанда делебесі қозбайтын қазақ елінен тірі жанды таба алмайсыз, оның сөзіне ешкім шүбәленбейді. Өз әкесі Омарханның жақын досы Абайды Мұхтар көзімен көрген ғой, ендеше өтірік айтуға бара алмаса керек, – дей бергенімде сөзімді бөліп:

– Дұрыс айтасыз, бірақ қазақ елінің атақты бұлбұлы, ұлы ақыны Жамбыл емес пе? Біз осылай түсінеміз. Тағы бір сұрағым бар: – Ақын Абай Октябрь революциясына дейін Пушкин мен Лермонтовты аударды, сонда тоқсан проценті хат танымайтын көшпелі елде осындай адамның болуы мүмкін бе? – деп енді қуа сөйлеуді доғарды да, алдымды орап буа сөйледі. Түксиген қабағын жазыңқырап жылы ұшырағандай кескінін көрсетті, тегі, менің ұлттық намысыма – қытығыма тигісі келмеді білем.

Азырақ үнсіз отырды да:

– Сізбен дауласудың қажеті жоқ сияқты, өйткені сол замандағы ет жеу әдеті өзіңізден әлі қалмапты. Алдыңызда дайын тұрған қасық пен шанышқыны тастай беріп, қолыңызбен қимылдайтын дағдыңыз бар, – деп жеңіл келемеждеп, бір түйреп өтті де: – Сол Құнанбай, Абайларға сонша көп қатын неге керек болды екен? Бұл салт па? Жоқ, мақтаныш па? Осы әйелдер төбелеспей, ұрыспай қалай сыйысқан? Ділде мен Әйгерімі бар, ана бір Тоғжаны мен Салтанаты да қосарланып калмайды. Алмағанымен солар да Абайдың әйелдері-ау, сірә, – деп жымиды Иван Лазаревич. Күлбілтелеп айтылса да, қыңырау әзілдің көлеңкесі көрініп тұрды.

– Өл келсе көп әйел алу кемшілік емес қой. Қолыңыз жетпеген соң күндеп отырған боларсыз, деп кезекті жерінде мен де қалжыңға кірістім, Абайға екі әйелді көпсінесіз, ал орыс елінің князі Владимир «Солнышко» тоғыз жүз әйел алған екен, мына

Үндістанның патшасы Шадирам он алты мың қатын алған сияқты, бұған қалай қарайсыз? – деп, атты мүлде алысқа айдадым.

– Рас болса, сұмдық екен, бірақ кезек үшін емес, «есеп» үшін шығар, – деп шүбәленді де бастапқы ойына қайта оралды:

– Сіз мені шытырман шырғалаңы мол қиырға сүйретпеніз, оларыңыздан менің хабарым да жоқ, мына өз еліңіздегі бәйбіше, тоқалдың татулығында қандай себеп бар, соны ашып айтыңызшы, – дегенде, мен тұрып.

– Ділдә мен Әйгерімде тәтті татулық болған емес, болуы мүмкін де емес, «күндестің – күлі күндес» дейді қазақ елі. Ендеше олар сырттай тату, ал іштерінде талай эпжылан арбасып жатыр. Бірақ бәйбіше, тоқал күндес таласқанда айқай-шу шығара алмайды, өйткені мұсылман діні тыйым салған, Мұхамметтің өзі төрт қатын алған, ал кейбір молдалар Мұхаммет пайғамбарды мақтай сөйлегенде алпыс әйелі бар еді деп те көлгірсиді. Екінші бір тежеу тағы бар – ол феодализм дәуірі, онда еркек қожа, әйелдің басында билік жоқ, ол қалың малға сатып алған күң есебінде. Осының бәрін Мұхтар Әуезов, баттита баяндамайды, сұлулап суреттейді де оқушысын еліктіре сүйреп отырады, ернінің емеурінімен ұқтырады, – деп енді бұралқы сөзді қойып турасына көштім.

Иван Лазаревич үндемей қалды. Әлдене уақыттан кейін әлгі үзілген аңгімені мен қайта жалғастырдым:

– Біраз қалжындастық қой, енді шын жауап беретін екі сұрауыңызға келейін, Жамбыл туралы айтқаныңыз дұрыс, бірақ оны Абаймен салыстыруыңыз қате, өйткені Абай жазба әдебиеттің сом тұлғасы, ал Жамбыл ауыз әдебиетінің бұланайы (Гималай тауы) ғой, екеуі де дәулер, адам аспас асқаралы шың. Абай орыс әдебиетіндегі Пушкинге жақын, ал Жамбыл болса сонау «Игорь жасағы жайлы жыр» («Слово о полку Игореве»)

жазылған замандағы авторлар сияқты. Екінші сұрауыңыз тоқсан проценті хат танымайтын елде Абайдай ақын болуы мүмкін бе? – дейсіз. Бұл ойыңыз да жаңсақ, өйткені Пушкин, Лермонтовтар тұрғанда Собакевич пен Ноздревтер де өмір сүріп жүрді ғой, сіз осыны ескермей отырсыз. Вольтер туғанда француз елі де түгел хат танып, шекесі шылқып, мәдениеті шеңберінен асып кетті деп ойламаңыз! Тарих олай болған емес, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шықпай ма?» Әлгі айтқаныңызға орай менің сізге қарсы сұрақ қойғым келіп отыр, ол мынау: өзіңіз әдебиетті танитын адамсыз, ендеше дүниежүзілік күллі туындылардан «Абай» романы артық па? Немесе қазақ елін білмегендіктен «кеңшілік» (скидка) жасап отырсыз ба? Осы «Абай» романын оқып таңырқауыңыздың себебі неде? Есіңізге сала кетейін, алғашқы орыс туындыларына Европа адамдары да таңырқаған-ды, олардың ойы үстірт еді. Сол заманда-ақ атақты Некрасовтай ақынымыз; «Белинский мен Гогольдерді орыс мұжығының базардан сатып алып келе жатқанын көретін күн болса» деп арман еткен ғой. Олай болса, мәдениеттен кенде қалған қазақ елінің мұң-мүддесін лениндік совет дәуірі ақтаған болар да халық таланттарының бітелген көзін ашқан шығар, – деп ең әуелі шүкшия сұрақ қойып, артынан жадырата айтып, сипай қамшыладым.

Сонда Иван Лазаревич: – Мен Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романын, Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» («Преступление и наказание») атты шығармасын, тағы толып жатқан дүниелерді оқыдым. Соның бәрінен «Абай» артық еді демеймін, алайда кем емес екенін байқағандаймын, – деді. Қысылмай, байсал баяндады, сондықтан ойында бүкпенің жоқтығын түсіндім,

– Я, «шеру оты қаралас, тұяқты тұяқ жібермейді» деген қазақ елінің мәтелі бар. Сондай-ақ талантты талант түсінеді, солармен

қаралас отырса, қара үзіп қалмаса, мезгілдің тілегі орындалса болғаны, бұл бәрімізге де мерей ғой, – деп сәл кідірдім де: – Ал мына «Абай» романы сізге қазақ елін танытыпты, өзіңізді бөтен елдің әдебиетін оқуға баулыпты, сөйтіп, Мұхтар Әуезов екі игілікке жеткізген екен, мен осыған қуаныштымын, – деп кілт тоқтадым. Әрі қарай ежіктеуге Иван Лазаревич ұмтылмады, күн де кешкіріп қалған екен. Тек қызметтен шығар алдында маған шұғыл бұрылып:

– Айтқаныңызды түгел түсіндім, дауласуым – ұғыну үшін еді, ал енді Құнанбайдай қатал әкеден Абайдай биязы жорға ақын туған-ау, біз білеміз бе, рас та шығар! Мына Мұхтар да өте шебер жазушы ғой, бұрын естімеп едім, тегі қазақ елі үлкен ел екен! –деп сөзін келте түйді.

Иван Лазаревичтің соңғы айтқан байламы мені қатты қытықтады, тіпті өзімді мақтағандай қысылып, азырақ арқам шымырлағандай сезіндім. Бөгде ағайынның аузынан тұтқиыл шыққан, қалтқысыз айтылған адал ойы жоғары көтерді, жүрегімді қобалжытты. Алайда, ол сөздің ішінде азырақ күдіктену де тұрғандай естілді. Мұхтар түгіл Абайдың қазақ екеніне кәміл сенбейтін сияқты және оның Құнанбайдан тууына да дауласатындай нысайын сездім. Бұл арада үндемей қалу маған қиынға соқты. Сонда – жалғыз олар емес, мәдениетіміздің арнасы кең дегендей желіні алыстан тарттым. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариндарды айтып Абайдың алдын орадым. Кейіннен шыққан сом адамымыз, әлемге мәлім академигіміз Қаныш Сәтбаевты жеріне жеткізе суреттеп өттім. Сөйтіп шеңберді сомдап соқтым. Алды-артын түгел қамтығым келді де сүбелі жазушыларымыз: Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндерді көсіле мақтай жөнелдім. Ардақты артистеріміз Күләш Байсейітова, Қалибек Қуанышбаевтарды көзінен тіздім. Кешегі елеулі революционерлеріміз Аманкелді Иманов, Әліби Жангелдиндерді де басыңқырап баяндадым. Қыза-

қыза барып жаңа шыққан жас әншіміз Роза Бағланованы да қосып қойдым (От басындағы, ошақ қасындағы кемістіктерді алыста жүрген адам көрмейді ғой). «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» дейтін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөзін дәл осы арада ұмыта алмадым. Кішкене үзілістен кейін: – Иван Лазаревич-ау, мен сізге әлі айтпаппын, – деп бастадым, – Абайды Мұхтар Әуезов үш салада көрсетті ғой. Соның бірі – қазақ елінің асыл қазынасына ие болған жан, екіншісі – күншығыс әдебиетін сарқа білген адам, үшіншісі – орыс мәдениетінен нәр алған Абай ғой, Пушкин, Лермонтовтарды аударуы былай тұрсын, солардың үлгісімен өзі өлең жазып, еліне сыбаға үлестіргендей. Тағы бір мықты жері –бұл Мұхтар жасаған образдардың шындығы, оның ішіндегі әйел образдары қандай көз алдында тұрады.

Орыс елінің революцияшыл демократтары мен жандарал, майорларын жарыса аққан қос арнадай етіп, әрқайсысын өз орнында жіліктеп, суреттей білген! Сіз Құнанбай образын дұрыс айттыңыз, ал Дәркембай, Базаралы бейнелері де ешкімнен осал соқпайды ғой. Өзіңіз де білесіз, біздің кейбір азаматтарымыз ұзақ-ұзақ романдар жазады. Солардың кейіпкерлері де өз тілінде сайрап-ақ тұрады, бірақ дауыстары естіледі де нағыз бейнелері көбінесе көрінбейді. Әлгі кейіпкерлер қорқу-үркүді де білмейтін бір батылдар. Қиындықтан қиындыққа өршеленіп шапшып жатады, алайда ойдан туған құр сұлделер сияқты, тірі жанға ұқсамайды. Біздің дәуірде туған кесек образдар толып жатыр, өзіміз күнде соларды көріп отырмыз. Ендеше, сол бүгінгі ұлы бейнелерді бере білу керек емес пе? Жанды тебірентіп, бүгінгі ұлы қайраткерлерді суреттеудің орнына құйкылжыған қуаң, сумандаған сұйық сөздерге тұншықтырып, көміп тастайды-ау, түге! Ешнәрсе елестемейді. Бір кезде, сонау классицизм дәуірінде Сумароковтай трагедияшыл ақын:

«Шыбын жаным, тамұққа еніп,
Мәңгі сонда болса тұтқын.
Айдай әлем күйреп-сөніп,
Бірге өзіммен кетсе-ау, шіркін!»

деп үздігіп, күйзелгендей айтқан ғой, бірақ соңынан В.Г. Белинский шығып: «Бір қасық судың бетіне дауыл тұрғызып, жұртты тұншықтырғысы келген екен», – депті.

Міне, Мұхтар Әуезов бұл жағынан келсеңіз бетіне бедер түскен көне бейненің өзін құлпырта суреттеп көз алдыға қаз қалпында алып кеп тартқандай емес пе? Кешегі бүгінгімен астастырғанда, тап осы күнгі өмірді жырлап отырғандай сезінесің. Мұхтардың шынайы абыздығы осында, – дедім.

– Я, дұрыс айттыңыз, біраз кітаптарды мен де оқыдым, алайда, біз сыншы емеспіз ғой, – деп Иван Лазаревич езуін тартты да, орнынан тұрды.

– Өзі өлсе де, сөзі өлмейтін, орны үңірейіп тұратын ағаларымыз болыпты, солардың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезов екен. Бетін топырақ басқалы бүгін үш жыл толса да оның жоқтығы әлі білініп тұр. Көзі барында елемеппіз. Күнделік тіршіліктің әуеніне еріп, оның көлеңкесі зор ұлы тұлғасын байқамаппыз. Өледі деп ойламадық та ғой. Ердің елеулі екенін бөгде жұрттың ішінде жүрген жан жақсы білсе керек. Сондай-ақ Мұхтардың аруағы күшті асыл аға, қиядан көретін қыран аға екенін мен сонау бір шекеде, Батыс Сібірде жүр- генде, Иван Лазаревичтің әлгі сөзін естігенде ғана анық түсіндім. Өз еліндегі ұлы ағаның айбар екенін байқадым. Міне Мұхтарды сонда ғана танығандаймын, – деп сөзін аяқтады Есен.

– Тілің балдай екен, Есен, мен де сені бүгін танығандай болдым. Көп жылдай бірімізден біріміз адасып көз жазып та қалдық, сөйтіп сырт буын болып кеттік қой. Ана бір күні Сәкен туралы сөйлескенде құлағымның құрышы қанса да, үнемі күдіктенуге дағдыланған жүрек бір жерге тоқырап дауаламап еді.

Біреуді жақсы көрсе мақтайтын, біреуді жек көрсе дағдайтын тұрлаусыз көптің біріндей сезіну айықпай қойды. Жасырмай айтайыншы, бүгін сол күдіктен ада-күде ажырап отырмын. Сенің жаның адал, жақсының бәріне жалғыз өзің ие сияқтысың!.. – деп, ойын аяқтамай күмілжіді Бота.

– Тап кеше Ұлы Октябрь таңы атты, бұрын зомбылықтың шеңгелінде тұншығып қансыраған қазақ еңбекшілері қара албастандай басқан қалың ұйқыдан оянды, – деп екпіндете бастады Есен. – Қараңғылық серпіліп жарық дүниенің сәулесіне қарай құшағын жайып қуана аттанды, үлесін алатын ұлы майданға белсене шықты, оған бүгін тура қырық жеті жыл толды.

Талай аласапыранды бастан кешірдік. Баяғыда Сәкім деген кісі батырлығын айтып мақтанғысы келгенде "Біз не көрмедік, шырағым, өлген қасқырдың үстінен де шауып өттік қой", – деп лепіруші еді. Сондай-ақ біз де азын-аулақ көрдік.

Кейде аспанды темірдей қара бұлт торлап, нөсерлі жаңбыр шүмектеп құяды, нажағай ойнап әзірейілше төнгенде зәре-құтың қалмайды. Шыбын жан шүберекке түйіледі... Артынан айығып ашылады да, мажырап күн көрінеді, жердің беті тобарсиды да құлпыра түседі. Жан-жануардың бәрі жадырайды. Сөйтіп өткен ұмытылады. Сондай-ақ бір кезеңде ушыққан жара да жазылып кетеді. Сонау бір мезгілде Сәкеннің «Қызыл аты», Ғабиттің «Шұғыласы», Бейімбеттің «Талтаңбайы» жарық көрді. Ірі қалам қайраткерлерден осындай зор мұралар қалды да сол кезеңді мүлде ұмыттырмай қойды. Шын суреткер жазушының тегеурінді қуаты да осында.

Енді өрмектің жүзі ауды, жер ортасына да, ел ортасына да келдік. Бастан кешкенді шерте өтіп, шола кету мезгілі де туған сияқты.

Ержетіп есейген сайын бұрын көрген-білген азаматтардың біразын ансайды ғой. Бірақ жасы үлкеннің бәрі бірдей сый-құрметке

бөлене бермейді. Ердің ерін, егеудің сынығын көксейді. Игілі еңбектің иесіне ажалдың да әлі келмесе керек.

Баяғыда Пушкин өлгенде Лермонтов әлемді тебіrentті. Бальзак өлгенде Гюго жұртты теңселтті, Гоголь өлгенде Тургенев дүниенің қабырғасын қайыстырды, ана жылы Мұхтар Әуезов өлгенде көңіл күйін Ғабит те жеріне жеткізе шертті. Халықтың сай-сүйегін сырқыратып, жаны елжіреп, осындай шын күйіне сөйлеулер күнде бола бермеуі кәдік.

Мен Мұхтар Әуезовтің терезесі тең сырлас досы болғам жоқ, елеусіз інілерінің бірімін. Үлкен ағаны пір тұтып, айтқан сөзін көлденең отырып тыңдаушымын, – деп ойын бір түйіп өтті Есен.

– Сен қымсынбай-ақ айта бер. Сәкен мен Мұхтардың үзенгілес достары едік десек те екеумізге ешкім нанбас. Шынайы достарының сыбағасына қол сұқпалық. Жасымыз да, біліміміз де олармен канжығаласа алмайды, – деп бір тежеп қойды Бота.

– 1923 жылдың бас кезінде Мұхтарды Ташкентте көрдім, – деп сөзін әрі қарай созды Есен. – Ол заманда қазақ азаматтарының фамилиясын, әкесінің атын атау түйеден түскендей естіліп, түрпідей тиетін, түптеп барғанда әдепсіздікке саятын.

Сквердің алдынан күншығысқа қарай «Москва» көшесі тартады. Ол көшеде трамвай жүреді. Оңтүстігінде азырақ қиыстай барып, Салар өзеніне беттейтін «Қойлық» көшесі бар. Сквердің қақ қасындағы осы мүйісте Қазақстанның өкілдік үйі тұрады. «Түрік республика атқару комитетінің жанындағы Қазақстанның «хұқықты өкілдігі» (орысшасы: «Полпредство Казахстана при турцике») болып атанады. «Хұқықты өкілдігі» –деп әдейі айтып отырмын, өйткені 1922 жылдың бас кезінде «Ақ жол» газетінде «Токпак» деген бүркеншік атпен Сұлтанбек Қожанов Сәкен Сейфуллинге қарсы мақала жазды, сол мақалада

«Қазақстанның хұқықты өкілі Сәкенге болысты» дейтін сөз бар. Ал Қазақстанның сол кездегі дербес өкілі Әшім Омаров, оның орынбасары Иван Федорович Киселев болатын. Атын атамай әлгі «Тоқпақ» сол Омаровты соғып өткен-ді. Ол дәуірдегі аударма әдісі де осы тектес еді. Ол заманда Түрік Республикасына Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Қарақалпақ елдері, өзіміздің Сырдария, Жетісу губерниялары кіретін. Сол «өкілдік» үйіне Қазақстан азаматтары үнемі келіп-кетіп жүрді. Әшім Омаров Орта Азияның мемлекеттік университетінде, оның «фон» (факультет общественной науки) деген факультетінде, екінші курсында оқиды. Полпред болып қызмет істейді. Үлкен бір бөлмесі бар, терезесі скверге қарайды. Осы бөлмеде үш ағаш кереует (тапчан) тұрады, бір кесек кигізбен ортасынан бөлінген, сөйтіп тағы бір «олжа» бөлме шыққан, сонда мен жатушы едім. «Сұлтанбек Қожанов қатар тұрады, оның кішірек екі бөлмесі бар, ауыз үй ортақ. Ол кездегі қазақ коммунистерінің үйінде дүниемүлік деген болмайды. Совет ақшасы («совзнак») миллиондап саналады, өзі үйіліп жатады. Мен қырғыз-қазақ институтының (киринпростың) төменгі даярлық (младший подготовительный) класында оқимын.

Сол бір қарсаңда Бағаналы Найманнан – осы күнгі Ұлытаудан Мұхтар Жылқайдаров деген кісі келіп Әшімнің үйінде жатты. (Ұмытпасам ол кісі Өзбекстанға ауысқан өз елінің бір жылқыларын іздеп келіп жүрді).

Күн жұма болатын. Үстінде қара көк мауыты пальтосы бар, соған сай қара көк кепке киген, қайырған қаршығадай дембелше қара жігіт кіріп келді. Әшім орнынан түрегеліп, құшақтасып көрісті, өзінің әйелі Зүрәмен таныстырды да, Мұхтар Жылқайдаровқа бұрылып: – Бұл сізбен аттас Мұхтар Әуезов қой, – деді.

Мұхтар Әуезов шешініп отырды. Дауысы құлаққа майда естіледі, сөйлемі де, сөзі де ауыр, шұбалаңқы шығады. Алғаш сөйлегенде тамағын кенеп, жөтеле түсіп, кібіртіктеп отырады да бірте-бірте көсіледі. Мінезі салмақты, ойы өте терең жатқандай. Кейбір орысша сөздері маған түсініксіз. Қою қара бұйра шашы шашау шығып ербиіп көрінбейді. Бәрі өз орнында жарасып, көлденең қараған жанды магнитше тартады. Ойлы көзі тереңдей қадалатын, әдемілеп сөйлеуге аса тырыспайтын адам екен, бірақ салдыр-салақ та емес. Кедір-бұдыр, үзік-үзік айтса да естіген құлақты табындырып, үйіріп әкетеді. Кере қарыс маңдайына қарап көзің тояды. Сөзінің арасында «интеллектуальный, герой, образ» дегендерді қолданып отырады. Бір мезгілде: – Абайды жеңгелері «Телғара» – деп атаған екен, – деп қалды. Осыдан былай әңгіме Абайға көшіп неше алуан саққа жүгірді. Абайды жақсы көрдім бе, жоқ Мұхтарды жақсы көрдім бе, білмеймін, әйтеуір сөз арасында оқыс айтыла қалған осы бір «Телғара» жадымда сақталды. Мұхтар онда шылым тартушы еді – мені жұмсағанда «Селимді» («Селим» – папиростың аты, сыртына латынша жазылатын) әкел деп қадағалап тапсырды.

Артынан осы екі Мұхтарды айыру үшін біреуін (Әуезовты) «Телғара Мұхтар», екіншісін (Жылқайдаровты) «Ерғара Мұхтар» деп атайтын болдым. Естіп жүрсе де олар мұны елемеді. Міне бүгін, көп заман өткеннен кейін бала күндегі шалдуарлықтың көлеңкесі ретінде мұны саған ғана баяндап отырмын ғой...

ҚАЙЫП ТОЛҒАУЛАРЫ

1

КЕЗДЕСУ

Халық ақыны Қайып Айнабековты мен баяғыдан білетін едім, өйткені менің үлкен әкеммен Айнабек өз тұсында дос болыпты. Бұл әңгімені бір кезде ел аузынан еміс-еміс естігем. Ескі жайды жақсы білетін өз әкем де ерте өліп кетті, сөйтіп Қайыппен бетпе-бет кездесіп, тізе қосып отырып сөйлесуге мүмкіндік болмай-ақ қойғаны ғой. Әрі мен елден ерте қол үзіп кеткем-ді.

Анығырақ айтқанда, 1925 жылы оқу іздеп кеттім. Содан міне биыл 1947 жылы 29 декабрь күні ескі Қарағандыдағы қарт ақын Қайып Айнабековке сәлем бергелі кеп отырмын.

– Ассалаумағалайкум, – деп кіріп барғанда ол маған қолын ұсынды да, бетіме үңіле қарады. Танымай отырғанын түсіндім, өйткені ортада жиырма екі жыл аралады, бір кездегі қыршын жас енді өзгеріп кетсем керек. Баяғы мен көргенде қырықты қусырып жүрген егде Қайып, аса көп өзгермепті. Оның үстіне мен іздеп келіп тұрмын ғой...

Жөнімді айтқан кезде, орнынан ұшып түрегеліп, құшақтап көрісті де:

– Баяғыда, – деп бастады қарт, азырақ алқынып жөтеліп қалды, – Шортанбай ақын мен мына біздің Алағөшек Сәттібай екеуі дос екен. Солар бір жылы үш айдай бірін-бірі көре алмай сағынып қалыпты. Ол кезде үш айдың өзі де көп уақыт болса керек қой, – деп бір толғап өтті. Мен тыңдап отырмын, ымырт жабылған кез, үйдің іші алакөлеңке. Бибіжан жеңгей амандасып болып, ауыз үйге шығып кетті, заты тамақ істеп жүрген сияқты.

– Бір күні Шортанбай мен Сәттібай екеуі бір қылтадан шыға келіп, оқыс кездескен достар аттарынан түсіп құшақтасқан екен, сонда Шортанбайға: «Тіліңнің желі, аузыңның ебі бар еді, сен осы кездескенімізге бірдеңе деші», – депті. Сонда ақын Шортанбай жұлып алғандай:

«Бай да өлген, батыр да өлген.
патша да өлген,
Өлмей тірі қалған жоқ ажал келген,
Ұжмақтың кілтін ашып көрген жан жоқ,
Дүниенің ең қызығы тірі көрген...»

деген екен. Шырағым, аман-есен көріскеніме қуанған соң осы бір сөзді айтауға болмады. Я, – деп барып, күллі денесі селкілдей қозғалып, ентіге жөтелді.

Мән-жайды сұрасып болғанша ет те пісті. Дастарқан жайылып бір табақ ет келіп ортаға орныққан мезетте, сақал-мұртын қырау басқан, сеңсең тонның жағасы шаңғытқан аппақ шал кіріп келді.

- Жоғары шығыңыз...
- Ой, мынау өзіміздің Қасым ғой...
- Жолыңыз болсын.

– Я, отыра қал, жамандамайды екенсің, дер кезінде келдің, шешін, ет же!... – деген танымал кісіге айтылатын жылы сөздер қайталанып жатты.

Бұл Қасым мына Қайыптың жақын туысы, момын кісі. Қайып ауырып, төсек тартып жатқалы көп болыпты, көңлін сұрауға келген беті екен...

2

ТҮС

Мына Қасымды көрген соң есіме түсіп отыр, осы кеше мен түс көрдім, – деп бастады Қайып. –Түсімде өзім өліппін. Әрине, өмір бойы намаз оқып, құлшылық қылмаған мені құдай аясын ба, дозаққа апарып тығып жіберіпті. Дозақта отырып, бір саңылау-

дан сығалап қарасам ұжмақ пен дозақтың арасында тілі салақтап, төрт көз екі сары төбет жүгіріп жүр. Ұжмаққа барса қақ бастан бір салып қаңсылатып қуып шығады, арсалақтап дозаққа келсе де көрген күні сол. Бұл не хикмет екен деп қатты таңырқадым. Ол екеуінен менің халім әлдеқайда артық тәрізді. Соларды аяп, тесіктен телміре қарап жыласам керек. Көзім бұлдырап кетіпті... Бір кезде байқасам қарсы алдымда салбырап сен тұрсың. «Ой, Қасым, сен неге дозаққа келдің? Бейшара-ау, жазығың жоқ еді ғой...» деп сұраймын. Сонда сен: «Тоңқандап намаз оқығаның кімге керек, туысқаның ауырғанда көңілін сұрамапсың деп айыптап жатыр мені», – дейсің, Иегің кемсендеп, екі ерінің илікпей булығысың, сақалыңнан жас тамшылап ағады. «Қой енді, сабыр ет, жылама, бірге болсақ өлмейміз, күн көрерміз», – деп мен сені жұбаттам...

Біраздан кейін етін үйреніп уанасың да, маған күле қарайсың. Әй, Қайып, ана төрт көз екі төбетті танимысың? Олар әлгі сенің құрдастарың – қос Құсайын ғой... ұжмақ: «арақ іштің» – деп айыптаса, мына дозақ «намаз оқыдың» – деп қуалап жүр, қайда барса күн жоқ, олардан мен артықпын», – деп шүкірлік қылып, лепіре сөйлейсің,.. Намазбен де, арақпен де, ақшамен де бақытқа жету, ұжмаққа кіру қиын екен! Асылы, адал ындын, әділ жүрек керек! – деп самарадай қақсап тұрсың. Қасым-ау, сенің икемге келіп қалғаныңды көрдім де, қуанып ояндым... – деді Қайып.

– Көңіліңді кешірек сұрағаныма ренжіп көрген түсің екен ғой. Осы өтірік түсіңе сен шын ойыңды сыйғыздың, бірақ, менің бір тілегім бар: енді бұл түсіңді ешкімге айта көрмеші! – деп өтіне сөйледі. Қасым. – Ұжмақ пен дозақтың да жарылқары шамалы көрінеді. Мен де сенімен біргемін... – деді. «Көкпекті» совхозына жүрмек болды. Менің де сол совхоздың директоры Сәбиге жолығатын шаруам бар еді. Декабрь айында Қарағанды-

ның суығы қатты болады, оның үстіне сырма боран соғып тұр. Күн құлақтанып батқан, құбыладан соққан үскірік жел темірдей тиеді.

Үстімізге қаптал тон тауып киіп, жайдақ шанаға отырып, совхозға тарттық. Қаптал тонның жағасын қайырыңқырап қойып, бетін бізге қаратып ашты да, Қайып әңгімеге кірді...

3

«БАС БАЛҒЕР»

– Қайқа, әңгіменіз өте қызықты екен. Біз де, мына балалар да тыңдап, әбден рахаттандық. Айта беріңіз, – деді Сәби.

– «Айта беріңіз, айта беріңіз» дегенше өзің неге айтпайсың? Қайнағаны шаршаттың ғой, түк білмейтін бозымсың-ау, ә?! – деп, Жаңыл өз күйеуін бір түйреп өтті. Сәби үндемеді, оның үйренген сөзі тәрізді. Отасқалы екі-ақ жыл толған, егде Сәби өзінің жас келіншегі Жаңылды өте еркелетуші еді.

«Бозымсың-ау», – деген ұрт айтылған ерке сөзді естігенде біз Қайыпқа да, Сәбиге де жалтақ-жалтақ қарасып қалдық. Балаусыз айтылған бөгде «бозым» көп нәрсені еске түсіргендей. Сәбидің кәрілігі де, көп жыл отасқан қосағы өлігі жаңа алған жас тоқалдың өктемдігі де, екі баланың жетімдігі де көз алдымызға көлденеңдей берді. Мұндайда ешкім өз үйін ойламайды да, өзінен өзгеге басалқы айтуға шебер ғой.

Түйіле қалған осы кезеңде де даңғыл жүйрік – кәрі тарлан керек екен. Алғашқы қалпынан өзгерместен қарт Қайып үзілген ойын сабақтай жөнелді. Ешбір оқшау әңгімені естіген де, сезген де жан тәрізді емес.

Әңгіменің желісін аудара қағу үшін тақпақтай тартты.

«...Тәтті дәмнің иісін,
Адамнан бұрын ит білер.
Құлқып құмар кейбіреу
Тіміскілеп итшілер.
Мақтанғысы келгенде,
Итшілеп жүріп итше үрер.
Ит мен итпін демейді.
Ит екенін жұрт білер», –

деп, бір толғап өтті. Қасындағы балаларға айтып отырғандай жымия күліп, соларға емірене үнілді.

Аңырып біз отырып қалдық. Ежелгі шораяқ біздің ындынымызды шенеді ме, жоқ келінін түйреді ме, бұл арасын ашпады. Әркім өзінше түсініп, сыбағасын үлесіп алып жатқандай.

Дәл осы бір сәтте Қайып:

– Баяғыда Отырар жерінде бір шал болыпты. Сол шалдың жас әйелі бар екен. Екеуі моншаға барыпты. Моншаға жаңа ғана түсіп жатқанда иесі келіп хабар беріпті: «Моншаны босатыңдар, ханның бас балгері келе жатыр», – депті. Осындай әділетсіз қылыққа қорланған келіншек моншадан амалсыз шығып, киініп жатқан күйеуіне қарап: «Әй, құрысқан шал, ендігі жұмаға шейін ханның бас балгері болмасаң мен сенен айрыламын», – деп, үзілді-кесілді ант беріпті...

Екінші жұмада моншаға тағы келіпті. Бәлеге не кезікпейді десейші! Монша иесі тағы да хабарлапты: «Ханның бас балгері келе жатыр, моншаны тез босатыңдар!...» – депті.

Шал екі оттың ортасында қалыпты. Балгер болайын десе «балдан» дым білмейді, ал балгер болмаса нақ сүйер жарынан айырылады. Не істеу керек? «Былай тартса өгіз өліп, былай тартса арба сынып» көп дағдарарды да, ақыры шал ажалға басын байлайды. Моншадан жалаңаш суырыла шығып, көшені бойлай жүгіре жөнеледі... Жан ұшырып келе жатса, хан өзінің үй ішімен бас қосып, лапастың астында көлеңкелеп, шай ішіп отыр екен. Есеңгіреп келген шал ханды жағасынан сүйреп лапастың астынан

суырып алып шығады. «Іс оңаларда жел оңынан соғып», лапас құлап ортасына түседі... Ханның үй іші түгел қырылады. Сонда өз тірлігіне шүкіршілік еткен хан: «Әй, қаңсыған шал, сен менің өлім аузында тұрғанымды қалай біліп келдің?» – деп сұрапты. Реті келген жерде шал да қара жаяу болмаса керек: «Тақсыр-ау, мен өнімде де, түсімде де сіздің тірлігіңізді ойлаймын. Бал ашатын да өнерім бар еді...» – депті. Хан тұрып: «Ендеше ертеңнен бастап, сен менің бас балгерім боласың», – деп жұртқа жариялайды.

Балгер болғанына он күн өтпей-ақ ханның қазынасы ұрланады. Хан шақырып алып, «жоғалған қырық сандық алтынды «тап!» деп бұйырады.

Хан зіркілдеп отыр, алтынды таппаса басы кетеді, табуға мұршасы жоқ, бал ашуды ол білмейді... Дағдарған шал қырық күнге мұрсатана сұрайды. Ондағы ойы бүгін өлгеннен көрі, қырық күннен кейін өлуі дұрыс тәрізді.

Хан қырық күн мұрсатана береді. Шал қаңғырақтап жүріп базарға барады, өрік сатып алады...

Үйіне келіп қалтасынан бір өрікті суырып алып әйеліне айқай салады: «Қатын, қатын, мына бір кішкенесі қолыма түсті...» – деп сандырақтайды. Қатыны аң-таң...

Ұрылар да қарап жатпайды, ханды өлім аузынан құтқарған бас балгердің ізін аңиды. Соңына түсіп, күзетіп жүрген біреуі, балгердің әлгі айқайын естіп тұра қашады. «Мені біліп қойды, мына бір кішірегі қолыма түсті» – деп әйеліне сыбырлағанын құлағым естіді. Енді мен бармаймын, өздерің барындар», – деп әлгі бала ұры безек-безек етеді...

Содан кейін ұрылар қуыстанып кезек-кезек андитын болады. «Құланның қасынуына, мылтықтың басуы кез келіп» бәрі де ылғи; «мынасын ұстадым, анасын ұстадым» деген сияқты үрейлі сөздерді естиді. Жанын қоярға жер таппай аласұрып жүрген

шалдың «ұстағаны» қалтасындағы өрік екенін ұрылар аңғармайды...

Ақырында ұрылардың басшысы: беті бұжыр, мұрны пұшық, кеспелтек қара кісінің өзі жансыз келіп тыңдайды. Сол күні шалдың қалтасында өрік таусылып, бір құрт жеген тастай қатты, түйіртпек біреуі қалған екен. Соны суырып алып: «Қатын, қатын мына бір бет-ауызын құрт жеген, тастай қатты, шағалдақ біреуін ұстадым...» депті. Осыны естіген ұры үйге кіріп, шалға қарап: «Қазынаны ұрлаған біз едік, ханның алтыны қаланың сыртында, көп қорымның қасында көмулі жатыр, енді бізді сен көрме, сені біз көрмейік», – депті де, жүріп кетіпті. Ақылынан шатасқан шал есін жиып, ханның алтынын тауып беріпті. Кездейсоқ таңылған ұлы атақтың қуатын ол сезбесе де керек.

Біраз күннен кейін, ашқан балына өте риза болған хан бір күні балгерін қаланың сыртына серуенге ертіп шығыпты. Бір көгалға келіп, аттан түсіпті де, хан отырып дем алыпты. Бір шегірткені шөптің арасынан уыстай ұстап алып, саусақтарын жұмып, қолын жоғары көтеріпті де: «Балгерім, тапшы, осы жұмырығымда не бар?» – депті.

Хан жарлығы екі болмайды, таппаса басы кетеді. Осы ойлар билеген сорлы шал өз мұңын шертеді: «Бейшара-ай, бір секіріп едің, құтылып едің... екінші секіріп едің, тағы құтылып едің, ал үшінші секіргенде, дәу де болса, тұтылған шығарсың...» – деп зарланады (біріншісі – моншадан кашуы, екіншісі – ханның алтынын табуы, үшіншісі – осы жағдайды айтып тұр ғой). Сонда хан: «Әй, бәрекелді-ай, балгерім балгераксың-ау, мұның шегіртке екенін қайдан біле қойдың, оны менің екі секіріп, үшінші секіргенде ұстағанымды қайдан білдің?...» – деп қарқ-қарқ күледі.

Қарттың ишарасынан көрі әңгіменің өз желісі билеп кетті де, бәріміз мәз болдық. Ой-өрісін қысыр сөздің мазмұны меңге-

ріп әкеткендей боп еді. Ешкім ешнәрсені дық көріп, ішіне түйген де жоқ, жаяу әңгіме осылай жәйуат аяқталды.

4

«КЕШЕ ДЕ АЛМАСПЫН»

Менің он бес-он алтыдағы күнім, Сәрібай қарттың қасына еріп Қараөткел бардым, – деп бастады Қайып: – Жолшыбай Тайтөбенің түбінде Нысан батырдың моласы бар екен, соны көрдік. Нысанның моласын көргенде сексеннен асқан шал Сәрібай мынау әңгімені толғап еді:

– ...Бұл Нысан менің туған ағам. Дүниеге келіп, қанға тоймай өткен Кенесарының туысы Ержан өлтірді оны... – деп бастады қарт.

Нысанның тақымына басқан Жекейторы жер баспаушы еді. Қашса құтылып, қуса жететін желаяқ, қамыс құлақ, бөкен қабақ, бота тірсек, көзі тостағандай, омырауы аяқ қаптай сәйгүліктің өзі еді. Ержан осы атқа қызығады екен. Нысаннан өзі сұрап ала алмайды да, ханның алдына шақыртады. Бұл сырды маған ол айтқан емес-ті. «Кенесары шақырып жатыр» деген хабарды естігенде мені де ертіп жүрді. Жаңа талап жас пері кезім болатын.

Ханның ордасына кіріп, сәлемдесіп отырған кезде: «Нысаным, аман жүрмісің?.. Жекейторың жесірлік ат деседі... Осы жолы ел сынасатын да, ер сынасатын да жерім ғой...» – деп хан ойын түймей кідірді де, біздің бетімізге қыдыра қарады. Кенесарының беті қызарып, көзі қанталап кеткен екен. Нысанның бетіне біткен қызыл қаны тап осы арада Кенесарыға қотарылып құйылғандай. Ол қызара бөрткенде Нысан ағамның бозарғанын көріп мен аң-таң болдым.

Сырты сұлу сөздің ішкі зәрін сол кезде түсінбесем керек. «Жекейторы «сырты түк, іші...» бір мал емес пе, тәйірі, оны жау-

ға кім шапса, сол мінеді ғой, бірақ өз еліңізбен, өз еріңізбен сынасуыңызға түсіне алмадым», – деді Нысан. Сөзі келте, дыбысы тентек шықты. Бет ажарында бағынудан гөрі басыну бардай. Ол кісі оқыс бұрылушы еді ғой.

Осы бір мезетте, Кенесары қомданып, қозғалақтай берді. Жүзі құбылып сұрқай тартты. Қамқа тонын қаусырына түсті де:

– Я, Нысаным, солай де!.. – деп мақұлдағандай да, кекегендей де екіұшты үнмен босаға жаққа көзін сығырайта қадады. Қожайынның көзі түскенде босағада отырған Ержан құлша қорынып, құрдай жорғалап, орнынан ұшып кете жаздады. Шыдай алмай Кенесарыдан назарын аударып әкетті де, ол енді төрдегі Нысанға кіжінгендей тістене төнді. «Мені қойшы, өз қолындамын, ана сұмырайды ауыздықтаңыз!» – дегендей рай білдірді. Осы арбасулардың бәрі сөзсіз айтылып жатты. Өңгіменің насырға шапқанын мен де байқап қалдым. Аз мүдірді де Кенесары бізге беттеді:

– Я, Нысаным, солай де.. – деп қайталады. – Осы сен көнекті сырттан сұрайды деседі. Маған айтар өкпе-назың бар ма, әлде?.. Немесе?.. – деп, ойын ашқысы келмей Кенесары тоқтай қалды. Осы «немеседе» көп салмақ жатыр еді.

– Кенеке, шынымды айтайын, ешбір өкпе жоқ, – деп шешіле сөйледі Нысан; ханның жылы сөзі аңғал батырды ерітіп әкетті білем. – «Көңіл кірі айтса кетеді, көйлек кірі жуса кетеді», азырақ назым да бар еді. Оны айтпастан бұрын бір уақиға есіме түсті, соны шерте кетейін, – деді Нысан. Осы арада өні жадырап, көсіле сөйледі.

– Біздің елде Жәнгелді қарт ертеде Қаратауға кіре салады екен. Сол кісінің «Жалпылдақ» деген бір қара атаны болыпты. Ботасынан бірге өскен Жалпылдақ қартайыпты. «Үлкен қоянның» жұтында көтерем қара атан өлуге айналыпты. Оны бауыздауға батылы бармай Жәнгелді басында жүресінен отырып

кешу алысыпты: «Сен, Жалпылдағым, серігім едің, мына қаһарын төккен кәрлі «Қоян» қартайған сені жұтқалы тұр. Көп жолдас болып едік, талай жерде тілім де, қолым да тиген шығар, қош енді, кеш енді!..» депті. Сонда көзі бозарып, төрт аяғын жантая серпіп жіберіп, сұлап жатқан Жалпылдақ тілге келіпті. «Жәке, бәрін кештім, баяғыда Бетпақ шөлден үдере көшіп өттік қой. Сусыз, отсыз құт дарымаған құба жонда қалжырап жығылдым. Мені аямай басқа тепкілеп тұрғыздыңыз. Сонау арғы атам «Ойсылқарадан» бері қарай құлата балағаттадыңыз, міне мен соны да кештім... Тағы бір жылы өзіміздің «Мойынқұмнан» өтіп бара жатып, тайып жығылдым. Онда да сау-тамтығымды қалдырмадыңыз. «Жалпылдағым» дейтін жылы сөзіңізді қойып, кекеп, мұқап, «Көсеуқара» атандырдыңыз, осының бәрін кештім. Ежелгі ием, ескі ием едініз, Жәке. Енді ақыретке ала кетпейін, ақаусыз айырылысайық, шынымды айтайын, қош бол, бәрін кештім... Бірақ есіңізде болар, осы биыл Түркстаннан қайтып келе жатқанда «Қатынқамалдың» асуына жете беріп менің бұйдамды көк есектің құйрығына апарып байладыңыз, осы қорлықты кеше алатын емеспін, – деп булыққан кара атан жан тәсілім беріпті...– деді де, Нысан Ержанға шұқшия қарады. Көк есек көз алдына келгендей жиіркенді. Кенесарыға бұрылды да, Ержанға қайыра түйілді. Нысан ағам өз назарымен Кенесарының назарын еріксіз ертіп апарып, көк есекті нұқып көрсеткендей болды.

– Шыным осы, Қанеке, менде өкпе жоқ, ел ездің артынан ермейді, ердін артынан ереді... – деп, іші босағандай құлазып қалды Нысан.

– Ия, елдің езі Ержан болған да, ері Нысан-ау, сірә?.. Сонда Кене кім? Күлді көсеу үшін сендейлерді «ер» атандырған ханның өртеуге де мұршасы келмес пе?.. Ойда орыс, қырда қырғыз тас ошағы талқан болғалы тұр, сен сол Кенеге салмақ бола аласың ба?..

Өттегене, үйіме келіп үйдей бәледен құтылып отырсын-ау, ә... – деп, хан түтіге теңселеді. Ержан жер шұқып отыр. Кенесары жиырылып қалыпты. Мойыны ішіне кіріп кеткендей жайылған дене енді бір уыс болып көрінді.

* * *

Біз жүріп кеттік. Артынан он шақты күн өтпей-ақ аулымызды жау шапты. Сол жау өз ханымыз Кенесарының қолы екен. Нысанды әлгі Ержан өлтірді. Кеудесінен шанышқан найза арқасынан сорайып шығып тұрды. Қайта суырып ала алмай қашқан екен...

Туған бауырыңның осылай өлуін, нахақ кетуін көру оңай нәрсе дегенге нанбағайсың, шырағым! Не болғанымды білмедім... Ауыл азан-қазан... Осы қарбаласта Жекейторыны жайдақ мініп жалғыз құдым. Жетуін жетсем де, жайдақ ат күш бермейді екен. Ат үстінен найзаласқанда ілгері-кейінді кете бердім. Оның үстіне жалғыздық та жаман болды. Ауыл түгел жаяу қалған, артымнан келер жан жоқ, жылқыны айдап Кенесары жүре берді.

Я, шырағым, Кенесары хан емес, қарақшы еді ғой.

Мен бұл әңгімені айтқанда көні курап қалған Кенесарыдан өшімді алмақ емеспін... Ол өз жазасын өзі де тартып жатқан шығар, «не ексең соны орасың» деген ғой. Әншиін мына туған бауырым Нысанның моласын көргенде сонау қаралы күн есіме түспей қалмайды, – деп куарған шал көзіне жас ірікті. Үлкен адамның жылағанын көру қиын екен, мен де босадым... Үндемей келе жатты да: «Кесе алмаспын, бірақ кеше де алмаспын!» – деп күңкілдеді Сәрібай.

Аздан соң Ақмола көрінді. Сәрібай сығалай қарады. Бадырайып көрінген, сорайып тұрған ақ шеркеуді ол ажырата алмай сығалады. Мен сонда сексендегі шалдың «көзім көрмейді» деген сөзіне нанбап едім. Адам басына түспей білмейді екен, қазір мен де осы Қарағанды-

ның тау-тау болып үйіліп жатқан «породаларын» алыстан әрек айырам. Мен әлі алпысқа да жеткенім жоқ, кәзір сол Сәрібайды көрсем кешірім сұрар едім де, ат, шапан айыбымды алдына тартар едім, – деп Қайып жымығандай болды.

ЕСКЕРТУ

Сәйділ Талжанов «История доклассового общества» кітабын бұдан 40-50 жыл бұрын, сонау 1930-жылдары аударыпты. Сәйекең кітапты көп оқыған, жадында көп білімі сақталған, бағы замандардан бүгінге дейінгі тарихтарды, оқиғаларды, шығармаларды, парасаткерлер мен өнерпаздарды жатқа білетін мол шежіре еді, жатқа маңырататын зу шешен еді.

Жасы келген адам бойындағы барын жастарға көзі тірісінде беріп кетуге асығады; оны анықтап, тәптештеп жатуға мұршасы келе бермейді, ойындағысын қабыл-құбыл бұрқыратып жазып кетуге жанын салады. «Өткен күндер сөйлейді» атты кітапты Сәйекең солайша жадынан жазған. Жоғарыда айтылған жайлар Сәйекеңнің басынан өткен. Сол себептерден де бағзы Персия, бағзы Грекия тарихы жөнінде жекелеген жаңсақ пікірлер, қате деректер кеткен. Жаза баспайтын жайсаң жоқ, жаңсақ айтпайтын шешен жоқ, Герценнің «Былое и думы» («Өткендер мен ойлар») атты эпопеясында кеткен жаңсақ қателерді орыс баспагерлері кітап тексінен түзетпей, сол күйінде жіберген де, «аяқша» (сноска) түрінде және «ескертпе» (примечание) түрінде түзетулер, түсіндірмелер беріп отырған. Осы ұлы өнеге бойынша біз де жоғарғы беттерден кеткен қателерді әңгіме тексінен түзетпей, сол күйінде жіберіп отырмыз. Көзі жоқ автордың мұрасын өзгертуге хақымыз жоқ, өзгертпей басу – парызымыз. Басы ашық жаңсақ жерлерін жас оқырмандарға дұрыстап түсіндіру – борышымыз. Сол үшін оқырман досқа төмендегі түзетпені ұсынамыз.

(«ӨТКЕН ЕСКЕ ТҮСКЕНДЕ»)

1) «.академик Никольскийдің «Гап қоғамына дейінгі тарих» («История доклассового общества») деген кітабы...»

2) «...Біздің заманнан 500 жыл бұрын Грекия немесе Эллада елі үш мемлекет шаһарға (полиске) бөлініп, біріне бірі бағынбай, бытырап, дәурен сүреді екен: Афина мемлекет шаһары – республикалы ел, Коринф – сауда-саттық жасауда болыпты...»

Дұрысында: Бағзы Грекияның тарихы екі заманға бөлінеді. Біздің заманға дейінгі XI ғасырдан арғы дәуірі – «Бағзы Грекияның тарихи заманы» деп аталады. Сол бағы Грекияның тарихи заманында, яғни б. з. дейінгі XI–V ғасырларда Элладаның жерінде тәуелсіз мемлекет шаһарлар (полистер) саны 2 мыңға жуық болған. Біздің заманға дейінгі X–V ғасырлар ішінде Жерорталық, Эгей, Қара теңіз жағалары мен аралдарында пайда болған грек отарлары 250 полис болған. Тарих осылай дейді. Олай болса, б. з. дейінгі V ғасырда Бағы Грекия дара үш полис болды деу қате. Б. з. дейінгі V ғасырдағы бағзы Грекияға тұтқа болған үш полис, оның үшіншісі Коринф деу де қате. Ол кездегі бағзы Грекия тұтқасы екі полис – Спарта мен Афина. Басқа полистер екіге бөлінген. Бір бөлігі Афинаның, басқалары Спартаның шылауында болған. Коринф Спарта жағындағы полистердің бірі. Сауда-саттық тек Коринфтің екінші кәсібі емес, бағзы Грекия полистерінің бәрі және әрқайсысы сауда кәсібімен айналысқан. Соның ішінде Спарта мен Афина, әсіресе Афина саудамен көбірек айналысқан. Спарта – грек (эллин) халқының Дор ұлысының шаһар мемлекеті Афина – Эллин халқының Ион ұлысының шаһар мемлекеті. Афина мен Спарта тарихы – бүкіл бағзы Грекия, Эллада тарихы. Оның ішінде Коринф жоқ. Бұл полис те ірі, ірі болса да, көп полистің бірі. Спарта, Афинаға оның терезесі тең емес.

3) «...Бұл кездегі Афинаны басқаратын патшасы Перикл екен. Бұл Перикл өзінің мектеп жолдасы, жасынан бірге өскен досы – философ Анаксагорды жер аударған, ал жолдасы – философ Сократты отқа өртепті, Ендеше, ол – Афинаның қатыгез

де айлакер әкімі болған ғой...

Дұрысында: философ Анаксагор Перикл патшаның досы, ақылшысы екені рас. Бірақ Анаксагорды жер аудартқан – Перикл емес, Периклдің жаулары. Периклге саяси қаны қастар оның Анаксагор сынды досын, ақыл берер данасын «құдайдан безген», «құдайға күпір», деп айып татып, өлім жазасына кестірген. Периклдің көмегімен Анаксагор Афинадан қашып кетіп, Кіші Азиядағы Лампсақ шаһарына тығылып, өлім жазасынан аман қалған. Бағзы Грецияда, оның ішінде Афинада қылмысты адамды ешкім қорғап қала алмаған. Патша да досын соттан құтқара алмаған. Қылмысты болса, патшалардың өздерін де 10 жылға Афинадан жер аударып отырған. Дана философтарын да сөйткен. Жай адамнан бастап, патшаға шейін соттай алатын мемлекет күдіреткері Афинаның «Халық жиналысы» болған. Периклдің Анаксагорды соттапнауға әлі жоқ еді. Заң солай болған. Бағзы Грецияда патша да заңды бұза алмаған. Ал философ Сократты Перикл отқа өртепті деу бекер. Дұрысында: Сократ Периклден 20-21 жыл кейін туған, 30 жыл кейін өлген. Б. з. дейінгі 490-жылы туып, 429-жылы өліп қалған Перикл б. з. дейін 469-жылы туып, 399-жылы өлген Сократты қалай өлтірмекші? Анығында, Сократ Афина демократиясына қарсы саяси және идеологиялық күрес жүргізді. Делюсқа (халыққа) қарсы қағидалар таратты. Афина демократиясы Сократқа жастарды жаман жолға саласың, еліміздің ежелгі дін салтын бұзасың, құдайға күпірсің, халыққа қассың деп айып тағып, өлім жазасына кескен. Сократқа халық наразылығын тұтатып қоздырған – оның бұрынғы шәкірті, ақын Аристофан. Сократқа дос болып қасқа айналған – Перикл патша емес, Аристофан ақын. Өлім жазасына кесіліп, зынданда жатқан Сократ, достары қаш десе де қашпаған; «Цикута» (сасыр) деген өсімдіктің шырын уын ішіп өлген. Тарих осылай дейді. Ендеше, Сократты Перикл өлтірді дегенде, Сократ өртеніп өліпті

деушілік те бекер сөз. Анаксагор мен Сократтың сотталуына Перикл айыпты емес. «Ендеше, ол – Афинаның қатыгез де айлакер әкімі болған ғой» дей қою ұшқары баға. Дұрысында: Перикл – Афинадағы құлды демократияның көсемі, Афинаның стратегі, өзі ақсүйек тегінен шыға тұра, аристократияға, олигархияға қарсы күрескен, халыққа сүйенген, Афинаны грек (эллин) мәдениетінің ордасына айналдырған. Перикл кезінде Афина мемлекеті шарықтап өсіп, өркендеу шыңына жеткені соншалық, Афина бүкіл Грекияның саясат, парасат, сауда, өнеркәсіп ордасына айналған. Б. з. дейінгі V ғасырдың 40-30-жылдары Афинаның гүлденіп шарықтаған шағы – «Периклдің алтын ғасыры» (б. з. д. 449-429 ж.) деп аталады. К. Маркс түгел осы кезеңді «Грекияның іші керемет гүлденген» деп бағалаған (К. Маркс и Ф. Энгельс. Соч., т. I, 1938, стр. 180). Афина мемлекетінің 40 жыл қайраткері (б. з. дейінгі 469-429 ж.) болған Перикл Афина халқының сүйікті көсемі бола білген. Афинаның жағымсыз патшаларын Халық жиналысы ымырасыз соттап баққан. «Остракизм» әдісімен соттап, 10 жылға Афинадан қуып отырған. Мәселен, б. з. дейінгі 510 ж. Гиппий патша, 438 ж. стратег, қолбасы Аристид, 471 ж. Фемистокл патша, 461 ж. Кимон патша острионизм жолымен сотталып, Афинадан қуылған. Сол кездегі Афина басшыларының ішінен 40 жылдай отырып, бірде-бір сотталмай өлген жалғыз Перикл ғана. Олай болса, бағы Афинаның әділ, дана, адал басшысы Периклді «Қатыгез де айлакер әкім» дей салу тарих деректеріне қайшы пікір.

4) «...Перикл тұсында мына фарсы елінің шаһы Дарий соғыс ашып, Грекияға шабуыл жасапты...» деген сөз де жаңсақ айтылған. Дұрысында: тарихтағы атышулы Грекия – Персия соғысы б. з. дейінгі 500-499 жылдар арасында болған. Персия шаһы I Дарий Грекияға үш дүркін жорық жасаған. I Дарий б. з. дейінгі 493 жылы бірінші жорық жасағанда, Перикл әлі дүниеде жоқ болатын. Б.з.д. 490 жылы I Дарий екінші жорық жасағанда,

Перикл сол жылы туған емшектегі нәресте болатын. I Дарий дайындалып бола бергенде өліп қалып, оның өсиетін орындаушы баласы Ксеркс шаһ бастаған үшінші жорық б. з. д. 480 жылы басталғанда, Перикл 10 жасар бала болатын. Бұл – бір. Екіншіден Перикл б. з. д. 490-492 жылдар арасы. Грек–Фарсы соғысы 449 жылы бітіп болған. Перикл патшалыққа соғыс біткеннен кейін келген. Грекия-Персия соғысы басталған кездегі Афина патшасы – Фемистокл (б. з. д. 525 жылы туып, 460 жылы өлген), аяқталған кездегі Афина патшасы, қолбасы – Қимон (б.з. д. 507 жылы туып, 449 жылы өлген).

5) «...Дарий соғыс ашып, Грекияға шабуыл жасапты... Фарсы елі.. шетінен бөксері ттіп, Грекияны тықсырып келе жатқан кезі...» – дегенде, шындық айқындалмай қалған. Дұрысында: Дарийдің Грекияға алғашқы жорығы б. з. д. 493 ж. басталып, 429 ж. аяқталған. Персия әскерінің қолбасы I Дарийдің күйеу баласы Марданияның Геллеспонт теңізінен өтіп, Францияға жетіп, Македонияға шейін барғаны рас. Бірақ осы арала Афон шығанағында Персия кемелері қатты дауылдан қирап, Грекия қолынан жеңіліп, қалжырап қайтқан болатын, Дарий басқыншы Грекияны жеңіп береке тапқан жоқ, жеңіліп жер боп қайтты, айдай әлемге масқара болды. Опынған, ызаланған басқыншы патша кек алуға қамданды. Б.з.д. 490 жылы Персия империясынан жиналған 100.000 қалың қолмен кемеге мініп, Эгей теңізі арқылы Аттиканың жағасына түсті. Анадай жерде Марафон қаласы тұр. Афинамен екі арасы 10-15-ак шақырым жер. I Дарий әскерінің қолбасшылары – Датис пен Артаферн. Персия қолы 100.000 адам. Фемистокл әскерінің қолбасы – Мильтиад. Грекия қолы 11.000 адам. Оның он мыңы – ариналықтар, бір мыңы – платейліктер. Марафон қырғыны болды. Отанын қорғаушы 11.000 грек 100.000 басқыншыны қойдай қырды, талқандап жеңіп шықты. Дарий басқыншы екінші рет масқара боп жеңілді. 100 мың қолмен 11 мың қолдан жеңіл-

геннен өлген артық еді. Күйінген, өршеленген I Дарий Элиннен кек алуға тағы да қамданды. Тістене, азуын баса қимылдады. I Дарий б.з.д. 486 жылы өліп кетті. Арманын баласы, таққа мұрагер Ксеркске өсиет етті. Ксеркс шаһ бір миллион қолды бастап, көп кемемен Садр шаһарынан аттанып, көпір арқылы Геллеспонттан өтіп, Фракия мен Македонияны басып алды. Солтүстік Грекиядан басакөктеп өтіп шықты. Фермопил мойнағына тұмсық тіреді. Ксеркс қырғын-жорықпен Орталық Грекияға жарып өтті. Жүрген жолын қан-жоса қылып, Афинаға төніп келіп қалды.

Үш жүз ғана кемелі грек флоты оған төтеп бере алмай, кері шегіншектеп келеді. Грекия флотының бас әмірі – Спарта патшасы Эврибинд. Афина патшасы Фемштокл – Грек күштерінің бас қолбасы, үлкен данасы. Фемштоклдің ақыл-айласынан гректер Афинаны оңтүстік-батыс іргесіндегі аядай тар Саламин түбегіне жаудың қалың кемесін ұйлықтырып қамап қойып, әрі де – бері де шыға алмай кептеліп қалған кемелерді қиратып, бықпырт тигендей қылады. Персия кемелерінің қирағаны – қирап, аман қалғаны бас сауғалап қаша жөнелген. Отан қорғау сезімін дана ақыл басқарғандықтан, Грекияның аз қолы Персияның миллион қолын быт-шыт қылған. Б. з. д. 480 жылы көктемде басталған Дарий-Ксеркстің үшінші жорығы осылай тынған. «Жығылған күреске тоймайды» деген емес пе? Б. з. д. 479 жылы Персияның 300.000 қолын бастаған Мардония Грекияның 100.000 қолымен соғысып, тағы жеңілген. Микале шығанағында соғысқан Персия флотын Афина флоты тағы жеңген. Әбден сілесі қатқан Персия Европаны басып алуды қойып, енді Кіші Азиядағы грек отарларын қайтарып алуды аңсап, соғысқа тағы қамданған. Кіші Азияның оңтүстігіне су әскері мен жер әскерін құжынатып жинаған. Мұны естіген Афинаның қолбасы, патшасы Кимон Кіші Азияға өзі жорық жас-

ап, бірнеше қаланы басып алған; б. з. д. 469 жылы Эвримедонт өзенінің сағасында болған қырғында Персия қолын қырып, жеңіске жеткен. Осыдан 20 жыл кейін, б. д. 449 жылы Кимон күшті грек флотымен Кипр аралына жорық жасаған. Кипрді Персиядан тартып алу жорығы, аралдағы қалалардың бірін қамай бастағанда, сол 449 жылы Кимон қайтыс болған. Афина флоты Персия қолын үлкен екі шайқаста да еңсере жеңіп, сілейткен. Персия басқыншыларының жаулау ниеті осымен тынған. Афина шығыс жағындағы теңіздерді өз билігіне алған. Сол б. з. д. 449 жылы Грекия – Персия соғысы біткен жыл деп саналады.

6/ «...Гректің сол дәуірдегі көп құдайларының ең ірілері Делос аралында, ұлы храмның жанында тұрыпты-мыс. Осындай қысылшаң жағдайда Перикл Делосқа барып, храмның ұлы абызымен (жрец) ақылдасады. «Құдайдан тіл алып бер, діндар грек елін ағаштан кеме жасататын ет дегенді айтады... – деп, грек-фарсы соғысына байланысты туған тарихи аңызды әңгіме-лейді.

Бұл аңыздың барлығы рас. Бірақ Сәйекең, екі нәрсені ұмытып отыр. Делос – Афинаға бағынышты Эгей теңізіндегі аралдардың бірі, Афина үшін оның маңызы күшті болғаны рас. Біріншіден, Делос аралы – грек нанымынша, күн құдайы Аполлонның туған жері, онда аяулы Аполлон храмы /ғибадатханасы/ бар. Екіншіден, күлі күндес Спарта одағына қарсы құрылған Афина одағының ортадан жинаған қаражат кассасы көп уақыт осы Делоста болған, Ион ұлысының Афинаға қарасты одағы «Делос одағы» деп аталған, Одақтың үкімет мәжілістері Делоста өткізіліп отырған. Кейін Перикл одақтас полистерді көндіріп, ортақ кассаны Афинаға көшіртіп алып, Афинаны гүлдендіруге, Эллин мәдениетін жақсартуға жаратқан. Перикл кезінде Афинаның шалқып байығаны сонша, шаһар кассасында бос жатқан ақша қоры 10 миллион сомға жеткен. Ол заманның адам айтқысыз көп ақшасы, зор дәулеті! Бірақ Делос-

тағы храм – бүкіл Грекия храмы емес, Ион ұлысының храмы. Грекия – Персия соғысының қысталаң кезінде Афина патшасының ақыл сұраған храмы Делос храмы емес, Дельфі храмы. Орталық Грекияда /Элладада/, Беотияның батысында Фонида деген жер бар. Сол Фонидада әулие кент аты шыққан Дельфі дуаны бар. Бүкіл грек әлеміне аты әйгілі Аполлон құдайдың ғибадатханасы /храмы әм аянханасы/ – осы Дельфі храмы. Әулие Дельфі храмы әулие тау Парнастың етегінде. Бағы грек нанымынша, Парнас тауының басы шабыт демеушілері – музалардың, яғни өнер-ғылымға пана тәңіриялардың мекені болыпты-мыс. Грекия-Персия соғысы басталғанда Афина патшасы /архонды/ – Перикл емес екені жоғарыда айтылды. I-Дарийдің алғашқы жорығы жылы /б. э. д. 498 ж./ Афинаның архонты – Фемистокл екені де айтылған. Олай болса, тарихи аңыз бойынша, Персия шапқыншылығынан қорғану үшін кеме жасауға «алладан аян сұрап» абызға барған Афина патшасы Перикл болмайды, Фемистокл болады. «Афиняне должны искать защиты за деревянными стенами!» – «Афиналықтар қорған-пананы ағаш қабырғалардың тасасынан іздесін!» деген «алладан келген аянды» Афинаға жеткізген – Делос аянханасының абызы емес, Дельфі аянханасының абызы. Бұл «алланың аянын» халыққа «жиналыс ашып, сөз сөйлеп» жеткізген патша – Перикл емес, Фемистокл. Бір жағынан, Дельфі ғибадатханасынан келген «алланың аянына» ұйыған, екінші жағынан, Фемистоклдің адал ақылына көніп, шешен тіліне сенген Афина халқы Фемистокл патшаға Лаврион кенінен жыл сайын шыққан күміс қаражатты аямай жұмсап, Афина флотын күшейтуіне ұлықсат берген. Фемистокл теңіз флотын 2–3 жылда дүрілдете жасатып, Афина кемелерін 300-ге жеткізген. Афинада б. з. д. 493-471 жылдары патша болған Фемистокл күшті соғыс-теңіз флотын жасаған.

Аңыздағы «ағаш қабырға» жөніндегі «алланың аянын» есеңгіреп айтушы – «бір жігіт». Дұрысында, Дельфи аянханасында бұл міндетті атқарып тұрған – әйел абыз, абызтай Пифия болған. Ғибадатхана ішінде «алланың аянын» есту мерзімі Сәйкеңде ел аузындағы аңызша суреттелген. Тарихта сол өзгешелеу айтылады: Парнас тауының етегінде жалпақ жартаc жатыр. Жартастың ортасы қақ айырылған терең жарықшақ шыңырау тесік. Сол жарықтан күкірт буы бұрқырап атып, басқа шабады; иіскеген адам мас болып, есеңгіреді. Жалпақ жартастың сол жарықшағының үстінен әсем храм-ғибадатхана орнатылған. Храмның алдыңғы жағында әшекейлі мехрап /алтарь/. Аполлонның алтын мүсіні осы жерде, кәрі лавр ағашының қасында. Күкірті аңқыған жарықшақ та дол осы арада. Абыздар жарықшақтың үстіне алтынмен апталған үш сирақты ағаш ошақ орнатып, үстіне абызтай Пифияны отырғызып қояды. Күкірт буынан масайып, есеңгіреп, елтіп отырған Пифия сандырақтаған адамдай, қиюсыз, үйлессіз сөздерді күбірлеп күңіренеді. Осыны үлкен абыз «алланың аяны» деп түсіндіреді, сұраушыға жағымды жауап береді. Грекияның ішкі-тысқы сырларын жетік білетін абыздар көп қателеспейді, «алладан келген аян» деуге татырлық «болжау» айтады, білгіштік білдіреді.

7) Кир жөнінде. Азияда Яфет бабасынан өрбіген халықтар: мәді (мидяне), бектірі (бактрияше), фарсы (перси, персяне). Бұлардың мекені Иран жоталары болғандықтан иран халықтары немесе арын (арии) халықтары деп атаған.

Мәді елі – Мәдия (Мидия) батыс Иранда. Б. з. д. IX ғасырда Мәдияны Ассирия басып алған, Б. з. д. VIII ғасырдың аяғында Мәдия Ассирияның уысынан азат болған. Тәуелсіз Мәдияның І-патшасы – Дейік (Дейок). Дейіктің баласы Киаксари (Киаксар) патша Ассирияны басып алған. Киаксарының баласы Астиак

(Астиаг) патша Мәдияға Персияны бағындырып отырған. Ел аузындағы аңыздың айтуынша; Мәдия патшасы Астиақтың қызын фарсының бір нояны алған. Астиақ Персияны сол күйеуіне билетіп қойған. Астиақ бір күні түс көріпті. Түсінде Фарсыға ұзатқан қызының аузынан кара су ақтарылып, дүниені сел басыпты... Ояна келсе – түсі екен. Уәзірлері: таксыр, бір жиенді болады екенсіз, құдай қаласа, ол ержеткенде жер жүзін билейді екен, – деп жорыпты. Мәдияның болашағынан қорыққан Астиақ бұған қуанбапты, шошыныпты. Айтқанындай Фарсыдағы қызы ұл тауыпты. Астиақ Ғарпақ (Гарпаг) деген бір ноянына баланы алып, өз қолыңнан өлтіріп қайт деп жібереді. Жас нәрестені өлтіруге қолы батпаған, көзі кимаған Ғарпақ Астиақтың қойшысына әкеп тапсырады, мына бөпені сен өлтір деп беріп кетеді. Баласы жоқ қайыршы мен әйелі нәрестені өлтіруге кимайды, өсіре береді. Атын Кир қояды. Кир балақай құрбылас балалармен бір күні патша болып ойнайды. Уәзірі болған бір бала бағына қоймапты. Кир «патша» оны қамшымен сойыпты. Сойылған бала әкесіне жылап барады. Әкесі, Мәдияның үлкендерінің бірі екен, Астиаққа шағынады. Астиақ Кир баланы алдыртады, Астиақтың «Сен біреудің баласын сонша неге ұрдың?» деген сұрағына Кирдың жауабы: «Біз «патша» ойынын ойнадық. Мен патша болдым. Ол уәзір болды. Уәзір бағынбаса патша соймағанда не істейді?» – депті. Бала тайынбайды, өжет сөйлейді, өктем тықылдап тұр. Және де Кир баланың бет бейнесі, шешесінен – Астиақтың өз қызынан аумайды. Аузынан түскендей. Кир өзінің жиені екенін сезіп қалған Астиақ Ғарпақты да, қойшыны да бір-бірлеп шақырып сұрап, шындарын айтқызыпты.

Астиақ патша Кир баланы Персияға, әке-шешесіне жіберіпті, қойшыға тимепті, қолбасы Ғарпақты қатты жазалапты да қойыпты.

Сол Кир б. з. д. 560 жылы, әкесі өлгеннен кейін, Персияның жергілікті басқарушысы болады, Ғарпақ досымен астыртын күш қосып Мәдияны басып алады; Нағашысы Астиак патшаны тұтқынға алады. Б. з. д. 559-550 жылдары тәуелсіз Персия патшалығын құрады. Б. з. д. 546 жылы Индияның бір бөлегін, Лидияны, Кіші Азиядағы грек отарларын басып алады. Б. з. д. 583 жылы Вавилонияны қаратып алады. Кир өз империясына Орта Азияны да (Хиуа, Бұхар, Қокан т.б) қаратып алғанды. Басқыншылық араны ашылып алған Кир б. з. д. 529 жылы жорық жасай келіп, Арал аймағындағы сахраны мекендеген массағат (массаит) сақ (сак) ұлыстарымен үлкен шайқаста мерт болған. Әлемді билемек болған әйгілі жеңімпаз Кир біздің жерде, біздің батыр бабаларымыздың қолынан қаза тапқан. Кирдің сүйегі Пасарғады қаласындағы ата-бабаларының сүйегі жатқан мазарға апарылып қойылған.

8) Крез-Кіші Азиядағы Лидия мемлекетінің (астанасы – Сарт яғни Сарды – шаһары) соңғы патшасы. Б. з. д. 560-546 жылдары патшалық болған. Кіші Азиядағы грек полистерімен (Эфес, т.б.) соғысып, Грекияның бұл өңірдегі Миллеттен басқа қалаларын Лидияға қаратып алған. Сөйтіп теңіз жолына Лидияның қолы жеткен. Бағындырған қалаларынан тек сыйлық (дань) алып тұрған. Олардың ішкі өміріне, мемлекеттік тәртібіне қол сұқпаған. Крез сол заманның асқан байы болыпты. Байлық даңқы жер жарған. Крез аты байлық мағынасында ұғылған. Біреуді бай екен деудің орнына «Крез екен» дейтін болған жұрт. Қолы ұзын Крез Грекиямен қарым-қатынасты күшейткен. Қымбат тарту-таралғы, сый-сияпатқа жығып, Дельфі ғибадатханасын жарылқап тұрған, Дельфі абыздарын аузына қаратып алған. Афинаның дана архоны Солон да Крездің қадірлі қонағы болып қайтқан. Б. з. д. 546 ж. Кирден жеңіліп, сөйткен Крез жауына пенде болған. Лидия мемлекеті мәңгі жойылған.

Сәйекен жазған аңыздағы Крез – осы Крез.

9) «..(Дарийдің әкесі Камбиз – Кирдің баласы. – С.Т.) ..» –дегенде бір жаңсақтық бар. Рас, Кирдің баласы – Камбиз. Әкесі Кир жер жүзіне жорық жасап кеткенде, Персия империясын баласы Камбизге басқартып отырған. Өзі өлгенше б. з. д. 529 ж. Камбиз Персияның қосалқы билеушісі болып келіп, 529-552 жылдары оңаша патша болған. Б.з.д. 525 ж. Мысырды (Египетті) жаулап алған. Өзі мейлінше қатал, өркөкірек және маскүнем патша болыпты. Мысырдан еліне қайтқан сапарында жолшыбай б. з. д. 522 ж. өлген. Камбиз өлгеннен кейін Кир кіндігінен тұқым қалған жоқ. Камбизден бала жоқ. Камбиз Дарийдің әкесі емес. Кир – Камбиздер Ахеменид әулетінің үлкен бәйбішесінен тараған бұтақ. I-Дарий – Ахеменид әулетінің (династиясының) кіші тоқалынан өрбіген ұрпақ. Камбиз Ахеменид әулетінің үлкен ұрпағының соңы, I-Дарий Ахеменид әулетінің кіші ұрпағының басы. I-Дарий Ахеменид тұқымына қарсы көтерілісті баса сала, б. з. д. 522 жылы Персия патшалығын басып алған. I-Дарий тұсындағы Персия империясына қараған жерлер: шығыста Үнді (Инді) өзенінен батыста Эгей теңізіне шейін, солтүстікте Кавказдан – оңтүстікте Ніл дариясына дейін. Осынша үлкен империяны аз көріп, Грекияға басқыншылық соғыс салған Дарий-Ксеркстер Персия империясын титықтатып, оның болашақта әлсіреуіне, ыдырауына, жойылуына жоралғы (предпосылка) жасап кетті. Тарихта жойылатын империядан әділет, қанағат кетеді, әділетсіз, қанағатсыз империя жойылады.

10) Солон б. з. д. 638 жылдары туып, 559 жылдары өлген. Бағы Афинаның ұлы саясаткер қайраткері, мемлекет реформаторы. Б. з. д. 594 жылы Солон демократияны дамыту үшін қажетті реформа жасап, жаңа заң шығарған. Солон заңы

шыққаннан кейін қара халық (демос) пен бекзадалар (евпатридгер) арасында етек алған тартыс біраз уақыт бәсеңсіп басылған. Бұқара мен бекзада халық бірауыздан Солонды б. з. д. 594 жылы бірінші архонт (патша) етіп сайлаған. Кейін алданған кедейлер наразылығы қайта қозады. Бұл қозғалысты әрі дарынды, әрі баққұмар адам, Солонның туысы – Писистрат (б. з. д. 600 ж. туған, 527 ж. өлген) басқарған. Б. з. д. 560 жылдары Солон 10 жылдай шет елдерді аралап келуге кетеді. Ол сол сапарында Лидияға да барып, Крездің қонағы болған. Сол 560-527 жылдары Афинаның патшасы Писистрат болған. Солон Аттикадан алғашқы шыққан ақындардың бірі. Элегия, ямбы тектес өлеңдер жазған. Бізге сақталып жеткен шығармалары – «Саламин», «Афиналықтарға сабақ» (Наставлении афиниянам) атты элегиялары және «Өзіме сабақ» (Наставление самому себе») дейтін тәлім өлеңдері.

11) «...Дарий патшаның заманы бергі Фараби, Рудаки, Фирдоусилер заманынан 1500 жылдай бұрын...» делінген. Бұл долбар нобайы дұрыс, бірақ дәл емес. Дәлірегі: I-Дарий Персия императоры болған кез б. з. д. 522-486 жылдар ғой.

12) «...Фирдоуси 999 жылы «Шаһнаманы» жазып бітірді...» делінген. Дәлірегі:Фирдоуси «Шаһнаманың» бірінші бітімін 994 жылы жазып бітірген, екінші редакциясын 1010 жылы бітірген. Бұл екінші нұсқасына Махмуд сұлтанға жазған мадақтамасын (панегрик) қосқан. Аңыз бойынша, Махмуд сұлтан бұл тартуды алмапты. Сұлтанға ерегіскен Фирдоуси оған енді улы мысқылмен күйдіргі мазактама жазыпты. «Шаһнама- ның» содан бергі басылымдарының бәріне бұл мазактама енгізілген. Эпопеяның тамамдамасы осы.

13) «...Сағди Ширази 1208 жылы туса керек...» – дегеннің нобайы дұрыс. Дәлі әлі белгісіз. Үлкен Совет Энциклопедиясында Сағди

(Саади) 1184 жылы туған, 1291 жылы өлген делінген. Бұл есеп бойынша, Сағди 107 жасқа келіп өлген болады. Қысқаша әдеби Энциклопедияда Сағдидың туған жылы 1203-1210 жылдардың арасы, өлген жылы 1292 жылы делінген. Бұған қарағанда, Сағди не 89 жыл, не 82 жыл өмір сүрген.

Ісләм ЖАРЫЛҒАПОВ

МАЗМҰНЫ

Оқырман дос	5
Алғы сөз	7

Бірінші бөлім

ӘДЕБИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ардақты анам тілі	23
«Әдебиет шежіресінен»	34
Әдеби әсер жайлы	44
Ойдың ауысуы туралы	65
Алғашқы роман	96
Шағын кітап жайында	106
Ақын Шортанбай жөнінде	110
Ақындардың ақыны әл Мүтәнәбби	134
Өткен еске түскенде	139

Екінші бөлім

ТҰЛҒАЛАР

Адамның жанжүйесін тебіrentкен ақын	153
Мұхтар аға туралы	163
Ілияс аға туралы	171
Ғабиден аға туралы	185
Сапар аға туралы	198
Сүйікті досым	211
Сәкеннің серігі	217

Үшінші бөлім

ӘНГІМЕЛЕР, МАҚАЛАЛАР, ТОЛҒАНЫСТАР

Адам ол!	225
Жаңғырған Жаңаарқада	233
Күйдің күші	241
Балдырған бөбектеріме	251
Ас	256
Есен толғаулары	279
Қайып толғаулары	321
Ескерту	333

Сайдил Талжанов

СЛЕДЫ ПРОШЛЫХ ЛЕТ

Воспоминания статьи, очерки
(на казахском языке)

Редактор М. Рахманбердиев.

Художник А. Таменов

Худ. редактор Т. Мухатов

Тех. редактор Р. Карымсакова.

Корректор Н. Измаилова.

ИБ 1197

Сдано в набор 2.08.78. Подписано к печати 31.1.79. УГ14051: Формат 70x108¹/₃₂₀
Бум. тип. № 1. Литературная гарнитура. Печ. л. 10.88. Усл. п. л. 15.23. Уч.-изд:
л. 15,41. Тираж 33 000 экз. Заказ 2452. Цена 1 р. 10 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата. 480091
пр. Коммунистический, 105.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприя-
тий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств,
полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480002, ул. Пастера, 39.

1 c. 10 r.

Yma 997